

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ Л.Н.ГУМИЛЕВ
АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Б.Әбдікәрімұлы, Б.С.Байменова

**Алашорда қайраткерлерінің
педагогикалық мұрасы**

Астана 2008

ББК 37.013(093)(574)

Пікір білдірушілер: Абибулаева А.Б., педагогика ғылымдарының докторы,
профессор
Педагогика ғылымдарының кандидаты Тілегенова К.Ә.

Б Байменова Б.С.
Алашорда қайраткерлерінің педагогикалық мұрасы (ғылыми басылым)

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде, жаңаша ой-пікір мен педагогикалық көзқарастардың қалыптасу белесінде ұлтымыздың жүріп өткен жолына көз ілмей, тарихымен таныспай жаңа ғылыми ойларды қалыптастыру мүмкін емес. Сондықтан халқымыздың тарихын терең қарап, оны жаңа көзқарас ретінде талдау нәтижесінде ғылыми еңбек дайындалды.

ББК 37.013(093)(574)

Б-----

Байменова Б.С., 2008

АЛҒЫ СӨЗ

Еліміз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет ретінде дүние жүзілік қауымдастыққа танылып, жаңа демократиялық қоғамның дүниеге келуі, Қазақстан педагогика ғылымы тарихының жаңа мазмұнда сипат алуына кең жол ашып отыр. Соның бір көрінісі ретінде ұзақ уақыт бойы бір жақты қаралып, ақиқаты айтылмай келген ұлттық педагогика тарихын қайта ой елегінен өткізіп, шынайы бағасын беруге деген талпынысты айтуға болады. Оған дәлел бүгінгі таңда жарық көріп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми материалдары мен Білім және ғылым министрлігінің нормативті құжаттары.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «өткенді зерделеп, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны айырып, оны бүгінгі күннің кәдесіне жарату – қоғам алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі. Өйткені, айта беретін тәуелсіздігіміз, егемендігіміз осы тарихты тандауға тікелей байланысты: өткенді білмей, болашақты анықтау мүмкін емес» - деген болатын [1,12].

Біздің пікірімізше, бүгінгі таңдағы педагогика мәселелерін және оның даму тенденцияларын Қазақстан территориясында болған өркениеттегі жинақталған мұраны, көрнекті педагогтар мен ағартушылардың көзқарастарындағы халықтық, мәдениетке сәйкестілік, табиғатқа сәйкестілік принциптерге негізделген идеяларын зерттемей, ұлтымыздың жүріп өткен жолына көз ілмей, тарихымен таныспай жаңа ғылыми ойларды қалыптастыру мүмкін емес. Сондықтан халқымыздың тарихын терең қарап, оны жаңа көзқарас ретінде талдаудың қажеттілігі туындап отыр. Ел болып қалыптасу тарихымызда, елдігіміз бен егеменділігімізді сақтау жолына өмірлерін сарп еткен ұлы тұлғалардың есімі, ғылыми еңбектері ерекше орын алады.

Ал, Қазақстан педагогика ғылымының әлем халықтары педагогикасы қазына қорына қосары аз еместігіне біз ешбір күмән келтірмейміз. Керісінше, Қазақстан педагогика ғылымының әлемдік педагогикалық ой-пікірдің дамуында маңызы өте зор. Ол өте бай ғылыми – теориялық қайнар көзі ретінде өзінің дамуында үлкен қиындықтардан өткені мәлім. Олардың ішінде халыққа білім беру жүйесінің трансформациясы, ғылыми-педагогикалық идеялардың дамуы, мұғалім кадрларын даярлау т.б мәселелері бар. Оның барлығы Қазақстан педагогика ғылымының талай тар жол, тайғақ кешулерден өткенін дәлелдейді.

Бүгінгі күндегі қоғамның үдемелі дамуы білім беру мен мектеп алдына күрделі міндеттер қойып отыр. Олардың қатарында тарихи компонентті күшейту де бар. Ол міндеттер «Қазақстан Республикасының тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасында» айқын көрсетілген [2].

Себебі қоғамдық сананың ерекше формасы болып есептелетін тарихи сананы қалыптастыратын тек тарих қана. Тарихи сананы қалыптастыру міндетін, Қазақстан педагогикасының тарихи жолдарын анықтау міндетін

шешу өткен жолдардағы көрнекті қайраткерлердің педагогикалық мұраларын зерттемей, басшылыққа алып оларға сүйенбей мүмкін емес. Зерттеуге алынған мәселенің ғылыми маңыздылығын айқындау үшін біздер философиялық, тарихи-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасауды жөн көрдік. Себебі, біздің пікірімізше, теориялық тұрғыдан дәлелдемесін қамтамасыз ететін зерттеулер бірнеше бағытта жүргізілді.

Бұл -ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының мұрасын зерттеуге арналған еңбектерге талдау жасаумен байланысты:

Олардың ішінде:

- **философиялық аспектідегі** (С.Өзбекұлы, Б. Бисенов);

- **тарихи аспектідегі** (М.Қойгелдиев, Д.Аманжолова, К.Нұрпейісова, Н. Нұрмағамбетова, М.Құл-Мұхамед, М.Қозыбаев);

- **филологиялық аспектідегі** (Д.Қамзабекұлы, Р.Нұрғали, Д.Досжанов, Ж.Дадебаев, А.Әбдіманов, Ш.Елеукенов, С.Қирабаев, М.Мағауин, Ш.Сәтбаева, Ә.Тәжібаев, М.Базарбаев, Ә.Марғұлан);

- **тарихи- педагогикалық аспектідегі** (А.Тұрсынова, А.Қыдыршаев, К.Ибраева, Ғ.Базарғалиев, М.Тасболатов, А.Асаубаева, А.Сұлтанова, К.Әбілғазиева) т.б.

Қазіргі кезде әлі де болса жас жеткіншектерді тарихи ірі ойшылдардың мұралары негізінде, жеке дара тұлғалардың өмірі мен шығармалары арқылы тәрбиелеу өз деңгейінде емес. Соның ішінде олардың шығармаларындағы тәрбиелеудегі идеяларын меңгермейінше, Республикамыздағы педагогика тарихын толық түсіну мүмкін болмайды және оның бүгінгі жағдайын зерделеу мен даму болашағын болжау қиындыққа түседі. Яғни, өткен тарихымыздағы педагогикалық идеялардың зерттелуі мен танылуының жеткіліксіздігі қазіргі кездегі білім беру жүйесінің тәрбиелік тиімділігін тарихи сабақтастық принципінің бұзылуына жол береді.

Біз осы еңбегімізде Алашорда қайраткерлері шығармаларындағы педагогикалық идеяларына кеңестік саясаттың ықпалыннан тыс, объективті тұрғыда тарихи-педагогикалық талдау негізінде сипаттама беру үшін оларды Әл-Фарабидің Ж. Баласұғынның М. Қашқарии еңбектеріндегі педагогикалық ойлармен сабақтастыра, салыстыра отырып талдақ.

Ұлттық педагогикамыздың маңызды бір бөлігі болып есептелінетін азаттық пен тәуелсіздіктің күрес жолына, ағартушылыққа шақырған ірі қоғам қайраткерлерінің педагогикалық ойларының өзіндік даму, қалыптасу жолын тұтас та толық, белгілі жүйемен жинақты түрде зерттеу көкейкесті мәселенің бірі дер едік. Сонымен, ғылыми әдебиеттерге жасаған талдау, зерттеліп отырған проблемаға байланысты жазылған бірқатар еңбектердің барына қарамастан, ХХ ғасырдың бірінші ширегінде өмір сүрген алаш зиялыларының педагогикалық ой-пікірлері жалпы, жинақты түрде қарастырылмағандығын айғақтайды. Ал бұл болса, педагогика тарихының теориясы мен практикасына елеулі үлес қосатын Алашорда қайраткерлерінің мұраларын зерттеу қажеттілігін туындатады.

Осы орайда, біздің еңбегіміз Алашорда қайраткерлерінің мұраларын зерттеуге қосқан бірегей еңбек деп есептейміз.

1. Алаш қайраткерлерінің педагогикалық идеялары қалыптасуының тарихи, әлеуметтік, саяси, педагогикалық алғышарттары.

1.1 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси-әлеуметтік, қоғамдық-тарихи жағдайлардың қазақ зиялыларының дүниетанымының қалыптасуына әсері.

Қазақстанда болып жатқан саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер тәуелсіздігімізді одан әрі қамтамасыз ету үшін, еліміздің тізгінін берік ұстауға қабілетті, парасатты ұрпақты тәрбиелеп шығаруды талап етеді. Ғасырлар бойы жинақталған халықтың бай рухани қазынасын және ғұлама ғалымдардың еңбектерін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ой-пікірлері мен тәрбие туралы мұраларын зерттеу бүгінгі таңда жалпы ғұмырнамалық проблема болып табылады. Әр тарихи кезең өз ұландарын тудырады. Қоғамның заңы бойынша, уақыттың талап етуі бойында қабілеті бар жастардың өмір сахнасына шығуына негіз қалайды. XX ғасырдың басында жарқырап көрінген қазақ халқының кемеңгер ұлдары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Ә.Ермеков, Ж.Ақбаев уақыт тудырған отансүйгіш азаматтар болатын.

Халықты өркениеттің өріне сүйреген көсемдердің көзге шалынар басты қасиеті - олардың қай - қайсысы болмасын жан-жақты «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлғалар болатын. Саяси күрескер, жалынды патриот, әрі ғалым, әрі киелі өнер иесі және өз мамандықтарының білгірі болуы - халқымыздың маңдайына біткен осы үркердей шоқ жұлдыздардың несібесі.

«Көзіңді аш, Оян қазақ, көтер басты, өткізбей қараңғыда бекер жасты» елім, жерім деп арыстандай айбаттанып үн қатқан, «Қинамайды абақтыға жапқаны, қиын емес дарға асқаны, атқаны, маған ауыр осылардың бәрінен, өз ауылымның иттері үріп, қапқаны» деп, елі үшін еңіреп өткен Алаш зиялылары Бұқар жырау мен Ақтамбердіден, Дулат пен Шортанбайдан, Махамбет пен Абайдан нәр алды.

Алашорда қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылық жолы қазақ әдебиетіндегі алатын орны туралы бүгінге дейін талай-талай мерзімдік басылымдар мен сан алуан ғылыми еңбектер жарық көрді. /С.Созақбаев, Ш.Елеукенов, Р.Сыздық, С.Негімов, Г.Дулатова, Д.Досжанов, Д.Қамзабекұлы, Б. Байғалиев, Ғ. Ахмедов, Р. Нұрғали т.б./

30-жылдардың ортасынан 80-жылдардың соңына дейін отандық тарихнамада 1937-1938 жылдардағы интелегенцияға қарсы жүргізілген саясатынан кейін зерттеулер жүргізілген жоқ. Сөйтіп, 80-жылдардың соңына дейін бұл жабық тақырыптардың біріне айналды.

Республика өз тәуелсіздігін жариялаған 1991 жылдан кейінгі кезеңде жасырын да құпия болып келген Алаш тақырыбы жөнінде тарихи шындықты

қалпына келтіруге талпыныс жасалуда.

1989 жылғы шілдеде Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің жанындағы партия тарихы институты «Алашорда пайда болуының, қызметі мен күйреуінің тарихы» деген тақырыпта пікір алысу ұйымдастырды. Оған Қазақстан Ғылым академиясының, Алматының жоғары оқу орындарының белгілі қоғамтанушы ғалымдары қатысты. Олар: Б.А. Төлепбаев, А.Ғ. Сармурзин, М.Қ. Қозыбаев, В.К. Григорьев, М. Бурабаев, Ә.С. Тәкенов, М.Қойгелдиев т.б. Қоғамдық ғылымдардың өкілдері Алаш және алашорда тарихына байланысты қолдан жасалған құпияны ашуға жариялылық жағдайында мүмкіндік туып отырғандығын тілге тиек ете отырып, соған байланысты өз ойларын ортаға салды. Алашорда қозғалысының бастау көздерін 1917 жылға дейінгі қазақ қауымының қоғамдық-саяси өмірінен іздеу, ал осы қозғалыстың саяси ағым және ресми партия ретінде 1917 жылдың жазынан басталғандығын басты көрсету, оның 1917-1920 жылдардағы дамуы мен нақтылы қызмет тарихын ашып көрсету, Алаш интеллигенциясы мен Алашорда қозғалысының ара жігін ашу сияқты күрделі мәселелер көтерді [2,21].

Пікір алысуға қатысқандардың көпшілігі Алаш пен алашорданың әлеуметтік табиғатын, олардың қазақ қауымының қандай бөлігіне сүйенгендігін анықтау қажеттілігіне баса назар аударды. Бұл мәселе 20-30 жылдардың өзінде көп дау туғызды. А.Бочагов Алашты - «ұсақ ұлттық буржуазияның партиясы десе, С.Брайнин мен Ш. Шафиро - «бүкіл байлардың ұйымы» деді. Пікір алысуда негізгі баяндама жасаған М.Қозыбаев Алаш партиясын ұлтшыл саяси деп айыптаудың негізсіз екендігін айтады.

Осы пікір алысудың ізімен қазіргі «Ақиқат» журналы «Алаштың ақиқатын кім айтады?» деген жалпы тақырыппен топтама ұсынды. В.К.Григорьевтің, Нүрпейісовтың, Т. Кәкішевтің мақалалары жарық көрді. В.К. Григорьев Алаштың қалыптасуы 1917 жылы аяқталған және кадеттер жолын қуған буржуазияшыл-ұлтшыл партия деп анықтайды. Ал ғалымдар К.Нүрпейісов пен Т. Кәкішев Алаш құрылған 1917 жылы шілде айында оның саяси партияға тән бағдарламасы болмағандығын айта келіп, саяси партия ретінде қалыптасып үлгермеген ұйым деп бағалады [3,64-69].

Жекелеген зерттеушілер Алаш қозғалысына баға беру үшін алдымен оның көш бастаушыларының кімдер болғандығын анықтау мәселесі осы тақырыпты ғылыми тұрғыдан игеруге шешуші түрде ықпал жасайды деп есептейді. М.К. Қозыбаев Алашқа либеральды ұлттық интеллигенцияның партиясы деген анықтама бере отырып, оның идеологиясы отаршылдыққа қарсы бағытталған деген қорытынды жасайды [4,234-235].

Философ М. Бурабаев 1917-1940 жылдардағы Қазақстандағы қоғамдық ой мәселелеріне арналған зерттеуінде Алаш тарихына байланысты тың пікірлер жазғанмен автордың коммунистік идеологияға тәуелді болғандығын анық байқауға болады [5].

Алаштық интеллигенцияға жаңа көзқарас қалыптастыруда ашық та батыл пікірлер айтып, дәлелді тұжырымдар жасауда М.Қойгелдиев пен Т.Омарбековтың еңбектері ерекше. Олардың пайымдауы бойынша, Алаш

партиясының көш бастаушылары негізінен екі мақсатты - қазақ елін отарлық езгіден азат ету мен қазақ қоғамын ортағасырлық мешеуліктен өркениетті әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына алып шығу міндеттерін көздеді, сондықтан да алаштық интеллигенцияны «ұлттық-демократиялық партия» деп атау қажет дейді [6,21].

Алаш пен алашорда тарихына қалам тартуға мүмкіншілік туған соңғы жылдары Ә.Қайдаровтың, Ә.Әлімжановтың, С.Өзбекұлының, М.Құл-Мұхаммедтің, М.Әбсеметовтың, Ғ.Әнестің, А.Мектептегінің мақалалары мен ғылыми еңбектері жарық көрді. Алашорда тарихын зерттуге елеулі үлес қосқан ғалым К. Нұрпейісовтың «Алаш һәм Алашорда» атты фундаментальды еңбегін атауға болады. Автор өз еңбегінде зиялы қауымға Алаштануды зерттеудің кейбір маңызды мәселелерін ұсынады. Олар: Алаштың әлеуметтік, саяси және экономикалық бастау көздері; оның ХХ ғасырдың алғашқы жиырма жылындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі алатын орны мен атқарған ролі; 1917 жылғы екі революция аралығындағы Алаштың басқа партияларымен өзара қатынасы мен байланысы; Алаш пен Алашорда және Совет үкіметі; Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің көзқарас эволюциясы; Алаш қозғалысына қатынасушылардың 1920 жылдан кейінгі қасіреті; Алаш қозғалысы және оның Орта Азия мен Еділ бойының түрік тілдес, мұсылман діндес халықтарының саяси партиялары мен қоғамдық қозғалыстарымен байланысы; Алаш қозғалысы және бүгінгі Қазақстан [7,21].

Осы аталған мәселелердің ішінен үш нақты мәселені бөліп алып қарастырады. Олар: 1) саяси партия ретіндегі Алаштың өмірге келу және оның бағдарламалық мақсаты-міндеттері; 2) мемлекеттік құрылым ретіндегі Алаш автономиясының ұйымдасуы; 3) Алашорданың нақтылы іс-әрекеті.

Қазақстан тарихнамасында алаш қозғалысына байланысты 20-80-шы жылдардың екінші жартысына дейін жарық көрген еңбектерге біршама жақсы талдау жасалынған. Бұған қосымша Р.Нұрмағанбетованың «Проблемы Алаш и Алаш-орды в казахстанской историографии 20-30х годов» атты диссертациялық зерттеуі өмірге келді » [8].

Автор зерттеуінде Алашорда қозғалысын үш бағытта қарастырады.

- 1) исторические и социально-экономические предпосылки появления движения Алаш;
- 2) история Алаш и Алаш-Орды в 1917-1920 г;
- 3) история Алаш и Алаш-Орды в 1937-1938 г.

Р.Нұрмағанбетова Алаш қайраткерлері демократиялық бағытты ұстанып, большевиктік идеологияға қарсы болғандығын айғақтайды. «Участие представителей казахского народа государственной думе способствовало выявлению позиции сторонников демократического движения в крае, установленных тесных связей с мусульманским движением в России. Учреждение и издание с 1913 г. первого печатного органа движение газеты «Казах» явилась важнейшими этапами в консолидации казахской интеллигенции, в особенности ее молодого поколения, что способствовало превращению его в реальную политическую силу, выразившую

общенациональные демократические идеи.

Лидеры алашского движения оставались принципиальными противниками большевистических форм и методов социалистического переустройства Казахстана. Несмотря на вынужденный переход на сторону советской власти, вся общественно-политическая деятельность участников движения Алаш начало 20-х годов свидетельствовало о приверженности ее к гуманистическим, демократическим принципам» [9,15].

Д. Аманжолованың зерттеуінде «Алаш» қозғалысының қалыптасуы мен қызметінің әр түрлі аспектілері жаңа тың мұрағат деректері негізінде қарастырылған » [10].

Алаш қозғалысын зерттеушілердің басым көпшілігі оның ұйымдастыру мәселесіне көңіл аударады. Осы мәселеге тарихшы М. Қозыбаев дәл анықтама береді: «В отличие от кадетов партия «Алаш» была аморфной, организационно далеко не завершенной. Не случайно процесс ее создания занял более 10 лет. На этапе буржуазно-демократической революции ее лидеры, используя легональные политические средства, вплоть до трибуны Государственной думы, в острой проблеме колониализма отстаивали интересы своего народа перед усиливающейся экспансией столыпинских реформ» [11,64].

Осындай пікір ғалым-тарихшы Б. Елькееваның еңбегінде де өз жалғасын тапқан. Алаш партиясының қызметіне жан-жақты талдау жасай отырып, былай деп жазады: «Организационно-подготовительная работа по созданию партии началось в период первой русской революции, а как партия «Алаш» была организационно оформлена только в 1917 году» [12,51].

Аталған екі пікірді салыстыра отырып мынандай шешімге келдік: Алаш қайраткерлері халықтың азды-көпті шағын тобының саяси мүдделерін немесе феодалдық, патриархалдық, ұсақ буржуазиялық мүдделерді қорғаған жоқ. Керісінше, жалпы адамзаттың гуманизм принциптерін асқақ тұтып, бүкіл қазақ халқының мүдделеріне қызмет етті. Алашорда қозғалысы, алаш қайраткерлері туралы әр түрлі пікірлер айтылды. Түрлі себептерге, сол кездегі жағдайларға байланысты тым әрқилы, кейде тіпті бір-біріне кереғар пікірлер айтылғаны құпия емес. Мәселен, 1927 жылы А.Бочаговтың «Алашорда тарихына арналған очерктер» жинағы жарық көрді. Бұл шағын еңбекте дәлелсіз тұжырымдар, саналы түрде бұрмаланған фактілер көптеп кездеседі. Бұл еңбектің асығыс жазылғандығы жөнінде автор былай дейді: «Жалпы партиялық нұсқау бойынша асығыс жазылған бұл жұмыс ғылыми зерттеуден гөрі, төменгі партия ұйымдары үшін арнайы жазылған үгіт-насихатқа көбірек ұқсайтын еді» [13,102-103].

60 жылдай уақыт бойы ғылыми, саяси әдебиеттерде Алаш қозғалысын жаппай қаралайтын «ұлтшылдар», «халық жаулары» деп ұлттық тұлғаларды қаралаған жекелеген адамдардың еңбектері жарық көрді.

1933 жылғы желтоқсанда ВКП (б) Қазақ Өлкелік Комитетінің жанындағы Партия тарихы институтында Алашорда және Алаш партиясы

тарихына арналған пікір-сайыс ұйымдастырылды. «Онда Алашорданың тарихи рөлі» деген тақырып бойынша институт қызметкерлері С.Брайнин мен Ш. Шафиро баяндама жасады. Кейін 1935 жылы «Алашорда тарихы бойынша очерктер» деген кітап етіп жариялады /14/. Кітап «Алаш» қозғалысының бастау көздері, 1916 жылғы көтерілістегі алаш интеллигенциясының рөлі, Алаш қозғалысы ақпан мен қазан айларында, алашорда - ұлтшыл контрреволюцияның үкіметі, Алаш қозғалысының тарихын дәріптеушілікке қарсы деген бөлімдерден тұрады. Авторлар Алашорданы ұлтшыл контрреволюцияның үкіметі деп анықтады. Осы сияқты әрқилы тағылған айдарлар қазақ зиялыларының қызметтерін бір сөзбен айтып жеткізуге, бір пікірмен қорыта салуға болмайтын күрделілігін көрсетеді.

Біздің мақсатымыз - Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұраларын талдап, жүйелеу болғандықтан олардың бүкіл қызметтеріне үзілді-кесілді пікір айтудан аулақпыз. Әйткенмен, қазақ зиялыларының шығармалары - олардың дүниетанымының, ой-өрісінің, таным-пайымдары мен өмірге деген көзқарастарының айнасы десек, осынау қасиеттер олар өмір сүрген заманның, қоғамның, елдің ахуалына, өскен ортасына, қарым-қатынас жасаған қауымға, жеке талап-талпынысына байланысты қалыптасатыны ақиқат. Алашорда қайраткерлері дүниетанымының қалыптасуына сол кездегі қоғамдық-саяси жағдайлар тікелей әсер етті.

Қазақ зиялыларының педагогикалық көзқарастарының қалыптасуымен байланысты мәселелер біздің алдымызға көптеген талаптар қойды. Оның ішінде дүниеге келген, тәлім-тәрбие алған ортасын, қоғамдық қызметін зерттеу және XIX – XXғғ. аралығындағы болған тарихи, әлеуметтік, мәдени жағдайларға мұқият талдау жасау қажеттігі алғашқы кезекте болды.

Зерттеу жұмысын орындау барысындағы алға қойылған бірінші міндетті шешу үшін біз айтылған кезеңдегі тарихи жағдайларға тоқталып, оларды баяндап, сипаттауды жөн деп есептедік.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Қазақстанда патша өкіметі қазақтың шұрайлы жерлерін орыс шаруаларына және қазақтарға тегін тартып әперіп, оған қоса халық бұқарасына сан түрлі алым-салықтар салып, тонау ісін аяусыз жүргізді. Отарлау саясатының ауыртпалығы негізінен қазақ шаруаларының мойнына түсті. «Егер 1893 жылдан 1905 жылға дейін қазақ жұртынан 4 млн десятина жер тартылып алынған болса, 1906 жылдан 1912 жылға дейін – 17 млн десятинадан артты. Барлығы 1917 жылға таман қазақтардан 45 млн десятинаға жуық жер тартылып алынды. Нәтижесінде 1905-1910 жж Петропавл уезіндегі 41 ауыл (48,5 %) тұрғыны жайылым мен шалғын жерлерді орыс казактары мен пересендерден жалға алуға мәжбүр болды» – деп жазды академик М.Қ. Қозыбаев [14,43].

Осылайша жергілікті бай-сұлтандардың қанауы және патша әкімшілігіне төленетін салықтар халықтың тұрмысын төмендетіп, мүшкіл жағдайға жеткізді. Ресей билігінің қазақ жерінде жүргізген бұл отарлық саясаты қазақ халқын рухани әлеуметтік дағдарыс пен күйзеліске душар етті.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей Қазақстанды толық отар елге

айналдырды. Қазақстанға Ресейдің орталық облыстарынан жерсіз шаруалар көшіріліп қоныстандырылды. Патша өкіметі казак-орыстарға ең шұрайлы қара топырақты жерлерді кесіп берді. Сонымен бірге казак-орыстар Қазақстанды әскери тірек мақсатында пайдаланды. XVIII ғасырдың 60-70 жылдарында әскери қамалдарға орыс солдаттары мен қоса, саударгер-көпестер де келіп орналаса бастады [15].

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы қазақ халқының тарихындағы аса елеулі әрі күрделі кезең болды. Бұл крепостниктік құлдықтан құтылып капиталистік қатынастарға аяқ басқан Ресей империясында енді төңкеріс дауылы көтеріліп, халықтардың сана сезімі ояна бастаған, азаттыққа, жарыққа, өнер-білімге құлаш ұрған, жансала ұмтылған кезең еді. Ресейдегі әлеуметтік серпіліс пен экономикалық өзгерістер орыс халқының үстемдігіне бойы үйрене бастаған қазақ даласында да жаңғырығын тауып жатты.

XX ғ басында Ресей өзінің экономикалық даму барысында капитализмнің жоғары сатысына аяқ басты. Елде өнеркәсіптің дамуы мен товар өндірісі, сыртқы сауда - саттық байланысының өсуіне итермеледі. Ол үшін Үкімет ішкі және сыртқы нарықтың бар мүмкіндіктерін өз ынғайына икемдестіру саясатын жүргізді. Әлемдегі әр түрлі дүмпулер мен халықтық қозғалыстар Ресейге өз әсерін тигізбей қоймады. Экономикалық дағдарыстар бұқара халықтың әлеуметтік жағдайының қиындай түсуіне әкеліп соқтырды.

Патша үкіметінің реакциялық саясаты елді ревалюциялық толқуларға, ереуілдерге итермеледі. Олардың ішінде 1905-1907 жылдары Ресейде болған ревалюцияның ерекше маңызы болды. Өйткені, ол жаңа өндірістік қатынастардың еніп жатқан дәуіріндегі алғашқы ревалюция еді. Сонымен қатар, ол Ресейдегі ұлттар мен ұлыстардың барлық бұқаралық топтарын қамтыған демократиялық – халықтық ревалюция еді [16].

Капиталистік қатынастардың Қазақстанға енуі, елде жұмысшы табының қалыптасуына әсерін тигізді. XIX ғасырдың екінші жартысында елде өнеркәсіптің өсуі жұмысшы күшін қажет етеді. Ауыл-село кедейлері көп жағдайда күнкөріс үшін қалаларға көше бастады. Жалданып жұмысқа кіргендер өз қожайындарына тәуелді еді. Олар өздерінен не талап етсе, соны орындауға мәжбүр болды. Жұмысшы табының қалыптасуы Қазақстанның әр аймақтарында әр түрлі дәрежеде өтті. Қазақ жұмысшыларының жағдайы тым ауыр болатын. Жалақылары аз, және қиын жағдайда өмір сүріп, еңбек етті. Әсіресе, кен өнеркәсібіндегі жұмысшылардың халі өте ауыр еді. Олардың жұмыс уақыты 14-16 сағатқа созылады. Әйелдер мен балалардың еңбегін қанау тежеусіз жүргізілді [17].

Ресейдегі жұмысшы қозғалыстары Қазақстанға да өз ықпалын тигізбей қоймады. Соның нәтижесінде Перовск, Орал, Петропавл, Ақтөбе, Семей т.б қалаларында толқулар белең алды. Ондай толқулар тіпті ірілі-ұсақты оқу орындарында да болды. Жұмысшы көтерілістері XIX ғ. 80-90 жылдары елде кең өріс алды. Үкімет кәсіпорындарында әскери-полициялық бақылау жұмысын күшейтті. Қазақстанда әді де болса жұмысшы қозғалысы әлсіз, ұйымдаспаған еді, жұмысшылардың саяси ұйымы болмады. Сондықтан

олардың қарсыластары стихиялы түрде болып, оны үкімет тез арада басып тастап отырды. Тек, 1905-1907 жылдары Ресейдегі 1-ші орыс ревалюциясынан кейін Қазақстанда жұмысшы қозғалысы бір жүйеде, ұйымдасқан түрде өте басталды [17].

Қазақ пролетариаттарының қалыптасуына Ресейден жер аударылған саяси тұтқындар көп әсер етті. Олар халық арасында патша үкіметінің саясатын игерумен қатар, оған қарсы күрес жүргізудің айла-тәсілдерін үйретті. Сонымен қатар халық арасында оқу-ағарту жұмыстары да жүргізілді. Осы кезде әр түрлі саяси партиялар құрылып, газеттер шығарылды. Бірінші орыс төңкерісі қазақ халқы өмірінде тарихи маңызы бар оқиға болды. Екі ғасыр тоғысындағы аумалы-төкпелі дәуір мен саяси оқиғалар қазақ ұлтының арасынан өз саяси қайраткерлерін шығарды. Бұл зиялылар өздерінің бар ғұмырын өз елі мен халқының бақытына арнап, сол жолда құрбан болды. Ресей империясының қол астында бодан болып енгеннен кейінгі кезеңдегі қазақ халқының ұлттық қозғалысы ерекше сипатта дамыды.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, шамамен Ресей дамудың «капиталистік» қарым-қатынастар дәуіріне бет бұрған тұста, орыс халқының қол астындағы мұсылман халықтары секілді қазақ халқының ел басшылары да орыс ұлтшылдығы немесе, басқаша айтқанда, шовинизм қатерін сезіне бастаған-ды. Отарлау халықтардың ұстанған дініне, тұтынған мәдени және әлеуметтік-экономикалық тіршілігіне ашық қауіп төндірді. Орыстың мұндай ұлтшылдық саясатына әуелі мәдени тұрғыда дүниеге келіп, кейін саяси қозғалысқа айналған жәдизм қарама-қарсы тұрды. Еділ, Қырым татарлары ішінде пайда болып таралған жәдишілдік Ресей қол астына қараған бүкіл мұсылман жұртшылығына тез тарай бастады. Әйтсе де, қазақ даласында ол, басқа мұсылман халықтарына қарағанда, аса драмалық жағдайда дамыды. Қазақстандағы жәдишілдік қозғалыс татар, әзербайжан, түрік тектілері және Түркістандағыдай емес, ерекше, қайталанбас сипат алды.

Қазақ сахарасындағы бұл қозғалыстың мұншалық ерекше сипатта өркендеуі және қазақтың Ұлттық қозғалысының одан рухтануының өзіндік тарихы, арқа сүйер негіздері болды. Оның бастысы - дала өңірін жаулап алудың сипатында болатын. Қазақ халқы Ресейдің қол астына енген соң орыс халқының «қамқорлығы» біртіндеп күштеп жер тартып алу немесе колониялдық саясатқа айналды. Ресейдің ішкі губернелерінен өз еркімен көшіп келген шаруалар қазақтардың жеріне қоныстана берді.

1890 жылдардан бастап қазақ елін отарлау - Ресей билігін орнықтыру, бекіту және орыстандыру мақсатында жоспарлы түрде өрістеді. Орыс-қазақ колониялары біртіндеп Орал, Орынбор, Ақмола, Семей облыстары мен Жетісу өңірінің неғұрлым құнарлы жерлеріне орналасты. Қазақтың хандық басқару институты ығыстырылып, дала өлкесін билеуге арнайы шығарылған «Степное Положениеге» арқа сүйей отырып, олар өзінің басқару дүниесін қазақтың дәстүрлі феодалдық-әкімшілік тетігімен қаз-қатар енгізе берді. Колониялдық саясатқа елеулі тосқауыл болған 1840-1847 жылдардағы

Кенесары қозғалысын атамағанда, даланы отарлау мен бағындыру ісі бірқалыпты жағдайда жүріп жатты. Ресей империясындағы 11 қазақ әскерінің төртеуі (Орал, Сібір, Орынбор, Жетісу) қазақ жерлерінде құрылды. Ғалым С.Асфендияровтың статистикалық көрсеткіші бойынша ХІХ ғасырдың соңына қарай негізінен қазақ жерінен тұрған Сібір қазақ әскері 5 млн десятина, Орал қазақ әскері - 6 млн десятина және Жетісу қазақ әскері 610484 десятина, бәрін қосқанда 11610 484 десятина жер иемденді [17,187]. Қазақ қоныстары қазақ жұртының дәстүрлі шаруашылығына үлкен нұқсан келтірді. Біріншіден, қазақ қоныстары қазақтарды ең құнарлы жерден айырумен бірге, сол арқылы оның егіншілік мәдениетінің дамуын тежеді, мал шаруашылығына байланысты қоныс аудару жүйесін бұзды, сөйтіп түрлі қиындықтар туғызды. Екіншіден, үкімет түрлі артықшылықтар берген қазақ қоныстары панасыз қазақ жұртына түрлі зорлық-зомбылық жасап отырды. Үшіншіден, Ресейдің Орта Азиядағы отарлау саясаты бойынша белгілі маман М.А.Терентьев дәл атап көрсеткендей, казактар қазақ жерінің табиғатына немқұрайлы қарап, ормандарды ысырапсыз пайдаланып, біразын жоқ етті, жергілікті халықтан тартып алған егіншілікке жарамды жерлерді аз уақыт пайдаланып, тастап жаңа жерлерге кетіп отырды [18,295].

Дегенмен, қазақ-орыс қоныстарын құру, әскери бекіністер салу патша үкіметінің қазақ жерін отарлау барысындағы өтпелі кезең ғана еді. Біржола отарлаудың баянды жолы жаңа жерге орыс шаруаларын мейлінше көбірек қоныстандыру екендігін патша үкіметі жақсы түсінді.

Егер ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында мүлдем жаңа сапаға көтерілген Қазақстан мен Ресейдің арақатынасына байыппен қарар болсақ, онда отарлаушы мен отарланушының қатынасына тән мынандай өзгерістерді байқауға болар еді.

Көп ұлтты империяға айналған Ресей ХVІІІ ғасырдан бастап-ақ жүйелі және мақсатты түрде қазақ қоғамын, қазақ елін мемлекеттік тұтастығынан айыру, сол арқылы қазақ қоғамына, қазақ жеріне терең бойлап ену саясатын жүргізді. Қазақ қоғамындағы феодалдық бытыраңқылық, түрлі саяси топтар арасындағы бітіспес күрес орыс әкімшілігінің өз дегеніне шығынсыз еппен жетуіне көмекші факторлар болды.

Қазақ қоғамының бұрыннан қалыптасып келе жатқан ішкі мемлекеттік құрылымын жоя отырып, патша үкіметі 20 және 60 жылдары іске асырған саяси реформалары арқылы қазақ қоғамының ішкі тарихи ерекшеліктері мен мүддесін ескеру негізінде емес, керісінше өзіне қолайлы, яғни Қазақстанды Ресей мүддесі тұрғысынан басқаруға қызмет ететін отаршыл әскери-феодалдық Мемлекеттік жүйені орнатты. Соның салдарынан өзін-өзі қорғау қабілетінен айырылған қазақ қоғамы Ресей империясының экспансиялық саясатына жалпы Ұлттық деңгейде ұйымдасқан, қуатты қарсылық көрсете алмады. Сөйтіп, қазақ халқы ғасырлар бойы қан төгіп, қорғап келген жерінің ең құнарлы, шаруашылыққа қолайлы бөлігін атты казак әскерлеріне, Ресейдің ішкі губернияларынан, Сібірден қоныс аударған орыс және басқа еуропалық шаруаларға беруге мәжбүр болды.

Екі ғасырға жуық мерзімде қалыптасқан басқару жүйесінде жергілікті

халықтың билікке тартылуы мемлекеттік аппараттың ең төменгі буыны облыстық басқарумен шектелді. Бұл қазақ елін саяси биліктен аластату ғана емес, сонымен бірге қазақ қоғамын іріктеуге жасаған қадам еді. Басқару аппаратын орыстандыру (кадр саясаты, орыс тілінің мемлекеттік тілге айналуы т.б.) қазақ қоғамы арасына христиан дінінің енуіне қажетті, қолайлы жағдайлар жасау империялық саясаттың нақты көріністері болатын.

Ұлттық езгіні күшейткен патша үкіметінің отарлық саясаты қазақ қоғамын, оның шаруашылық жағдайларын күрт төмен түсіріп, әлеуметтік дағдарысқа ұшыратты. Мал жайылымы тарылған халық тыныш өмір іздеу мақсатында Қытай, Монғолия сияқты мемлекеттерге қоныс аударуға мәжбүр болды.

Осындай жағымсыз көріністермен қатар, Қазақстанда осы аралық кезеңінде Ресейдің еуропалық мәдениетімен озық ойлы идеяларының таралуына да тікелей мүмкіндіктер туды. Себебі, қазақ елінің орыс мемлекетінің құрамдас бөлігі ретінде дамуы саяси-идеялық ахуалға да үлкен ықпалын тигізгені даусыз. Академик С. З. Зиманов былай дейді: «С точки зрения внешних условий в начале XX века существовало самая благоприятная ситуация для пробуждения национального сознания и развития национально-освободительного движения даже в таких остальных окраинах России, каким был в ту пору Казахстан... идеалы гуманизма и сבודы, борьбы против тирании и угнетения, солидарности народов и классового братства проникали в самые отдаленные уголки России, находя там немало приверженцев и последователей» [19,26]. .

XX ғасырдың басында Қазақстанда қалыптасқан саяси-идеялық ахуалдың өзіне тән біршама ерекшеліктері болғанын атап айтқан жөн. Біріншіден, қазақ қоғамындағы ұлттық ояну мен саясатқа тартылу жағдайы Еуропа мемлекеттеріндегідей феодалдық қатынастардың ыдырауы барысында көрініс берген жалпы халықтық белсенділікті танытқан жоқ. Себебі, XX ғасырдың басындағы қазақтың демократиялық зиялылары бастаған реформаторлық, ұлттық ояну мен саяси құқықтық прогреске шақырған іс-әрекеттер әлі қауымдық, патриархалдық өмір мен салт-санадан кіндігін үзбеген, сол шырмауығына маталған микроортада қанатын кең жая алмаған, толық мағынадағы жағдайлары жоқ халде болатын. Аталмыш идеяларды қабылдау, әлеуметтік тәжірибеде іс жүзіне асыру жаңа қалыптасып келе жатқан, саны жағынан шағын қазақ зиялыларының ғана маңдайына жазылған парызы танылды. Ал, негізгі халық енжарлық пен надандықтың салдарынан көшпелі өмірлерін, оның тыныс-тіршілігінің өзгеріске ұшырамайтындай көрген ұғым-танымның жетегінде болды. Академик С.З. Зиманов қазақ қоғамының XX ғасырдың басындағы осындай факторларға былайша баға береді: «Кочевые и полукочевые скотоводческие общества, для которых бескрайняя степь была единственной зоной обитания, в основной массе отличались крайней отсталостью воззрениях на природу и общественные явления; они сохраняли патриархальные обычаи и взгляды, в значительной степени, жили интересами оделенных замкнутых мирков, родовых групп» [19,13].

Екіншіден, Ресей империясының орталық саясатының тікелей әректі салдарынан қазақ жерінің оның пайдалануынан таратылып алынуы көшпелі қоғамның қатнастарын шиеленіске ұшыратты, жергілікті халықтың монархиялық режимге деген наразылығын күшейте түсті. Жердің таратылуын және одан туындайтын зардаптарды жан даусы мен сезіне білген қазақ зиялылары отаршылдыққа қарсы үн көтеріп, саяси идеялық ахуалды ұлттық мүдденің саяси мақсаттары мен ұжымдастыруды өзінің тарихи борышы деп таныды. Ұлт мүддесін, қазақ жерін отарлық езгіден қорғау мақсатында қазақ халқын әлеуметтік прогресс пен өркениетті сағатқа көтерудің идеялық негізін қарастырған. Қазақ зиялыларының қазақ қоғамының сол кезеңдегі әлеуметтік өмірі мен көшпелі салтты тұрмыс тіршілігімен санаспауы да мүмкін емес еді. Міне, осыған байланысты қазақтың ұлт зиялылары ұран етіп көтерген отаршылдыққа қарсы идеялар енжар да көшпелі патриархалдық өмірдің кіндігінен ажырамаған қазақ халқының қоғамдық санасында жаппай қабылдау тапқан үлкен құбылыс дәрежесіне көтеріле алған жоқ.

Үшіншіден, XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының саяси-идеялық ахуалына ислам дінінің әсер еткенін мүлдем жоққа шығаруға болмайды. Ресей мемлекетінің отарлық қыспағындағы орыстандыру саясатын дер кезінде байқаған қазақ халқы әлі шаманизм көзқарасынан ажырмаған қазақ халқын ислам дініне жаппай тартып, жаңа үлгідегі мектеп, медреселері арқылы дін насихатын күшейтуді, сөйтіп көшпелі халықты бір ту астына біріктіруді өздерінің патриоттық борышы ретінде таныды. Еуропалық білім ордаларынан сусындаған қазақ зиялылары барлық мүмкіндікті пайдалана отырып, дінді саясат пен ағартушылыққа байланысты ең негізгі, көкейкесті мәселе деп анықтаған. Әдебиетте жадидизм деп аталған бұл ағымды С.З. Зиманов пен Қ.З. Ыдырысов былай деп жазады: «джадидизм возникший в конце XIX в, насил буржуазно - реформаторский характер., главными задачами джадидов были органические влияние мусульманской религии на светскую жизнь, реформа школьного образования, широкая пропаганда искрение приовшить мусульманские народы к европейской культуре».

В истори джадидизма прослеживается два этапа: просветительский, объединительный и политико - реформаторский. Под влиянием революции произошло размежение среди всего сторонников. Стали выделяться прогрессивные представители национальной интеллигенции. Свою просветительскую деятельность они связывали с отношением к политической системе» [20,18-20]. Осындай күрделі де ауыр жағдайда тарихи сахнаға орыс мектептерінде тәлім-тәрбие алған бір топ зиялы азаматтар шықты. Ол аз ғана топтың басында Әлихан Бөкейхан бастаған Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жақып Ақбаев, Халел Досмұхамедов сынды зиялылар тұрды.

Төңкеріске дейінгі қазақ интеллигенциясы өзінің шыққан ортасы тұрғысынан алғанда әр текті болды: олардың қатарында ақсүйек, бай-шонжар әулеттерінен шыққандар да, орта дәулетті отбасы өкілдері де,

жекелеген қарапайым еңбекші шаруалардың балалары да болды. Олардың жоғары және арнаулы орта оқу орындарынан алып шыққан кәсіби мамандықтары да әр түрлі болды. Бұлар отарлы қазақ өлкесінің басқару аппаратында түрлі жұмыс атқарған чиновниктер, денсаулық сақтау мекемелерінің қызметкерлері, журналистика, оқу-ағарту және мәдениет саласында еңбек еткендер және сан жағынан басқа топтардан аз болған инженер-техник қызметкерлерден тұрды.

Отаршыл өкімет орындары саяси аренаға қазақ халқының алдыңғы қатарлы өкілдерінің шығуы халықтың ояну белгісі болатынын айқын да ашық түсінді. Сондықтан олар өз қарсыластарының қызметін өрістетуге мүмкіндік бермеу үшін қажетті тәсілдердің бәрін пайдаланып, оларға қарсы жазалау шараларының қандайын болса да қолданудан тайынбады. Қазақ халқын жер бетінен жоюдың амал-тәсілдерін жасап бақты. Жазушы Ә. Әлімжанов былай деп жазады: «За правдивое слово казнили, бросали в шахты, свинцовые рудники, как непокорных сыновей России, в которых привозили в Казахстан, слово казах должно было исчезнуть со страниц истории...» [21,7].

Сол жылдары Алаш қайраткерлері репрессияның құрбаны болып, жазықсыз жапа шекті. Бұл қазақ мәдениеті мен ғылымының дамуына үлкен нұқсан келтірді. Ә.Әлімжанов ойын былай деп түйіндейді: «Отсекали не только голову, но и язык народа - его культуру, заменяли алфавит (трижды) на которым народ создавал свои древние книги, чтобы навсегда лишить его исторической памяти»...» [21,7].

Патшалық империяның отаршылдық саясаты дала өлкесінің бар саласында үстемдік алып, «басынан ерік», «қолынан билік» кетіп, жерінен күштеп айырылған туған халқының тұрмысына байланысты, саяси-элеуметтік мәселелерден көкірегі ояу қайраткерлердің оқшауланып қала алмайтыны әрине заңды құбылыс. Біздің ойымызға М.Дулатовтың мына сөздері дәлел бола алады: «Ол жылдардағы қазақ халқының қараңғылығы мен надандығын айтып жеткізу қиын. Қазақ бұқарасы губернаторлар мен уезд бастықтарын айтпағанда ең төменгі урядниктің алдында діріл қағып, адам төзгісіз қорлыққа шыдады, оның бұл халге жетуіне өз арасынан шыққан надан тілмаш-чиновниктер, болыс басқарушылар және басқалары өз үлестерін қосты; ауыр салық, зорлық, паракорлық, өсек тасу үйреншікті көрініске айналды, құнарлы шұрайлы жерлер ешқандай да есепсіз қоныс аударушыларға алынып берілді, ал қазақтар болса шөлге ығыстырылды. Алым-салық ауыртпалығы кедей-кепшікке түсті, оны төлеуде жүздеген бас айдаған бай мен бес бас малы бар кедей теңгерілді. Қазақ елі, міне осындай түнекте ғұмыр кешті. Осының бәрін көре тұрып өзімнің азын-аулақ біліміме қарамастан, қолымдағы барыммен ар-намысы аяқ асты болған сорлы халқыма көмектесуді өз борышым деп санадым»[22,45].

Алаш қайраткерлерінің қоғамдық-саяси іске араласуы 1905 жылдан бастау алады. Олар Қазақстандағы жаңа сипаттағы саяси күрестің қайнар бастауы саналатын Қарқаралы петициясын даярлауға қатысады. Ол туралы Мұхтар Әуезов «Ақанның елу жылдық тойы» атты мақаласында былай деп

жазады: «1905 жылы Қарқаралыда Ақаңмен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік хукметке қазақ халқы атынан петиция жіберген. Ол петициядағы аталған үлкен сөздер: бірінші жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған. Екінші - қазақ жұртына земство беруді сұраған. Үшінші – отаршылдықтан, орыс- қалмақ саясатынан құтылу үшін, ол барлық мұсылман жұртының қосылуында болғандықтан, қазақ жұрты мүфтиге қаратуды сұраған. Петициядағы тілек қылған ірі мәселелер осы»»[23,19].

М.Әуезов, Ә.Бөкейхан, Ж.Ақбаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов т.б. қазақ зиялыларының басшылығымен жазылған қарқаралы петициясының негізгі мазмұны мен ондағы көтерген мәселелердің саяси салмақтылығына ерекше назар аударумен қатар, оның халықтың сана-сезімінің оянуына зор ықпал жасағанын да ұмытпаған. Бұл туралы Мұхтар: «Ол күндегі ой ойлаған қазақ баласының дертті мәселесі осылар болғандықтан, Ақаңдар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған»- деп жазады. Шындығында, Қарқаралы петициясы көпшіліктің оянуына зор себепкер болған аса үлкен саяси оқиға ретінде ел тарихына енді. Елдегі 1905 жылғы революция, столыпиннің аграрлық реформасы, 1916 жылғы Ұлт-азаттық қозғалысы т.б. өзгерулерден ХХ ғасырдың басында өмір сүрген қоғам қайраткерлерінің қалыс қалуы мүмкін емес еді. Қиын-қыстау кезеңнен, басқа түскен ауыртпашылықтан шығудың бірден-бір жолы - халықтың сана-сезімін ояту, оқыту, өнер-білімге баулу деп түсінді. М.Базарбаев пен С.Аққұлұлы былай деп жазады: «Орыс мектептерінен тәлім-тәрбие алған қазақ зиялылары Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, Ж.Ақбаев, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов бастаған тобы... саяси ұстамдылық танытып, патша үкіметіне сақтана қарады және құдыретті Ресей империясына қарсы ашық күрестің әлі ерте екендігін анық түсінді. Сондықтан, ең алдымен, халықтың сана-сезімін оятатын барлық жағдайды жасау керек деп білді, сол мақсатта күш-қуаттарын аямады», -деп жазды [24,19].

Алаш қайраткерлері орыстандыру саясатынан, қоғам басына түскен қасіреттен құтылу үшін білім алып, өркениетті елдердің қатарына қосылу қажет екендігін айғақтайды. Оған М.Дулатовтың мына сөздері дәлел бола алады: «Нам необходимо всеми силами и средствами стремиться к просвещению и общей культуре»[25, 84-85].

Сондықтан да біздің ойымызша, Алаш қайраткерлерінің қызметтері халықты ағарту, білім беру, оқыту мәселесіне бағытталды. Біз өз зерттеуімізде М.Қозыбаевтың мына пікіріне қосыламыз. «Движение «Алаш» формировалась мощным воздействием просветительских идей».

«Алаш» қозғалысының қайраткерлері елдің экономикалық саяси, мәдени дамуын қазақ халқының санасын оятуды оқыту арқылы ғана шешу қажеттілігін дәлелдеді. Бұл жайында Ахмет Байтұрсынов «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында былай деп жазады: «Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастау керек, неге десек, болыстық та, билік те халықта». Алаш пен Алашорда қайраткерлері заңнан тыс деп жарияланып, таратылып

жіберілді және оның ресми органы «Қазақ» газетінің жұмысы тоқтатылды. Алаш жолының қиын күрестер мен күрделі жанжалдарға, қателіктер мен ізденістерге және белгілі бір жетістіктерге толы жол болғаны күмәнсіз. XX ғасырдың басында «Алаш» партиясының Қазақстанда жеткілікті дәрежеде елеулі күш болғанын тарихи фактілер дәлелдеп отыр. 1917 жылғы қараша айындағы құрылтай жиналысы сайлауында алынған дауыстар саны жөнінен «Алаш» Ресейде Қазақ революциясының қарсаңында болған 50 партия ішінде 8-орын (262 404 дауыс) алды [26, 33].

Саяси күресте «алаштың» жеңіліс табуының әр түрлі себептері бар. Біріншіден, «Алаш» өз қатарына негізінен интеллегенция өкілдерін біріктірді, 80-90 пайызы сауатсыз шаруалардан тұратын қазақ қоғамына ұлттық-демократиялық интеллегенцияның басшылары насихаттаған әділеттілік, ізгілік және тәуелсіздік идеялары жете алмады, сондықтан да халықтың басым көпшілігіне ол идеялар түсініксіз болды. Бұқараның қараңғылығы, саяси күрес орталықтарымен байланыстың болмауы армандаған мақсатқа жету жолындағы кедергіге айналды. Екіншіден, қазақ интеллегенциясында ұзақ уақыт бойы саяси күрестің нақты бағдарламасы болмады. Біздің ойымызша, «Алаш» партиясы тым кешігіп құрылды. Оның құрылуы мен тәуелсіз қазақ мемлекеттігін құруға бағытталған саяси іс-қимылдың нақты бағдарламасын қабылдау мерзімі «езілген халықтарға-бостандық, шаруаларға-жер, жұмысшыларға-заводтар мен фабрикаларды береміз» деген ұрандармен жеңіске жеткен 1917 жылғы Қазан революциясының басталу кезеңіне тұспа-тұс келді. Алашорда қайраткерлері сепаратистер болған жоқ. Олар реалистік тұрғыдан ойлайтын, сол бір жағдайдағы Ресейдің қазақ халқы үшін рөлі мен маңызын түсінетін адамдар еді. Ресеймен бірлік бағытын Алашорда қайраткерлері берік те дәйекті жүргізді. Бұл жөнінен 1919 жылдың ақпанында Омбыда өткізілген қазақ халқын ведомствалық жайғастыру жөніндегі кеңесте Ә.Бөкейханның пікірі мейлінше есте қаларлық. «После указа 22/4 октября 1918 г мы сидели без дела, не зная, что будет дальше. Теперь вы призвали нас, и мы пришли сюда. Как братья. Киргизский народ не питает сепаратических замыслов, он не желает отделения от России. Мы - западники, в своем стремлении пробщить народ к культуре мы не смотрим на восток, в Монголию, мы знаем, что там культуры нет. Наши взоры устремлены на запад. Получить культуры мы можем оттуда, через Россию, при посредстве русских. Мы пришли сюда с единственным желанием устроить порядок, необходимый для того, чтобы страна могла дойти до учредительного или национального собрания» [27, 139].

Алашорда большевиктік идеологияға негізделген жоқ, оның алғашқы кезде Кеңес өкіметіне қарсы шыққаны табиғи құбылыс болатын. Егер Алашорда қайраткерлері Кеңес өкіметіне қарсы шықса, бұл ешбір жағдайда да олар революцияның жаулары болды деген сөз емес. Бұл олардың өз партиясының, өз пікірі бойынша, өз халқының игілігіне бағытталған бағдарламасына адал берілгендігін білдіреді.

«Алаш» автономиясы тарихи жағынан болашағы болмағандықтан

құрылмай қалған жоқ. Нақ, керісінше. «Алашорданың» маңызды бағдарламалық қағидалары, тағдырдың тәлкегімен Кеңес үкіметі тұсында жүзеге асырылды. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда «Алашорда» автономиясы мен кеңестік автономия идеялары бір-бірінен алшақ болатын. Кеңестік автономияның негізінде таптық қағида болғандықтан, оның әлеуметтік базасының неғұрлым тар болып қана қоймай, сонымен қатар ол еңбекшілердің жауларына қарсы жазалауға бағытталған еді. Ал, «Алашорда» автономиясы таптарға бөлмей, бүкіл халыққа сүйенді.

Таптық қағидаға негізделген автономия құрудың сайып келгенде ұлттық мемлекеттік құруға жеткізбегенін тарихтың өзі көрсетті. Ол былай тұрсын, 1937 жылы одақтас республика етіп қайта құрылған кеңестік автономиялық республика қазақ ұлтының өмірлік маңызды проблемаларын шешуді қамтамасыз еткен жоқ, қазақ халқы ұлттық қасиетінен айырыла бастады. «Алаш» автономиясының маңызы туралы айтқанда оған алға қойған мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік берілмегенін атап айтқан жөн. Бірақ ол өзіне негіз етілген әлеуметтік саяси мақсаттар жөнінен неғұрлым прогресшіл болғанына күмәндануға бола қоймас.

Алашордашылар «Алаш» автономиясы таратылғаннан кейін Кеңес жүйесі арқылы қазақ жерінің тұтастығын қорғап қалуға ат салысты. Алашорданың белсенді қайраткері Ә.Ермеков 1920 жылы Кирревком (Қазақ өлкесін басқару жөніндегі уақытша әскери-революциялық комитет) қатарына өтіп, 1920 жылы 16 мамырда «қазақ өлкесінің жағдайын және оның шекарасын белгілеу» жөнінде баяндама жасау үшін Москваға жөнелтілді. 1920 жылдың 17 тамызында В.И.Ленин төрағалық еткен Халық Комиссарлары Кеңесінің мәжілісінде қазақ жерінің шекарасын белгілеу жөнінде баяндама жасап, онда казактар мен орыс переселендерінің қазақтардан тартып алған жерлерін ежелгі иелеріне қайтаруды көздеген жер реформасын жүргізу және қазақ жерін оның отарлауға дейінгі шекарасы шеңберінде белгілеуді талап етіп, тартып алынған қазақ жерінің басым көпшілігі иелеріне қайтарылу қажеттілігі айтылды.

Алашорданың бағдарламасы қазақ халқының өмір сүруінің ғасырлар бойы қалыптасқан әдістерін күрт, тез арада қиратпай, экономикалық, әлеуметтік, тарихи ерекшеліктерін ескере отырып, қоғамды демократиялық жолмен қайта құру бағдарламасы ретінде көптеген жылдар бойы іріктеліп, қалыптасқан еді. Ұлттық қозғалыс идеологтарының бірі М.Дулатов сонау 1911 жылдың өзінде былай деп жазды: «Бір халықтың тұрмысын түп-тамырынан бұзып өзгертуі (көшпенділіктен, отаршылдыққа, отаршылдықтан көшпенділікке шыққан секілді) оңай іс емес. Қауіпті дертке тәуіп қанша керек болса, бұл мәселенің түйінін шешуге де сонша білім керек. Өлгенді тірілту мүмкін болмаған секілді, бұл туралы өзгеріс қате пікірмен болса, түзетуге болмайды» [28, 285].

Ал, большевиктік бағдарлама сырттай қарағанда демократиялық нысанда болғанмен, ол ұсынылып отырған өзгерістердің демократиялық, ізгіліктің мәнін жойып қана қойған жоқ, орныққан қоғамдық қатынастарды күрт қиратуға, жаппай жазалау шараларын жүргізуге алдын -ала

бағдарланған болатын. Алашорда қайраткерлері сондықтан да болшевизмді қабылдамай, Кеңес өкіметіне қарсы шықты. 1917 жылы Қазан төңкерісін қалай қарсы алды деген сұрақ туындайды. Қазақ халқының бірқатар қайраткерлері бұл жөнінде жасырмай жазды. А.Байтұрсынов қазақ халқы Қазан төңкерісі идеяларына дайын болмағандығын айтқан болатын. Оның пікірінше, қазақтар үшін 1917 жылғы ақпан революциясы қаншалықты түсінікті болса, Қазан төңкерісі соншалықты түсініксіз болды. «Егер қазақтар ақпан революциясын зор қуанышпен қарсы алса, Қазан төңкерісіне зор алаңдаушылық көрсетті. А.Байтұрсынов Қазан төңкерісіне мұндай көзқарасты қазақ қоғамының капиталистік қатынастар мен таптық бөлінуді білмегендігімен түсіндіреді. Оның үстіне басқа халықтарға қарағанда қазақтарды жеке меншігінен айыру қиын еді, өйткені көп нәрселер қауымдық жолмен пайдаланылатын. Таптық бөліністің, заттарға жеке меншіктің айқын болмауы себепті қазақ қоғамында өзінше бір социализм мен коммунизм көрінісі болған еді. Сондықтан да қазақ халқы әзірше социализм идеяларын қабылдамайды» [29,287]. Кеңестік кезде А.Байтұрсыновтың теориялық қағидалары ұлтшылдық, контрреволюциялық қағидалар деген теріс баға алды. Ғылымға қарсы, объективті өмір шындығына сәйкес келмейді деп теріске шығарылды. Біздің міндетіміз А.Байтұрсынов идеяларының дұрыстығына не терістігіне баға беру емес. Бұл қағидаларды А.Байтұрсынов қандай мақсатпен айтқан, міне осынысы маңызды сияқты. Профессор К.Нүрпейісов «А.Байтұрсынов қазақтар үшін таптық идеологияны ұстанған большевиктік партия емес, идеологиясы қазақтардың ұлттық мүдделерін қорғауға бағытталған «Алаш» партиясы керек болды деп айтқысы келген еді деген жорамал айтты»[30, 69].

XX ғасырда қазақ қоғамының саяси санасы күрделі де қайшылықты құбылыстарға тап болды. Онда идеялар, дүниетаным және саяси ағымдар қақтығысы көрініс тапты. Қоғамның барлық салаларын қамтып алған аса терең дағдарыстан шығу жолдарында аяусыз саяси күрес жүріп жатты. Саяси күрес нысандары мен әдістерінің қаншалықты әр түрлі болғанына қарамастан, жоғарыда сипатталған саяси партиялар мен бағыттардың бәрі қазақ қоғамын қозғалысқа келтіріп, оны ғасырлық қалғып мүлгуден серпілту, қазақ халқының қалың бұқарасының саяси санасын қалыптастыруға жетеледі.

Патша чиновниктері қазақ интеллегенция өкілдерінің дүниежүзілік мәдениет қазыналарына тартылуына ықыласты болмады, олар мұны орыс мемлекетіне қатер төндіреді деп білді. Патша үкіметінің отарланған Қазақстан жөніндегі нысаналы, алысты көздейтін саясаты осы болатын. Ресей Білім министрлігінің құпия нұсқауларының бірінде былай делінген: «орыс державасының шет аймақтарында білім беру дегеніміз өзінше бір рухани соғыс, ал соғысушы жақ өз жоспарларын ешқашан жария етпейді» [31, 5-6].

Патша өкіметінің қазақ халқының ғылым мен мәдениетке тартылуына кедергі жасауға бағытталған шаралары еш нәтиже бермеді. Х.Әбжановтың «Мәдени құрылыс ақтаңдақтары» атты мақаласында сауаттылық жүйесін былайша көрсеткен. «XIX ғасырдың аяғында Қазақстанда орысша

сауаттылардың өзі 8 пайыздан асып, XX ғасырдың басындағы қазақтардың кем дегенде 20 пайызы оқи да, жаза білген» - дейді [32, 47].

Орынборда, Омбыда, Оралда, Семейде, Верныйда және басқа қалаларда оқу орындары көптеп ашыла бастады. XX ғасырдың басындағы Алаш қайраткерлері дәрігерлерден, саясатшылардан, заңгерлерден, ақын-жазушылардан құралған еді, мұның өзі мүлде ерекше кәсіп-ғалымдық кәсіптің пайда болуына негіз болды. Саны аз болғанына қарамастан, елдің тарихи дамуына бұл жаңа интеллигенцияның моральдық-психологиялық және мәдени-саяси ықпалы зор болды. Жаратылысынан дарындылық, шығармашылық ой-құрылымы, ұлттың тағдыры үшін жауапкершілік, халықты рухани жағынан түлету жолында мүмкін болғанның бәрін істеуге ұмтылған Алаш қайраткерлері ұлттық тарихымызда өзіндік із қалдырды. Озық ойлы қазақ зиялылары отандастарының ұлт болып топтасуында, олардың бойында өздерінің сан ғасырлық тарихы, өзіндік ерекше мәдениеті, әдебиеті, тілі үшін ұлттық мақтаныш сезімін тәрбиелеуде маңызды рөл атқарды. Тәуелсіздікке қол жеткізген бостандық алу, отаршылдық езгіден азат болу, ғылым мен мәдениет жетістіктерінің көмегімен өркениетті, ізгілікті қоғам орнату «Алаш» партиясының негізгі мақсатын міне осылайша сипаттауға болады. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясы адамдардың санасына ықпал ету, ойлау сипатын кемелдендіру, оларды қоғам құрылысын өзгерту процесіне дайындау, болашақтағы тәуелсіз, еркін қазақ мемлекетін құрушыларды тәрбиелеу сияқты қиын міндеттер атқарды. Заман қажеттілігі мен сұранысынан педагогика сахнасына шықты. Педагогикада жеке адамның қалыптасуы үшін ықпал ететін әр түрлі факторларды білеміз. Олар тұқым қуалаушылық, әлеуметтік орта, тәрбие, т.б. жатады. Олай болса, қоғамдағы әлеуметтік-саяси жағдайлар Алаш дүниетанымының қалыптасуына айтарлықтай әсер етті. Егер Алаш қайраткерлерінің көпшілігінің арғы ата-бабалары белгілі билер болғанын ескерсек, текті әулеттен шыққанының өзі олардың жастайынан көздері ашық азамат болып қалыптасуы, білімдарлық қасиеті мен дарынды болуы заңды құбылыс деп есептейміз.

1.2. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ШИРЕГІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ, МЕКТЕП ІСІ

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Қазақстанның әр түрлі аймақтарындағы экономикалық, саяси және әлеуметтік жалпы жекелеген жағдайда халыққа білім беру көзқарасында өзгертті. Халықтың білімге деген қажеттілігі тек сауат ашу ғана емес, жалпы мәдени ағарту тұрғысынан туындады. Білім беру жүйесін елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына сәйкес жүргізу белгілі бір мақсатқа сай мектеп ашу қажеттілігін алға қойды, білім алғысы келгендердің саны өсті. Аталған кезеңдегі қазақ мектептерінің тарихы бойынша әдеби мұралар: Т.Тәжібаевтың, С.Сытдықовтың, Қ.Бержановтың, Г.Храпченковтың

еңбектері.

Отарлау кезінде, әсіресе XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында патшалық өкімет орындары сөз жүзінде мұсылман мектептерінің өміріне араласпау туралы мәлімдей отырып, іс жүзінде орыс-туземдік мектептерінің желісін кеңейту және басқа шаралар арқылы медреселерде оқитын балалар санын азайтуға қол жеткізді. Бұл жөнінде ғалым М.Мырзахметов былай дейді: «1867 жылғы реформаның өмірге енуімен қатар ашыла бастаған орыс-туземдік аралас мектептерінің түпкі саяси-миссионерлік мақсаты неғұрлым бұратана балаларды орыс балаларымен араласып оқытса, соғұрлым орыстандыру үрдісі де жылдамдайды деген тұжырымға негізделген болатын» [33, 32]. Шынында да Ресей мемлекеті отарлау саясатын оқу-ағарту ісінде де жүзеге асырды. Ресейде капиталистік қатынастардың дамып, олардың ұлттық шет аймақтардың шаруашылық өміріне тереңдей енуіне байланысты балаларды мектептер мен медреселерде оқытудың «жаңа әдісі» жолындағы қозғалыс пайда болды. Бұл қозғалысты жақтаушылар мұсылман оқу орындарына география, тарих, арифметика, жаратылыстану сияқты азаматтық пәндерді енгізуді талап етті. Қазақстан аумағында жаңа әдістемелі алғашқы мектептер мен медреселер өткен ғасырдың басында, оның алғашқы онжылдығында қалыптаса бастады. «1905-1915 жылдар аралығы жаңа үлгіде оқытатын мектеп пен медреселердің кеңінен тарала бастаған кезеңі деп саналады» деген пікірді Н.Сәбитов өзінің «Мектебы и медресе у казахов» атты еңбегінде атап өтеді [33,31].

Бұрынғы әріп жаттататын, кейбір мектептердегі сөзді буын-буынға бөліп, дауыстап оқытатын әдіс жойылып, яғни мектептер қайта ұйымдастырылып, таза діни конфессионалдық мазмұнынан арыла түсті, оларға жалпы білім беру сипатындағы пәндер енгізілді. Дін ілімі мектептерге енгізіліп, басты пән саналса да, оған қоса ана тілі, арифметика пәндері оқытылатын болды.

Қазақстанның Ресейге толық қосылуына байланысты патша үкіметі қазақ халқын рухани жағынан құлдыққа түсіруге ұмтылды. Оның құралдарының бірі дін болатын. Бастапқыда патша үкіметі қазақ халқын өзінен бірден үркітіп алмау үшін оны христиан дініне енгізуді абайлап жүргізді. Өкімет орындары бастауыш мектептерді қазақтардың толық және жан-жақты білім алуы үшін емес, болыс басқарушылары жанында тілмаш, сұлтандардың іс жүргізушілері және жұмыс істеуге жарарлықтай аздаған білім беру үшін ғана ашты. Бастауыш мектептің басты мақсаты оқушы қазақтарды Ресей империясының нағыз бодандары етіп дайындау болатын. Бастауыш білім беретін оқу бағдарламаларының мазмұны да қазақ халқының экономикалық және мәдени дамуы мүдделерін негізге алмай, отаршыл-әкімшіліктің қажеттері мен талап-тілектеріне бейімдеді.

Патша үкіметі татар мәдениеті мен ықпалына қарсы әрекеттің сенімді әдістерінің бірі орыс тілін тарату мен орысша сауаттандыру болуға тиіс деп шешті. Патша үкіметі өз мақсатына жету құралы деп орыс-қазақ мектептерін ашуды таңдап алды, өйткені халық бұқарасының идеологиясы мен

мәдениетіне оқу орындары арқылы ықпал етуге болатын еді. Сондықтан да патша үкіметі мектеп және орыстандыру саясатын қатар ұстанды. XIX ғасырдың екінші жартысында орыс емес халықтарға білім беру мәселелерімен миссионер-ғалым Н.И.Ильминский айналысты. Ол халыққа білім беру ісінде өз жүйесін ұсынды. Н.Ильминский жүйесінің мақсаты - орыс емес халықтарды орыстандыру және оларды дін жөнінен де, тіл жөнінен де орыстармен мүлде қосып жіберу болды. Ресей империясы Қазақстанды отарлау саясатында күш-жігерін аямады. Отарлаудың бір көрінісін оқу-ағарту саласынан көреміз. Оны миссионер-ғалымдар іске асырды.

Қазақстанды өзіне қаратып алғаннан кейін патша державасы өз үстемдігін нығайту шараларын жүргізді. Саяси және экономикалық экспансиямен қоса құлдыққа түсушілердің мәдениеті тұншықтырылды, зорлықпен асимилиция жасауға ұмтылды. Бұл саясат Қазақстандағы халыққа білім беру ісінен мейлінше айқын аңғарылғандығын жоғарыда атап өттік.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында қазақ даласына келген жаңалықтар жаңа тұрпатты мектеп құру ісіне, халық ағарту ісін жаңа бетбұрысқа түсіруге, тәлім-тәрбие, педагогикалық ой-пікірдің дамуына айтарлықтай ықпал етті. Мәселен, С.Қалиевтің статистикалық көрсеткіші бойынша жиырмамыншы жылдары еліміздегі мектеп саны 2410-ға жетті. Оларда оқитын оқушылар саны да біршама өсті. Егер, 1914 жылы Қазақстан мектептерінде орыс, қазақ балаларын қоса есептегенде 105 239 шәкірт оқыған болса, 1920-шы жылы олардың саны екі есе артты. [34, 63].

Осы кездері жаңадан құрылып жатқан қазақ мектептері үшін, Семей, Торғай, Ырғыз, Орал т.б. қалаларда төрт айлық қысқа мерзімді мұғалімдер курстары ашылып, оларда мыңнан астам мұғалімдер даярланды. 1920-1921 жылдары елімізде 4 824 мұғалім болды. Ұстаздар қауымы күндіз балаларды оқытса, кешке қарай үлкендерді оқытып, сауатсыздықты жою ісіне белсене араласты. Бұл жерде қысқа мерзімдік курстар үшін психология мен педагогикадан төл тілімізде оқу құралдарын жазған М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытовтың, М.Дулатовтың, Х.Досмұхамедовтың еңбектерін ерекше атап өтуімізге болады.

1920-шы жылы қазан айында Қазақ АССР-ның Оқу Халық комиссариаты құрылып, оның төрағасы болып А.Байтұрсынов тағайындалды. 1921-ші ақпанда Бүкіл қазақстандық оқу-ағарту қызметкерлерінің конференциясы шақырылды. Онда бірыңғай мектеп жүйесін құру, кәсіптік-техникалық білім беру, мектептердегі саяси-тәрбие жұмыстары, балаларды қорғау тағы басқа оқу-тәрбие жұмысына қатысты мәселелер қаралды. Конференцияда жаңа қоғамда бала тәрбиелеу ісінде отбасының рөлі кемиді, алдағы жерде «оларды балалар үйі мен коммуна мектептерінде тәрбиелеуіміз керек, таптық қоғамның жойылуымен қоса мектептегі сабақтық-кластық жүйе де жойылуы тиіс, өйткені баланы еркін тәрбиелеу қажет, оқытудың кластық жұмысын лабороториялық-сабақтық, бригадалық әдіспен ауыстыру керек деген» теріс пікірлер айтылды. (1922-1923жж) құрылған Академиялық орталық ұлт мектептерін төл

оқулықтармен, бағдарламалармен қамтамасыз етуде біраз шараларды іске асырды. Осы орталық физика, грамматика, алгебра, педагогика, мектеп гигиенасы тағы басқа оқу құралдарын жазуға қазақ зиялыларын ұйымдастырды. Бұлардың алдыңғы қатарында А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Әуезов т.б. ғалымдар болды.

20-жылдардағы педагогикалық даму үрдісіне А.Ильясова өзінің докторлық диссертациясында мынадай тұжырым жасайды: «Педагогика 20-х годов выдвигала вопросы организации школьного обучения, организации урока, учета индивидуальных особенностей детей, вопросы перегрузки. Последнее говорит о том, что предпринимались попытки предупредить перегрузку детей, которое приводит нехватке времени для основательного и успешного усвоения учебного материала, нерегулярному выполнению домашнего задания и т.д.» [35, 10].

1927 жылы бірыңғай еңбектер мектептері ашылып, білім беру жүйесін өзгерту үрдісі жүзеге аса бастады. Мектеп ісін ұйымдастыруда шешілмеген мәселелер әлі де аз емес еді. Өйткені, жаңа типті мектептер үшін қазақ оқытушылары жетіспеді, қазақ тілінде оқулықтар, бағдарламалар өте аз болды, мектеп үйлері де жетіспеді. Күн тәртібіндегі ең негізгі мәселелердің бірі - ұлт тіліндегі оқулықтарды даярлау болды. Біртіндеп бұл мәселелерді шешуде алғашқы қадамдар жасалды. 30-шы жылдардың басында 3000-ға жуық мектеп оқулықтары басылды. 1925 ж. мұғалімдерге арналған ғылыми-әдістемелік журналдар «Жаңа мектеп», «Қазақстан мектебі» шыға бастады. Мұның беттерінде озат мұғалімдер мен қазақ ғалымдарының әдістемелік мақалалары жарық көріп, оқыту, тәрбиелеу ісіне біршама жәрдемін тигізді.

Осы кезеңнің басты жетістіктерінің бірі бастауыш білім алуды жүзеге асыру шаралары болды. Мәселен, 1930-1931ж. оқу жылының өзінде-ақ 450 мыңнан астам мектеп жасындағы балаларды, оның ішінде жасы асып кеткен 100-мыңдай шәкірттерді оқуға тарту - ағарту саласындағы аса маңызды жетістіктердің бірі болды. Елде кітап бастыру ісі едәуір жолға қойылды. Егер өткен ғасырдың аяғында бізде небәрі 70 шақты кітап басылса, 1917-1930 жылдар арасында 2200-нан аса кітап жарық көрді. Бұлардың көпшілігі қазақтың сол кездегі ақын-жазушыларының заман тақырыбына жазған дастан, поэма, өлең, жыр, әңгіме, романдары іспеттес туындылар еді. Бұлардың қатарына М.Н.Көпеевтің «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамаша» (Қазан, 1907), М.Бекмухаметұлының «Жақсы үміт» (Қазан, 1908), Ж.Темірәліұлының «Насихат сөздері» (Қазан, 1912) т.б. еңбектерін жатқызуға болады.

Өлкемізде бұрын-соңды болып көрмеген қарқынмен газет-журнал шығару ісі де қолға алына бастады. 1911-1915 жылдар арасында Троицк қаласында шығып тұрған жалғыз «Айқап» журналы қазақ мәдениеті мен оқу-ағарту мәселелеріне тоқталса, енді осы айтылғандарды «Сана», «Шолпан», «Жас қайрат» сондай-ақ басқа да қазақ тілінде шығатын газеттер жазатын болды. Газет-журнал беттерінде оқыту-тәрбие үрдісінің әртүрлі көкейкесті мәселелері, атап айтқанда төте оқудың жаңа әдістерін меңгеру, кешенді оқыту жолдары, әртүрлі пәндерден оқу құралдары мен

бағдарламаларын жасау, қазақ қыздарын жаппай оқуға тарту, мектеп жанынан кітапханалар ашу жайында сан қилы материалдар жарияланып тұрды. Газет-журналдарды полиграфиялық тұрғыдан жақсартуға да едәуір көңіл бөлініп, оларға қажетті материалдарды Кеңестік Ресейден келісім-шарт арқылы алып тұрды.

Еліміздегі мәдени-ағарту жұмыстары да жандана түсті. Қазақ даласында кітапхана, музей, театр, жұмысшы клубтары, ауылдық жерлерде қызыл отаулар құрылып, оларда саяси сауат ашу, бұқаралық көркемөнер үйірмелері жұмыс істей бастады. Мәселен, тек 1922 жылдың өзінде ғана жеті орталық, тоғыз аудандық клуб, 221 оқу үйлері жұмыс істеді. Ауыл еңбекшілерінің сана-сезімін көтеруде елеулі рөл атқарған Қызылорда алғашқы ұлт театрларының бой көрсетуін ерекше атап өтпесек болмайды. Мәселен, 1918 жылы Ақмолада қазақ жастары С.Сейфуллиннің «Бақыт жолында» деген пьесасын қойды. 1919 жылдың басында Жетісу ақындарының облыстық слеті ұйымдастырылды. Бұған жыр алыбы, біздің заманымыздың Гомері - Жамбыл Жабайұлы қатысқан еді. Осы кезеңде қазақтың ұлттық тәлім-тәрбиесінің сан қырлы мәселелері бойынша қалам тартып, ой бөлісушілердің қатары молайған еді. Бұлардың арасында Ш.Құдайбердіұлы, М.Кәшімұлы, Н.Құлжанкеліні, С.Торайғыров, Ғ.Қарашұлы, М.Жолдыбайұлы, Ғ.Мұсағалиұлы, М.Серәліұлы, А.Диваев т.б. есімдерін атауға болады.

20-шы жылдары педагогика ғылымы үлкен дағдарысты басынан кешірді. Ол негізінен латын графикасына көшу мәселесімен тығыз байланысты болды. Сөзіміз дәлелді болу үшін біз А.Ильясованың мына пікірін келтіреміз. «В 20-е годы в педагогической литературе на большом форуме тюркологов в Баку наиболее широко дискутировался такой вопрос педагогической теории, как изменения алфавита и проблема письменности. Идея изменения алфавита была подвергнута резкой критике в педагогической литературе тех лет» [36, 15]. 1926 жылы Баку қаласында өткен Бүкілодақтық Бірінші Түркологиялық съезде Ахмет Байтұрсынов қазақтардың латынға көшуіне қарсы болды. «Бұрыннан пайдаланып келген, әрі нақтылы бір ұлт тіліне лайықталып, реформаланған араб (мысалы, қазақтардікі сияқты), не орыс (мысалы, сол кезде чуваштар қолданып отырған) графикасын латынға ауыстырудың ешқандай не саяси-идеологиялық, не экономикалық тиімділігі жоқ, сауат аштыру, оқыту ісінде де лайықталған араб графикасы мен қабылданбақшы латын жазуының бір-бірінен артық-кемдігі шамалы, керісінше, жазу таңбасын өзгерту сан ғасырлық жазба мұрадан, жазба дәстүрден қол үздіреді деген» - пікір айтады [37, 18].

Бұл жерде А.Байтұрсыновтың концепциясынан ұлтшылдық, пантюркистік немесе кеңес өкіметіне қарсылық іздеу мүлде қисынсыз: араб жазуы арқылы ислам дінін уағыздауды ол көздеген жоқ, өйткені ол дін қамқоршысы емес, пантюркистік пиғылда болды деу де орынсыз, өйткені ол керісінше, қазақ ұлтының, қазақ тілінің дербестігін қолдаған адам, үшіншіден, бұл жердегі ғалым, әрекетінен антисоветизм іздеу де нанымсыз, себебі жазу таңбасының түрі идеологияның мазмұны мен бағытын өзгерте

алмайтындығын Ахмет Байтұрсынов та оны қоршаған қазақ зиялылары да түсінді. Қазақстанда алфавит екі рет өзгерді, 20-шы жылдардың аяғында латын алфавитіне көшірілсе, 40-шы жылдары кириллицаны қабылдады. Бұл жөнінде А.Ильясова былай деп жазады: «Педагоги 20-х годов опасались того, что изменение алфавита отрицательно скажется на культурном развитии казахского народа, приведет к стиранию исторической памяти у целого поколения, к отрыву от традиций, потеря связи с культурой Востока, к постоянному преодолению безграмотности и т.д.» [36, 18].

Жазу графикасының екі рет ауысуы мәдениетіміз бен оқу-ағартуымыздың дамуына кері әсерін тигізді. Дегенмен де елдегі болып жатқан қиыншылықтарға қарамастан, педагогика ғылымы, оқу-ағарту ісі алға қарай дамыды.

Жоғарыда атап өткеніміздей көптеген ғалымдарымыздың еңбектері рухани айналымға түсті. Мәселен, М.Ж.Көпеевтің күні бүгінге дейін жарияланбаған қолжазбаларының бірінде педагогика мен психологияның ғылыми мәселелеріне байланысты құнды пікірлер кездеседі. Бес сезім мүшесінің қызметі, жүрек пен жанның, жан мен мидың қызметі, ойлау, қиял қуаттары, түс көру себептері, жас ұрпақты отбасында қалайша жақсы, өнегелі азамат етіп тәрбиелеу, қыз балаларды оқуға тарту, білім алудың қажеттілігі жайында қызықты да салмақты пікірлер айтылды. М.Ж. Көпеев адамның ерік-жігер, қажыр-қайрат қасиеттері туралы айта келіп, еркі күшті адам алдына қойған мақсаты жолында ештеңеден қайтпай, талабынан бас тартпай, келешектен ешбір үміт үзбей, ұсақ-түйекпен айналыспай, көрсе қызарлыққа салынбай, жоқшылық пен қиыншылыққа мойымай әрекет етеді дейді. Ақынның ұлттық-психологиялық терминология жасауға шама-шарқынша үлес қосқанын да ерекше атап өтуге болады. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласының Ресей қол астына тұтастай бағынуы, әскери бекіністер мен сауда қалаларының орнауы, орталық Ресей мен Украинадан орыс шаруаларының көшіп келуі т.б. саяси экономикалық қарым-қатынас орыс-қазақ мектептерінің көптеп ашылуына мүмкіндік туғызды. Осындай мектептердің көбейе түсуіне қазақтың көрнекті ағартушысы Ы.Алтынсарин қарсы болды.

XIX ғасырдың аяқ кезінде XX ғасырдың бас кезінде қазақ мектептері қандай болу керек деген мәселе күн тәртібіне қойыла бастады. Осы жөнінде бір-біріне қарама-қарсы екі көзқарас пайда болды. Бірі-бұратана халықты шала сауатты қылдырып, төл мәдениетінен қол үздіріп, бірте-бірте орыстандыру саясатын көздеген миссионерлер, ал екіншісі - орыс халқының прогрессивтік озық мәдениет үлгілерін игеру арқылы өз елін өркениетті елдердің деңгейіне көтеру қажет дейтін қазақ ағартушылары (Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев) болды.

Оқытудың жәдид (төте жазу) деп аталатын ағымы отаршылдық орыстандыру саясатына қарсы түркі тектес ұлттардың өзін-өзі сақтап қалу жолындағы қажырлы күресінен туған болатын. Төте оқу мектебі жергілікті халықтың өз қаражатымен өмір сүрді. Ол ресми өкімет тарапынан қолдау көрмеді, керісінше отаршылдар оның өрісін тарылтып бақты. Патша өкіметі

ұлт мектептеріндегі екі ағымды хадим мен жәдитті бір-біріне қарсы айдап салу арқылы ұлттық сана-сезімнің оянуын тежеуді көздеді. Осының нәтижесінде хадим ағымының өкілдері жәдидшілерді елге, құдайға күпірлік жасады деп айыптап, олардың үстінен патша әкімшілігіне арыз жазуға дейін барды.

XIX ғасырдың ортасынан бастап Қырым, Еділ жағалауы, сондай-ақ Қазақстан, Орта Азия өкілдерінде жәдид ағымы болды, оның жетекшісі И.Гаспринский еді. Жәдид ағымына белсене қарсы шыққандардың бірі белгілі миссионер Н.И. Ильминский болды. Жәдид ағымы мектеп, медресеге байланысты мына мәселелерді көтерді: біркелкі оқу жоспары, мен бағдарлама жасау арқылы мұсылман мектептерін бір ізге түсіру, оқу жоспарына арифметика, жағрафия, жаратылыстану, тарих тағы басқа пәндерді енгізу арқылы қазіргі заман талабына сай шәкірттерге орта білім беруді қамтамасыз ету, сауатсыз, фанатик-молдаларды тиісті білімі бар мұғалімдермен ауыстыру, дыбыстық оқыту әдісін енгізу, мектеп пен медресе бітіргендерге емтихан тапсырту, әскери міндетті атқаруды жеңілдету, мұсылман мектептерін бақылауды үкімет инспекторына, не дін қызметкеріне жүктемей, жұрт сайлаған құрметті азаматқа тапсырып, оны өлкенің ресми қамқоршысына бағынышты ету т.б. Мектептерді материалдық жағынан қамтамасыз ету, қаржыландыру, шәкірттерді оқу жабдықтарымен, оқу құралдарымен қамтамасыз ету, мұғалімдерге тұрақты жалақы төлеу мәселелері де назардан тыс қалмады. Патша өкіметі бұл ағымға үрке қарап, мектептерге қажетті пәндерді енгізуге қарсы болды.

Жәдид ағымының көш басшысы белгілі түрколог-лингвист Ахмет Байтұрсынов болды. Жәдидшілер бастауыш мектеп мәселесіне айрықша назар аударды, осыған орай бірнеше оқу құралдарын жарыққа шығарды. Мәселен, З.Ерғалиұлының «Қазақ әліппесі» (Қазан, 1910), И.Аралбаев пен Х.Сәрсекеевтің «Әліппе яки төте оқуы» (Уфа, 1911), М.Молдыбаевтың «Қазақша жаңа әліппесі» (Уфа, 1912), Қ.Серғалиннің «Қазақша әліппесі» (Қазан, 1913) т.б. төл туындылар дүниеге келді. Осы жылдары бастауыш мектепте оқытуға арналған М.Дибердиевтің «Қазақша оқу кітабы» (Семей, 1912), М.Кәшімовтың «Үгіт» (Қазан, 1907), «Әдеп» (Қазан, 1907), «Ақыл кітабы» (Қазан, 1908) т.б. оқу құралдары жазылды. Бұлардың қай-қайсысы да шәкірттердің тілін ұстартып, оларға ұлттық тәлім-тәрбие беруде тамаша құралдар болды. Мәселен, И.Бейсекұлының «Дұрыс жазу қағидаларында» (Қазан, 1914) атты оқулығында мектеп оқушыларына фонетика, грамматикадан әрі мұғалімдерге көмек көрсететін кеңестер берілді. Тіл мен әдебиетке қатысты хрестоматиялық кітаптар, шәкірттер үшін үгіт-насихат, үлгі-өнеге мазмұнды әңгіме, мысал, өлең жинақтары шығарылды. Жәдид бітірушілердің медреселерде немесе жоғары оқу орындарында білімін әрі қарай жалғастыру, олардың өз ықтиярымен мамандық таңдап алу мүмкіндігіне жол ашты, жұрттың бұл мектепке деген ынта-ықыласы тез өріс алуына жағдай туғызды. Жоғарыда келтірілген деректерден XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында педагогика ғылымы екі ағымда дамығандығына куә боламыз.

1.3АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

Алаш қайраткерлерінің педагогикалық көзқарастарының қалыптасу негіздері мен қайнар бұлақтары халық педагогикасының інжу-маржандарынан бастау алатыны белгілі. Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой-толғаныстары бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс-термелерде, мақал-мәтелдерде орын алатыны ақиқат. Халыққа бағытталған жаңылтпаш, жұмбақтар, мақалдар арқылы тіл дамыту жұмыстарын ұсынған. Жасөспірімдердің психологиялық жас ерекшеліктерін сауалдар арқылы қорытынды түйіп отырады.

Педагогиканың әрбір тармақтарында таптырмас қазына жатыр. Бұдан байқайтынымыз қазақ халқы да өзінің келер ұрпағын адамгершілікке, бауырмалдыққа, имандыққа, эстетикалық тәрбие беруге ерекше назар бөлген.

Сонымен қатар, педагогика ғылымында VI-XII ғасырлардағы ежелгі түркі жазбаларындағы тағылымдардың орны ерекше. Осы кезеңнің саяси-қоғамдық әдеби өмірін баяндайтын жазба ескерткіштердің бірі «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» дастандары. Құлпытасқа жазылған осы ескерткіштер Орхон-Енесей жазбасы деп аталады. **Күлтегін** - ежелгі түркілердің тамаша ерлік сипаттарын бойына жан-жақты дарытқан ержүрек батыр, ұлан-ғайыр кең даланы еркін билеген дала халқының қайсар жауынгері. Ал Тоныкөк болса, талай қанды жорықтардың куәгері, үлкен өнер иесі, ойшыл философ, халық дипломатиясының білгірі. Тас жазуларда ерлік пен ездік, соғыс пен бейбітшілік, тәлім-тәрбие, тұрмыс-салт мәселелері, әсем, айшық өрнектерімен, жанды бейнелерге толы сезім толғаныс-тебіреністермен баяндалады. Мысалы, «қандай қағанат болмасын, оның халқының арасында пәтуасыз (жалқау, онбаған) табылса, онда сол халықтың қанша соры бар десеңізші», «Құлақ қойып тыңдаңыздар, тереңнен ойлап толғаныңыздар... Су ағысы тартылса жас топырақ қурайды, адамдардан күш кетсе - жат кісіге бағынады. Аштықта тоқтықты түсінбейсің». Құлпы тастарда осы іспеттес жас жеткіншектерді елін, халқын сүйуге, жақсы, ұнамды, әдет-ғұрыптарға баулу, үлкенді сыйлау, зеректік пен ойшылдыққа, батылдық пен тапқырлыққа, үйретіп, тәрбиелеу жайындағы мәселелер сөз болады. Халқымыздың кемеңгер ойшылдары Қорқыт ата, Әбу Насыр әл-Фараби, Ахмет Яссауи, Махмуд Қашқари, Ахмет Игенеки,

Сайф Сарай т.б. шығармаларында тәрбие мәселесі кең орын алған. Солардың біразына қысқаша тоқталсақ, педагогикалық ой-пікірдің қайнар көздері мен бұлақтарын айқындаймыз. Тарихқа «алғашқы бақсы» ретінде танылған ғұлама **Қорқыттың** өмір мен өлім жөніндегі толғаныстарында адам ғұмырының философиясы мен мән-маңызы, адамның адамгершілік қасиеттері арқау болған. Оның «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман», «Мен-мен тәкаппар адамды тәңірі сүймейді»,

«Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ» деген нақыл сөздері үлкеннен ғибрат алуға, жастарды көпшіл, ақылды, қонақжай болуға шақырады. Қорқыт атаның қай жырының болса да тәрбиелік мәні жоғары, олардың мазмұны қазақ эпостарына сай баяндалады. Жырдағы батырлардың ерлік дәстүрі, халыққа, туған елге, дәстүрге деген сүйіспеншілігі, ақылдылығы, ғашықтық сезімдері жас жеткіншектерге үлгі болумен қатар өздерінің мінездерін тәрбиелеуге көмектеседі. Қазақтың тұңғыш философы, шығыстың ұлы ойшылы, ғалым **Әл-Фарабидың** ғылыми ой-толғаныстарға толы трактаттарында «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету жолында», «Қайырлы қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатында» тәлім-тәрбиелік көзқарастары баяндалған. Ол шәкірттерді тәрбиелеуде ұстаздың рөлі зор екендігіне ерекше мән береді, шәкірттерден шыншылдықты, сыпайылықты, әділдікті талап ету үшін, мұндай қасиеттер ұстаздың өз бойынан табылуы тиіс екенін атап көрсетеді. «Бақытқа жету жолында» трактатында: «Тәрбие дегеніміз - халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту деген сөз» - деп анықтама береді [37, 132]. Ұлы ойшылдың пікірінше, бала бойына жақсы қасиеттерді адамгершілігі жоғары, жан-жақты дамыған адам ғана ұялатады. Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау адам бойындағы түрлі жақсы-жаман қасиеттер туралы **Жүсіп Баласағұнның** атақты «Құтты білік»[38] поэмасында кеңінен баяндалған. Жүсіп Баласағұн өз еңбегінде бала тәрбиесіне баса назар аударып, бұл орайда бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі мен жауапкершілігін атап көрсетеді. «Егер бала тәртіпсіз болса, оған әкесі де кінәлі». Ғұлама ғалым өз өсиеттері арқылы адамдарды өтірік айтудан сақтандырып «Тура сөзден тартпа тілінді, өңін қи, өтірікте өз тілінді өзің тый...»

*Өкпелесең, ашуланба, налыма,
Сабыр соңы - салқын сая жаныңа,
Сабаз ердің сөзін ұқ та біле бер:
Сабыр етсең бұзылған іс түзелер!
Сабырлы ер талмай жетер мұратқа,
Аққу өзі-ақ түсер, шыда, тұзаққа!...
Дос, туганнан лебіңді аяма,
Кіші, үлкенді жылы жүзбен аяла, -
Әділет - құт, құт құрығы - кішілік,
Әділеттің заты тұнған кісілік!-*

деген өсиетінің де жастар тәрбиесіндегі рөлі ерекше екені даусыз. Атақты «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінің авторы **Махмуд Қашқаридың** да қазақ топырағында ұлттық тәлім-тәрбиенің қалыптасуына қосқан үлесі мол. Сөздік мазмұнында негізінен адам бойындағы дүниеқорлық, опасыздық, қорқақтық қасиеттері қатты сыналып, ерлік, қонақжайлық сияқты адамгершілік қасиеттері дәріптелді.

*Басыңа түссе қара түн,
Нар түйеше көтерген.
Тағдырыңа тап болса,*

Қиындыққа қарсы тұр... -

деген өлең жолдарында өмірде кездесетін қиыншылыққа мойымай әрдайым күресе білуге, қайсар болуға үндеген. Өлеңнің қазіргі таңда жастар үшін тәрбиелік мәні зор. XV ғасыр мен XIX ғасырдың бірінші жартысында, хандық дәуірде өмір сүрген Асанқайғы, Қазтуған, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаир, Шалкиіз, Доспамбет, Ақтамберді, Шал ақын, Дулат Бабатайұлы, Махамбет Өтемісұлы т.б. ақын-жырау шығармаларының жастарды отансүйгіштікке, патриоттыққа, ұжымшылдыққа, еңбекті қадірлей білуге тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Үлкенді сыйлап, әдепті, кішіпейіл, елгезек, мейірімді болу сияқты жақсы қасиеттерді олардың санасына сіңіріп, бойына ұялатуда үлкен маңызы бар »[39,85] . Аталған кезеңде өмір сүрген ақын-жыраулардың әрқайсысына жан-жақты толық тоқталу мүмкін емес, және біз оны міндет етіп қойған жоқпыз, тек педагогикалық ой-пікірдің даму тарихы ретінде қысқаша тоқталмақпыз. Қазақ даласының ұлы ойшылы, халқымыздың Коғамдық-саяси, әлеуметтік ой-пікірлерінің көш басшысы бола білген **Асанқайғы** шығармашылығының негізгі арқауы-гуманистік тұжырымдар. Өз халқының сол замандағы хал-ахуалын ой елегінен өткізіп, келешегіне көз жіберген ол, туған жұртының күйкі тіршілігіне қатты налып, жақсы өмір сүретін құтты қоныс, жақсы жайлау - «жер ұйықты» іздеп таппақшы болады. Асанқайғы жайлы М.Әуезов былай дейді: «Өзінен қалған қысқа сын болжаулары, өсиеті арқылы, өзінің жайынан да заман аңғарынан да бірталай көрініс емес, білім-дерек береді» [41,245]. Жырау жұртшылықты бірдей бірлікке, бауырмалдыққа баулуды қажет деп санады.

*Еділ бол да, Жайық бол,
Ешкімменен ұрыспа.
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа.
Ердің құны болса да,
Алдыңа келіп қалған соң,
Аса кеш те қоя бер,-*

деген өлеңінде адамның бойындағы қасиеттерді дәріптеу ер-азаматтарды үлгі алуға, тәрбиелі болуға шақырады. Асанқайғы жастарды Отанын, туған жерін, елін сүйуге, қадірін түсініп-ұғынуға, ел басына күн туса қорғай білуге үндейді. Малға жайлы, елге ырыс «жер ұйықты» іздеп шыққан Асанқайғы қой үстінде бозторғай жұмыртқалап тұрған «жер ұйықты» таба алмай өксіп келіп, Сарыарқаның бел ортасы Ұлытаудың басына жеткенде дүниеден қайтады. Жырау халық мақалында айтылатын «Тыңдаушысыз сөз ғаріп, замандассыз қария ғаріп», «Қаз-үйрексіз көл ғаріп» деген ой-пікірлерді айтады. «Ұлық болсаң кішік бол», «көптен қол үзбе», «асып таспа», «көпке топырақ шашпа» деген пікірді уағыздайды. Асанқайғыдан кейін өмір сүрген көрнекті ақын-жыраудың бірі — **Қазтуған жырау** жас жеткіншектерге тәлім-тәрбие берерлік мол мұра қалдырған.

Жабағалы жас тайлақ,

*Жардай атан болған жер,
Жатып қалған бір тоқты,
Жайылып мың қой болған жер,-*

деген өлең жолдарымен, бір жағынан жыраудың туған жеріне деген махаббаты сезілсе, екінші жағынан жас буынның туған жерге деген сүйіспеншілік сезімін оятып, патриоттық қасиетке баулығаны сезіледі. Әрі батыр, әрі жыршы **Доспамбет жыраудың** өлеңдерінен жастарды ерлікке, елін, жерін шапқыншы жаулардан қорғауға шақырған сарын анық байқалады.

*Арыстандай екі бұтын алышайтып,
Арғымақ мінген өкінбес...
Торы төбел ат мініп,
Той тойлаған өкінбес...
Бетегелі Сарыарқаның бойында
Соғысып өлген өкінбес!*

«Опасыз жалған достан мың сақтан», «Жанындағы жау жаман» деп жастарды дос пен қасты тани білуге, поэзиясының алыбы Шалкиіз Тіленішұлы шақырады. Жырау жігерсіз достан аулақ болуға шақырады. Ағайын бар болса көре алмайды, жоқ болса бере алмайды, - деп керемет өрнектерімен өрнектеп берген.

*Ағайынның ішінде бір жақсысы бар болса,
Қонқалаған көп жаман
Сол жақсыны көре алмас, -*

деп жырлайды. Шалкиіз өлеңдері асыл ойға құралған афоризм сөзге толы, өз заманының жастарына жалынды үгіт-насихат айтып кеңес беруді мақсат еткен дидактикалық сарынды байқауға болады /42, 90/. XVIII ғасырда өмір сүрген ақын-жыраулардың ішінде шоқтығы биік тұлғалардың бірі - **Бұқар жырау**. Ол толғауларында жас ұрпақтың бойына жақсы қасиеттерді дарытуға ерекше көңіл бөлген. Бұқар Қалқаманұлының отбасылық қарым-қатынас, жастарды, туған жерін қадірлеуге шақырған өлеңдерін ерекше атап өтуге болады.

*Екі жақсы қас болмас,
Екі жаман дос болмас,
Дос болғанмен, хош болмас.
Екі жақсы дос болмас,
Дос болса, түбі бос болмас [43,4].*

деген өлең жолдарында жастарды достыққа, шыншылдыққа шақырады. Сондай-ақ, жырау жақсы мен жаманды, достық пен қастықты салыстыра келе:

*Жақынның аты өлмейді,
Ғалымның хаты өлмейді...-*

деп терең түйін жасап, жастарды жақсылыққа, шынайы достыққа баулиды. Сонымен, Бұқар жыраудың тереңнен топшалап айтқан аталы нақыл сөздері, ой-толғаныстары жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесінде өзінің мән-маңызын еш уақытта жоймайтын құнды мұра болып қала бермек. Жыраулардың ішіндегі

көрнектісі - **Шал ақын**. Оның шығармашылығы тәлімдік жағынан ілгері тұрғанын атап өткен жөн. Ақын:

*Өзі жаман жақсыны көре алмайды,
Сыртыңнан гайбат айтып, атады тас.
Мұндай жанның әдеті осы деп біл,
Өзіне дос таба алмай жинайды қас, -*

деген жолдар арқылы өзгенің артықшылығын көре алмайтын іші тар, күншілдерді әшкерлесе:

*Ажарға жаман адам қарамайды,
Істерді келген-кеткен санамайды.
Басыңа іс түскенде жаман досың,
Беруге ат құйрығын жарамайды,*

- деген шумақтарында жастарды нағыз дос пен опасыз, жалған достың арасын білуге шақырады. Ақын жақсы мен жаманды салыстыра келе:

*Жақсының айтқан ақылы,
Қазулы сара жолмен тең.
Жаманға айтқан ақылы,
Ағып жатқан селмен тең, -деп түйін жасайды.*

Қоғамдағы еңбектің рөлін жоғары бағалаған ақын:

*Адамды жөн білетін дана деп біл,
Істерін жалқау жанның шала деп біл.
Құр жасы елулерге келсе-дағы
Білімсіз сондай жанды бала деп біл, -*

дейді. Яки жастарды адамның дәулетті өмір сүруі еңбекке байланысты, адам болам десең, еріншектік, жалқаулық сияқты әдеттерден аулақ бол, әрбір көрген нәрседен ғибрат ала біл деп өсиет айтады. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, С.Торайғыров сынды қазақ ағартушылары ғылыми және әдеби еңбектерінде халқымыздың болашағына көңіл бөлгендері бәрімізге аян. Соның ішінде жастар тәрбиесіне ерекше назар аударған. Қазақ топырағында ағартушылық идеяның тууын алғаш көтерген **Шоқан Шыңғысұлы Уалиханов** өзінің аз ғұмырында баға жетпес көптеген құнды еңбектер қалдырды. Табиғаттың эстетикалық тәрбиеге ықпал ететін пайдалы жақтары оның күнделіктерінде, сапарнама ретінде жазған еңбектерінде тұжырымдалған. Шебер манасшылардың «Манас» эпосының шешуші, өзекті тұсы - «Көкетай ханның өлімі және оның анасын» жазып алды. Ғалымның нақ осы бір үзікті дәл сезініп жазып алуын, одан орыс тіліне аударып, ауызша ақындық дәстүрдің ең озық үлгісі - «Манас» эпосын әлемдік мәдениетке таныстыруын ұлылықтың қай қыры деп бағаласақ екен?» - деп баға береді Ш.Айтматов /44, 14/. Бұл Шоқан еңбегінің құндылығын, жеткіншектерді тәрбиелеуде өз бағасын жоғалтпайтындығын көрсетеді. Ағартушы ғалым қазақ халық ауызекі шығармашылығы балалар мен жастар тәрбиесінің әлеуметтік-тарихи тәжірибесін көрсететін құнды дүние екенін анықтады. «Оңтүстік сібір губернияларының тарихына анықтамалар», «XVIII ғасыр батырлары туралы тарихи аңыз-әңгімелер» атты

еңбектерінде қазақ халқының тарихи аңыз-әңгімелерінің мәніне тоқталады. Абылай, Бөгенбай, Жантай, Сырымбет, Жәнібек, Оразымбет, Баян тәрізді тарихта болған батырлардың, белгілі хандар мен билердің істерін, өмірлерін баяндайды. Ғалымның негізгі көздеген мақсаты - болашақ ұрпаққа халықтың өткендегі өмірінің ақиқатын толығырақ, тереңірек түсіндіру, көрнекті адамдардың іс-әрекетін үлгі етіп, мән-маңызын ашып көрсету. Шоқан өз зерттеу еңбектерінде халықтың арман-тілегін тұрмыс-қаракетін, көзқарасын баяндады, ұмытылып бара жатқан мәдени дәстүрлерге көңіл аударып оны тәрбиенің таптырмас құралы, әдіс-тәсілі ретінде пайдаланғанын көрсетті. Өзінің педагогикалық мұралары арқылы жас жеткіншектерді тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлгендердің бірі **-Ы.Алтынсарин**. Ағартушы-педагогтың «Қазақ хрестоматиясына» енгізілген әңгімелерінің мазмұны жас жеткіншекті адал, шыншыл, еңбексүйгіш, өнегелі, өнерлі азамат болып өсуге, зиянды іс-әрекеттен аулақ болуға шақырады. «Жеміс ағашы» атты әңгімесінде «Тәрбиеде үлкен мән бар. Ақыл-кеңесті алмасаң, анау тұрған қисық ағашқа ұқсап өсесің» деп, әкесінің баласына айтқан ақылын келтіру арқылы тәрбие жөніндегі көзқарасын білдіреді. Ы.Алтынсариннің қай шығармаларын алсақ та, онда жас жеткіншектерді достыққа, шыншылдыққа, ата-ананың ақыл-кеңесін тыңдай білуге, үлкендерді сыйлап, кішілерге көмектесуге шақырады. Оның «Таза бұлақ», «Әдеп», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Жаман жолдас», «Ананың сүюі», «Асан мен Үсен» т.б. әңгімелерінен тәрбиенің шынайы қайнар көзі көрінеді. Жас жеткіншектерге тәрбие беруде ұлы ойшыл **Абай Құнанбаевтың** поэтикалық шығармалары мен ғақлия сөздерінің маңызы орасан зор. Абай өз шығармаларында тәрбие мәселесін жоғары бағалап, ар тазалығы үшін күресуді дәріптеген. Ақын:

*Ынсап, ұят, ар-намыс, сабыр, талап,
Бұларды керек қылмас ешкім қалап...
Терең ой, терең ғылым іздемейді,
Өтірік пен өсекті жүндей сабап, -деп*

кейбір жастардың іс-әрекетіне наразылығын білдіреді.

*Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз [43,4].*

Абай адамның жақсы, жаман болуы, ақылды, ақылсыз болуы тұқым қуалаушылыққа байланысты емес, тәрбиеге байланысты екенін дәлелдейді. Ол өзінің отыз жетінші қара сөзінде: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», - дейді [44, 78]. Абай өзінің жетінші қара сөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады, бірі -ішсем, жесем, екіншісі - білсем, көрсем деп қолына түскен әр затты ұстап, аузына салып дәмін татып көреді», - дейді. Осы жолдар арқылы ұлы Абай жастарды жан-жақты ізденуге, біліп-үйренуге шақырады. Ұлы ойшылдардың тәрбие, әдеп жайлы ой-пікірлері өміршеңдігін танытып, қазіргі таңда халқымыздың рухани мұраларын одан әрі толықтыра түсуде.

Өзінің қысқа ғұмырында халқына өшпес бай мұра қалдырған жанның

бірі - **Сұлтанмахмұт Торайғыров**. Ол балалар мен жастардың парызы білім екенін ескертіп, оларды өзінің қамы үшін емес, халқына қызмет ету үшін оқуға шақырады. Ақын өнер-білімді игеру арқылы надандықтан арылып, саналы салауатты өмірге бастайтын жол екендігін ұғындыруға тырысады. Мұны:

*Бүгіндегі жастарға оқу міндет,
Тек қана оқуменен өнер білмек.
Өнер-білім, адалдық, ар, намысты,
Жоятын надандық қой емсіз індет [44,4].*

немесе

*Өнер зой оқу деген таңдай атқан,
Оқу білсең, орынды болар мақтан.
Білімге қарсы тұрар қандай күш бар,*

Бас иер талай мырза кеуде қаққан, -

деген өлең жолдарынан айқын байқауға болады. С.Торайғыров тәрбиенің адамды қалыптастырудағы ықпалы мен күшіне сене отырып, оның құнды қасиеттерін тәрбие арқылы қалыптастыруға болатындығын айтады:

*Тұрмыстағы мінезді ешкім жеңбес,
Адамды әділ қылу қолдан келмес,
Түзесе жаратылыс өзі түзер
Деген сөзге, сондықтан, көңілім сенбес.
Себебін жаратса да, адам адал,
Бола алмайды деген сөз құлаққа енбес [45,178].*

Сұлтанмахмұт шығармаларынан байқайтынымыз тәрбие өмірдегі ең өзекті мәселелердің бірі. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде қазақтың қоғамдық, әлеуметтік, рухани, мәдени, әдеби өміріне белсене араласып, гуманистік, адамгершілік, демократтық, ағартушылық идеяларды уағыздаған Абайдың реалистік дәстүрін жалғастырып, артына мол мәдени мұра қалдырған **Шәкәрім Құдайбердиевтің** қазақ педагогикасында алатын орны ерекше. Ол өзінің тәрбие тақырыбына деген қызығушылығын «алдында өнегелі көрерін болсын дегендей, алдымда Абай марқұм болған соң, содан ғибрат алып, білім жолына түстім...» [46,17] деп түсіндіреді. Шәкәрім тұжырымдамасы бойынша: «Адамда екі түрлі мақсат бар, оның бірі - тән мақсаты, бірі - жан мақсаты дейміз. Қара басының қамын ойлап, өзімшілдік, мақтан көксейтін - тән мақсұты. Адамшылдық, ар мен адал еңбек іздейтін -жан мақсаты. Бастапқыны көксеген адам, зұлымдық қиянатпен болса да мал, мансап, мақтан табуға құмар болады. Соңғысын көксеген адамның адал еңбек, ақ ниетпен басқа іздейтіні жоқ, ол адамды ала көруді, қиянат қылуды тіпті ұнатпайды». Шәкәрім жеке тұлғаның жан-жақты жетілуі үшін өзін-өзі сынаудың маңыздылығына ерекше көңіл бөледі. Оны ұлы Ахатқа айтқан сөзінен аңғаруға болады.

*Өз ойын тексере білген адам,
Кемшілігін түзеуі оңай.*

Шәкәрім Абай үлгі еткен өнер-білімді, адамгершілік ізгі қасиеттерді ұран

тұтып, оны «Жастарға» деген өлеңінде жалғастырады.

*Қой, жігіттер, күн болды ойланарлық,
Білім, әдет, ақылды бойға аларлық.
Надандықтан еліріп босқа жүрсек,
Мына заман көрсетер бізге тарлық*

жастарға өтірік өсек, ұрлық-зорлыққа құмар болма, жалқаулық, жамандық атаулыдан бойынды аулақ ұста, өнегелі, өнерлі елдердің жастарынан үйрен, білім ал, талаптан, өнерін мен білімінді халыққа тарат деп ақыл айтады.

Сонымен, қазақ ағартушыларының педагогикалық ізденістері мен қалдырған мұралары педагогикалық ой-пікірдің қайнар бұлақтары мен рухани нәрлері болып табылады. Қазақ педагогика ғылымы ХХ ғасырдың бас кезіне дейін осындай даму сатысынан өтті. Біз оған қысқаша тоқталдық.

«Педагогика» тәрбие туралы ғылым, тәрбие әр адамзатты ойландырған мәселе екенін айтып өткен болатынбыз. Тәрбие тарихын зерттеудің өзіндік үрдістері мен даму заңдылықтары бар. Грек философиясында тәрбиенің шығу мәселесіне Сократ, Платон, Аристотель көңіл бөлді. Сократтың пікірінше тәрбие табиғатты меңгеру емес, өзін-өзі танып білу және рухани байыту. Платон тәрбиені қоғамдағы зиялы қауыммен байланыстырады, құл иеленушілердің балалары білім алуға жарамсыз деген пікір айтады. Клод Адриан Гельвещий адамдар дүниеге келгенде белгілі бір ақыл мінезбен тумайды дейді. Оның пікірінше, мінез тәрбие арқылы қалыптасатын үрдісс. Эпикурдың көзқарасы бойынша адам өзін тәрбиелеп мүмкіндіктерін дамыта білу керек. Қоғам дамуының буржуазиялық кезеңіндегі философия тәрбие мазмұнын толықтырады. Дж. Бруно, М.Монтескье, Б.Спиноза, Дж.Локк, Ж.-Ж.Руссо т.б. тәрбие жайлы құнды пікір айтқан ғалымдар болды. Ж.Ж. Руссо өзінің «Емилі оның тәрбиесі» атты шығармасында тәрбиені үнемі даму үстінде болатын үрдісс екендігіне тоқталды. Сонымен қатар тәрбие мәселесі Я.А.Коменский, М.В.Ломоносов, Л.Н.Толстой, Н.К.Крупская, А.С.Макаренко т.б. еңбектерінде көрініс тапты. Әрине, тәрбие дегеніміз кең мағынада қолданылатын ұғым. Мысалы, И.Г.Пестолоции «Тәрбие теориясы шын мәнінде халықтық тәрбиенің тәжірибесін жинақтап қорыту болып табылады» [46,17] деген болса, К.Ушинский халық педагогикасының тәрбиелік мәні жайлы «Қоғамдық тәрбиенің халықтығы туралы» атты еңбегінде «Халықтың сана-сезім деңгейі, жамандық пен жақсылыққа деген көзқарасын, халықтың ар-ұятын білдіреді», деп жазды » [47]. ХІХ ғасырдағы орыс демократтары В.Г.Белинский, Н.А.Добролюбов, В.Г.Чернышевский халықтық тәрбие идеясын дамытуға үлкен мән берді. Н.А.Добролюбов «ертегілер арқылы халықтың көзқарасы мен психологиясын ұғынып-түсінуге болатындығын» айтады [48]. С.Қалиевтің «Қазақтың халықтық тәлім-тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбына жазылған докторлық диссертациясында халық педагогикасының мүмкіндіктері айқындалып берілген [49, 20]. Қ.Б.Жарықбаевтың зерттеу еңбегінде қазақ көшпелілері халықтық педагогикасының өзіндік ерекшеліктері айқындалған, қазақ ойшылдарының мұраларына талдау жасаған еңбектері де біз үшін құнды дүние болып табылады [50]. Тәрбиенің

әр саласы Алаш қайраткерлерінің еңбектерінде кездеседі. Олардың педагогикалық қайнар бұлақтары мен көздері халық педагогикасынан бастау алатындығын ерекше атап өткен жөн. Еңбектерін халықтың санасына, ұлттық болмысына, әдет-ғұрыпына жақындастырады. Сол орайда, халық педагогикасының інжу-маржандарын пайдаланды. Қазақ халқының бар асылын бойларына сіңірген Алаш зиялылары өткен ғасырдағы ойшылдарымыздың мұраларынан рухани нәр алды, бірақ олар ешкімге ұқсамайтын ұлттық педагогика ғылымының ірге тасын қалады. Себебі, біз байқағанымыздай Алаш зиялыларына дейін педагогика ғылымында айналымға түсетін ғылыми еңбектер болмады. Ойымыз дәлелді болу үшін Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұраларына тоқталуды мақсат еттік.

Т ұ ж ы р ы м

1. XX ғасырдың басындағы қазақ халқының тарихы өзінің аса күрделі әлеуметтік және қоғамдық-саяси қайшылықтарымен ерекшеленеді. Сонымен қатар рухани азаттық пен демократиялық-ағартушылық идеяларға толы бұл кезең халқымыздың небір алып ой иелерін жарыққа шығарған шын мәніндегі қазақ ренесансы дәуірі болды. Осы дәуірді оқушы қауымының ой-санасына жеткізу мақсаты алға қойылды.
2. Ширек ғасыр аралығында ғана дамыған қоғамдық-саяси, оқу-ағарту саласындағы тұжырымдары мен бір ғасырлық мерзімге жүк боларлық көкейкесті мәселелерді заман сахнасына көтерді. Атап айтқанда олар: ұлттық тәуелсіздік, өзін-өзі басқару, құқықтық мемлекет принциптерін қазақ қоғамына енгізу, ағарту ісін жақсарту, мектеп оқулықтарын баспадан шығару сияқты биік мұрат, мақсаттардан тұрады. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін олар баспасөзді таңдап алды.
3. XX ғасыр басындағы ой-сананың даму үрдісінде мейлінше қуатты күшке айналған, азаттық жолындағы күрес әдіс-тәсілін ұйымдастыру орталығы болған «Айқап», «Қазақ» газеттерінің рөлі көрсетілді.
4. Қарастырылып отырған күрделі кезеңде қоғамның ізгілікті даму бағытын армандаған зиялы азаматтар - өз халқын жалпы адамзаттық биік рухани қағидаларға баулып, өркениет биігінен көргісі келген нағыз ұлтжанды қайраткерлеріміз Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатов, Жақып Ақбаев сияқты қоғам қайраткерлері бостандық идеяларының нағыз жаршылары бола білді. Олар халқын қараңғылықтан алып шығар жол - оқу-білім екенін дәріптеді. Заман қажеттілігін өтеу үшін педагогика сахнасына шықты.
5. Қазақ халқының ауызекі шығармашылығын ертедегі қазақ даласының ойшылдары мен ағартушыларының, әлемге белгілі педагогтардың тағылымдық мұраларындағы құнды идеялары мен салиқалы көзқарастарына сүйене отырып, Алаш қайраткерлері олардың құнды шығармаларынан рухани нәр алады. Жан-жақты зерттеу олардың өзіндік ерекшеліктері мен бастау көздерін анықтауға мүмкіндік берді.
6. XIX ғасырдың соңында Ресейдің аса ірі ғылыми орталықтарында білім алып,

әуелі ағарту ісіне, кейін саяси күреске белсене қатысқан, біртіндеп оның қазақ даласындағы жетекші күштеріне айналған қазақ зиялыларының Алаш қозғалысы төңірегінде топтасуы, сол негізде «Алаш» партиясының құрылуы мен олардың қызметтерінің басты кезеңдеріне жан-жақты баға берілді.

2. Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұралары.

2.1 Қазақ зиялыларының тәлімгерлік ой – пікірлерінің педагогикалық негіздері

Ахмет Байтұрсыновтың есімі бүкіл түркі тілдес халықтардың тарихына Кемал Ататүрік, Ысмайылбек Гаспыралы есімдерімен қатар мәңгі өшпестей болып, алтын әріптермен жазылды. Қазақ халқының тарихында өзінің рухани сана-сезімі мен парасаты және жалпы болмысы жағынан айрықша орын алатын ол - фольклорист, ақын - жазушы, публицист, аудармашы, қазақ тілі мен әдебиетінің негізін қалаушы, ірі филолог, лингвист-ғалым, түрколог-реформатор, ағартушы-демократ, гуманист, педагог, зерделі тарихшы, журналист, қазақтың тұңғыш реформаторы, профессор, «Алаш» партиясын құрушы, қазақ ғылымының алғашқы ұйымдастырушысы, оқулықтар жазудың білгір маманы, қазақ елінің тәуелсіздікке жетуі үшін жан аямай күрескен ер азаматы, қоғам қайраткері, өз халқының жалындап жанған адал перзенті. Коммунистік - тотолитарлық жүйенің қылышынан қан тамып тұрған кезінде Ахмет Байтұрсыновтың есімін атауға тыйым салынғаны белгілі. Сөйтіп, 70 жыл бойы Ахмет Байтұрсыновтың рухани мұралары мен оның есімі тарихтан алынып тасталды. Әйтсе де, оның есімі бүгінгі таңда қайта тіріліп, тыныс алып, халқының рухани өміріне өлшеусіз серпіліс әкеліп отырғаны да тарих шындығы. М.Әуезов осыдан 70 жыл бұрын-ақ қазақ халқының бостандығы, тәуелсіздігі мен ұлттық бірлігі үшін жан аямай тер төккен және сол мақсатқа жету жолында жанын пиде еткен ғұлама азаматтың ғұмырын зор бағалап, «Ақанды оқыған азаматтардың тұңғыш көсемі» деп көрсеткен болатын [51]. Ақанның қазақ халқы үшін атқарған істерін, армандаған мақсат-мұратын жеке адам мүмкіндігінің өлшеміне сыйғызуға болмайды. Оның жан дүние байлығы, рухани күдіреті оның көрегендігінде. Ақанның сонау заманның өзінде-ақ көтерген мәселелері, жазба мұраларының мән-мазмұны бүгінгі таңда тәуелсіздік алып отырған мемлекетіміздің күн тәртібіндегі көкейкесті мәселелерге жазып кеткен жауаптай көрінеді.

Соңғы жылдары А.Байтұрсыновтың өмірі мен қызметі жайында Р.Нұрғали, Р.Сыздықова, Ш.Сәтпаева, Ә.Қайдаров, А.Мектепов, Ғ.Әнесов сияқты көптеген зерттеушілер құнды да мағыналы еңбектер жариялады [52]. Ақын, публицист, қоғам қайраткері, ғалым-педагогтың өмірі мен шығармашылығы, әлеуметтік қызметіне байланысты маңызды еңбектер, негізінен, оның туғанына «елу жыл толу мерей тойы» тұсында жарияланды. Москвада 1929 жылы «Коммунистік академия» баспасынан шыққан «Әдебиет энциклопедиясының» 1-томында А.Байтұрсынов «Аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогі. Ол - қазақ тілі емлесінің реформаторы, грамматиканың және әдебиет теориясының негізін салушы» деп бағаланады[53,6].

Өз уақытының аласапыран құбылыстарын бағалау, болашақ алыс

өрістерді көруге келгенде Мұхтар Әуезов даналығына таң қалмасқа болмайды. Алмағайып ағыстарға малтығып, қалың тұманда адаспай, Ахмет Байтұрсыновтың тарихтағы орнына қатысты дәл бүгінгі күнмен үндес, орайлас пікір-тұжырымды 25-26 жастағы балғын ойшыл қалай тауып айтты екен деп таң қаласың. «Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілік ұраны, «Қырық мысал», «Маса» еңбегі, «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты біз ұмытқанда да тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі де біледі. Мұның шындығына ешкім дауласпайды» [54,191]. Ахмет Байтұрсыновтың тарихтағы орнын, оның әлеуметтік-қоғамдық істерін, дүниетанымдағы ерекшеліктерін, оны өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділ бағасын айтқан С.Сейфуллин болатын. Ол «Ахмет Байтұрсынов елуге толды» деген арнаулы мақала жазып, онда былай дейді: «А.Байтұрсынов қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан өз заманында патша арам қулықты атарман-шабармандардың қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Өзге оқығандар шен іздеп жүргенде қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді» [54,180]. Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі М. Қозыбаев былай дейді: «Ол күрескен кесапаттар - надандық, қараңғылық, адами хайуандық, отаршылдық, ұлттың азуы мен тозуы, оның бұратаналық болмысы, жараланған жан жарасы, құлшылық санасы, таланған жері, қансыраған тілі, шоқындыру саясатынан жансыздана бастаған діні, орыстандырыла бастаған діні, орыстандырыла бастаған ділі. Бір сөзбен айтқанда қазақ халқының болашақта болу, болмау альтернативасы».

Жоғарыда келтірілген ғалымдардың пікірі Ахмет Байтұрсыновтың жан-жақты энциклопедист ғалым, жазушы, қоғам қайраткері, педагог, журналист болғандығын дәлелдейді. Біз Ахмет Байтұрсыновтың сан-салалы еңбектерінің ішінде педагогика арнасына тоқталмақпыз.

Ахметтің ұлылығы ұлт ұстазы дәрежесіне көтерілген еңбегінде, Ақаң ұлы ұстаз теоретик ретінде бала тәрбиесінен бастап, ұлттық санаға дейінгі педагогикалық мәселелерді жан-жақты зерделеді. Ойымыз дәлелді болу үшін Ахмет Байтұрсыновтың мына пікірін келтірейік: «Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін, өнер-білім, сол өнер-білімді үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік» -деп армандайды. Осы мәселені Р.Сыздықова былай жалғастырады «Ахмет Байтұрсыновты үстіміздегі ғасырдың алдыңғы онжылдықтарындағы қазақ қауымы көшінің басшысы етіп танытқан - оның қазақ халқын іргелі жұрт қатарына қосу үшін жүргізген күресі және сол күресте ұстаған бір қаруы -ағартушылық идеясы болды» [55,53].

Халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ғалым-педагог А.Байтұрсыновтың 40 беттік қазақша әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912 жылы Орынбор қаласында М.Ш.Кәрімов пен

Ш.Құсайыновтар баспасында жарық көрді. «Оқу құралы» жайында Т.Шонанұлы былай деп жазады: «Бұған дейін бізде өз әліппеміз болған емес, дүмше молдалар әліппе жасай алмай, балаларды әліп-би шартымен қағаз жүзінде оқытса, ал миссионерлер Васильев, Алектров, Вожинский және басқалар қазақ әліппесін орыс транскрипциясымен берді» [56,8].

Ахмет Байтұрсыновтың «Оқу құралы» 1912-1925 жылдар аралығында бірнеше рет қайта-қайта басылып, оқу-ағарту жұмысында біршама ұзағырақ пайдаланылды. Жоғарыда айтылған Телжан Шонанұлының Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі жайлы айтқан құнды пікіріне қосыла отырып, өз тарапымыздан мына толықтыруды енгізгіміз келеді. Үстіміздегі ғасырдың 1910 жылдарынан бастап қазақ қоғамында оқу-ағарту идеясының жандануына байланысты балалардың сауатын ашатын әліппе құралдарын жасау қолға алына бастады. Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында бірқатар авторлардың М.Нұрбаев, М.Малдыбаев, З.Ерғалиев т.б. қазақша әліппелері жарық көрді, бірақ бұлардың көбі бірер басылымнан артық жарияланбай, кеңінен қолданыс таба алмады. Сондықтан да Т.Шонанұлының «Бұған дейін біздің өз әліппеміз болған емес» - деген пікірі ойымызды нақтылай түседі.

Ахмет Байтұрсынов әліппесінің құндылығы ол әрбір әріптерді мысалдармен бекітіп отырған. Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсынов әрбір тақырыпқа дидактикалық принциптер ұсынған, әріптің соңында мынадай тұжырым жасаған. Бұл тұжырым арқылы Ахмет Байтұрсынов мұғалімге қалай оқыту қажет екендігін аңғартып отырады. Танымдық материалды іріктеп, жинақтап, жүйелеп берген. Туысқан-туған іліктес, киімдер, ойын-ойыншықтар, тамақтар-сусындар, үй саймандары, ыдыс-аяқ, құстар, жұмбақ, мақалдар т.б. тақырыптарға бөлген. Ахмет Байтұрсыновтың «Оқу құралы» жүйелі түрде жазылған оқулық. Ондағы берілген материалдар тілге жеңіл, оқушылардың танымдық қабілетін оятуға арналған. Бұл оқулық қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба әдебиетінің дамуына, баспа жұмысының жандануына игілікті қызмет еткен прогрессивтік құбылыс болды. А.Байтұрсыновтың бұл тәжірибесін өзге түркі халықтары үлгі тұтып, өз жазуларына өзгерістер енгізді.

Ғалым ширек ғасырдай күш жұмсап, тер төккен еңбегін, яғни реформаланған қазақ жазуы қазақ мәдени талаптарын әбден өтей алады - деген көзқарасын латын алфавитіне көшу жайында әңгіме басталғанда, 1926 жылғы Бакуде өткен Бүкілодақтық 1-түркологтар съезінде барынша дәлелдеп, латынға көшуге қарсы пікірде болды.

Ахмет Байтұрсыновтың тарихтағы алатын орнына көптеген ғалымдар өз пікірлерін айтқан. Ахмет Байтұрсынов қалыптастырған жаттығу үлгілері мен оқыту әдістері кейінгі оқулықтар мен әдістемелік еңбектерде одан әрі тереңдетіліп, күні бүгінге дейін қолданылуда. Ғалым оқулықтарындағы оқушылардың сөздік қорын байытып, сөз мағыналарын дұрыс қолдануға баулу бағытындағы үлгілер кейін басқа оқулықтар мен оқу бағдарламаларын жасау кезінде өнегелік рөл атқарды.

Бастауыш сынып оқушыларына мәтін арқылы түрлі ғылым саласынан

алғашқы білік, мағлұмат беру міндеті орыс әдіскерлерінің ғана емес, қазақтың алғашқы ірі ағартушылары Ы.Алтынсариннің, А.Байтұрсыновтың еңбектерінен басталғаны қазір ешбір күмән келтірмейді. Әдістеме ілімінің осы принципі бүгінге дейін жалғасып, ол бастауыш сыныптың оқулықтарында сақталып отыр.

Бүгінгі қазақ тілі оқулықтарындағы жаттығу жұмыстары А.Байтұрсынов «Тіл құралындағы» ұсынылған жаттығулардың түрлерімен орайласа, сабақтаса өрілген. Әдіскер ғалым оқулықтарында әрбір тілдік тақырып өтілгеннен кейін жаттығулар беріліп отырады. Ол жаттығуларда белгілі тақырыпқа орай баяндалған түсіндірмелер мен ережелерді, тілдік материалдарды, жете білдіру және ол қағидаларды тіл практикасында қолдануға дағдыландыру мақсаты көзделеді. Олар сынау бағытындағы жаттығулармен бекітіледі. Егер жаттығуларға мазмұн тұрғысынан да, пәннің және оның әрбір тарауы мен тақырыбының мақсаты мен міндеті тұрғысынан да әртүрлі талаптар қойылатынын ескерсек, А.Байтұрсынов жаттығуларды сол талаптарға байланысты құрған. Мәселен, әдіскер жаттығулардың мазмұны жағынан алғанда, тәрбиелік және жалпы білімдік мәнін ерекше ескерген. Әрбір тақырыптан кейін берілген жаттығулар сол тақырыптың мақсаты мен міндетіне сай құрастырылған. Жаттығуларды мазмұны жағынан да, мақсаты жағынан да бір сарында алмай түрлендіріп отырған. Бұл талаптар оқулықтың әрбір тарауы мен тақырыбында мүмкіндігінше ескерілген.

Әбіш Кекілбаев өзінің «Ұстаз ұлағаты» атты мақаласында «Ахмет Байтұрсынов ешкімге ұқсамайтын дара тұлға» - дейді [57,3].

Е.Д.Поливанов «Новая казак-киргизская орфография» атты зерттеу мақаласында былай келтірді: «1924 ж. Қазақ-қырғыз қабылдаған графика еш түзетуді қажетсінбейтін және тарихи қалыптасуда қырғыз халқы мақтанышпен айтатын ұлттық еңбек деуге болады» [58].

Ө.Айтбаев «Қазақ терминологиясының атасы» атты мақаласында: «Ахметтің термин жасаудағы өнегелік үлгісі күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ. Әсіресе, тілдің бар қатпар-қыртысын, бар амал-тәсілін сарқа пайдалана білуде Ахмет Байтұрсынов үлгісі таптырмайтын өнеге» - дейді » [59].

Туған әдебиетіміз бен мәдениетіміздің бақ-мерейіне туған санаулы да халқымыздың аяулы перзенттерінің бірі - **Жүсіпбек Аймауытов**. Ол қоғам қайраткері, суреткер ақын, жазушы, драматург, аудармашы, зерделі зерттеуші ғалым, дарынды педагог, майталман өнер санаткері, әнші, педагог-ғалым. Педагогика саласында Жүсіпбек білгірлік танытып, өз тәжірибесін ұтымды пайдаланды. «Жан жүйесі өнер таңдау» атты еңбегінде былай деп жазды: «Адамның басы алланың добы да емес. Адам өзінің ыңғайымен, еркімен қызмет етеді. Іштен туғаннан-ақ белгілі бір өнерге, қызметке икем болып туады. Басқаша айтқанда, әр адамда бір нәрсеге талап, ыңғай, қабілет, яки зеректік болады. Біреуі бала оқытуға, біреуі етік тігуге, біреуі әкім болуға, біреуі мал бағуға, біреуі іскерлікке, біреуі жазушылыққа, біреуі дәрігерлікке, біреуі саудаға, біреуі сөзге, біреуі дауға

ыңғайланып жаралады. Өмірге, жұмысқа икемі жоқ жан сирек болады. Болмаса өтірік айтуға зерек болып, жаратылатындар да кездеседі. Кімде-кім өзіне біткен ыңғайына қарай өз жолымен жүріп қызмет етпесе, өз басына да, әлеуметке де көп пайда келтірмек» [60,9]. Ж.Аймауытов бұл пікірін қазақ өміріне байланысты былайша түйіндейді: «біздің қазақта не көп - сөз көп, іс аз. Сондықтан біз келешек істің адамы болу жағын ойластыруымыз керек. Бізде мұны кезінде Абай да көтерген. Әр адам әлеуметке пайдалы болуы үшін өз орнында істеп жүр ме, жоқ па? Осы гәп бізді ойландырмайды. Қазақ пен қырғыз оқығандары мәселеге ерекше мән беруі керек. Біздің бұл жөнінде ұлтымызға тән біраз кемшіліктеріміз де бар. Осы кемшіліктерді көре біліп, өзіміздің келешек қоғамда алатын орнымызды белгілеуіміз аса мәнді нәрсе. Біздің оқыған азаматтарымыз көбінесе қызметте тұрлаусыз көз қызыл, тез суығыш, білімді аздау алатындығы және алған білімін біреулерге іштарлық, қызғаныш, көре алмаушылық секілді қасиеттерге апаратындығы, яғни болмаса, еліктегіш, мансапқорлық, пайдақорлық, өз әлін шамалай алмаушылық, мақсат-қуаттың белгісіздігі, еркін жолды тұтына алмайтындығы-осының бәрі біздің қазақ елінде мамандық таңдау мәселесіне кесел болып отырған нәрселер. Біз қазақтың кең даласында ой тудырған неше түрлі жікшілдікке салыну, осының нәтижесінде әкімдікке құмарлық, болыс болу, сот болу, заңгер болу бізді ерекше қызықтыра бастады. Ал мұны сайып келгенде, қазақтың сол бірін-бірі мұқату, бірін-бірі көре алмау, бірін-бірі күндеу т.б. секілді келеңсіз қасиеттердің қалыптасуына әкеліп соғатыны айдан анық»-дейді [61]. Ж.Аймауытов қазақтың бәрін бірдей «қойшы болсаң- құл боласың, бәрің бірдей тойшы болсаң-жын боласың» деген сөзіне де психологиялық тұрғыдан талдау жасайды. Ол қазақ та, қырғыз да той-думанды жақсы көретін халық дейді. Ал, оқып, білім алмаса, жұрттың бәрі қойшы болып кетсе, қандай ел боламыз, бұл біреуге құл болу, ылғи да той-думанмен жүргенде жын болмағанда не боласың деген түйіндерінде үлкен психологиялық мән-мағына жатыр. Ғалым мамандық таңдау мәселесін ұлт психологиясына байланысты ойлармен түйіндей келе, қазақ пен қырғыз жастарына төмендегідей кеңес береді: «Жұрттың бәрі әкім, комиссар болғанда, осынша қызметтерді кім істейді... Ендеше, әлеумет жұмысы мұндайда орнынан қозғалмайды деп ұғынуымыз керек» [62,25]. Әлеумет тұрмысы оңалу үшін, онымен бірге әр адамның да тұрмысы түзелу үшін, әр адам қолынан келерлік, пайда берерлік іс істеу керек. Әр адам қабілетіне ыңғайына қарай өз орнына қызмет етпесе, әлеуметке пайда орнына зиян келтіреді. Қазіргі нарық экономикасы кезеңінде жастарымыздың арасында жұмыссыздық белең алып тұрған мезгілде Ж.Аймауытовтың осы пікірлері бізді қатты ойлантады, сондықтан да, мұның психологиялық астарларын дамыта зерттеу қажет.

Ж.Аймауытовтың «Психология» атты [63] еңбегінде баланың жан дүниесінің қалыптасуына, әсіресе, оның дүние есігін алғаш ашқан кезеңінде әке-шешенің тәрбиелік рөлі ерекше маңызды екендігі айтылады. Ол баланың жақсы өнегені, тәрбиені біртіндеп жинайтындығын, жақсы, жаман қылық та ата-анадан жұғатындығына ерекше мән береді. Үлкендер өздерінің мінез-

құлқының тек жақсы жақтарын көрсетуі тиіс. «Баланы бұзуға, не түлетуге себеп болатын бір шарт-жас кезінде көрген үлгі-өнегесі» деп айтқан тұжырымы күні бүгінге дейін өз мәнін жоғалтпайды. Бала айналасына карап өседі, баланың үстіне киетін киімі, ойнайтын ойыншығы - бәрінің талғамы балаға әсемдік, эстетикалық сезім қалыптастыратындай болуы тиіс. Ол: «Баланы іспен емес — сөзбен, үлгімен емес - ақылмен үйреткен адам сорлы» - дейді. Жүсіпбектің бұл тұжырымы -ақыл айта бермей, нақтылы іспен, қылықпен тәрбиелеу қажет дейтін салиқалы пікір. Өйткені, бала сөзден гөрі нақтылы істі миына тоқуға, оны есінде мықтап сақтауға бейім. Кейбір отбасындағы баланың әкесі, не шешесі, немесе үлкендердің қажетінсіз ақыл айтып, баланың есін шығаратын тәлімгерді автор сынайды. Ол баланың әке-шешесінен берілетін тума қасиеттерге, яғни гендік ерекшеліктерді еске сала кетеді. Осы жөнінде автор былай дейді: «Тән қуаты болса, жан қуаты да ажарлы болады. Нашар жаннан нашар мінез туады» [64,21] . Нашар жан деп отырғаны, баланың әкесі мен шешесі, олардың жан дүниесіндегі жағымсыз қасиеттер. Нашар жан, гендік кемістіктер осал мінезге алып келеді. Баланың әке-шешесі осал мінезді болса, оның баласының мінезінде осал болып қалыптасатындығында ешкім күмән келтірмейді. Бұл мәселені ата-аналармен қатар мектеп мұғалімдері де ерекше ескеруі керек. Бала психологиясының дамуы тәрбиешілермен бірге бұл баланың өзіне де, оның белсенділігіне де байланысты. «Баланың-деп жазады ол, - тума серпілуін қозғайтын ешбір шара істемесе, баланы мектепке бергенмен көңілдегі нәрсемізді үйретуге болмайды. Мектепке келгенде алғашқы қадамды бала өзі бастау керек. Бұл жерде автор баланың, яғни оның жеке басының белсенділігі, жеке басының ұмтылуы, қызығуы, талап-тілегі мен мақсат – мүддесінің белсенділігінен туатынын айтып отыр. Бала мейлі жақсы, мейлі жаман іс болсын, әйтеуір бірдеме істеуі керек. Ештеңемен айналыспаған адамның жан- дүниесі жөнді жетілмейді»[65,3].

Ж.Аймауытов - оқу-тәрбие үрдісінде шәкірттің білімге деген құмарлығы, ерекше ынтасы туралы айта келіп, осы жағдайды мұғалім әркез аса сезімталдықпен аңғара біліп, тәлім-тәрбиені осы бағытқа қарай жүргізіп отыру керек-дейді. Автор мұғалімдер қауымына мынадай кеңестер береді: «Баланың бір іске құлшынататын дер шағын (мұны қазіргі психологияда дамудың сензитивтік кезеңі дейді). Осындай жағдайда баланың дене күшін машықтандыратын істерді көбірек істендер, мейлі оның көңілі шапқан ісі-есептеу, санау болсын, қысқасы бала неге талпынса, соны істеу керек»[66,10]. Ж.Аймауытовтың бала психологиясының дамуындағы балалық шақтың айналысатын негізгі іс-әрекеті - ойынның маңызы жайлы айтқандары да ерекше маңызды. Бұл жөнінде ол былай дейді: «Баланың ойыны деген тақырып-өте кең тақырып. Мысалы, ойын кезінде шапшандығы, еліктегіштігі, қандай екендігін, баланың көбірек ойнайтын ойыны не екендігіне жоспарын жасау керек. Ойын баланың ер көңілді, әділ болу сипаттарын дамытуға қызмет етеді». Айта кететін жайт Ж.Аймауытов айтқан ой-тұжырымдары, әсіресе бала тәрбиесінде ойын әрекетінің мәні қазіргі уақытта ескеріле бермейді. Бұл мәселеге біздің

ойымызша, баса назар аудару қажет, себебі ойын үрдісі Ж.Аймауытов айтқандай баланың танымдық қабілетін, ойлау логикасын дамытатын негізгі құрал. Ж.Аймауытов тәлім-тәрбие саласындағы ой-пікірлерін өзінің мақалаларында жалғастырады. «Тәрбие» атты көлемді мақаласында тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді ғылыми тұрғыда баяндайды. Мақала авторы адам мен хайуанның өмір сүру айырмашылықтарын көрсете келіп адамдық қасиет саналы өмір сүру, қауым болып бірлесіп, тіршілік-ету дейді. Ол сондай-ақ адамның қоғамдық еңбегінің жемісті, нәтижелі болуы тәрбиеге байланысты - деп қорытынды жасайды. Ж.Аймауытов «Адам мінезінің, ақыл-қайратының әр түрлі болуы тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан. Адам баласының ұрлық істеуі, өтірік айтуы, кісі тонауы, өлтіруі сықылды бұзақылықтарды жасауы, тәрбиенің жетіспегендігінен»-дейді[67]. Ол тәрбиенің екі түрлі дене тәрбиесі және жан тәрбиесі болып бөлетіндігін атап көрсетеді. Ж.Аймауытов балаға әсер ететін нәрсе медресе және тәрбиеші деп санайды. Кейде, белгісіз себептермен күшті ықпал ететін, әсер туғызатын жағдайлардың да болуы мүмкін. Ол замандастары, туған ауылы, өскен ортасы, оның діні, тілі, һәм басқа да нәрселер деп, тәрбие мәселесін ықпал ететін ықпалдарды талдайды. Автор ең алдымен отбасына тоқталады: «Балаға қайырымдылықты, шыншылдықты беретін кім? Ол, әрине, ата-ананың тәрбиесі» -дейді. Ол бала мінезін жас шыбыққа теңейді. Жас кезінде дұрыс тәрбие алмаған бала өскенде қисық ағаш сияқты болып, өсетінін, отбасында теріс тәрбиеленген баланы қайта тәрбиелеудің үлкен қиындық келтіретінін айтады. Ж.Аймауытов өнегелі отбасынан бұзық мінезді баланың шығуы немесе тәрбиесі нашар отбасынан да тәрбиелі, өнегелі баланың өсуі мүмкін дей келеді де, бұл айтылғандар ықпалынан, соларға еліктеуден болатынын дәлелдейді. Автор мақаланың соңында адамның тән сырқатын емдейтін дәрігер мамандығымен, адам жанын сауықтандыратын, ақыл-есін, мінез-құлқын, тәрбиелеп жетілдіретін тәрбиеші-ұстаз еңбегін салыстыра отырып, бұл екі мамандықтың да, тәні сау, рухани байлығы мол, жан-жақты жетілген абзал жанды, сергек қоғам мүшелерін тәрбиелеудегі өлшеусіз мол еңбегінің маңыздылығын өте орынды атап өткен. Ж.Аймауытовтың педагогика ғылымы саласындағы жүйелі ой-пікірлері 1924 жылы Орынборда басылған - тәрбиеге жетекші» атты еңбегінен жақсы байқалады. Бұл еңбекте жоғарыда айтып өткеніміздей баланы оқытудың белгілі ереже заңдарын баяндайтын, оқытудың дұрыс жүйесін тауып, білімге тез жету шарттарын көрсететін педагогиканың негізгі бөлімі-дидактикаға ғылыми анықтама берген. Оның пікірінше, «мұғалімнің айналысатыны - үнемі қозғалып, өзгеріп, өсетін, өркендейтін тірі адам болғандықтан, біркелкі әдістен табан алмай шектеліп қалуға болмайды. Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер. Дидактика мұғалімге жалпы жол-жоба көрсетіп, жетекшілік етеді сыннан өткен тиімді деген жолдарды ғана нұсқайды,-деп оқыту, білім беру әдісінің қатып-семіп қалған догма емес, үнемі ізденуден туатын іс-әрекет екенін дұрыс атап етеді»[67]. Тәлімгер-ғалым баланың тіл байлығын арттырудың, еркін сейлей білуі мен оның ой-

өрісін өрістетуге ерекше көңіл бөлудің, өзге пәндерді оқыту кезінде де олардың тіл үйренуге деген ықыласын арттыру жағын қарастырудың тиімділігін айта келе, пәнаралық байланысты күшейтіп, ғылым-білімдердің бір-бірімен тығыз бірлікте интеграциялау арқылы оқытудың қажеттілігіне тоқталады. Автор адамның жан қуаттарының өсіп-жетілуіне тарих пәнінің алатын орнын былайша сипаттайды: «Осы заманғы ғылымның көбі тарихпен тікелей байланыста жатыр. Тұрмыс жүйесі, әлеумет заңы, заң, пәлсафа, әдебиет, мәдениет, енер-бәрі тарихтан қозғайды. Тарихты оқып-білу арқылы шәкірттерге қазіргі өмір мен өткен заманның байланыс заңдылықтарын ажырата білерлік сана туғызамыз» - дейді . Көшпелі жұрттың өткендегі салт-санасынан, әдет-ғұрыпынан, шаруашылық кәсібі және мәдени өмірінен хабардар болу үшін 4-сыныпта әдебиетті, тарихты және жағрафияны біріктіріп яғни интеграциялап — «Біздің отан» - деген атпен оқыту қажет деген пікір ұсынды. Ж.Аймауытовтың бұдан 70 жыл бұрын айтқан осы пікірлері бүгінгі жалпы орта білім беру жүйесіне терең өзгерістер енгізуді ұсынып отырған ұлт мектептерінің тұжырымдамасында гуманизм идеясымен нәрлендіре беру принципіне дәлме-дәл келіп отыр. Әрине, осы айтылғандар ұлт мектептерінде оқытылатын пәндерге жаңа бағдарлама мен оқулықтар жасауда бағыт болуы керек. «Білімге деген ынталанушылық - деп жазады ол, адам бойындағы ой еңбегі күшінің қайнар көзі, сондай көздерді көбірек ашу, бөгетсіз саулатып ағызу, өркендету өнері-мұғалімнің бойына біткен қасиет керек. Сондықтан да әрбір мұғалім, сабақ беру процессінде қызықты мағлұматтармен балаларды шабыттандырып, олардың ынта-ықыласын, зейін-зердесін білімін меңгеруге бағыттау үшін төмендегі шарттарды орындауы тиіс». Жаңа берілетін білімді таныстыру арқылы сабақтың мазмұнына оқушылардың ынта-ықыласын аудару оқушыларға жаңа білімді меңгеруге бағыттайтын сұрақтар қою арқылы олардың ынта-ықыласын ой еңбегіне аудару; қажетсіз мағлұматтарды айтудан сақтанып, баланың ынта-ықыласын, зейінін туғызатын қызықты нәрселерді ғана сөз ету; баланың ішін пыстыратын біркелкі мағлұматтарды айтудан сақтану, салыстыру, теңеу, ұқсату тәсілдерді жандандыра, алмастыра отырып, орынды қолдану, көрнекілікке көңіл бөлу, оған сай құралдарды алдын ала сайлап алу, өзгелерді ынталандыру үшін оқытушының үйрететін нәрсеге, берілмек бейімге деген өзінің де ынта-ықыласының күшті болуы қажет. Ж.Аймауытовтың психологиялық мұралары телегей-теңіз дүние. Бұл қазақ топырағында сирек кездесетін құбылыс.

Өйткені, мыңдаған жылдар бойына рухани мұрасы жалғасып келе жатқан халыққа ғылыми психологияның көрініс табуы заңды нәрсе. Ата-бабаларымыз сонау есте жоқ ерте замандардан бастап бізге жан дүниенің қыры мен сыры туралы мол мұра қалдырғаны белгілі. Олар арнайы психологиялық трактаттар жазбаса да, әсіресе, ауыз әдебиеті арқылы халықтың психологиясының кейбір сындарлы мәселелерімен келер ұрпаққа зор мұра қалдырып кеткен. Олар ақын-жыраулардың толғауларында, мақал-мәтелдерінде, лиро-эпос жырларында, жұмбақтар мен айтыстарда,

термелер мен шежірелерде ұшан-теңіз. Сондықтан да осы ғасырдың алғашқы ширегінде психологиядан арнайы ғылыми еңбектер жазып, оқу-кұралдарын шығарған Ж.Аймауытовтың кездейсоқ фигура емес екендігі белгілі. Ж.Аймауытовтың бұл еңбегі бүкіл түркі халықтарының ішінен белгілі жүйемен, ғылыми астармен жарық көрген тұңғыш еңбек.

Ж.Аймауытов «Психологиясының» тақырыбы да сан-салалы. Ол өзінің туған халқына психологияның жалпы мәселелерімен қатар оның сол кездегі жеке салалары: педагогикалық немесе тәлім-тәрбиелік психология мен ұлттық /этностық/ психология, сондай-ақ осы ғылымның тарихи мәселелеріне қатысты көптеген ғылыми жайттарды қазақ өмірінен алынған нақтылы мысалдар арқылы талдауға алып, тиісті тұжырымдар жасаған. Өйткені, қазақ топырағында сондай ғылыми туынды, арнайы жазылған психологиялық еңбек, бұрын-соңды болған емес. Ал ұлы ойшыл ақын Абай Құнанбайұлының, немесе інісі Шәкәрім Құдайбердиевтің, тағы басқа қазақ зиялыларының еңбектерінде психология - мәселелері Ж.Аймауытов туындыларындай өзінің ғылыми жүйесін таппаған болатын. Батыс психологиясында, сондай-ақ дамудың даңғыл жолына түскен АҚШ, Германия, Франция, Англия елдерінде қалыптасқан психологиялық жүйелерді Ж.Аймауытов өзінше тұжырымдай отырып, жалпы психологияның сол кездегі кіндікті мәселелерін қазақ өмірінен алған дәйекті деректермен келтіреді. Оның бір ерекшелігі қазақ менталитетіне жақындастырды. Ж.Аймауытов өз туындысын жазуда орыстың атақты психологтарының бірі - әсіресе Қазан төңкерісінен кейін психологиялық аренада тұңғыш көрінген атақты Л.С.Выготский мен бірге психологияның жаңа ғылыми негіздерін құруға ат салысқан П.П.Блонский /1884-1941/ еңбектері Ж.Аймауытовтың психологиялық оқу құралын жазуға негізгі арқау болғандығы байқалды. Енді біраз ойымыз дәлелді болуы үшін соған тоқталайық. П.П.Блонский орыс психологиясында, оның кеңестік дәуірінде, осы ғылымның дамуына елеулі із қалдырған ғалым.

Ал енді оның негізгі ұстанған кредосы қандай десек, ол психологияны жаңа ғылыми негізде құруға талпыныс жасады. Өзінің «Ғылыми психологияның очерктері» дейтін белгілі еңбегінде ол марксизмді, диалектикалық материализмді басшылыққа алуды көздегенмен сол кездегі америка психологиясының, соның ішінде бихевиоризмнің негізін салған Джон Уотсонның /1878-1958/ қағидаларынан алысқа бара алмағаны байқалады. Ал, Ж.Аймауытов осы еңбектерден нәр алды, олардың қағидаларына сүйенді. П.П.Блонскийдің басты ұстанымы - психологияның бүкіл тірі организмге қатысы бар ғылым екендігін дәлелдеді. Оның пікірінше, психология - мінез-, оның сыртқы көріністерін зерттеумен айналысуы тиіс. Бұндай түсінік Д.Ж.Уотсон түйіндеген американдық бихевиористік бағыттың әсері екендігінде дау жоқ. П.П.Блонский көзқарасының бихевиоризмнен айырмашылығы оның адамның жан дүниесін зерттеуде генетикалық принципті, жан дүниесінің тарихи даму жолын зерттеу қажеттігі туралы айтқандығында. Бұл адам психологиясын жануарлар психологиясымен ортақ деп қарайтын

бихевиористік түсініктен өзгешелеу, яғни психологияның биологиялық жақтарымен қатар әлеуметтік астарлары да бар, сондықтан ол әлеуметтік ғылымға да қатысты деген қағиданы жақтайды. Ж.Аймауытов Дж.Уотсонға сілтеме жасағанмен, бірақ Блонскийдің қағидасынан алшақ кетпеген.

Ж.Аймауытов «Тәжірибелі психология» дейтін параграфында былай деп тұжырымдайды: «Қазіргі психологияның көпшілігінде білімге сүйенген негіз жоқ. құрғақ сөз, құрғақ жорамал, құрғақ ой екендігі айқын көрінеді». XVII ғасырда ағылшынның тәжірибелі философы Д.Локк осы жайтты айтқан еді. Жанның не екенін зерттеймін деп, тіршілігімізді сездіріп тұрған себеп қандай екенін зерттеймін деп машықтанбаймын, бұл жалтақтық. XVII ғасырда Шотландия данышпаны Юм жан тақырыбында ұғымдарды өлтіре сынайды. Юм ашық айтқан: Жанды субстанция деу қиялдық туғызып алғаны. Өзімнің мен деп жүрген затым, не нәрсе екен деп, өзіме-өзім үніліп, терендесем, қашан болса да мен деген бір бүтін нәрсені таба алмаймын.

Дәйім бөлшек-бөлшек түрлі түсініктерге /восприятия/ тап боламыз: мен дегенім тұтас нәрсе емес, мәселен, жылылықтан, жақсы көру, жек көрудің, мейірлендірудің, қайғы шегудің, тағы сондай сезімдердің түйсігі, тез қозғалып тұратын түрлі құбылыстардың шумағы тәрізді бірдеңе болып шығады. Біздің жанымыздың неше алуан, сансыз бейнелер көрініп, өтетін киноленталармен салыстыруға болады. Сөйтіп, біздің мен деп жүргеніміз дәйім өзгеріп отыратын бірдеңе. Бірінен соң бірі келіп отырған үзілмейтін құбылыстардан өзгермейтін, дәйім бір қалыпта тұратын жан дегенді ұқпаймыз. Үнемі өзгермейтін тән не жан бар деген пікірге дәл келетін түк керек жоқ» »[68]. Сөйтіп, Ж.Аймауытов жан үнемі өзгерісте болатын үрдіс деген тұжырымды ұстанады. Тәлім-тәрбиелік сипаты басым әлеуметтік /қоғамдық/ психология туралы

Ж.Аймауытов жасаған тұжырымдар күні бүгінге дейін өз қасиетін жоғалтқан жоқ. Ғалымның пікірінше тек адамның тәрбиесі әлеумет қылығының айнасы. Заман озған сайын әлеумет те өзгеріп отырады. Содан барып адамның қылығы да өзгереді. П.П.Блонский мен Ж.Аймауытовтың бұл тұжырымы ұқсас болып келеді. Сонымен қатар ол жеке адам қылығының қалайша өсіп жетілу жолын, оның тарихын зерттеу қажеттігін айтады. Мұндай түсінік П.П.Блонский ұстанған психологиядағы генетикалық принципмен орайласады. Өйткені қай кезде де адамның жан дүниесінің қалыптасу жолын, шығу тегін зерттеу психологияның негізгі көздеген мақсаттарының бірі. Автордың жоғарыда аталған еңбектерін талдау барысында мынандай қорытындыға келдік: Ж.Аймауытов қазақ топырағында психология ғылымының ірге тасын қалаған алғашқы ғалым. Ол психологияның әр түрлі саласында құнды еңбектер жазды.

Жүсіпбек Аймауытов психология ғылымының тұңғыш қарлығашы деп айта аламыз. Бұл жөнінде педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қ.Жарықбаев көптеген мақалалар мен еңбектер жазды. С.Қирабаев, А.Ақышев, Ғ.Әбділова, А.Мірәлиева, Б.Досжанова, Р.Сағынбекұлы т.б. ғалымдар зерттеу еңбектерін арнады. Қазақ зиялыларының өмірі жайлы С.Қирабаев былай дейді: «Бір кездері

ұлтшылдық әдебиетінің өкілдері саналып келген бұл қайраткерлердің қоғамдық, шығармашылық еңбегі қазақ халқының азаттық жолындағы ұлттық мүдделерімен байланыста өтті».

Ж.Аймауытов еңбектерінің бірі 1929 жылы Қызыл Орда қаласында жарық көрген «Жаңа ауыл хрестоматиясы». Бұл еңбек жұмыс кітабы ретінде берілген. Бірінші бетінде автор жастарды оқу білімге шақыруы мақсатын көздеп, мынандай өлең шумақтарын арнайды.

Ж.Аймауытов еңбегінің тағы бір құндылығы оқушыларға жан-жақты этнографиялық, географиялық, биологиялық, тарихи мәліметтер бере отырып, оқушылардың танымдық көзқарастарын қалыптастырады.

Саналы өмірін төңкерістен кейін бастаған ол сол кездегі қоғамдық дамудың мешеулігін, қазақ халқының қараңғылықтағы, қанау астындағы аянышты өмірін, патша өкіметінің отаршылдық саясатының халықтың тұрмыс-тіршілігін ауырлатып, саяси правосын тежеп отырғанын уақытында көре білді. Олар халықты ағарту, өнер-білімге тарту жолында қызмет етті» - деп Қ.Жарықбаев жазған болатын [69]. Шындығында да заман қажеттілігі мен сұранысына жауап беру үшін педагогика мен психология сахнасына шыққан Жүсіпбек халқына өшпес мұра қалдырды. Оның жазған еңбектері күні бүгінге дейін өз мәнін жоғалтқан жоқ.

Алпыс жыл бойы атын атауға тыйым салынып келген мәдениет қайраткерлеріміздің бірі, әдебиетіміздің үлкен тұлғасы, Абай шыңына иықтаса орналасқан сеңгірі, сыршыл өлең сөздің бәйге бермес шабандозы, ұлттық педагогика ғылымының ірге тасын қалаған ғалым-педагог **М.Жұмабаев** ұзақ жылдардан соң мынау алды кең, тынысы еркін бетбұрыс заманының есігін айқара ашып, ортамызға қайта оралды. М.Жұмабаев кырықтың қырқасында қаза тапты. Аз өмірінің бірсыпыра уақыты айдауда, қуғын-сүргінде өткізді. Ш.Елеукунов М.Жұмабаевтың ақталып, халқының ортасына оралғандығы жайлы былай дейді: «Елінің қамын жеген, каршадайынан қазақ халқы қайтсе қатарға қосылады деп армандаған аяулы ақын енді міне, ел-жұртының арасына қайтып оралды. Ол үшін біз мына революцияның жаңару дәуіріне борыштымыз. Мың мәртебе соған бағыштаймыз» [70,3].

Кезінде М.Жұмабаевтың поэзия мәдениетіне М.Әуезов зор баға берген: «Абайдан соң Мағжанды сүйемін, еуропалығын, жарқыраған, әшкейін сүйемін. Қазақ ақындарының кара қордалы ауылында туып, Еуропадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып жайлауды жарқыраған Арқа кызын көріп сезгендей боламын. Мағжан мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның шегінен аққандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан шыққандай, бірақ түбінде әдебиет таратушылары газетпен қосақталып, күндегі өмірінің тереңін терген ақын болмайды, заманнан басып озып ілгерілеп кеткен ақын болады. Әдебиет үшін деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жөн жоқ. Сондықтан да бүгінгі күннің бір жазушысының ішінен келешекте бой ұрып, артқы өмірге қалуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» - дейді Мұқаң [71,294].

Бұл М.Жұмабаевтың қазақ әдебиеті тарихына қосқан үлесіне берілген әділ баға. Мағжанның ақындығы туралы Ж.Аймауытов өзінің мақаласында: «Мағжанның ақындығын сынауға біліміміз, күшіміз кәміл жетеді деп айта алмаймыз: толық сынау үшін оның алды, артын орап, арылтып шығарлық сегіз қырлы, негізгі білім керек» - деп айтып кеткен болатын. Әрине, Мағжанның сан қырлы еңбектеріне талдау жүргізу көп ізденісті қажет ететін күрделі үрдіс, ол болашақтың ісі демекпіз. Ал біздің максатымыз оның еңбектерінің бір қыры педагогика арнасына тоқталмақпыз. Педагогика жөнінен алғашқы іргелі ғылыми еңбек, әрі мұғалімдер мен жоғары мектеп шәкірттеріне арналған оқулық болып табылатын «Педагогика» оқулығы тұңғыш рет 1922 жылы Қызылжар қаласында жарық көрді. Оқулықты даярлағанда Мағжан сол кездің көрнекті педагог-психологтары С.Д.Рубинштейннің, А.А.Смирновтың т.б. зерттеулеріне сүйенгенмен, өзінің ұстаздық тәжірибесі, Омбы қаласында мұғалімдер семинариясында және өз бетімен зерттеп оқыған арнайы әдебиеттерді, әр ел ұстаз-ойшылдарының ойын, оның ішінде балалардың жан дүниесі қасиеттері және тәрбиесі туралы ойларын сыни көзбен қарастырып, шығармашылықпен жазып шыққан. Кітап авторы өз сөзімен еңбектің бағытағдарын жақсы аңғартады. Өз кітабы жайында автор былай дейді: «Бұл кітап 2-3 жыл бұрын қысқа уақыттың ішінде мұғалімдер курсына оқытылған, дәрістерден түзілген еді. Бұл күнге дейін басылып шығып, жарық көре алмады. Бұл айып менікі емес. Бүлінген замандікі. Бізде бұрын жасалған фән тілі болмағандықтан, түрлі терминдерге тап басқандай-қазақша сөз табу көп күшке тиді. Қалайда курстарда оқыған мұғалімдердің жәрдемімен таза орыс сөздері айналдырылды, ал енді жиһан тілі болып кеткен шет сөздерін алып тастауды ұсынды.

Қазақ зиялылардың бірі **Мағжан Жұмабаев** мектебіндегі бала тәрбиесі мен білім беру ісін ғылыми жолға қою үшін мұғалім даярлау ісіне белсене араласып, мұғалімдерге арналған «Педагогика» [57] және басқа да оқулықтар мен оқу-әдістеме құралдарын жазды. М. Жұмабаевтың әдістемелік бағытта жазған еңбектерінің бірі «Сауатты бол» кітабы [58].

Кітап, 1926 ж кейіннен 1929 жылы 50 мың дана болып, Мәскеуде басылып шығарылды. Оқулық негізінен, ересектерге арналып жазылған болса да, сол кездегі қазақ мектептері үшін таптырмайтын оқу құралы болды. Елдегі сауатсыздықты жою науқанына белсене араласқан М.Жұмабаев қазақ еңбекшілерін оқуға, сауат ашуға шақырды. Сондықтан да, М.Жұмабаев оқулықты қарапайым тілмен, суреттермен әр түрлі сызбаларды қолдана отырып жазған. Өзінің айтуы бойынша «онайдан қиынға қарай үйрету» әдісін қолдаған.

Сонымен қатар оқулықтағы мақалалар мен оқулықтар оқушылар үшін жеңіл, жаттап айтуға оңай болуын естен шығармаған. Жалпы бұл кітап туралы сол кезде алғашқы сын айтушы Молдағали Жолдыбаев: «Не, дегенмен кітаптың шығуы аса пайдалы. Ахметтің «Сауат ашқыш», «Әліп - билеріне» қосымша саяси сауат ашатын орындардың бұл кітапты алдырулары керек - ақ» дейді [58].

Осыған орай айта кететін бір ой, қазіргі кезеңде мектептер үшін оқулықтар жазу ісімен көптеген адамдар айналысуда. Өкініштісі сол оқулықтардың біразы қойылатын талаптарға жауап бере бермейді. Оқушының қабылдау, ойлау қабілеті мен психологиялық қасиеттері ескерілмейді. Көбіне әркім өз бетінше әрекет жасауда. Кезінде осы мәселе туралы М.Жұмабаев өзінің «Жазылшақ оқу құралдары һәм мектебіміз» [59] деген әдістемелік бағытта жазылған мақаласында: «Жазылшақ біздің оқу-құралдарымызда мінезі мектебіміздің мінезіне байлаулы болуға тиісті» деп болашақ оқулықтың өмір талабына сай болуын ескертеді. М. Жұмабаевтың бұл ескертпесі бүгінгі күн үшін де өзекті екендігіне шүбә келтіруге болмас. Шын мәнінде де жақсы оқулық оқушының сабаққа деген қызығушылығын тудыра отырып, оны тәрбиелейді. Тәрбие мәселесіне байланысты М. Жұмабаевтың жазған еңбектерінің бірі «Бала тәрбиелеу жолдары» [60].

Бұл әдістемелік еңбектің құндылығы – жас өспірім сәбиден бастап, ер жеткен бала мен бой жеткен қызды ұлттық негізде тәрбиелей отырып, ұлы адами қасиеттерді бала бойына қарай қалыптастыру керек екендігін көрсетеді. Сонымен қатар бала тәрбиесі туған, өскен ортасына, ата – ананың отбасындағы тәрбиеге байланысты. Осы орайда М. Жұмабаев баланың маңайындағы адамдардың да тәртіпті, тәрбиелі болуы, бала көзінше бөтен сөз айтпау, сұлу сезімдерді көрсете білуі керектігін ескертеді. Бала тәрбиелеудің жолы әр алуан екендігін көрсете орырып, М. Жұмабаев халық педагогикасының құнды жақтарын алуды меңзейді. Баланың ойыны, тілінің дамуы үшін пайдалы екендігін көрсете отырып назар аударады. Баланың түзу, сау, ойлау қабілетінің жақсы дамуы үшін де оның күн тәртібіне, яғни таза ауада жүруіне, ұйқысына, дене-шынықтыру тамақ ішуіне ерекше көңіл бөліп, назар аударып отыру қажет екендігін ескертеді. Еңбек, ақыл-ой, эстетикалық тағы да басқа тәрбие түрлерін терең орынды қолдана білгенде ғана, ұлт ұлдарын заманына сай тәрбиелеуге болатындығын М.Жұмабаев сол кездің өзінде-ақ айтқан-ды. Мағжанның «баланы заманына сай тәрбиелеу керек» деген ойы бүгінгі күні де өзекті екендігіне ешкімнің дауы бола қоймас деп айтамыз.

М. Жұмабаевтың ұлттық мектептегі құру оны қалыптастыру туралы жазған еңбегінің бірі. «Жазылашақ оқу құралы һәм мектебіміз» [60].

Ұлы ұстаздың ұлт тағдырына немқұрайлы қарай алмағандығын осы бір еңбектен көруге болады. Ол «бір елдің тағдыры мектебінің құрлысына байланысты. Қазақтың тағдыры келешекте ел болуына мектебінің қандай негізге құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді қазақ жанына қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайыбай-ақ серттесуге болады» дейді.

М. Жұмабаев болашақ мектеп қандай болу керектігін сөз етіп, қазақ мектебі ең алдымен таза қазақ тілінде жұмыс істей отырып, оқушыларға жан-жақты білім негіздерін бере алатындай болу керектігін меңзейді. Пәндерді оқытуға ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтарын пайдаланумен бірге тіл, әдебиет, мәдениет ұлттық тәлім-тәрбие мәселелерін кейінге қалдырмау туралы ойларын айтады. М. Жұмабаевтың әдістемелік бағытта жазған

еңбегінің бірі «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жолы» [61].

Оның бұл мұрасы 1923 жылы Ташкентте жарық көрген. Мұнда ол сол кездегі тарихи жағдайлардан туатын міндеттерге:

Бастауыш мектебі, еңбек мектебі, төрт жылдық бастауыш мектептегі ана тілі және ана тілі сабағының сабақтан тыс түрлеріне тоқталады. Оқушылардың басты мақсаты, бастауыш мектепте ана тілін оқытудың әдіс – тәсілін мұғалімдерге ұғына отырып, ана тілін мектепте, қоғамда жоғары көтеру керек екендігін меңзейді. Оқулық «Мектебіміз» деген алғы сөзбен басталады. Мұнда М.Жұмабаевтың сол кездегі қазақ мектебінің тағдырын сөз етеді. Бір ғана айдың төңірегінде сөз қозғалмай, ол сол замандағы тарихи жағдайлардан туатын міндеттерді анықтайды [61].

Нағыз ғалым белгілі бір жүйемен ойлайды. М. Жұмабаевтың зерттеушілік өнеріне тән нәрсе-қолға алған тақырыбының тарихи һәм теориялық жақтарын барынша терең білетіндігіне. Бұған оның құдай берген кемеңгер алғыр ойын, ұшқыр қиялы мен сезімін қосыңыз».

Осы бір еңбектің өзіне ғана Мағжанның қазақ тілінің жетістігін, үлкен әдіскер, лингвистика саласын терең білетіндігін байқауға болады. Мағжан ана тілін бастауыш, яғни 1 сыныптан дұрыс оқыту керектігі туралы арнайы сөз қозғаған. Құр ғана жалаң сөз арқылы емес, әр алуан қосымша әдіс-тәсілдерді төменгі сыныптарда кеңінен қолдану қажеттілігін көрсете отырып, сынып сайын қажетті материалдарды сұрыптау ұстанымдарына да мән берген. Ол төрт жылдық бастауыш мектепте ана тілін оқытуды жүйелеп, сыныпта қалай, қай дәрежеде оқыту керектігін баяндаған. Бірінші жылы баланың тілін дұрыс сөйлеуге, өз ойын айтуға дағдыландыру, қысылмай сөзбен жарыққа шығаруды ұсынады. Сондай-ақ, жаттаған өлең, ән, көрген дүниелерін сурет қылып салып, оны сипаттап жазуға үйрету, сахнада ертегі, әңгімелерді жатқа айтып беру керектігін жазады. Екінші жылы, оқушы тілін «өркендете» отырып, оның сурет бойынша, оқыған әңгімелерінен әңгіме» құрып, айтып беру қажеттілігін ұсынады. Үшінші, төртінші жылдары оқушы тілінің әсерлігіне, тазалығына көңіл аудара отырып, талаптарды күшейту, әдеби, мәдени тілді қалыптастыру үшін не істеп, не қою керектігін жазады. Сонымен қатар балаларға ана тілін үйретуде оқулықтың бала психологиясы мен жас ерекшеліктеріне сай жазылуының зор маңызы бар. Өкінішке орай біздің мектептерімізде сапасыз оқулықтар көбеюде. Мұны дұрыс жолға қоймаса, жалпы білім беруде көптеген оқулықтар болуы мүмкін. Бұл орайда оқыту үрдісінде оқулықтың алатын орны мен оның рөлін айтпаса да түсінікті. Оқушының психологиялық педагогикалық, жас ерекшеліктерін ескере отырып ғылыми тұрғыдан жазылған оқулық, бала үшін үлкен жетекші құрал болумен қатар, баланың оқуға деген ынтасын арттыра түседі [62].

Тілдің ұлттық ерекшелігі, қолданыс мәнері ана тілі оқулықтары арқылы айқын көрініс берумен қатар, ол баланың тілін ұста ойын ұштап, ұлттық сана – сезімен қалыптастыруда үлкен тәрбиелік қызмет атқарады деп қарайды. Сол кездегі мұғалімдер үшін бұл еңбек таптырмайтын әдістемелік құрал болды. Бұрынғы мектептегі білім беруді сынап отырып, қазір әсіресе бастауышта білімді қалай беріп, үйрету екендігін, оның ішінде ана тілін

оқытудың әдістемесін мұғалімдерге ұсынды. Оқушыны қалай оқыту керек дей отырып, Мағжан: «Оқушы жүрегіне, ең алдымен нақты бейне, сурет орнату керек» - дейді. Мұндайда бала біреудің айтқанын сөзбе-сөз қайталап күйіс қайтарып тұрмайды, тиісті сөзін өз жүрегінен суырып сөйлейді [62].

Сонымен қатар М.Жұмабаев барлық ескі атаулыға қарсы шықпайды. Оның прогрессивтік жақтарын айта келе, бүгінгі жетістіктермен қабыстыру керек деген ой айтады. Мәселен, «Еңбек мектебінің» баланы өмірге бейімдеуде үлкен маңызын айта келе, оның пән аралық және тұрмыспен байланысының маңыздылығы жөнінде «Мектеп бірін-біріне басқыш қылу үшін салынған» деген ой айтады. Тілді дамытуда оқушылар жиналысының да ролі зор екендігін Мағжан дәлелдей келе, «Балалардың жиылысы олардың тілін өркендетуге әдейі құрал» деп жиналыстың ролін көрсетеді. Жалпы, балаға тіл үйретуді оның тілі енді шыға бастаған кезден бастап жүргізгенде, бала тілі бай болады. Ал, адамның тілі «қатайған» кезде психологиялық өзгерістер енгеннен кейін оған тіл үйрету қиын болатыны белгілі [63]. негізі мен оған көмекші ғылымдарды меңгеру керек екендігін айтқан-дейді.

М.Жұмабаев «Педагогика» оқулығында әрбір мемлекетте балаға білім беру жүйесі халықтың тарихи дамуымен байланысты екендігіне тоқталып отырады. Сондықтан да Мағжан дене тәрбиесіне этнопедагогика мен этнопсихология идеяларын бастапқы дәрежеге қояды. «Жан тәрбиесі» деп аталатын екінші бөлімде Мағжан былай деп жазады: «Баланың дене тәрбиесі мен жан тәрбиесін қатар алып бару керек. Қатар алып бару емес, бала өскен сайын тәрбиеші күшінің көбін баланың жан тәрбиесіне жұмсай беруге міндетті. Тегінде берік ұғу керек: адамның қымбат нәрсесі де, жұмсақ нәрсесі де сол жан. Қиын тәрбие тілейтін де сол жан. Жанды дұрыс тәрбие қыла білу үшін жанның жайын баяндайтын ғылыммен таныс болу керек. М.Жұмабаев өзінің оқулығын «Педагогика» деп атаса да, психологияға кең ағынада тоқталған. Педагогикаға қатысты 13 беттен тұратын 2 тақырыпқа автор өз ойын сыйғызған. 106 бетте психология ылымының салалары қарастырылған. Автордың пайымдауынша, педагогика, әсіресе дидактика психология ғылымынсыз дәрежесін жоғалтпақ.

Қазіргі жағдайда мектеп мұғалімі психологияны терең білу арқылы әр ұлт баласына өзінің ұлттық болмысы мен танымын ескере отырып білім бере алады. Әр халықтың бала тәрбиелеуде өз әдісі бар. Қазақ халқының арнайы бала тәрбиесімен айналысатын қоғамдық орындары болмаса да, өз ұрпағын бесікте жатқан кезінен бастап-ақ өлең-жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ, санамақ арқылы тәрбиелеп отырған. Бала аяғын жерге нық басқаннан-ақ қоршаған ортаның құпиясын ғылыми тұрғыдан сезініп білмесе де, жапан дүзге жолсыз жерлермен, жұлдыздарға, түрлі белгілерге қарап жол тауып, қаршадайынан-ақ есту, көру сезімдері шынығып, алдағыны болжайтын, жоғалғанды табатын ізшіл де, құралайды көзге атып түсіретін мерген де болған.

Қазақ баласы кең далада , жұлдыздарға қарап ауа райын болжайтын, жануарлардың тілін түсінген, былайша айтқанда олар мал бағатын малшы да, сөзге шебер шешен де, тарихшы да, ботаник та, астроном да бола

білді. Жұмабаев «Педагогикасының» құндылығы ұлттық тәрбиені автордың жан- жақты көрсетуінде. Әсіресе, ұлттық психологияны дұрыс меңгермеу бала тәрбиесінде көптеген қиындықтарға ұшыратады. М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығын атына қарап, таза педагогикалық еңбекке жатқызып жүр. Ал, шынында, онда бір-бірімен тығыз байланыста екі пән - педагогика мен психологияның қарастыратын мәселелері ұштастырыла баяндалған. М.Жұмабаев ХХ ғасырдың басында мәңгүрттік мәселесін көтерген болатын. Бұдан бірнеше жыл бұрын айтылған Мағжанның пікірі қазіргі тілін білмейтін жастарға арналған арнау іспеттес. М.Жұмабаевтың тәрбие процесіндегі тілдің алатын орыны жайында айтқан пікірлер құнды. Ол былай жазады: «Тіл адам жанының тілмашы, тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей, қор болып қалар еді. Адам тілі арқасында жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алды. Тілі кем болса, адамның қор болғаны. Ойын толын тұрып айтуға тілің жетпесе, ішің қазандай қайнайды да, қысқасы, адамның толық мағынасымен адам аталуы тіл арқасында». Мағжан тіл жайындағы ойын былайша жалғастырады: «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жыры, тарихы, тұрмысы, мінезі, айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сыры сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы айнадай ашық көрініп тұрады». Тұлғаның жан-жақты дамуына адамгершілік тәрбиесінің қатысы ерекше. Білімі жоғары тұлғаның өзі, егер адамгершілік қасиеті аз болса, ол рухани құлдыруға ұшырайды. Сондықтан да М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығы моральды бойына сіңірген рухани-адамгершілік тәрбиеге бағытталған еңбек деп айтуымызға толық құқығымыз бар. Біздің зерттеуіміз Мағжанның еңбегіне мынадай талдау жасауға мүмкіндік береді: Автор адамгершілік тәрбиесін әр аспектіден зерттеп, оны халық педагогикасы негізінде талдаған. Азаматтық сезімді тәрбиелеуде Мағжан адамға қызмет жасау үшін ол халқын, жерін қадір тұту керек деген тұжырым жасайды. Өзінің «Педагогика» оқулығында осы мәселеге байланысты М.Дулатовтың өлең жолдарын келтіреді.

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш, емеспін

Жемісі көп, тамаша ағаш.

Қалғанша жарты жаңқам мен

Сенікі, пайдалан шаруаң жараса ағаш.

Міне, алашты халық десек, халықты шын сүйген адам жарты жаңқасы қалғанша халық үшін қызмет істеуге тиісті. М.Жұмабайұлының пікірінше, жас бала өмірде болып тұратын өзгерістерді өз бетімен қабылдай алмайды. Болашақ өмірде көптеген жағдайлармен ұшырасады, сол уақытта қиыншылықтан шығатын жолды таба білу қажет. Сондықтан да бала кезден бастап өмір жайлы ойларын қорытындылай білулері керек. Автордың пайымдауынша, тәрбиеші балаға әрбір болған жағдайды адамгершілік позициядан қарап, шешім қабылдауға үйрете білуі керек. Осы орайда М.Жұмабаев адамгершілік тәрбиесін оқыту үрдісімен ұштастырады.

Мектептерде қолданатын пәндердің ішінде М.Жұмабаев қазақ тілі мен әдебиетті алдыңғы орынға қояды. Педагогтың пікірінше, тілдің көмегімен адам жүрегінің құпиясын білдіріп, жанын түсінуге болады. Автор адамгершілік тәрбиені ұлттық болмысымызға негіздеп берген. Оқытудың әр кезеңін ұлттық тұрғыда бейнелеуге тырысқан. Оның шығармаларынан халық өмірінің әр кезеңі өзекті орын алған, ол ұлт тәрбиесін басты орынға қойған бірден-бір педагог. Ұлттық тәрбиені зерттей келе бес мәселеге баса назар аударады.

а) тәрбие негізі-халықтық тәрбиеде. Ол тәрбиелік күші бар жүйе.

ә) тәрбие жүйесін тек қана іс жүзінде ғана емес, дәріс пен тағылым ретінде қолдану керек.

б) Әр халықтың өзіндік халықтық тәрбие жүйесі бар. Оны ешқандай халықтың тәрбие жүйесімен алмастыруға болмайды.

в) Басқа халықтың тәрбие жөніндегі жүйесінен үлгі алуға болады, бірақ дәл сол халықтың көшірмесі болудың қажеті жоқ.

г) Қоғамдық тәрбие өмір заңдарын шешіп, соңынан ертпейді, тарихты жасамайды, ал бірақ тәрбие өз жолымен болашаққа бастайды.

Автордың қай еңбегін алсақ та халықтық педагогиканы негіздей құрылған. Мысалы, баланың кішкене күнінен бастап айтылатын бесік жыры, әлди өлеңдері, тілашар, жаңылтпаш, жұмбақ, өлеңдер, әженің ертегілері мен төрт түлік малды бағып қағу, еңбек кәсіп мәселелері жаңа түскен келінге айтар өсиет, бата-тілектер мен батырлардан сауға сұрау, жауырын қарап бал ашу, бақсылық пен балгерлік, күйшілік пен серілік, жоқтау, естірту, көңіл айту, жұбату сияқты тұрмыстың салт-дәстүрінің алуан түрі М.Жұмабаевтың шығармаларына арқау болған. Сонымен қатар халық педагогикасының інжу-маржандары оның «Педагогика» оқулығында өз орнын алған. Ұлттық болмысымызды қайтарудың бірден-бір жолы халық шығармашылығы мен әдебиеті екені белгілі. Адамгершілік тәрбиесін жетілдіру үшін әдебиеттен мысалдар көп келтіріп отыру қажет. Баланы адамгершілікке тәрбиелеу мәселесіне байланысты әңгімелер әдебиетте көптеп кездеседі. Сол тақырыптарды ретімен қолдану ұстазға байланысты. Бұл пікірдің қазіргі оқыту процесінде алатын орны ерекше. Себебі бүгінгі таңда барлық пәндер арасында әдебиетке деген құлшыныс күннен күнге артуда.

М.Жұмабаев эстетикалық сезімді тәрбиелеуде табиғат пен өнерге ерекше көңіл бөледі. Біздің ойымыздың нақтылығын көрсету үшін кітаптан мына жолдарды келтірелік: «Жаратылыстың һәм искусствоның сұлу заттары адам жанында сұлулық сезімдерін оятады. Үлбіреген гүл, күңіренген орман, сылдырлаған су, шетсіз-түпсіз қара теңіз, түрлі шөптермен толқындалған дала, бұлтпен шағылысқан биік тау, күннің ойыншыл алтын сәулелері, ерке сұлу ай, жұлдызды түн, міне осылар сықылды жаратылыстың сұлу заттары, көріністері, яки искусствоның тылсымдай жанды билеп алып кететін ән, күй, сыйқырлы сөз, сұлу картина сықылды әсерлері адам жанында бір ләззат, бір сұлулық толқынын оятып туғызбай қоймайды» [64]. Автордың «Педагогика» оқулығында айтылған ойы бүгінгі таңда өзекті мәселе. Баланы табиғатта

болып жатқан құбылыстарды бағалай білуге, сұлулықты қабылдауға үйретуде Мағжанның аталған еңбегінің орны айрықша зор. Автор «Педагогика» еңбегінде эстетикалық тәрбиені табиғаттың әдемі құбылыстары арқылы ғана жетілдіру аз, сонымен қатар музыка әуені нәтижесінде бала дамуына әсер етуге болатындығын айтады. Баланы өнермен терең таныстыру керек. Бала неше түрлі сұлу әуендерді естісін, неше түрлі сұлу түрлерді, түстерді көрсін, сұлу сөздер, сұлу өлеңдер жаттасын. Түрлі музыка құралдарының үндерін тыңдасын, сурет салып үйренсін. Ән салып, музыка құралдарында ойнап үйренсін. Міне, осыларды істесе, баланың сұлулық сезімдері өркендейді. Біздің ойымызша, тәрбие эстетикалық мүмкіндікті пайдалана біліп, оны бағалай білумен тығыз байланысты. Автордың жоғарыда айтқан пікірлері бүгінгі таңда мәдениетіміздің рухани құлдырауы кезінде құнды пікір болып табылмақ. Тарих көрсеткендей, тәрбие мен оқыту процесінің бір-бірінен алшақтауы нәтижесінде адамның рухани құлдырауына әкеліп соғады. Осы орайда қазіргі мектеп практикасында автордың «Педагогика» еңбегінде айтылған ойлардың бүгінгі таңда көкейкестілігін байқауға болады. «Тұлғаны жан-жақты қалыптастыру үшін діни тәрбиенің орны ерекше» - дейді автор. Діни сезім адам бойына аяушылықты, ізгілікті, адамгершілікті ұялатады.

М.Жұмабаевтың айтылған ойлары оның дінді ұстанғандығын көрсетеді. С.Мұқановтың айтуы бойынша М.Жұмабаев қысқа мерзімге арналған мұғалімдер курсына дін тарихынан сабақ беріп, курсанттарды бес уақыт намаз оқуға үйреткен. Француз ағартушысы Ж.Ж.Руссо былай деп жазған: «Неизменно держите своих детей в тесном кругу заповедей, относящихся к морали. Приучайте их к сознанию, что они всегда находятся перед очами божьими, учите их делать добро без рабства, в надежде получить награду, и всю жизнь быть такими, какими им хотелось бы перед ним предстать» [65]. М.Жұмабаев бала бойында діни сезімді тәрбиелеу жайында жоғарыда келтірген Ж.Ж. Руссоның ойын былайша толықтырады: «Дін сезімдерінің негізі-дүниені жаратушы, дүниеде барлық нәрсені билеп тұрушы бір тәңірі бар деп сыйыну һәм сол тәңірге адам өзін пенде деп білу. Тәңірінің құдіреті алдында адам өзінің әлсіздігін сезіп, біліп, тәңірге құлшылық қылу, яғни жауыздықтан тыйылып, ізгілікке ұмтылу. Барлық кемшіліктен азат тәңірге жағу үшін барлық кемшіліктен безу. Келтірілген пікірлерден мынадай ой қорытуға болады. Дін адамды жоғары рухани деңгейде тәрбиелеп, оның адамгершілік қасиетін арттыруға көмектеседі» [66]. Дегенмен Мағжан дін жолын қанша қолдаса да, ол молдалардың әділетсіз әрекеттеріне қарсы болды. Ол молдаларды үнемі кезегі келгенде әшкерлеп отырады. М.Жұмабаев «Педагогика» оқулығында жанұя тәрбиесін сөз етеді. «Жанұя тәрбиесінде халық педагогикасының элементтерін қолданады. Егер бала кезінде көргендері қызықты; қуанышты болса, онда адам ашық мінезді болып қалыптасады. Бала қайырымдылық пен жауыздықты үлкен адамдардан үйренеді. Жас бала әкесінің ұрлағанын көрсе, онда ол ұрлық жақсы қасиет деп ойлап, өзі де ұрлауға кіріседі. Бала үйінде не көрсе, соны ұшқанда іледі» - дейді [66].

Адамгершілік тәрбиесінің бала бойында қалыптасуына үйдегі тыныш жағдайдың әсер ететінін М.Жұмабаев ерекше айтқан. Жанұя беретін өмір сабағының тәрбие процесіндегі қозғаушы күші айтарлықтай, себебі бұл сабақтарды балаға ең жақын адамдар - әкесі мен шешесі береді. Бүгінгі таңда халық педагогикасының дәстүрлерін дамыту барысында М.Жұмабаевтың баланы адамгершілікке тәрбиелеуде жанұя дәстүрлерін, ұлттық қасиетімізді сақтауға байланысты көтерген идеялары арнайы зерттеуді қажет етеді. Қоғамда адамгершілігі жоғары, рухани мәдениеті дамыған азаматты тәрбиелеу педагогиканың және психологияның басты мәселелері. Сондықтан да қоғамды дамытуда үлкен рөл атқаратын мектеп мұғалімі екенін ұмытпауымыз керек. Бұл жолда М.Жұмабаев балаға әсер ететін мұғалім екенін айтқан. К.Д.Ушинскийдің адамгершілік тәрбиесін қалыптастырудың ықпалына байланысты айтқан ойларын дамыта отырып М.Жұмабаев жас кезінен бастап қалыптасатын әдетке үлкен мән берген. «Әдет-мұғалімнің қаруы. Жақсы әдетті қалыптастыру-жақсы адамды тәрбиелеу деген сөз. Бала өзін тәрбиелейтін ұстазды жақын адамы ретінде қабылдауы керек. Оның әрбір қадамына қуанатын, ренішіне күйінетін, оның ойларын түсініп, отыруы қажет. Егер бала өз тәрбиешісінен осындай адамды көрсе, онда ол ештемесін жасырмайды. Оқушы мектептегі мұғаліміне сенуі керек».

Ол адамның психикалық құбылыстарын зерттеген алғашқы ғалымдардың бірі.

Оқу танымдылық жүйеде білім аралық байланысты жүйелі түрде жүргізіліп оқытуды әдетке айналдырған. Егер де оқушылардың ақыл ойы, ойлау қабілеті жетіп, білгісі келетін нәрселері көбейе бермек. Ой-санасы, білім өскен сайын өзі де биіктей түспек. Заты, мектепаралық байланысқа негізделген оқу үрдісі баланың сабаққа деген ынтасын арттырып, білмегенді білуге құштарландыра түседі. Айталық, тарих пәніне биім оқушыны география пәні қызықтырмай қоймайды. Сондай-ақ анатомия және адам физиологиясы мен дәрісті ұқыпты тыңдаған шәкірттің, химия және физика пәндеріне құштарлығы оянады. Асылы, пәндердің дидактикалық байланысы, таным әдістері, пәнаралық байланыс оқушылардың бойында белгісізді танысам-білсем деген ынтасын күшейтетініне талас жоқ. Оқушыны жеткен табысына тоқмейілсу пиғылынан сақтандырған жөн. Олар бір пән деңгейіндегі білімімен шектеліп қоймай, оның мағналық негізі басқа пәндермен тамырласып жататынын естен шығармауға тәрбиелеу керек. Пәнаралық байланысты сабаққа тиімді пайдаланудың практикалық мүмкіндігі ұшантеңіз. Олар: оқу техникасы, мәселелі жаттығулар, есептер, кітаппен жұмыс, көрнекті құралалдар, оқушылар тобымен жұмыс істеудің формалары, дәріс, семинар, факультатив, сыныптантыс жүзеге асырылатын іс-шаралар. Сонымен бірге, мынандай принциптерді әдемі табанды түрде іске асыру көзделеді: Сабақ белгілі бір пәннің төңірегінде тұйықталып қалмай, комплексті әдістер арқылы өтуі (білімділік, алған білімді дамытушылық, тәрбиелік мәні көзделеді) күнделікті сабақ жоспарын осы сыныпты оқытылатын пәндердің зерттеу объектілерін, көтерген мәселелерін,

тапсырмаларын зерттеп біле отырып жасау; мұғалім өзі сабақ жүргізіп отырған пәннің әдістемелік комплексін жасағанда, оған тікелей қатысты оқулықтар мен оқу құралдары, қосымша әдебиеттер мен дидактикалық материалдарды қай жерде, қалай қолдануды жоспарлағанда, пәнаралық байланысқа түсетін басқа пәндердің негізгі оқулықтары мен оқу құралдарынан керектілерін сұрыптап алып, көрнекіліктерінен аса қажеттілерін қосуды естен шығармау. Мұғалімдердің бұл саладағы ізденістері ауқымды да нәтижелі. Оқыту мен тәрбиенің өзара байланысын М.Жұмабаев: «Адам баласын, әсіресе, жанын тәрбие қылу керек». Дүниеде теңіз терең емес, адамның жаны терең. Адам тілі арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Адамның өзін-өзі тексеруі оның жан тұрмысының өркендеуінде, түзу жолға түсуіне қажетті бірінші шарт» деп ой түйе отырып, тәрбие мен оқытудың негізгі ұстанымдарына да назар аударады. Ол: «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Тәрбиешінің табансыздығын сезсе, бала онымен сөйлесуден, тілін алудан қалады» деп, орынды ой түйемен бірге, мұғалімдерге аса қажет дидактика мәселелеріне теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыданда ерекше көңіл бөлгені байқалады. М.Жұмабаев дидактикада сол кез үшін де, бүгінде өз құнын жоймаған оқытудың принциптеріне ерекше көңіл бөледі. Белгілі бір тақырыпты түсіндіргенде өткен тақырыппен байланысты, саластырмалы түрде оқытудың берерінің молдылығын дәлелдейді. «Бір нәрсені балаға ұқтырмақшы болсаң, сол нәрсенің қарама – қарсысын алып кел. Мысалы, балаға оңтүстіктің ортасын ыстығын түсіндірмекші болсаң, солтүстіктің суығымен салыстыр» дейді [67,

М.Жұмабаевтың бұл кеңесін география сабағында қолдануға болады. Я болмаса пәнаралық байланыстарда қолданса, артықшылығы болмайды. Айталық, тарих және география пәндерін біріктіре отырып белгілі бір тақырыпты өткізгенде салыстырмалы түрде пайдалануға болады. Яғни, жердің географиялық жағдайын айта келе, оның тарихи жағдайымен салыстыра отырып, оқушыларға түсінік берсе, сабақ әлдеқайда қызықты да, тартымды болары анық. Қоршаған ортамен, өмірмен, бүгінгі күнмен, әр түрлі жаңалықтармен байланыстыра оқытуды қазіргі дидактика да талап етеді [69]. Алайда жасыратыны жоқ, көптеген мұғалімдер бұл заңдылықты дұрыс орындай бермейді. Осыдан кейін педагогиканың заңдылығы бұзылады. Заңдылық бұзылады деген бар тәртіп, реттілік, білім беру жүйесі бұзылды деу керек [70].

Көбіне мұғалімдердің айтатыны: «Балалар оқымайды, ауыздарын ашпайды, әбден жалқауланып алды» деген сөздер осыдан келіп шығады. Осы сөздерді айтатын мұғалім әлсіз, дәрменсіз. Өйткені, мұғалімнің шеберлігімен кереметтілігінің өзі сол – оқымайтын баланы, тыңдамайтын «тәртіпсіз» баланы тындатып, тәрбиелеуде. Жасыратын жоқ, көптеген мұғалімдердің шығармашылық іздемпаздығы жетіспейді. Әлі күнге дейін бізде енжарлық, жалқаулық етек алған. Мәселелі оқыту, оқушылардың логикаларын дамыту, жүйелі түрде ғылыми білім беру, саралап оқыту жолдары жоқтың қасы. Оқушының өздік білім алуында еркіндік бере отырып, қандайда бір қағидаға

көзін жеткізу, міне оқулықтың бүгіндегі ең үлкен тәсілі осы болуға тиісті [71].

Бұл істе М. Жұмабаевтан үлгі алуымыз керек. Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық қызметіне тоқталғанда оның ұстаздық шеберлігін айтпай өте алмаймыз. Ол туралы 1922 жылы Мәскеу Күншығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде оқыған Бейсенбай Кенжебаев «Қазақ тілі», қазақ әдебиетін

М. Жұмабаев оқытқан еді. Ол ғалым, тәжірибелі, шебер оқытушы, асқан методист-педогог еді. Мысалы, ол шәкірттеріне «Өздерің білген бір ертегіні жазып келіңдер, соны сыныпта оқып, бәріміз бірге талқылаймыз» деп, тапсырма береді. «Сөйтіп, ол бізге әрі әдебиетті, әрі дұрыс жазуды, әрі шығарма жазуды үйретті. М.Жұмабаев сабақ өтіп жатқанда ешқандай сөз пайдаланбай суырып салма әдісімен өз ойын ортаға салып, оны өлеңдер, мысалдар, шығармалардан үзінділерді жатқа оқып-дәлелдеп отыратын» деп М.Жұмабаев еске алды. М. Жұмабаев тәрбие түрлерін жүзеге асыратын тәрбие құралы-оқулық екендігін үнемі еске салып отырады. Оқулықтың бала жасына сай және бағдарламаға сәйкес жазылу қажеттігін меңзейді. Халықтың, мемлекеттің тағдыры өз мектебіне байланысты, оның құрлысына сай болуы керек дейді М.Жұмабаев. Өкінішке орай, қазір біздің елімізде ұлттық мектептегі қалыптастырудың бір тұтас ғылыми дәйектілікпен жүйелі тұжырымдамасы жоқ. Біресе Ресей, не болмаса Еуропа елдерінің оқу-ағарту нысаналарын көздесек, бірде Түркияға көз тігеміз. Қазақтың кемеңгер ұлтжанды азаматы М.Жұмабаев: «Соңғы кезде соқыр еліктеу ауруы біздің санамызға сіңіп барады. Еліміздің саяси бағытындағы һәм шаруашылық тұрғысын жаңа жолға қоймақшы болғанда да, біз еліктеу ауданында тұрмыз. Қазақ жанын отырып жат халыққа салмақшымыз. Жат халықты қазақ жанына қабыстыру, яки қалып жасау тәжірибесіне кірісуіміз қарадай қорқынышты» деп, бұдан 80 жыл бұрын батыл да ашық ұлтжанды азамат айтқан блатын. М.Жұмабаевтың жоғарыдағы ойын басшылыққа ала, отырып, ұлт мектептерінің моделін жасауды, ондағы тәрбиенің біртұтас тұжырымдамасын түзуді ойластыру керек.

Адамзат дамуы тарихының қай кезеңінде болсын адамгершілік, ізгілік, қайырымдылық тәрізді этикалық құндылықтар өз мәнін еш уақытта жойған емес. Әр халық, әр ұлт географиялық орналасуына, психологиясына, менталитетіне, тарихы мен мәдениетіне байланысты жас ұрпағына шама-шарқынша тәлім-тәрбие береді. Тәрбие хақында қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған мол тәжірибесі, қорланған педагогикалық түйіндері бар. Мәселен имандылыққа баулудың өзіндік жүйесін, тиісті әдіс-тәсілдерін халқымыз батырлар жыры, аңыз-әңгімелер, лиро-эпостық жырлар, айтыс, шешендік сөздер, терме, мақал-мәтелдер сияқты ауыз әдебиетінің үлгілері арқылы жас ұрпақ санасына күйған. Бұлардың ілкі бастаулары алғашқы жазба мұраларымыз болып есептелетін көне түркі Орхон – Енисей жазба мұраларымыз да, IX – XII ғасырларда ғұмыр кешкен ғұламалар әл – Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Махмуд Қашқаридің еңбектерінде сөз болған. Имандылық тәрбиесі жөнінде халқымыздың ұлы ойшыл философы

А.Құнанбаев, дүлдүл ақыны М.Жұмабаев, М.Дулатов сынды тұлғалар шәкірттерді оқытуда діннің маңызын баяндап, ғылыми зерттеулерін ой – талғамдармен көрсетті.

«При изучении человека и его образования всего глубже складывается убеждение, насколько сильно влияют не слова, а действие близких лиц на развивающегося ребенка и насколько любовь к труду воспитателя содействует нравственному развитию ребенка» [72]. Мағжан баланы тәрбиелеу жайындағы ойын былай деп жазады: «Тәрбие деген-баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес, яки отырса -басқа, тұрса-аяққа ұрып, көрбала қылып өсіруде емес. Баланы тәрбие қылу -тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Қалса-өзін, асса-барлық адам баласын әділ жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғыық теңізін қайратпен кеше білетін, адалдық жолында құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі болатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару. Баланы мұндай адам қыла алу үшін, тәрбиеші бар күшін, бар білімін жұмсап, жалықпай, шаршамай үйрете білу керек» [67].

М.Жұмабаев шығармаларына педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.Ильясова былай деп жазған: «Знакомства с содержанием целевой утановки воспитательного процесса, предложенной М.Жумабаевым, дает нам основание утверждать, что в ее основу были заложены идеи гуманизации и формирования гуманной личности. Иначе говоря, цель воспитания должна быть направлена на воспитание человекообразующей функции» [68].

М.Жұмабаевтың педагогикалық мұраларының ішінде тағы бір құнды еңбегі «Сауатты бол», ересектердің сауатты болуына қолғабыс болатын кітабы. Ол 1926 жылы Мәскеу қаласында басылып шыққан. М.Жұмабаевтың бұл еңбегі А.Байтұрсыновтың «Әліп-би» атты еңбегімен астасып жатыр. Сонымен қатар оқулықта А.Құнанбаевтың, Х.Досмұхаммедовтың, С.Садуақасовтың, Б.Майлиннің т.б. ақын-жазушылардың өлеңдері, әңгімелері берілген. Л.Толстойдың тәрбиелік мәні бар ертегілері мысал ретінде келтірілген. М.Жұмабаевтың бұл еңбегі жүйелі, тілі жеңіл жазылған оқулық. Гинсберг т.б. қол еңбегімен ақыл-ой еңбегі туралы айтқан кейбір жансыз ойларын сынап отырып «Біздің дағдарып тұрған мектебімізді бастап алып кететін даңғыл жол жоқ. Сондықтан оқу құралын жазып жатқан азаматтар бұл оқу құралы қандай мінезді мектепке арналады - сол туралы ой жүгіртсе игі болар еді. Кең қазақ мектебіне негіз ізденгенде, таза пән көзінен, яғни мектеп құрылысының қазақ жанына қабысуы жағынан келуі дұрыс болар еді» - деп жазады. Мағжанның бұл ой-пікірлері бүгінгі педагогика процесінде оқытуды жаңа жүйеге негіздеу барысында өз мәнін жоғалтқан жоқ. Халқымыздың рухани қажетіне жарайтын қымбат ғылыми мұралар қалдырып кеткен ерен азаматымыз М.Жұмабаевты тілге тиек етуіміз бүгінгі қоғам үшін шартты нәрсе. Мағжан мұрасы бүгінгі таңда көптеген зерттеушілеріміздің әр салада жазған еңбектерінде көрініс тапты. Мағжанның әдеби мұрасы Х.Абдуллиннің, С.Ақатаевтың, Б.Қанарбаеваның,

С.Қожановтың, П.Перімбекованың, педагогтық жолы туралы Р.Көшенова, Ә.Табылдиев, С.Қалиев, Қ.Бітібаева, Ш.Біткенбаева, тарихи өмірі жайлы М.Тәтімөв, Г.Райги, К.Нүрпейісов, М.Қойгелдиев, М.Қозыбаев еңбектер жазды .

Адам жұртының бақытқа жетер жолы тек сауат ашып, білім алуында деп білген Мағжан халқы үшін өнер-білімге үндер ағартушылық өлеңдерін арнаумен ғана шектелмей, ғылыми оқулықтар әзірлеумен де шұғылданды. Бар өмірін ұлтының ел қатарына қосылуы үшін жұмсап, келешек ұрпағын оқыған азамат етіп тәрбиелеуді мақсат еткен. М.Жұмабаев бүгінде өзінің педагогтық мұратына жетті деп айта аламыз.

XX ғасырдың бірінші ширегінде жазықсыз жапа шеккен, отызыншы жылдары сталиндік озбырлықтың құрбаны болған көрнекті дәрігер, фольклоршы, қоғам қайраткері, педагог-ғалым, профессор **Х.Досмұхамедов** XX ғасырда қазақ ғылымының іргетасын қалаған ірі ғалым. Ол өмір сүрген дәуірде қазақ қоғамы үшін қызмет еткен қайраткерлер бір ғана саламен шектеліп қоймаған. «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім ал», -деген аталы сөз ұстанған олардың еңбектері сан-салалы болып келеді. Себебі, ол кездегі Х.Досмұхамедов халқымыздың кәсібі, тұрмыс-тіршілігі, аңшылық өмірі, киіз үй мен оның барша жиһазы, ұлттық киімдері, әсіресе қыздар тағатын алтын-күміс, сырға-шолпы, қамқа тон, бес қару т.б. тізбектей келіп, олардың жас буынды еңбекке, кәсіпшілдікке, ерлікке, адамгершілік қасиеттерге баулып тәрбиелеуде маңызы зор екендігін дәлелдейді. «Қазақ халық әдебиеті» оқулығында халықтың тұрмыс тіршілігі, аң шаруашылығымен тығыз байланысты екендігін айтады. Сөйтіп, жеткіншекті еңбекқорлыққа тәрбиелейді. «Еңбек -өмірдің тұтқасы, тіршіліктің көзі. Еңбексіз өмір жоқ»-деген қазақтың нақыл сөзін баланың бойына дәріптеуге талпыныс жасайды. Жастарды еңбекке баулығанда күнделікті кәсібіне, тұрмыс-тіршілігіне байланысты төрт-түлік малды бағып-қағуды, аң аулауды жырға қоса отырып, Халел жастардың ұлттық сана-сезімін оятып, халқының әдет-ғұрыпын, салт-санасын қадірлеуге шақырады. Халелдің педагогикалық тұрғыдан ерекше назар аудартар ендігі бір түйіні ұлттық педагогиканың қалыптасуына қоғамдық ортаның, әсіресе ондағы әлеуметтік тәрбиенің ықпалы жайлы мәселе. «Ұлт мемлекетін жасап, қазақ арасынан әлеуметтікті тұрғызамыз деген дәуірде тұрмыз. Жаңа әлеуметтікті тура жолмен жасау үшін ең алдымен елдің бұрынғы, ондағы әлеумет мінездерін тексеру керек. Әлеуметшіліксіз қазақта ұлт тіршілігі, ұлт мемлекеті болуы мүмкін емес. Қазақ әлеуметтігінің өткенін жөндеп түсініп, қалпын анық көріп, кемісін болжай білу — оқыған зиялыларымыздың міндеті. Әлеуметшілік құру үшін елдің өткен-кеткен тұрмысын, бұрынғы болған әлеумет қимылдарын тану керек» - дейді Халел [69].

Бұл түйіндерден оның ұлт /этнос/ педагогикасының қызықты, ілгері мәселелеріне көңіл аударатынын көреміз. Х.Досмұхамедов «Аламан» атты еңбегінде «Тіл, сөйлеу - адам психологиясының басты белгілерінің бірі. Тіл - жұрттың жаны. Өз тілін білмеген ел болмайды. Тілінен айырылған жұрт жойылған жұрт. Мектеп пен баспаның тілі дұрыс болса, елдің тілін

көркейтiп, байытып гүлдендiредi. Мектеп пен баспада қолданудан қалған тiл шатасқан тiл. «Ол ел - сорлы ел, мұндай елдiң тiлi бұзылмай қалмайды. Ана тiлiн бiлмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесу бұл күйiнiш. Өз тiлiн бiлмей тұрып, жат тiлге елiктей беруi зор қате» - дейдi [70,91].

Оның тiл жөнiнде айтқан тұжырымдары ғылым мен мәдениеттiң саңлақтары Р.Ғамзатовтың «Егер ертең туған тiлiм жоғалар болса, мен бүгiн өлуге дайынмын.», Канттың «Халық өз тiлiнен айырылған кезде характерiнен де айырылады», К.Д.Ушинскийдiң «Халық ауызындағы тiл өлсе - халық та өледi» - дейтiн сөздерiмен үндесiп жатыр. Бұдан жетпiс жыл бұрын айтылса да, Халел сөзi мән-мағынасын жоғалтпағанына куә боламыз.

Сонымен бiрге, «Аламан» атты мақаласында автор былай дейдi: «Көптiң пайдасын ойлай тұрса да, - бүгiнгi жұрттың қамын жей тұрса да, өзiнiң менмендiгiн көп үшiн құрбан қыла алмайтын, өз дегенiн күшпен орындайтын, өз басын артыққа санап, сөзiн сөйлеп соңынан ермегендерi, қарсы тұрғандарды түсiнбегендiгiмен, ақылсыздығынан қалды деп бiлетiн, көңiлiне жақпаса өзi қойған бастығының бұйрығына, өзi қалаған тәрiптiң жолына бас ұрмайтын; Отан сезiмi, мемлекет сезiмi кем, мен-мендiк сезiмi өте күштi құлыпты аламандық деймiз»-деп жазды [70,91].

Х.Досмұхамедовтың бұдан бiрнеше жыл бұрын айтылған қазақ халқының ұлт психологиясының өзiндiк ерекшелiктерiн көрсететiн осы бiр ой тұжырымы сол кездегi көшпелi өмiрдiң әсерiнен қалыптасқан қасиет болатын. Осы аламандық қазақ халқының мiнез құлқында әлi де бар ма, бар болса оның қазiргi көрiнiстерi қандай? деген сұрақ психологтар мен педагогтарды ойландыруы тиiс. Автордың «Аламан» ұғымына берген анықтамасында қазақ елiнде жиi кездесетiн аламандық ұғымы басқаға бағынбайтын бәсекешiл топтың психологиясы сипатталады. Қазiргi әлеуметтiк психологияның тiлiмен айтқанда, бiр-бiрiмен үнемі бәсекеге, шекiспей берiспейтiн, ұйымдасып қылмыс жасайтын топтар. Х.Досмұхамедовтың «Халықтың көшпелi өмiр салты, жауапкершiлiк мiнезi, орталықтанған мемлекеттiк құрылыстың болмауы қазақ даласында аламандықты алып келдi» деген қағидасы ғылымилығы жағынан дәлелдi қорытынды. Сондай-ақ, «сананы салт туғызады, ақсақалшылдық рудың ақылгөй, басшысы» деген пiкiрлерi де көкейге қонымды. Оның қазақ қоғамының саяси әлеуметтiк жағдайының өзгеруiмен әлеуметтiк мiнезi де, аламандығының мән-мағынасы да өзгерiп отырады дейтiн қисыны, бұлармен қатар әлеуметшiлдiк дейтiн ұғымға берген анықтамасы да, аламандық бар жерде әлеуметшiлiк бола алмайды, әлеуметшiлiксiз қазақша ұлт тiршiлiгi, ұлт мемлекетi болуы мүмкiн емес-дау тудырмайтын тұжырымдар.

Сонымен қатар Х.Досмұхамедов педагогтық қызметiмен бiрге Қазақ ССР халық денсулығын сақтау комитетiнде жоспарлау-ұйымдастыру басқармасының меңгерушiсi қызметiн атқара жүрiп, ұлттық мектептердiң жаңа жүйесiн құруға, қазақ тiлiнде ғылыми терминология жасау iсiмен айналысады. Халел педагогикалық ағарту жұмыстарын қазақ тiлiндегi оқулықтар шығару iсiмен шебер ұштастыра бiлдi.

Ана тіліндегі ғылымның бастау кезіндегі тырнақ алды дүниені жазу үстінде ғалымның алдына қойған мақсаты, жауапкершілігі зор екенін мына сөздері аңғартады: «Қазақ тілінде бұған дейін Ахметтің «Тіл құралынан» басқа ешбір ғылым жайында жазылған кітап басылмады. Қазақ тілі ғылым жолына шалынбаған, сөздер ғылым ретіне қарай жөндікпеген, тіл. Сондықтан да, қазақ тілін ғылыммен таныстырып, ғылым жолына салатын заман келді. Ғылым атауларына келісті ат тағу деген алғашқы уақытта тым мұқтаж, бүтін ілгері болашаққа жол салатын нәрсе. Алғашқы жазылған кітаптарды әсем қылып, сөздің жүйесін келтіріп жазудан гөрі, ғылым атауларына лайықты ат тағу жағын қарастыру керек дейміз» -деген Халелдің пікірі ғылымды ең бірінші ұлттық болмысымызға негіздеу деген қазіргі идеямызбен астасып жатқандығын көреміз. Халел қызметінің тағы бір қыры - оның қаламы жүйрік журналист болғанын, қазақ тілінде шығып тұрған «Шолпан», «Ақжол», «Еңбекші қазақ», «Сәуле» сияқты газет-журнал беттерінде жарияланған мақалаларынан көруге болады. Ол мақалаларында негізінен тіл, тарих, дәрігерлік-емшіліктің қыр- сыры мол түрлі мәселелерді көтерді. Өзі қазақ-қырғыз білім комиссиясы жанынан «Сана» журналын шығарып редакторлық етеді. Халелдің оқу-ағарту саласындағы еңбектерінің бір шоғыры педагогика саласындағы зерделі азаматтың негізгі мамандығы дәрігер бола тұра, бұл салада тер төгіп қалдырған мол еңбектері еді. Х.Домұхамедовтың халық-ағарту саласындағы еңбегінің бір саласы - күні бүгінге дейін өз бағасын алмай жүрген, сол кезеңнің сұранысын өтеген, медицина, жаратылыстану, ана тілі мен әдебиеттану ғылымы саласындағы қазақ тілінде тұңғыш жазылған оқу құралдары мен ғылыми-көпшілік қолдауына ие болған кітаптары: «Табиғаттану», «Жануарлар», «Сүйектілер» туралы Қызылорда-Мәскеу қалаларында 1928 жылы басылып шыққан төл туындыларын атап өткен жөн. Сонымен бірге Халелдің баспасөз беттерінде, алуан түрлі жинақтарда жарияланған жүздеген мақалалары мен аудармалары, рецензиялары мен конференция, мәжілістерде жасаған Қазақстандағы мектептердің тарихына көз жіберсек, ХХ ғасырдың оныншы жылдарына дейін оқыту қазақ тілінде жүргізілген жоқ, араб тілінде, парсы, татар тілдерінде жүргізілді. Қазақ тілі оқытуға жарамсыз тіл ретінде саналды. ХХ ғасырдың оныншы жылдарында ғана қазақ мектептері ашыла бастады, осыдан бастап оқу бағдарламасы, методикалық нұсқаулар жасалды. Ғасыр басында лексикадан, грамматикадан, диалектикадан ғылыми жұмыстар пайда болды. Сонымен бірге қазақ тілі бастапқы кезде бастауыш мектепке пән ретінде кіргізіле басталды. Бастауыш мектепке ана тілін оқытуға байланысты әдістемелік нұсқаулық жасау қажеттілігі туды. Педагогикалық оқу орындарында оқу құралы ретінде Д.А.Афанасьевтің «Основа успешного обучения», «Очерки дидактики», И.А.Бобровниковтың «Что такое хороший урок», Н.А.Демкованың «Психология» еңбектері ұсынылды. Бұдан басқа грамматиканы қырғыз тілінде оқытуға байланысты жазылған Н.И.Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия», В.В.Катаринскийдің басқаруымен шығарылған «Грамматика киргизского языка» еңбектері бар. Жоғарыда аталған авторлармен ілесіп жарық көрген

Ташкент шаһарын мәдени ошаққа айналдырды. Ол Ташкент шаһарындағы қазақ-қырғыздың білімпаз өкілдерінің басын қосып ұлт болашағына бағытталған қасиетті іске жұмылдыра түсті. Орынбор мен Ташкент қалалары сол кездегі қазақтың ұлттық рухани орталықтарына айналды. Барлық саладағы ғылым мен білім жүйесінің тетігін, мәдениеттің ықпалды буынының тізгінін Орынборда А.Байтұрсынов, Ташкентте Х.Досмұхамедов өз қолдарында берік ұстады. Шығармашылық өнермен айналысуға мүмкіндік туған Ташкентте өткізген өмірінің соңғы кезеңінде Халел педагогикалық ағарту жұмыстарын қазақ тіліндегі төл оқулықтар шығару ісімен шебер ұштастыра білді. Қазақ баласы тұңғыш рет ана тілінде оқыған «Табиғаттану» кітабының алғы сөзінде былай дейді: «Бұл кітап қылып шығарып отырғанымыз Ташкендегі қазақ-қырғыз институтының шәкірттеріне оқылған дәрістерінің бір бөлігі. Ғылым ретінде кітап жоқ болған соң, балалардың өтінуі бойынша баспаға беріліп отыр. Термин табу бек қиын. Сөйткенмен қолдан келгенше терминдерді нағыз қазақ сөзінен алдық. Қате кеткен термин болса, хат арқылы білдіруіңізді өтінеміз. Кітап асығыс жазылған соң, қолымызды Қазақстан, Түркістан хақында мағлұмат берерлік кітаптар көп болмаған соң суреттерді өз жерімізден ала алмадық ҺӘМ Түркістан, Қазақстан хақында көңілдегідей мағлұмат бере алмадық» [71,325].

«Жануарлар» атты 3 бөлімнен тұратын еңбегін 1928 жылы Қызылорда қаласында жариялады. Халел оқу құралының кіріспесінде оқу-ағарту саласындағы жасалып жатқан шаралар мен уақыт талабына байланысты кездесетін қиындықтар жөнінде баяндай келіп: «Қазақ тілінде шәкірттер оқырлық дәріс кітаптарының жоқтығы бұрыннан мәлім болса да қазақ тілінде тәртіпті оқу жоқ болған соң, қазақтың саяси істері оңбаған соң көп сезілмейтін еді. Төңкерістен соң саяси істері өзгерді. Елді ағартып, надандықты жоюдың шын жолы - ана тілімен ғылым үйрету, ғылым үйрететін мектептерді көбейту, осы күнде қазақ халқы осы жолға түсе бастаған сықылды көрінеді. Қазақтар ішінен тәртіпті мектептер ашыла бастады, бұл мектептерде тәртіпті оқулар оқытыла бастады. Ташкенттегі қазақ-қырғыз институты, медреселер ашылды, барлық ғылым пәндері қазақ тілінде оқытыла бастады. Міне, осы кезде, дәрістік кітаптардың жоқтығы сезіле бастады. Қазақ тіліндегі жалғыз-жарым дәрістер бастауыш мектептердің екі-үш жылдығына ғана жарайды, онан жоғары кеткен соң дәрістік кітап жоқ, шәкірттерге сабақ тек ауызбен ғана айтылып жүр» - деп жазады. Халел айтқан бұл пікірлер заман қажеттілігінен туған ойлар еді. Қазақ балаларына мектептің, онда оқытылатын пәндердің жетіспеуі Халел сияқты алдыңғы қатарлы зиялы азаматтарымызды ойландырмай қалуы мүмкін емес еді. Сондықтан да олардың педагогика, тарих, психология, арифметика, әдебиеттанудан оқулықтар жазуы осындай қажеттіліктен, заман сұранысынан туған болатын. Ойымыз дәлелді болу үшін Халелдің мына сөздерін келтіріп көрелік. «Дәрістік кітаптардың жоқтығы үлкен кемшілік және халық ағарту жолындағы зор кедергі. Осындай кемшілікті жойып, кедергіні бұзу білімі бар қазақ зиялыларының міндеті. Алаштың

ішіндегі білімділердің мойнындағы борышын атқаратын заман келді» - дейді [72,31].

Х.Досмұхамедов ғылым тілін жасауда өзі ұстанған қағидасының маңыздылығы жайында шәкірттерге жеткілікті дәрежеде түсінік береді. Ғылым атауларын табу шығармашылық үздіксіз ізденістің, шыныққан зерденің жемісі екедігіне көңіл аударады. Өнер-білімнің шәкірт бойына сіңіп, санасына ұялауы үшін ғылым тілінің жүйелі болуы қажеттілігін ескертеді. Бұл ойын ғалым былайша жалғастырады: «Біздің алған жолымыз мынау болды: ғылым атауларына ең әуелі лайықты сөздерді қазақ-қырғыз тіліндегі сөйленіп жүрген аталып жүрген сөздерден алуға іздендік. Қолайлы сөз табылмаған халде ескі ұмытылған түрік сөздерінен, өзбек, ноғай сықылды ағайын түріктердің сөздерінен ыңғайлы сөздерді іздедік. Бұл реттен қолайлы сөздер табылмаған халде қазақ тілінде сөйленіп жүрген сөзден лайықты туынды сөздер шығаруға тырыстық. Жаңадан туынды сөз шығару деген тым қиын нәрсе, жаңа туған сөз - тілді бұзбайтын, жаңалығы көп сезілмейтін, сөз болуы керек» - деп жазады. Ғалым бұл оқулығын жазарда орыстың кітаптарына, немістің оқулықтарына сүйенген. Ол жөнінде былай деп жазады: «Табиғаттану» мен «Жануарлар» орыстың жақсы кітаптарынан құралып, бірнеше рет тергеліп, тексеріліп жазылды. Бұл кітаптар жазылғанда қолға түскен түріктердің және ноғайлардың дәрістік кітаптары да қаралды. Жануарлар көбінесе орыстың Алиуб деген профессорының және немістің атақты Брем деген білгішінің кітаптарынан жазылды» - дейді.

Автор оқулығын белгілі бір жүйемен жазған. Әр саланы ғылыми тұрғыда талдау жасай отырып, оқушыға жан-жақты білім беретін, жануарлар жайлы мол мағлұмат сілтейтін ғылыми еңбек. Ғалымның жазған оқулықтарының ғылыми құндылығы қай жағынан болса да үлгі тұтарлықтай. Өйткені ол өзгерістерге жалаң еліктеп, дайын нұсқаның көшірмесін жасауға әуестенбеді, қолына қалам алып, ол ана тілінің мол мүмкіншілігін сарқа пайдаланып, ат беріп, атау тағып, көркемдік-құрылымдық жүйесін үйлестіре, ұлттық болмысы мен ерекшелігіне тән етіп түзді.

Х.Досмұхамедов жазған «Табиғаттану» кітабының ішіндегі сәтті ғылыми қолданыстар мен балама сөздерді, бүгінгі күні ұлттың ғылыми тілін дамыту жолында қолдануға әбден болады. Қазақ мектебінің табалдырығын аттап, тәлім-тәрбие алған шәкірттердің бәріне жаттанды болып кеткен «Табиғаттану», «Жануартану» пәндерінің атын тұңғыш рет ғылыми терминологиямызға енгізген Х.Досмұхамедов екендігін мақтанышпен айтамыз. Халел «Оқушының саулығын сақтау» атты мақаласында оқушының денсаулығын сақтауына байланысты өз ақыл-кеңесін топ-топқа бөліп көрсеткен. Оқулық жайында автор өз ойын былайша түйіндейді: «Оқушының саулығын сақтау» денсаулықты сақтауға үйрететін толық құрал деп түсінуге болмайды. Сонда да, осында айтылған шарттар орындалып тұрса, жас буынның таза болып, дұрыс өсуіне едәуір себепкер болар еді» - деп жазады. Автор оқушының саулығын сақтау оқулығының

«Сөз басы» бөлімінде, пәннің мақсатын, қазақы сөз орамымен мәнін келтіріп, оқушының қабылдауына лайықтап, қарапайым тілмен жеткізеді. Ғалым тазалыққа ерекше көңіл бөле отырып, оқушыларды гигиенаны сақтауға шақырады. Ғалымның жоғарыда айтылған ойлары бүгінгі таңда өз құндылығын жойған жоқ. Қазіргі кезде салауатты өмір сүру салтын сақтау мәселелерінде айтылатын пікірлермен Халел тұжырымдары өзара астасып жатыр. Сонымен қатар Халел ойлары халықтың денсаулық жайлы айтқан ойларында да көрніс тапқан. Тазалықтың тіршіліктегі маңызын жақсы түсіне білген халық: «Тазалық - денсаулыққа кепіл», «Саулық - байлық кепілі», «Сынықтан өзгенің бәрі жұғады» - деп тазалық - денсаулықтың басты шарты екендігін ескерткен. Адам денсаулығы үшін аса қажетті факторлардың бірі - ұйқы. Ұзақ күнгі жұмыстан қажып, шаршаған организмнің қайтадан күш жинауы арқылы жүзеге асады. Бұл жөнінде халықта мынадай мақалдар қалған: «ұйқы орын талғамайды», «ұйықтамағанның ақылы қабағында», «ұйқы өліммен тең» Халел де осыған ұйқас сөздерді оқушыларға айтқан болатын. «Ұйқы адамға күш жинап, қуат береді. Адамға пайдалы ұйқы - түссіз қатты ұйқы. Түнде ұзақ отырып істеген жұмыс адамның ұйқысын бұзады, адамды ұмытшақ қылады, сондықтан саулық сақтау білімі саған ерте жат-ерте тұр, сонда ғана ұйқы сені тынықтырады» - деп жазады. Медицина мен гигиена, биология мен адам анатомиясы һәм жалпы табиғаттану саласында өз заманында шыңға шығып, қоғам сұранысын өтер соны да, төл іргелі еңбектер жазған жаратылыстанушы ғалым рухани, қоғамдық ғылымдар саласында өшпес із қалдырғанына куәміз. Х.Досмұхамедов имандылық, адамгершілік, отансүйгіштік, елжандылық, және гигиеналық тәрбиелер туралы ой-пікірлері оның еңбектерінің мазмұндары арқылы берілген. Білім Комиссиясының жоспарына көз салсақ, Х.Досмұхамедов үлкен істерді бастап, әрі кезек күттірмейтін, халық үшін ең қажетті мәселелерді қамтыды. Оның жаратылыстану саласында ұлттық ғылыми терминдерді жасау мәселелерінің теориялық астарына үңіліп, оның принциптік жақтарына ерекше назар аударды.

Х.Досмұхамедовтың ерекше бір еңбегі «Оқушының саулығын сақтау» деп аталатын кітап 1923 және 1925 жылдары жарық көрді. 1 сатыдағы мектеп оқушыларының гигиенасын түсінікті тілмен тартымды жазған осы аударма кітапшаны Х.Досмұхамедовтың өзі қосымша кеңейтіп, елінің жасөспірімдері үшін жасалған үлкен еңбегі деп бағалауымыз қажет.

Х.Досмұхамедов «Білім алудың жолы көп, соның ең негізгісі жақсы мектеп, білімді мұғалім, мұнан қалса, ел ішіндегі көпке түсінікті болып жазылған білім кітаптары» деп орынды пікір айтты.

Х.Досмұхамедов 1923 жылы қыркүйек айынан бастап, Халық ағарту комиссариаты жанындағы мемлекеттік ғылыми кеңес төрағасы қызметіне тағайындалды. Мәдени-ағарту саласының ұйымдастырушысы Х.Досмұхамедов 1923 жылы 13 желтоқсанда Ташкенттегі қазақ зиялыларының басын қосып, мемлекеттік ғылыми кеңестің жанынан «Талап» қауымын құрып, заңды тұлға болып тіркелді. «Талап» қауымының

жұмысын айғақтайтын іс-қағаздар Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатында сақталған .

1924 жылы Х.Досмұхамедовтың «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингорманизм заңы» деген атпен жеке кітабы шықты. Ғалым тілдік дыбыс жүйесіне қатысты өзекті заңдылықты зерттеу барысында, ең алдымен оның практикалық мәніне назар аударғаны байқалды. Бүгінде мәнін жоғалтпаған қағидалы тұжырымнан Х.Досмұхамедов, А.Байтұрсынов негізін салған қазақ тіл білімі ғылымының мерейін көтерген айтулы өкілі, ұлтжанды азамат екендігін аңғарамыз.

Профессор Х.Досмұхамедовтың ғұмыр жолы мен шығармашылығын шолу үстінде, оның тағы бір қырымен, ұстаздық, педагогтік, қызметімен қатар, Қазақстанда жоғары педагогикалық білім берудің қалыптасуы және дамуы тарихындағы ғылыми мұрасын сол кездегі республикамыздың қоғамдық-саяси жағдайымен ағарту майданында бірге ат салысқан тұстастарын, халқымыздың белгілі қоғам қайраткерлерімен байланыста қарастыруға болады. Халық ағарту комиссариатының 1923 жылғы 8 қазандағы шешімімен Ташкенттегі Қазақ Ағарту институтын жоғары педагогикалық оқу орнына айналдыруға шешім қабылдағанын байқаймыз[73].

Бұл кезде Х.Досмұхамедов қазақтың жоғары педагогикалық институтын басқару үшін құрылған кеңес мүшесі болып ұйымдастыру жұмыстарына араласты. Ташкент қаласындағы қазақтың жоғары педагогикалық институтының оқу жоспарын және бағдарламасын жасау үшін Ташкент қаласындағы білім әдіскерлері мен профессорлар, ғалымдар шақырылды. Арнайы комиссия құрылып, құрамында Х.Досмұхамедұлы, профессор Н.А.Димо, профессор А.Э.Шмидт, профессор В.И.Романосский, профессор Н.Н.Фиолетев, доцент Д.Барботмен, профессор Н.Л.Лаппа және тағы басқа өз мамандықтарына жетік ғұлама ғалымдар бар.

Шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік туған, Ташкентте өткізген өмірінің кезеңі Х.Досмұхамедовтың ұйымдастырушылық, ғылыми-педагогикалық талантын жарқырата көрсетті. Халел бір басына бірнеше қызметтерді қатар атқара жүріп, ұлттық мектептердің жаңа жүйесін құруға, қазақ тіліндегі ғылыми терминология жасау ісіне белсене араласты. Сондықтан да, Х.Досмұхамедовке 1927 жылы 21 наурызда Қазақ мемлекеттік университетін ұйымдастыру жоспарын жүзеге асыру үшін тапсырылған жұмыстарды нақты және уақытылы орындағаны үшін алғыс жарияланды .

Х.Досмұхамедов қазақ ұлты тарихындағы мәдени өрлеуге ұйытқы болған, «Отанымыздың тұңғыш білім, ғылым ордасы, қасиетті қарашаңырағы» тіркесі түріндегі атауымен ұлттық мақтанышымызға айналған Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының қаз тұрып, қалыптасып, өсу, өркендеу бағытындағы атқарған жұмыстары, ұлттың мәдени жетілуіне ықпал ететін білім, ғылым ордасына деген сүйіспеншіліктің үлгісі кемеңгерлік пен көрегендіктің көрінісі дейміз.

Халелдің халқына қалдырған елеулі еңбегіне жазушы Ә.Кекілбаев өз бағасын берген. Ол былай деп жазады: «Бергеннен берері мол,

халқымыздың аяулы перзенті, мемлекет, қоғам және саясат қайраткері, біртуар тұлға Х.Досмұхамедовтың зорлықпен өткен өмірі енді артында қалдырған алтын мұрасымен жалғаса бермек. Халелдің еңбектері жаңа қоғамымыздың, қазіргі және болашақ ұрпақтарымыздың рухани өсіп-өнуіне, дамуына ықпал ететіні айдан анық қағида». Ә.Кекілбаевтың бұл пікірі Халел еңбегінің бүгінгі ұрпақ үшін берері тәлім-тәрбиесі зор екендігін көрсетеді. Х.Досмұхамедовтың өмірі мен шығармашылық жолын жан-жақты баяндаған К.Нұрпейісов, М.Күлкенов, Б.Хабижанов, А.Мектепов құрастырған еңбек дүниеге келді. Аталған еңбектерінде ғалымдар Х.Досмұхамедовтың қызметі мен ғылыми еңбектеріне талдау жасаған. Ғалым А.Тұрсынова өзінің «Х.Досмұхамедовтың педагогикалық мұрасы» атты зерттеу еңбегінде Х.Досмұхамедовтың этнопедагогикалық және этнопсихологиялық көзқарастарын жүйелі түрде зерделеген. Зерттеуші А.Тұрсынова Х.Досмұхамедовтың педагогикалық еңбегіне жасаған анализін «Антология педагогической мысли Казахстана» атты кітапқа енгізген [74]. Алаш қайраткердерінің өмір жолы мен қызметтерін зерттеп жүрген тарихшы К.Нұрпейісов өз еңбегінде Х.Досмұхамедовтың «Алаш» партиясын құру жолындағы күрес кезеңін суреттейді [75]. Соңғы жылдары Х.Досмұхамедов жайлы басылым беттерінде көптеген мақалалар жарық көруде. Б.Орынбекұлы, А.Мамаев, Ш.Каримов ғалымдардың еңбектерін атауымызға болады. Дегенмен, бұл еңбектердің көпшілігінде Х.Досмұхамедовтың өмір жолы, студенттік кезеңдері, оның дәрігерлік қызметі, ой-пікірлері сөз болады, ал педагогикалық, оқытушылық қызметтері талдауға әлі де болса аз алынған. С.Қалиевтің, А.Ильясованың зерттеулерінде Х.Досмұхамедовтың педагогикалық еңбектері жүйелі түрде зерттелген.

Х.Досмұхамедовтың мәдени тарихымызда ерен еңбегі әдебиетіміздің классигі Махамбетті тірілткені, оның жыр-толғауларын бүгінгі ұрпаққа мирас қылғаны. Мұрат Мөңкеұлы, Шернияз шешен, Ығылман жырау, Қарасай-Қазы, Кенесары-Наурызбай, Абай, Мағжан, Бернияз осынау қиын кезде, осылардың бәрін хатқа түсіріп, тасқа бастыру ерлік емей немене? Х.Досмұхамедовтың имандылық, адамгершілік, отансүйгіштік, елжандылық, және гигеналық тәрбиелер туралы ой-пікірлері оның еңбектерінің мазмұндары арқылы берілген.

Олай бола тұрса да, кеңестік дәуірдің солақай саясаты өз асылымызды өзімізге ұлтшыл, халық жауы деп көрсетіп елден шеттеткені бізге белгілі. Оның мақалалары, еңбектері түгел елден аластатылды. Бүгінде, демократиялық ел болып, саяси бостандыққа қол жеткізген шағымызда ел арысы Х.Досмұхамедұлының тұңғыққа тығылған еңбектері де әр жерден қылтып бой көтеруде. Сол еңбектерін оқи отырып, оның өн бойындағы тұнған адамгершілік, патриоттық қасиеттерінің болғандығына көзімізді жеткіземіз. Оның жастарды бірлікке, жерін сүюге, еліне қызмет етуге шақырған еңбектерінің бүгінгі егемен елінің жағдайында үлкен саяси мәні бар екені белгілі. Ресей қарамағындағы құлдық қамытын киген қазақ халқынның басын біріктіріп, басшыларымен терезесі тең тәуелсіз мемлекетін құрамайынша, күн көріп, көзін ашуы қиын екендігін айтқан тұңғыш

саясаткер энциклопедиялық білімді, ақылға келмесе, бірнеше тілді еркін меңгерген қазақ зиялысы Х.Досмұхамедұлы еді. Бұл тарихи шындық. Ол осы ұлы мақсатын жүзеге асыру үшін бар күш-жігерін аямай күреске кірісті. Ел мүддесін, ұлтының келешегін ойлаған қайраткер халқының басына қиын-қыстау күн туып, туған даласының аспанынан қара бұлт торлағанда «жаным-арымның садағасы» деп, шыбын жанын шүберекке түйіп, озбырлыққа қарсы жүрді емес пе?

Х.Досмұхамедұлы халық бақыты үшін күреске бел байлап кіріскен адамдар үшін айқын үміт, берік сезім, қалтқысыз иман сияқты қасиеттермен қатар терең білім қажет дейді. Ол: «жеңіске жету үшін осы аталған қасиеттермен қатар білім қуаты қажет. Психикалық білімге ие болу, қару – жарақтарды ерсін – ерсін қолдану азаттық күреске аса қажет. Адаспау үшін, адаса қалғанда дұрыс жолды қайта табу үшін де білім керек» [72].

Ол күрескер тұлға болу үшін үміт, иман, сенім тәрізді рухани – моральдық ықпалдармен бірге ғылыми-техникалық білімнің өзара тығыз бірлігі қажеттілігін айтады. Ғұлама ғалым ағарту мәселелері туралы сөз қозғағанда, осы мәселенің көлеңкелі жақтарына тоқталады. Атап айтқанда, аталмыш жәйттің кеңес өкіметінің алғашқы кезеңдерінде Қазақстанда дұрыс жолға қойылмағандығы сөз болады.

Х.Досмұхамедұлы білім алу мәселесін ұлттық рухани мәдени бірлікте қарастыру керек дейді. «Рухани мәдениет халықты есейтетін және жетілдіретін нәрсе». Халқымыз жай адамдардың жиынтығы емес, өзіне тән мәдениеті бар қауым. «Ол қазақ халқы өз ғылымы мен білімін, әдебиеті мен мәдениетін бүкіл жер жүзіне таныту үшін әрекеттенуі қажет деп түйіндейді. Қазақтар өз мәдениетін күллі әлемге, соның ішінде Еуропаға да таныту керек екенін білу тиіс» [73].

Уақыт көрсетіп отырғандай **М.Әуезовтың** қай дәуірге болмасын оқушы қауымына берерлік рухани азық қоры мол. Оның сан-қырлы таланты, кең тынысты творчествосы күннен-күнге жаңара, түрлене түсуде. Алайда, болмыс-бітімі, тұрмыс-тіршілігі, бүкіл саналы ғұмыры халықтың тыныс-тіршілігімен астасып, халқының өткенімен, бүгінімен, болашағымен жалғасып жатқан М.Әуезов творчествосын қанша терең, зерделеп зерттедік десек те оның талантының табиғи қырлары, иірім-иірім көріне беретін, табыла беретін секілді. М.Әуезов шығармасында халықтық педагогика мен психологиясының, ұлттық тәрбиенің терең тамырлары, ғажап үлгілері мен тәжірибелері терең тамырлары жатыр. Кейін оның оқулықтар мен ғылыми еңбектер авторы, ғылыми ұстаз, білікті профессор, атышулы академик болып танылуына да осылар әсер еткеніне күмән жоқ. М.Әуезовтың педагогикалық бай мұрасының ішінде біз оның дидактикалық көзқарастарын басты орынға қоямыз. Оқу процесі, мектептегі білім беру жүйесі мен оның басты бағыттары туралы көптеген еңбектер жазған. Білім беру мазмұны, принципі, оқытудың формасы мен әдіс-тәсілдері Қазақстанда өз деңгейінде дамыды. Мәселенің теориялық және практикалық Шешімі елдің мәдени, қоғамдық, экономикалық, саяси қажеттілігіне байланысты шешіліп отырды. Совет мектебінде оқыту мен тәрбиелеу мәселесін ғылыми-

педагогикалық тәжірибені жинақтау арқылы ең басты рөл атқарды.

М.Әуезов теория мен практиканың дамуына байланысты педагогикалық процесті методологиялық және теориялық жағынан қайта қарастырып, оны қолдану жағдайына қатысты өзгерту қажеттілігіне назар аударды. Қазан төңкерісінің жеңісінен кейін оқыту практикасында өзгерту мәселесі түбегейлі орын алды. Жаңа мектеп еңбекшілердің балаларына жан-жақты білім беруі қажет болды. Совет дидактикасы жаттанды принципті, оқытудағы формализмді өзгертіп, мұғалім мен оқушының ынтымақтастығын арттыру, оқыту мен еңбекті байланыстыру, мектепке достық атмосферасын, творчестволық еңбек процесін қамтамасыз ету мақсатын көздеді. Бұл кезеңнің басты мақсаты көптеген зерттеушілердің айтуынша, өмір қажеттілігіне байланысты мектептердің әр сатысына біріңғай жоспар мен бағдарлама жасау болды. А.Сембаев пен Г.Храпченковтың мектеп қызметін дәлелдеуге жасаған зерттеулерінде 1922-1923 жылы РСФСР-дің мемлекеттік Білім беру Советінің ғылыми-педагогикалық секциясы бекіткен бағдарламалары ұлттық мектептердің қажеттілігін өтей алмады деген тұжырым жасады [95]. Сондықтан да Казнаркомпростың академиялық орталығы қазақ мектебіне арналған уақытша бағдарламалар жасады. Сол жылдары қазақ мектебіне арналған типтік бағдарламалар жасау күн тәртібінде тұрған мәселелердің бірі болды. Бұл үшін қазақ ғалымдары ат салысты. Соның ішінде М.Әуезовты ерекше атауға болады. Оның педагогикалық қызметі оқытуды жаңа мазмұнға енгізу үшін күрес жолында өтті. Оқыту мазмұны саласында М.Әуезов шынайы білім беру жүйесін қолдап, оны дидактикамен байланыстырды. Ол материал мазмұнын оқушы түсініктілікпен қабылдауы қажет екенін дәлелдеп айтты [75]. Оқыту процесі кезінде мұғалімнің шеберлігін арттыру барысында тәрбие мақсаты басты орында болуы қажет. Олар баланың бойында білімге деген құштарлықты оятуға, жеке дара жұмыс істеуі қабілетін қалыптастыруға бағытталуы керек. «Көрнекілік, түсініктілік принциптерін мұғалім жетік білуі қажет» - деген пікір айтады

М.Әуезовтың ойынша көрнекілік баланың тек танымдық қабілетін дамытып қана қоймайды, сонымен қатар белгілі бір тапсырманы өз бетімен жұмыс істеуге бағыттайды. Оқыту процесін жетілдірудің тағы бір жолы жүйелілік принципі. Дидактиканың жүйелілік принципіне қойылатын, талаптарды ескере отырып М.Әуезов әрбір пәнге арналған бағдарламадағы материалдарды жүйемен орналастырады. Осы орайда ол өткен тақырыпты жаңа тақырыппен қалай байланыстырудың жолынкөрсетті. Осы сияқты дидактикалық сұрақтарды дұрыс шешу М.Әуезовтың ойынша, оқытудың сапасын арттырады. «Жүйелілік принципі оқыту барысында баланың есте сақтау қабілетін дамытады және мәдени байлықты игеруге көмектеседі. Оқыту жеңілден, ауырға көшіп отыруы қажет. Оқыту барысында бұл жүйе өз нәтижесінде дұрыс пайдаланбаса, онда оқыту процесіне нұқсан келеді. Оқулықтарын құрастыруда М.Әуезов осы принциптерге сүйенеді. Сондықтан да М.Әуезов өз оқулықтарында оқыту процесіне ерекше мән береді. Оқыту мұғалімнің жұмысы, ал оқу оқушының ісі деген қағиданы М.Әуезов әрдайым

өз еңбектерінде тұжырымдап отырады. М.Әуезов бағдарламасында танымдық принципке көңіл аударған. Танымдық принцип білім беру мен оқыту процесін дамытады деп есептеген. М.Әуезовтың пікірінше, таным – мектеп өмірінің негізі. Сонымен қатар М.Әуезов көрнекілік принципіне ерекше назар аударған. Оның оқулықтарында көрнекілік болып жатқан іс-әрекет пен құбылысты бақылау, оны қажетінше қабылдау процесі болып табылады.

М.Әуезовтың оқулықтарында табиғаттағы құбылыстарды бақылауға, аңдар мен құстардың өмірін, табиғат заңдарын қадағалап отыруға тапсырмалар беріледі. М.Әуезовтың «Новый аул» атты оқулығы қазақ балаларына бастауыш сыныптарда орыс тілін оқытудың хрестоматиясы үлгісіндегі жазған оқулығы болатын. Оқулық әр түрлі тақырыптарды қамтыған 7 тараудан тұрады. Жоғарыда айтқанымыздай автор оқулығында материалдарға байланысты танымдық суреттер беріп отырған. Оқулықта жыл мезгілдерінің өзіндік ерекшеліктері, ондағы халықтың кәсібі ұлттық болмысымызға сай бейнеленген. М.Әуезов қазақ балаларына қазақ тілі мен орыс тілін оқытуға арналған оқулықтар шығаруға ерекше назар аударды. Біз бұл мәселені тарихи жағдайда сипаттама бере отырып анализ жасаймыз. Социализм құрылысы халық шаруашылығы мен мәдениет революциясының дамуына елеулі үлес қосты. Екінші бесжылдықта мектеп мәселесі мен білім беру мазмұнын өзгерту проблемасы алда тұрды. М.Әуезов елдің қол жеткізген нәтижесі негізінде жастарды жан-жақты білім алуға шақырды. Білім мен тәрбиенің негізгі фундаменті ана тілі деп есептеді. «Қазақ жастары және сонымен қатар қазақ халқына өз ана тілімен әдебиетін білуі керек». Ол жастарды ана тілін сауатты білуге шақырды. Мұхтар Әуезов былай деп жазды: «Одной из замечательных примет нашего времени является расцвет национального культуры всех народов, возрожденных к жизни в советский период, и справедливо будет сказать, что тот, кто в наше время не уважает, не ценит свой родной язык, свою литературы, не может считаться грамотным, культурным человеком, ибо такой человек во всех своих моральных и духовных качествах остается односторонним» [76].

М.Әуезовтың келтірілген пікірлері қазақ тілі мемлекеттік статусқа ие болған қазіргі уақытта құнын жоғалтқан жоқ. М.Әуезовтың ана тілі жайлы айтқан пікірлері орыстың дидактигы К.Д.Ушинскиймен астасып жатыр. «Главным предметом в общем гуманном развитии современного человека должны стать родной язык и родная литература. И поэтому нельзя сказать, чтобы пренебрежение родным языком, при первоначальном обучении, не оставляло весьма печальных следов в нашем дальнейшем образовании. Отечественный язык есть единственное орудие, посредством которого мы усваиваем идеи и знания».

М.Әуезов баланы тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. М.Әуезов Абай сияқты жастарды білім алып, қоғамға пайдалы азамат болуға шақырды. Әрбір жас азамат әкенің баласы емес халқының баласы болуға міндетті деген қағиданы ұстанады. Сондықтан М.Әуезов халықтың санасына гуманист

ғалым ретінде өшпес ізін қалдырды. М.Әуезов орыс тілін үйреніп, өркениетке қол жеткізу арқылы іске асыру қажеттілігін дәлелдеп берді. Сонымен бірге, М.Әуезов ана тілін білу ата-бабамыз қалдырған рухани мұраны игеруге, ішкі сезімнің жан-жақты қалыптасуына әсер етеді, ал орыс тілі мен әдебиетін білу бүкіләлемдік мәдениетті игеруге көмектеседі деген идеяны ұстанды. Қарастырып отырған кезеңде қазақ мектебінде орыс тілін оқыту барысында мұғалім көрнекілік пен иллюстративті әдістерді колданып оқыту қажет болды. Бірақ, мұғалімдер методикалық әдебиеттер және көрнекілік құралдарымен қамтамасыз етілмеді. Мамандардың жетіспеуіне байланысты қазақ мектебінде орыс тілі өз деңгейінде өтілмеді. Сондықтан да өмір талабы республика мектептерінде орыс тілін жүргізудің мәселесіне көңіл аударуды жүктеді. Сондықтан да М.Әуезов заман қажеттілігі мен сұранысына жауап беру мақсатында жоғарыда айтып кеткеніміздей «Новый аул» атты оқулығын жазды. Табиғаттың көріністерін суреттеу мына әңгімелерінде өз көрінісін тапқан. «Вервлюжонок», «Что дают нам растения», «Прилет птиц» әңгімелерінде автор құстар орманды, бақшаларды қорғайды, ал өсімдіктер, ағаштар табиғатқа әдемілік береді, жануарларды тамақтандырады, дәрі-дәрмек жасауға септігін тигізеді деп табиғаттың көріністеріне сипаттама берген .

XX ғасырдың алғашқы кезеңінің өзінде – ақ жас ұрпақты қалай оқыту керек деген мәселе күн тәртібінде ашық қойылған еді. Өйткені, ескі оқу жүйесі баланың сауатын ашуда, оның тәлім-тәрбиесінің дұрыс жолға қойылуында үлкен кедергі келтіретін оқу еді. Енді оқу мен оқытудың жүйесін қайтадан қарап, мұның тәрменділігін арттырып, адамның жан дүниесіне қолайлы жақтарын қарайтын жаңа құрылымдағы оқуға көшу қажет болды. Осы мәселеге орай қазақтың А.Байтұрсынов, М.Әуезов бастаған зиялылары бұл іске белсене араласты. Бұл жөнінде А.Байтұрсынов былай деп жазған еді.

«Біздің қазақтың ісі жаңа басталып келеді. Не болары белгісіз деп, қазақ я құрып жоқ болар, я өз тілімен де өзгелердей тіршілік етер», - деп жаңа дыбыстық әдіске негізделген оқыту жүйесін ол ерекше мақұлдады [75]. М.Әуезов өз еңбектерінде бұрынғы патша өкіметінің қол астындағы қазақ елінде кейін қазақ даласына кеңес өкіметі келгеннен кейін, бұл мәселенің, әсіресе орыстың ұлттық шовенизмінен өріс алып, қазақ балаларының мектептен тыс қалу, мектептерінің орыстарға қарағанда өте құрдым болған жақтарын көрсетті. Бұл жөнінде оның сөйлеген сөздерінде, жазған мақалаларында, әсіресе біраз пікірлері бар [76].

М.Әуезов білім алу мәселесін ұлттық рухани мәдени бірлікте қарастыру керек дейді. «Рухани мәдениет халықты есейтетін және жетілдіретін нәрсе». Халқымыз жай адамдардың жиынтығы емес, өзіне тән мәдениеті бар қауым. «Ол қазақ халқы өз ғылымы мен білімін, әдебиеті мен мәдениетін бүкіл жер жүзіне таныту үшін әрекеттенуі қажет деп түйіндейді. Қазақтар өз мәдениетін күллі әлемге, соның ішінде Еуропаға да таныту керек екенін білу тиіс» [74].

М.Әуезов білім алу, оны меңгеруде ұлттық ерекшелігімізге ерекше мән

беруін қажет екендігіне де тоқталады. «Халқымыз орыс оқу орындарына түсіп оқыған жастарымыздың орыстанып кетуінен қауіптенгені де рас еді. Біз, түркістандықтар орыстану дәуірін артқа тастап, ұлтты құтқару күресін жүргізіп жатқанымызды естен шығармайық. Кеңес мектептеріндегі оқу, ұлттық әдеп, ұлттық сезім және ұлттық рух үшін қандай үрейлі [75].

М.Әуезов білімге қол жеткізудің ең басты шарты-адамның ұлттық рухының күшті болуына байланысты дейді. Оның пікірінше, ұлттық рухтың көтерілуі, оның негізі-ұлттық тіл болып табылады.

Әр түрлі газет-журналдар шығарылады. Мектептерде біздің тіліміз оқытылады. Ол тілде әртүрлі ғылыми негіздер үйретіледі. Осыларға қарап мұндай мектептер мен басылымдарды ұлттық дей аламыз ба? Бұлар біздің рухани мәдениетіміздің таратушылары, жанкүйерлері бола ала ма? Бола алмайды. Мүлде бола алмайды. Мұндай мектептер мен мұндай басылымдар Түркістанда орыс мәдениеті мен орыс үстемдігін орнықтырудың құралынан басқа ештеңе емес. Кешегі патшалық Ресейді бүгін Кеңестік Ресей немесе патшалық Ресей деп атағандарымен ештеңе өзгермейді. Мұның солай екенін орыстың саяси сауаты төмен жұмысшылары да көріп-біліп отыр. Олардың енді екі-үш жылдан соң мұнда (Түркістанда) қазақ тілінің аты да өшеді деген сөздері де оның дәлелі [76].

XX ғасырдың алғашқы кезеңінің өзінде – ақ жас ұрпақты қалай оқыту керек деген мәселе күн тәртібінде ашық қойылған еді. Өйткені, ескі оқу жүйесі баланың сауатын ашуда, оның тәлім-тәрбиесінің дұрыс жолға қойылуында үлкен кедергі келтіретін оқу еді. Енді оқу мен оқытудың жүйесін қайтадан қарап, мұның тәрменділігін арттырып, адамның жан дүниесіне қолайлы жақтарын қарайтын жаңа құрылымдағы оқуға көшу қажет болды. Осы мәселеге орай қазақтың А.Байтұрсынов бастаған зиялылары бұл іске белсене араласты. Бұл жөнінде А.Байтұрсынов былай деп жазған еді.

«Біздің қазақтың ісі жаңа басталып келеді. Не болары белгісіз деп, қазақ я құрып жоқ болар, я өз тілімен де өзгелердей тіршілік етер», - деп жаңа дыбыстық әдіске негізделген оқыту жүйесін ол ерекше мақұлдады [77]. М.Әуезов өз еңбектерінде бұрынғы патша өкіметінің қол астындағы қазақ елінде кейін қазақ даласына кеңес өкіметі келгеннен кейін, бұл мәселенің, әсіресе орыстың ұлттық шовенизмінен өріс алып, қазақ балаларының мектептен тыс қалу, мектептерінің орыстарға қарағанда өте құрдым болған жақтарын көрсетті. Бұл жөнінде оның сөйлеген сөздерінде, жазған мақалаларында, әсіресе біраз пікірлері бар [78].

Мұхтар Әуезовтің рухани ілімінің халықтық педагогика тәжірибесімен үйлесімі оны рухани-адамгершілік қасиетті бірінші орынға қоюға итермеледі. «Адам деуге лайықты болдын, сонда бір өзіңнен басқаға пайдаң тисе» - дейді ағартушы [79].

Оның сенімі бойынша тәрбие мақсаты адам өмірінің мақсатына сәйкес болуы керек, сондықтан Мұхтар Әуезов моральдық және діни білімге басты назар аударып, ең алдымен адам өмірінің мәні мен орны жөніндегі шынайы орын алған қарым-қатынасқа бет бұру қажет деп білді. Сонымен бірге ағартушы тәрбиенің мақсаты белсенді іс-әрекет жасайтын тұлға болу керек

дейді. «Не нәрсе талаптансаң беріледі» деген сөздерінде адам тек іс-әрекет жасау барысында ғана жетіліп табысқа қол жеткізе алатындығын айтады. Оның көзқарасындағы толық жетілген адам моделі адамгершілік қасиеті арқылы, еңбекқор, білімді, сабырлы, иманды, қанағат пен ұятты білетін, игі жүректі тұлға. Осыған орай ағартушы педагогикасындағы тәрбиенің басты міндеттерінің бірі–адамның өмір мәнін түсінуі өзін-өзі тануы және өзінің санасын жетілдіруі болып табылатын ішкі психологиялық–рухани әрекет «Ғылым – білім немен болады? Ең алды құдайды, құдайтағаланы танымақ. Ол құдайды қайтсе таниды? Әркім өзін таныса, сонда тәңірісін таниды. Қазақ қариялары да айтады жақтырмаған кісісін» бұл шіркін, өзін танымайды, кімді таниды? »- деп [79].

Олай болғанда, ғылым-білімге талап қылушылар алдымен өзін тануды мақсат қылу керек». Ағартушының бұл ойы ежелгі дәуір философы Сократтың пікірімен жақсы таныстығын көрсетеді. Сократ ақиқатты адам рухының қайнауынан «іздеу қажеттігін айтып өткен. Бұл ойға бүгінгі заманғы педагогикада да үлкен мән береді. Өйткені өзін-өзі танып білген адам басқалармен, өзін қоршаған табиғатпен ынтымақта үйлесімді өмір сүре алады. Адам үнемі өзінің ішкі дүниесіне үңіліп жан дүниесінің жасырын жатқан қасиеттері мен дарынын ашу керек. Өйткені адамға ішкі жоғарғы «менінен» артық ешкім жақсы кеңес бере алмайды.

Мұхтар Әуезовтің сенімі бойынша адамның қасіретті арқалап бақытсыздыққа ұшырауының себебі көп жағдайда оның өз қабілеті мен мүмкіндігін, шамасын дұрыс анықтай алмаған иллюзиядан болады деп есептеген. Ағартушының пікірінше адамның өзін-өзі жақсы танып білуі оның дамуының қажетті алғышарты. Оның келесі пікірі рухани өмір–бұл адамның өз орнын анықтауға ұмтылысын және сол орынға аз болса да сәйкес болу үшін еш ерінбей–жалықпай өзін-өзі тәрбиелеуі. Ағартушының өзі қиын, бірақ адамды жоғары дәрежеге көтеретін үздіксіз рухани жұмыс жасау үлгісін көрсете білді. Педагогикалық тұжырымдамасында тәрбие үрдісінде басшылыққа алынатын негізгі қағидалар көрсетілген. Тұлғаның рухани-адамгершілігін қалыптастыруда

Мұхтар Әуезовтің басты қағида ретінде сүйіспеншілік принциптерін басшылыққа алу керек деп білді, ал сүйіспеншілік рухындағы іс- әрекетті руханилығы мен адамгершілік қасиеті бар біртұтас тұлғаны қалыптастырудың әмбебап құралы деп білді. Ол былай деп жазады: «Махаббат–сәулесі зор, құдай нұры, көрген жан сол сәулені қаламас құры».

Руханилығы, адамгершілігі бар адам оның басқа адамға, жанды, жансыз табиғатқа риясыз сүйіспеншілігі нәтижесінде туатындығы жөнінде былай деп айтады: «Жалғанда еш қасірет көрмек емес, Махаббат адам баласына болған душар» [80].

Қазіргі жаһандану заманында оның бұл ойлары өзара түсіну, рухани келісім үрдістеріне, әртүрлі әлеуметтік, діни, мәдени қайшылықтарды шешуге ықпал етеді. Біздің ойымызша сүйіспеншілік сезімді тәрбиелеу және сүйіспеншілік арқылы тәрбиелеу оқу-тәрбие жүйесінің негізгі ережесі болу керек екені даусыз. Баланың өзін - өзі жақсы көруімен басқа адамдарды,

бүкіл әлемді жақсы көруіне дейінгі сезімнің дамуы үйлесімге, өзара түсінушілікке және қоғамдағы адамдардың бірін-бірі бөтенсінуін жеңуге әкелді.

Ағартушы тұлғаны жан-жақты тәрбиелеудегі тағы бір маңызды принцип ретінде қажеттіліктен туындайтын нені болса да тұтыну мәдениетін игеру керектігін түсінді. Өйткені қажеттілік адамзат пен адамды алға қарай жетелейтін қозғаушы күш. Сондықтан адамның дамуы мен қалыптасуын зерттейтін маман осы аталған маңызды философиялық мәселеге назар аудармай кетпеуі мүмкін емес. Басқа қажеттіліктерден гөрі Мұхтар Әуезов рухани қажеттіліктерді көптеген мәселелердің бірден - бір шешу жолы деп білді. Мұнсыз тәрбие мен оқытудың басты алға жетуі мүмкін емес.

Мұхтар Әуезов педагогикалық тұжырымдамасын құрайтын келесі компонент - тәрбие мазмұны. Жүргізілген зерттеу жұмысы оның көзқарасынан біздерге мынадай тәрбие бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді рухани – адамгершілік, имандылық тәрбиесі, ақыл – ой тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, патриоттық тәрбие, құқықтық тәрбие. Сонымен қатар бүгінгі таңда да бұл тәрбиенің түрлері өз маңызын жойған жоқ. Мұхтар Әуезов тәрбиенің мазмұнын өзінің тұжырымдамасында айқын көрсетеді. Тәрбиенің барлық түрі оның еңбектерінде өз орнын тапқан.

Заманымыздың заңғар жазушысы, әрі ірі ғалым-педагог М.Әуезовтың мектепке, мектеп оқушыларына, мұғалімдерге, жоғары оқу орындарына, олардың студенттеріне, оқытушыларына сіңірген еңбегі зор. М.Әуезов еңбегінің бірі - «Әдебиет тарихы» атты оқулығы 1927 жылы Қызылордада жарық көрді. Бұл оқулық өскелең ұрпақты қазақ тілін дұрыс үйренуге бағыттау проблемалары жайында айтылған мақалаларынан құрастырылған. Бұл кезеңде ғалымдар қазақ тілінде ғылыми терминологияны жасауды қолға ала бастады. М.Әуезов өзінің оқулығының шығу себебін былайша түсіндіреді: «Әдебиет мектеп ішіндегі ақыл-сезімді тәрбиелеп, оқушыға қазақ деген елдің өткендегісі мен бүгінгі пішінін танытуға керек. Автор өз еңбегін жоғары деңгейде жазылған еңбек деп есептемейді. Жүйелі тұрғыда жинақталған материалдар оқушының қабілетін, шығармашылық ойлауын, патриоттық сезімін ояту мен моральдық қасиеттерін дамытуға бағытталған. Шығарманың мазмұны қарапайым тілмен суреттеліп, кейін ғылыми тұрғыда анализ жасалады. Осы орайда автор дидактика принципін басшылыққа алған, қарапайымнан күрделіге, жалпыдан жалқыға көшу. Сондықтан да оқушыға материалды бөлшек-бөлшекпен қабылдау жағдайы жасалады. Балалар оқыған материалдарын ойларында сақтап отырады. Қалған материалдар үйге жеке орындауға тапсырма ретінде беріледі. Оқулық қазақ халқының ауызша және жазбаша шығармашылығы арқылы балаларды жан-жақты қалыптастыруға ептігін тигізеді. Онда халық ауыз әдебиетінің классификациясы жасалынған. Қазақ ертегілерінің алуан түрлері берілген. Ертегілерде халықтың тұрмыс-тіршілігі, мінездері шындықпен бейнеленген. Баланы тапқырлыққа, шыншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелейді. Ертегіні оқытуға педагог ерекше көңіл бөледі. Ол былай дейді: «Сиқырлы ертегілер баланың ойын дамытады, қиындықты жеңуге

итермелейді. Бұндай талпыныс баланы оқуда да, өмірде де қиындықты жеңуге психологиялық тұрғыда дайындайды. Сиқырлы ертегілер -ол адамгершіліктің жоғары сатысы». Ол ертегілер жайлы ойын былай жалғастырады: «Заман өткен сайын, ақыл, білім өскен соң, ол табиғат нәрселерінің құдай емес екені білінген. Сондықтан олар жайындағы әңгімелер бұрынғы мағынасынан айырылып, кейінгі айтушылардың аузында ертегі болып кеткен. Өмірде болмайтын істер, қиялдың көтеріп суреттеген әңгімелері деп танылған. Қазақ ескілігінде кездесетін жалмауыз, мыстан кемпірлер араласқан әңгімелердің барлығы да сондай көтерген қиялдың табысы».

Жалмауыз кемпірдің тағы да басқа кейіпкерлердің бейнесі іс-қимылдары баланың бойына қорқыныш ұялатады, бірақ ертегідегі персонаждар зұлымдықты жеңеді. Халық педагогикасы жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі құралы. Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерде моральдық әдептің нормалары мен ережелері көрініс тапқан. Үлкенді сыйлау, қонақжайлық, достыққа тәрбиелеу, әдеп мәселесі жастарды имандылыққа, ізгілікке, парасаттылыққа баулу М.Әуезов еңбегінің басты құралы. М.Әуезов мұрасының ішінде халық педагогикасының алатын орын ерекше. Ол халық педагогикасы туралы пікірлерін 20-жылдардан бастап қағаз бетіне түсіріп, өмірінің ақырына дейін замана ағымына ілесе отырып тиянақтап, талдап түсіндіре білген ғалым-педагог, оған әр қырынан келіп, өз ойын әрі дамытып, жетілдіріп отырады. «Үлкен алдында жас қарызы, ата алдында бала қарызы -әдеп пен сый» деп жазады заңғар жазушы, яғни жастарды үлкенді сыйлауға, үлкендердің алдында әдепті болуға үйретеді.

М.Әуезов айтыс өнерін ерекше бағалай отырып, ол жастарды шешендікке тәрбиелейтін тәрбиенің негізгі көзі деп қарайды. Айтыс жайлы ойын былай түйіндейді: «Айтыс сөздерінің молдығы мен көп жайылғандығына қарасақ, қазақ елі ақындық теңіз сияқты көрінеді. Өзге жұрттың әдебиет тарихын өлең түріне бөлгенде, айтыс өлеңі деген бөлім не жоқ болады, не болмаса өте аз кездеседі. Қазақтың өзге түрдегі ескілігінің барлығында өзге елге ұқсастық болса да айтыс өлеңдері барлығынан да жат жаңа тұр. Басқа жұртта» өлең болса мұншалықты мол болып жайылған емес. Анда-санда кездесетін шашыраған өлеңдер сияқты көрінеді. Мысалы: ескі Француз әдебиетіндегі тенсондар, бұлардың түрі қазақ айтысына ұқсайды. Міне өзге жұрттың әдебиетінде айтыс өлеңдердің осы сияқты түрлері болғаны рас. Бірақ мұның бірде-бірі қазақ айтысындай көпке тарап, көп жұрттың барлығына бірдей ермек қылатындай болған жоқ. Қазақтікі сияқты әдебиет тарихының бөлімі болуға жарайтындай болып етек алып тараған емес».

Автор қазақтың бай мұрасы арқылы жастарды тәрбиелеу қажет екенін арнайы дәлелдеп отырады. М.Әуезовтың ойынша, табиғат пен өмір адамды тәрбиелейтін негізгі факторлар. Халық поэзиясын анықтау барысында ғалым жастарды халықтың тарихы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыпы, ұлттық мәдениеттің кіндік ерекшелігі арқылы тәрбиелеуді ұсынады. Тәрбиенің негізгі бағыттары осыған негізделуі қажет екендігін айтады. Педагог өз оқулықтарын жасауда

жастардың ақыл-ойын дамыту мен оларды адамгершілікке тәрбиелеу принциптеріне сүйенген. Тәрбие автордың тұжырымы бойынша әрдайым даму үстінде болатын процесс, ол тұлғаны жан-жақты қалыптастыруды ұйымдастыруға бағытталуы шарт. Тәрбие өмір мен қоғам қажеттілігі мен өмір сүретін процесс болғандықтан ол заман сұранысына жауап беруі керек. М.Әуезов оқулықтағы материал білімге сай алынуы керек және мазмұны жағынан әдеби тілде жазылуы қажет екендігін айтқан. Осы жағдайды ғана оқушыға түсінікті бола алатындығын дәлелдеген. М.Әуезов өз оқулықтарында еңбек тәрбиесіне жан-жақты көңіл бөлген. Жастарды еңбекке баулу идеясы орыстың белгілі жазушы ғалымдарының пікірлерімен астасып жатыр. Аталған әңгімелері К.Д.Ушинскийдің, қазақ ағартушылары Ы.Алтынсариннің, Ш.Уәлихановтың оқулықтарындағы мәтіндермен ұштасып жатыр. Олар адам өмірінде еңбектің рөлін көрсете отырып, жастарды еңбекке деген сүйіспеншіліктерін ұялатады. Осы идеялар М.Әуезовтың педагогикалық еңбектері мен шығармаларында жалғасын тапқан. Ғалым жастарды елдегі, Қоғамдағы жағдайларды араласуға және мемлекетті еңбек арқылы нығайтуға үндейді.

Еңбекте адамның рухани сезімі көрінеді, сонымен қатар интеллектуалдық, моральдық, эстетикалық, адамгершілік қасиеттері қалыптасады. М.Әуезов жасайды. Еңбек тәрбиесін ақыл-ой және адамгершілік тәрбиесімен байланыста қарастырады. Еңбек тұлғаның жан-жақты дамуына, эстетикалық, дене тәрбиесімен байланыста болады. Сондықтан да М.Әуезов еңбектерінде еңбек тәрбиесі маңызды орынға ие. Автор еңбектің психологиялық және тәрбие процесіндегі орнына ерекше мән берген. Осы орайда К.Д.Ушинскийдің мына пікірімен ұқсастық сезіледі: «Труд, исходя от человека на природу, - действует обратно на человека не одним удовлетворением его потребностей и расширением их круга, но собственно своею, внутреннею, ему одной присущей силой, независимо от тех, материальных ценностей, которые доставляет материальные плоды трудов составляют человеческое достояние, но только внутренняя духовная животворная сила труда служит источником человеческого достоинства, а вместе с тем и нравственности и счастья». М.Әуезов еңбекті насихаттай отырып, еңбек адамгершілік тәрбиесінің қайнар көзі деген ой қорытады. Адам өз бақытын еңбек арқылы жасайды, сондықтан да жастарды еңбек етуге шақырады. М.Әуезов бүкіл өмір бойы оқу ісі, ағарту мәселесі, ұстаздық ету ұлағатты пікір айтып, мол мұра қалдырған ойшыл ұстаз болды. М.Әуезовтың оқыту мәселелері төңірегіндегі пікірлері, педагогикалық көзқарастары негізінен сол тұстағы мерзімді басылымдарда жарияланып тұрды. «Ғылым», «Ғылым тілі», «Мәдениетке қай кәсіп жуық», «Мәдениет және ұлт», «Оқу ісі», «Философия жайынан» т.б. көптеген мақалаларын жариялады. «Ғылым» атты мақаласында «адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен орта, көрген үлгі, өнеге білетіндігінен және түзелу бұзылу жас уақытта болатынын, көпшілікті адамшылыққа тәрбиелеу үшін жас буынды тәрбиелеу қажет екендігін айта келіп, адамшылықты таза жүргізу үшін көп

ой керек» деп түйіндейді .

Тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін әртүрлі әлеуметтік факторлардың арасында ең маңыздысының бірі—отбасы болып табылады. Бұл мәселе Мұхтар Әуезов еңбектерінде кең көрініс тапты. Жазушы өзінің және жалпы қазақ халқының дәстүрдегі балаға деген ерекше ынтасы мен ықыласын сипаттаған. Ол туралы былай дейді:

«Бұрынғылар, «балалы үй базар» деген
Жарасар сондай үйде ішкен-жеген

Отбасы тәрбиесіне қатысты әлеуметтік-мәдени белгілерін көрсетті:
Бірінші белгісі:

- ата – аналардың білім деңгейі;
- гигиеналық тұрмыс жағдайы;

Екінші белгісі: Осы тақырыпқа жазған мақалаларының басты мақсаты сәбилер мен мектеп жасына дейінгі балалардың өсіп, жетілуі заңдылықтарын анықтау, баланың тәні мен жанының тазалығы туралы және оны сақтай білуі туралы болады. Бүгінгі күнде бұл мектеп гигиенасы мәселесінің бірі болып табылды.

Дидактика мәселесінде де Мұхтар Әуезов негізгі назарды оқыту мазмұның және оның шарттарын анықтауға, оқыту процесі барысында принциптер жиынтығын ашуға, сонымен бірге жастарды өздігінен білім алуға итермелейтін және түрткі болатын себептерге аударады.

Оқу – тәрбие процесінің заңдылығы болып оның басты, объективті, қайталанып отыратын байланыстары екені белгілі. Ағартушының көзқарастарынан біздер оның кейбір дидактикалық заңдылықтарды қарастырғанын байқадық. Ол оқыту процесінің сапасын анықтайтын, ішкі, сыртқы ықпал етуші факторлардың бірлікте болуы жөніндегі заңдылықтың ескерілуі қажеттілігіне көңіл аударды.

Шынында оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігі тәрбиеленушінің өз іс-әрекеті мен оған жасалатын педагогикалық ықпал арасындағы үйлесімділік ескертуді қажет ететін заңдылықтардың бірі. Ағартушының « Болмағаны құм пайда болсын қайдан?!» деген сөздерінен адамның тұлғалық дамуы оқу мен тәрбиенің сипатына тура тәуелді дейтін қазіргі педагогика ғылымы анықтаған педагогикалық процестің заңдылығына үндес пікірін көруге болады. Ерте балалық шақтың тұлғаның бұдан кейінгі дамуы үшін маңызын ашады. Мұхтар Әуезов баланың қабілеттерінің дамуы мен білім меңгерудегі кемшіліктері оның өмірінің алғашқы ойлары мен жолдарынан бастау алатынын көрсетеді. «Белгілі ат болары құлын жастан» - дейді.

Мұхтар Әуезов бірқатар педагогикалық идеяларын дамытты. Ол бұл идеяларды оқыту мен адамгершілік тәрбиесінің мақсатын, мазмұның, әдістерін анықтауда қолданды. Дін туралы, тіршілік жөнінде білім, сөз қорын – қалыптастыру, тіршілік тәсілдерін үйрету, құқық, борыш, махаббат,

көңілмен шүкіршілік тәрбиелеу мәселелері көтеріледі. Оның пікірі бойынша оқыту мен тәрбиенің мазмұны мен оны ұйымдастыру оқу орнының негізгі міндетіне—балаларды рухани дамытуға, оларды өмірге дайындауға жауап беруі керек.

Ағартушы балалардың ана тілінде оқуы олардың рухани дамуы үшін маңызды.

Ол білім беру мазмұнына тіл мәдениетіне ену керек деп есептеді. Сол секілді елдегі білім беру мазмұнына отан, тарихы, география, бүгінгі салауаттану сияқты пәндердің енуі керектігін айта отырып, оларға қатысты оқу материалдарын дайындағанына көзіміз жетіп отыр. «Жағрафия адамды өткірлендіреді, ойын нұрландырады һәм Отанды сүйгізеді? Басқа пәндерді білуге себепті болады.» - дей отырып жоғарыда аталған пәндердің беретін білімі, тәлім-тәрбиесі болашақ елдің жанашыр, маңдайалды азаматтарды қалыптастыруда өте маңызды екенін ағартушы дәл таныды. Ол кісінің бұл пәндерге қатысты жазып кеткен мол материалдарын қазіргі жалпы орта беретін мектеп тәжірибесінде және ЖОО кеңінен қолдануымызға болады деген қорытындыға келдік.

XIX ғ аяғында XX ғ басында жадид ағымы пайда болғаны белгілі. Бұл мәселеге ол немқұрайлы қараған жоқ. Ағартушы жадидшілікті қолдап, қуаттап, өзінің қызметінде басшылыққа алды. XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы мерзімді баспасөз беттеріндегі ол қоғамдағы әртүрлі мәселелерге байланысты үн қатып, өз пікірін ортаға салып отырды. Мақалаларда қазақтың жеріндегі білім мәселесі, педагогикалық ой-пікірлерге тоқталып бірқатар артына өшпес еңбектер қалдырды.

Мұхтар Әуезов дарынды ұстаз, тек оқу мәселесі жөнінде жалаң пікір айтушы теретик қана емес, бұл іске тікелей араласқан ұйымдастырушы да болды. М.Әуезов Семей губерниялық оқу бөлімі жанындағы ғылыми-методикалық советтің мүшесі де болды. 1925 жылы 8-қаңтарда «Ауыл» газетінде жарияланған «Бәрекелді - дейді ме екен?» атты мақаласында М.Әуезов қазақ даласындағы ауыл мектептеріндегі оқыту жұмыстарының нашар дәрежеде екендігін, ал оны бақылайтын оқу инспекторларының өз міндеттеріне жауапкершіліксіз қарайтындықтарын қатты сынға ала келіп, үкімет өзінің болмашы қорын жартысын оқыту жұмысына жырып беріп отырғанда оқытушылар қыдырып жүрсе, инспекторлар мұндайларды тексермей, жүре бердім деп отырғанына губерниялық оқу бөлімі «Бәрекелді - дейді ме екен?» деп қынжыла жазады .

М.Әуезов тәрбиені барлық қоғамдық-экономикалық формацияларға қатысты, қоғамдық өмірдің жалпы және мәңгі категориялары деп қарастырады. М.Әуезовтың пікірі оның нағыз сезімтал педагог екенін көрсетеді. Әрбір мұғалім балалар психологиясына терең бойлауы керек. Өйткені, балалардың психологиясы, олардың ойлау, түсіну қабілеті әңгімеленіп отырған оқиғаның, көркем образдың нақтылығын, дәлдігін, өз өмірінің айналасынан алынып отыруын қажет етеді. Сол себепті баланың ішкі дүниесіне, ой-санасына бірдей әсер ететін мағыналы өлеңдер айтылуы керек. Тағы да ескерер жайт, балалар жаратылысының көркем көріністерін

ұнатады, оған сүйсіне қарайды, соны өз айналасынан іздейді. Ал кездейсоқ сурет эстетикалық тәжірибенің бір түрі. Эстетикалық тәрбие көбінесе ақыл тәрбиесімен тығыз байланысты. Өйткені көркемдік тәрбиелеу баланың ақыл-есінің тез жетіліп, тез дамуына көмектесіп отырады. Сөйтіп, дүниедегі бар жақсымен таныстыру арқылы эстетикалық тәрбие адамгершілік тәрбиені қалыптастырады. Баланың өзін-өзі ұстай білуінде, оны істеген әрекеттерінде, жұмысында, жүріс-тұрысында, эстетикалық белгілер пайда болады. Бала талғампаз, байқағыш, көрген білгенін барлық егжей-тегжейіне байыптылықпен қарай алатын дәрежеге жетеді. Тәрбие беруде жастардың рухани өсіп жетілуіне өнер мен әдебиеттің, көркем шығарманың тәрбиелік мәні зор. Сонымен қатар, балалар тәрбиесі үшін ұстаздық керек. Халық ағартушысы ретінде өзінің құрметті міндетін атқару үшін мұғалім жоғары ұлтжандылықпен қатар, төмендегідей ұстазға тән қасиеттерді бойына сіңірулері керек:

1. Өзі сабақ беретін пәнді толық түсініп, ол пәннің мақсаты мен жолдарын терең игеру, әрқашанда өзінің педагогикалық шеберлігін шыңдай отыру.
2. Өтілетін тақырыптарды анық түсіндіруге ұмтылу, оқу-тәрбие жұмыстарында педагогика мен психологияның алатын орнын естен шығармау.
3. Өз мамандығын және жас жеткіншектерді шексіз сүйе білу, оқушылары мен ата-аналарына әрқашан үлгі бола білу.

М.Әуезов өзінің көптеген ғылыми мақалаларында, сөйлеген сөздерінде мектепте нәтижелі жұмыс жасауы үшін оқытушының бойында білім мен біліктіліктен басқа, педагогикалық қызметке деген табиғи бейімділік, зор талап, терең талғам мен ұғымдылық, ынталылық қажет екендігін ескеріп отырады. М.Әуезов оқытушыларды тек өз істері төңірегінде тоқырап қалмай, өмірдің, білімнің әр саласынан жан-жақты хабары бар тарихты өз қолдарымен жасаушы саналы да белсенді қайраткер болуға шақырады. Ғалым-педагог оларды республикамыздың алдыңғы қатарлы адамдары, қазақ мәдениетінің белсенді қайраткерлері деп бағалайды. М.Әуезовтың ерекше талап ететін шарттарының бірі - мұғалімдердің дұрыс ойлау және соған орай дұрыс сөйлеу мәдениеті.

Ұлы жазушының педагогикалық мұралары сан жағынан қаншама мол болса, сапалық жағынан соншалық терең, ал мазмұн жағынан тарам-тарам сан-салаға тармақталып кетеді. М.Әуезовтың ұстаздық дарынының ерте ашылып, ағартушылық ойдың асқарына жаста болса бұрынырақ көтеріліп, педагогикалық ой-пікірлерінің қалыптасуына қандай факторлар әсер етті? Қандай жағдайлар түрткі болды? Біздіңше, Мұхтардың сонау революциялық аласапыран жылдардың өзінде-ақ ағартушылық бағыттағы көптеген мақалалар жазып қана қоймай, тәрбиені басқа да толып жатқан мәселелерін батыл әрі терең көтере білген ойшылдың педагогикалық көзқарастарының қалыптасып дамуына үш түрлі факторлар себеп болды: бірінші фактор - бала күннен өлең-жырды серік етіп, құрметтеп өскен қазақ сахарасындағы сол кездегі аса бір мәдениетті орта - ұлы Абай ауылынынан шыққан топырақтың дәстүрі, ұлы Абайдың өнегесі, өскен ортасы әсерінен ұлы педагог,

ағартушылық көзқарасының, ой тұжырымдарының ертерек қалыптасуына негіз болды дей аламыз. Екінші фактор - ол, жастайынан орыс мектебінде оқып, дүниенің кілтін орыс тілін еркін, жетік меңгеріп, өзі туған топырақта алған дәстүрін тереңдете түсіп, жас М.Әуезовтың педагогикалық ағартушылық, педагогикалық ой-пікірлерінің кемеліне келіп, жарыққа шығуына себеп болған, халық игілігіне айналдырған басты себеп қоғамдық жағдай, қоғамдық өмір сипаты да маңызды орын алатындығын еске алмаса болмайды.

Қазақтың көрнекті жазушысы, ағартушысы М.Әуезовтың әдеби шығармашылығы идеялық–тақырыптық мазмұнның ауқымдылығымен, әсерлі де көркемділік қуатының молдығымен ерекшелінеді. Жалпы алғанда, оның шығармашылық мұрасы мол да, мағыналы және ол XIX ғасыр мен XX ғасырдың қазақ әдебиетінен ерекше орын алады. Ол адамның бойындағы рухани тазалық пен имандылық шарттарын дүниетанымның ең нәрлі өзегі деп санаған. Әрине көп оқыған, білімді жан алдыңғы ғасырдағы қоғамдық ой-сананың өрбуі жолын жетік білген. Абай мектебінен өткен адамның бұл жолды одан әрі тереңдете түспеуі мүмкін емес еді. Оны түсіну үшін жазушы өскен ортаға, оның әдеби әлеміне әсер еткен мектеп туралы айтпасақ болмайды.

Ол XIX ғасырдың басында–ақ қазақ өлкесінің рухани орталығына айналған қазіргі Семей өңірінің Шыңғыстау бөктерінде, Құнанбай әулеті ту тіккен топырақта өмірге келген. Киелі топырақта дүниеге келіп, өсіп-өнген Мұхтар ұлттың ұстазы деңгейіне жетті десек артық айтқандық емес. Мұхтардың өнер – білім, ғылым үйрену мәселесін ойшыл ғалым халықтың мүддесімен, биік адамгершілік мақсат-мұраттарымен байланыстыра қарайды. Гуманист ақын адамгершілік, әділеттілік, махаббат, адал еңбек ете білу, талаптылық, жігерлік секілді қасиеттерді үлгі тұтады. Бұл қасиеттер мейірімділік, имандылық арқылы таласып, жетілетінін айтып өтеді. Мұхтар Әуезов ертелі – кеш ермек іздеп, күн өткізіп жүргендерге ренжиді. Өнер қуып, білім іздеп, еңбек етпегеніне нальйды. Ел туралы көп ойланады, ел ішіндегі таусылмас талас-тартыс, ырың-ырың, дау-амай жанына маза бермейді, іші қазандай қайнайды.

Мұхтар Әуезов таңдаған адамгершілік, ағартушылық жолы қазақ қоғамына Ыбырай, Шоқан, Абайлардан бастаған. Абай мектебінің шәкірті Мұхтар Әуезов ұлы ұстазының дәстүрін жалғастыра отырып, оның өрісін кеңейтіп, асуын биіктетеді. Өскен ортадан алған тәлім-әрбие, Мұхтар Әуезовтың бүкіл болашағына жол ашты. Мұхтардың тарихи-философиялық санасының қалыптасуына Абай мектебі тікелей ықпал жасады. Бұл мектеп Мұхтарды болашақ ойшыл ретінде тәрбиеледі. Мұхтардың шығармашылығы да соншалық бай қайнарлардан сусынданған. Мұхтар Әуезов өздігінен жазушы, ойшыл, қаламгер болып туа қалған жоқ. Оның алдында да белес-белес кезеңдер тұрды. Кезінде М.Әуезовтың «дана ақынның өз халқының және жалпы адам баласының өнер-ой байлығынан алғаш үш үлкен салалы түп-төркіні барын байқаймыз» - деп, Абайдың қазақтың ауыз әдебиетінен, Шығыс елдерінің классикалық поэзиясынан және Еуропа мәдениетінен үлгі

ала отырып қалыптасқанын айтса, ал Мұхтардың да нәр алған негіздері осы тәріздес [84].

Бір айырмашылығы Мұхтардың алдында осынау бай мұралардың ішінде Абайдың ақындық қасиеті тұрды. Ол, әсіресе өзіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының халыққа қызмет ету, ел бірлігін сақтау, татулықтың туын көтеру, сол арқылы туған халықтың үні баяу, дәуірдің қоғамның әлеуметтік мәнін ашып көрсету, өмір философиясын тереңдете түсіндіру қасиеттерін мирас етті.

Мұхтар Әуезов Абай мен Шәкәрімнен нәр алды. Туыстық жақындығын, рухани бауырластығын былай қойғанда, Абайдың ақындық қазынасынан мол сусындады.

Ұлы ұстаз тәрізді ол өзі өмір сүрген дәуірдің әрбір мәселесіне көз жіберіп, қадағалап отырды. Сол кездегі саяси-әлеуметтік жағдайдың шындығын Мұхтар Әуезов адам, қоғам, заман атты үш ұғым төңірегіне топтастырыла жырлады. Абай дәстүрін осылайша іргелете түсті.

Мұхтардың ғалым ретінде қалыптасуына ең бірінші кезекте ежелден келе жатқан аса бай фальклорлық мұрасы ықпал етті. Сондықтан да өзінің ауыз әдебиетінен негіз негіз алған Мұхтар көптеген туындылар дүниеге әкелді.

Шәкәрімнің педагогикалық ойларында өзі өмір сүрген дәуірдің қоғамдық көріністері, ақыл-ой ізденістері, талғамды тұжырымдары із қалдырды. Ол қазақ қоғамының рухани өсуіне көмектесуді, жастарды ғылым – білім, өнерлі болуды, мұрат тұтты. Шәкәрімнің педагогикалық идеясының негізгі өзегі адам болып табылады. «Адамның мәні – оның дүниені танып білуінде ол тек адамға ғана тән нәрсе» – дейді.

М.Әуезовтың ағартушылық бағыты мақала еңбектер жазып, алғашқы қоғамдық қызметке араласуы қазан төңкерісімен тұспа-тұс келді. Үкіметтің халықты қараңғылықтың түнегінен алып шығу үшін қолданған іс-шаралары Мұхтарға да ерекше әсер етеді, ескі заманнан мұра болып қалған түйінді мәселелерді шешу ісіне белсене араласып, халықты сауаттандыру ісіне қайратымен де, қаламымен де өлшеусіз, үлкен үлес қосады. Халықты дәстүр рухында тәрбиелеу үшін сол тұстағы дертті кесел сауатсыздықты жоюға шақырған, ағартушылық идея ұстанған көп мақалаларын жазады. М.Әуезовтың, әсіресе, 1917-1930 жылдары жазған оқу-ағарту, тәрбие бағытындағы ондаған мақалалары өз дәуірінің үні мен құлағына, көзіне айналған. Сондықтан да, біз М.Әуезовтың үлкен ағартушы, шебер педагог, Қазақстандағы халық ағарту ісінің көрнекті қайраткері деңгейіне көтерілуіне себеп болған - дәуір талабы, қоғамдық жағдай дей алмаймыз. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дейді халық даналығы. Мұхтар да «ұяда көргені» атасы Әуездің үйретуімен бармақтайынан жаттап өскен, құлағына сіңген Абай өлеңдерінің әсері, тәрбиелік мәні. Әуез өз немерелерін ұлы Абайдың үлгі-өнегесіндегі, ұлы ақынның ағартушылық бағыттағы - өлеңдерінің рухында тәрбиелеген. Заңғар жазушы, педагог болып қалыптасуына негізгі әсер еткен жағдайлар осылар.

Жазушы қашанда дәуір ұлы, саналы, терең ойшыл, көреген азамат,

М.Әуезов заман талабына, дәуір үніне дер кезінде үн қосып, өзінің көптеген педагогикалық-ағартушылық мақала, еңбектерін жазған. М.Әуезов педагогика ғылымы саласында елеулі еңбек жазып, өшпес із қалдырған ойшыл педагог деп айтуымызға толық хақымыз бар.

М.Әуезов жайлы ұлы адамдар өз ойларын, пікірлерін тарих бетінде қалдырып кетті. Соның бірі И.Андронников былай деп жазған: «Мұхтар Омарханұлы біздің өмірімізге тек тамаша жазушы ретінде ғана енген жоқ. Оның әр таланты - бір ғажайып құбылыс, біздің өміріміздің ұлы символы. Ол - аты аңызға айналған адам, жаңа дәуірдің данышпаны, жалынды жаршысы және аяулы азаматы. Адам жанының небір қат-қабат қалтарыстарындағы жазбай танитын зерделі ой, сергек сезім иесі, адал әрі айтып жеткізгісіз мейірбанды жан. Ол - әрқайсымыздың өз деңгейімізді, алға басқан қадамымызды салыстырып, мөлшерлейтін ең үлкен өлшем, биік меже. Ондай адамдар біздің әдебиетімізді саусақпен санарлықтай ғана. Ғалымның аталған пікірі М.О.Әуезовтың жан-жақты білімді педагог, шебер қаламгер, бір сөзбен айтқанда энциклопедист ғалым болғандығын дәлелдейді. М.О.Әуезов жайлы ойлар көптеген ғалымдардың еңбектерінде өз жалғасын тапты. Атап айтсақ, М.Мырзахметов, А.Нұрпейісов, Р.Нұрғалиев, С.Сильченко, К.Тасболатов, Н.Погодин, Л.Әуезова, Ә.Марғұлан, Қаратаев, С.Исабекова, А.Жақсылықов, Л.Арагон, Ю.Шапорев т.б. көптеген ғалымдар М.О.Әуезовтың сан қырлы талантын зерттеді.

Біз өз зерттеуімізді М.О.Әуезовтың педагогикалық еңбектеріне арнадық. М.О.Әуезовтың педагогикалық көзқарастары қазіргі педагогикалық үрдіспен ұштасып жатыр деп ойлаймыз. М.О.Әуезовтың педагогикалық идеялары қазіргі кездегі педагогика ғылымының мұғалімге қойған талаптарымен сайма-сай келетінін байқаймыз. Сонымен қатар ұлы педагогтың студенттерге қойған басты талабы - интеллектуалдық мәдениет. Шындығында студент ертеңгі болашағымыздың тұтқасын ұстайтын маман, сондықтан да ол ең бірінші мәдениетті болуы шарт. Осы орайда ұлы педагогтың бұл пікіріне біз толық қосыламыз. Қарап отырсақ, 70 жыл бұрын айтылған Мұхтар Әуезовтың ойлары бүгінгі күнде де өз құнын жойған жоқ.

Ұлтына «Оян қазақ»- деп ұран салған қайраткер, ақын, жазушы, ғалым-педагог **М.Дулатов**. Ы.Алтынсариннің ағартушылық идеялары тамыр жая бастаған құнарлы топырақта дүниеге келген. Ол әуелі молдадан тіл сындырып, артынан Торғайдағы екі жылдық орыс-қызық мектебінде бес жыл /1897-1902/ оқып білім алады. Бұдан кейінгісінің бәрі өз талпынысымен тапқан олжа. Ерте жетім қалған, екі жаста шешеден, он екі жаста әкеден айрылған Міржақыптың бүкіл өмірі жоқшылықпен, азаппен, зорлықпен өтеді. Ауыл мектептерінде мұғалімдікпен өткен алты-жеті жыл ішінде оңы мен солын танып, өмір күресі, тірлік тартысына түсіп, ұлт қамы үшін ширығып, соны сүрлеу іздеген Міржақып алдындағы ағалары Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсыновтарды тауып, олармен пікірлес, ниеттес боп шығады. М.Дулатовтың қоғамдық-саяси іске араласуы 1905 жылдан бастау алады. Ұлт-азаттық қозғалысқа саналық беру мақсатында, халықтың мұң-мұқтажын жазып, оның шешілуін талап етіп, бас көтерген ұлт зиялылары қатарында

М.Дулатов та болып «Қарқаралы петициясын» даярлауға қатысады. Саяси күрескерліктің алғашқы сабақтарын Омбы мен Қарқаралы да Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсыновтан алған М.Дулатов 1906 жылы Санкт-Петербуркте болып ұлттық демократиялық қозғалыстың басқа да қайраткерлерімен танысып, жүздеседі. Жиырма екі жастағы М.Дулатовтың ағартушы ретінде халықтың санасына ой тастап жазған алғашқы туындылары «Жастарға» деген өлеңі мен «Біздің мақсатымыз» атты мақаласы 1909 жылы Уфа қаласында «Шарқ» баспасынан жарыққа шықты.

М.Дулатовтың «Оян, қазақ» деген шығармасы қазақ халқының азаттық жолындағы күресінің манифесіндей зор рөл атқарған кітап болғаны ақиқат. Қ.Кемеңгеров осы жайында мынандай пікір айтқан: «Оян, қазақ» алғашқы шыққан Грибоедовтың «Горе от умасындай».[87].

Бұдан былайғы уақытта М.Дулатовтың әрбір туындысы жалпы ұлттық сипат алып,оның тұлғасы қазақтың көп ақынының бірінен ұлттық қоғам қайраткері биігіне көтеріле бастайды. М.Дулатовтың сан- салалы еңбектерінің ішінен біз педагогикалық мұраларына тоқталамыз.

Міржақып ұзақ жылдар бойына «Қазақ» газетінің бас редакторының орынбасары, жауапты хатшысы бола жүріп педагогика ғылымына зор үлес қосты. Бұл жылдары оның қаламынан «Шәкірттер жайынан», «Ақтөбе гимназиясы хақында», «Мектеп медреселер мәселесі», «Өнер мектебі», «Торғайда мұсылманша оқу» сияқты халықты өнер-білімге жетелейтін тамаша мақалалары жарық көрді. 1917 жылы «Алаш» партиясының бірінші съезінде ол Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесінің дамуы жөнінде баяндама жасайды, қазақ мектептері мен оқу орындарының оқу бағдарламасы жөнінде өз ұсынысын ұсынады. Міржақыптың математика саласындағы еңбегі «Есеп құралы» деген атпен 1921 жылы Ташкентте басылып шығады. Кітаптың алғашқы нұсқасы 1914 жылы Орынборда шыққан болатын. Қазақ тіліндегі тұңғыш математика құралы есептер мен мысалдар жинағы түрінде дайындалған. Оқу құралында оқушылардың есеп құрастыруына да ерекше мән берілген. Сондай-ақ ауызша есептеуге де байланысты тапсырмалар көптеп кездеседі. М.Дулатов А.И.Гольденберг әдісін немесе С.М.Шохор-Троцкий әдісін таңдап алған, яғни ол үлкен әдістемелік шеберлікпен қолданған. М.Дулатовтың «Есеп құралы» арифметиканың дайындық курсы материалдарын қамтиды. «Есеп құралында» мұғалімге қажетті әдістемелік нұсқаулар беріліп отырады.

«Есеп құралында» жас балаларға сан үйретуде көрнекілік әдісі басшылыққа алынған. Ережелер, әсіресе, ауызша және жазбаша есептеу тәсілдерін баяндауда жас балаға жеңіл тілмен беріледі. Кітаптың жана басылымында бүкіл үнді сандары араб цифрларымен алмастырылған және Міржақып мысалдар мен ережелерін қазақ жағдайына ыңғайластырған. Бұл оқулықтың жетістігі. Сол кездегі қазақ мектебінің сұранысы мен қазақ балаларының ұлттық, психологиялық және т.б. ерекшеліктері жан-жақты ескерілген толық мағынадағы төл оқулық. Математиканы оқытудың әдістемелік мәселелеріне арналған бұл оқулықты ғылымының негізі деп айтуға болады. Міржақып қазақ педагогикасында алғаш рет қазақ

оқушыларының гигиенасы мен әдеп, мінез-құлық жөніндегі шарттарды жазды. Өзінің «Қирағат» оқулығының «Денсаулық жайынан» атты тарауы осы мәселелерге арналған. 1914 жылы «Қирағат» оқулығы екінші рет басылып шығады. Кітаптың алғы сөзінде

Одан әрі ол мұғалімдеріміздің назарын бастауыш мектептің маңызына аударады: «Яғни балаларды оқыту өз алдына бір ғылым-педагогика. Орыста учительский институт, учительская семинария, педагогический курстар көп. Сондықтан орыс учительдері көп жапа шекпейді. Біздің қазақ ноғай мұғалімдері өздерінің тырысуымен тәжірибе қылып жүр. Мектеп бағдарламасында бірінші орын алған нәрсе қирағат, баяндап оқыту. Оқудан мақсат жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру. Тәрбие беру үшін қирағат кітабын оқытқанда құр қарасын ғана оқытпай, жоғарыда айтқанымыз секілді ішкі мағынасын да түсіндіруі тиіс. Баяндап оқытудың мәнісін білмеген тәжірибесіз жас мұғалімдер қирағат оқытудан мақсат харфін танып, көрмей оқып кету деп біледі. Міржақып өз ұстазы Ыбырай дәстүрін осылайша жемісті жалғастыра білген. Міржақып өзінің методикалық нұсқауларында бастауыш сыныптағы білім беру жүйесінің ерекшеліктерін аша келіп, миссионерлердің, ұлы державалық шовинистердіңнен аса сақтанғандықтарын да батыл ашып көрсетіп, болашақ мұғалімдерге кеңес береді. «Қирағат» оқулығы өзінің құрылысы жағынан бастауыш сынып оқушыларына жеңіл, түсінікті тілде жазылған оқулық. Табиғатпен байланысты әңгімелерден /жылдың төрт мезгілі, ол кездердегі жан-жануарлар мен құстар өміріндегі ерекшеліктер, ел өмірі, тұрмыс тіршілігі т.б. тұрады. Мұнда биология, экология, салт-дәстүрден хабар беру көзделген. Екінші бөлімде балаларды талаптылыққа, еңбек етуге, адамгершілікке баулитын ғибратты әңгімелер топтап берілген.

Сол себепті тарихқа керекті кейбір мағлұматтарды елдегі кәрікұлақ қариялардан, білімді азаматтардан сұрауға тура келіп отыр. Бұл хатты қазақ, қырғыз тілінде шығып тұрған өзге газеттер, журналдар көшіріп басуын өтінемін». Міржақып Дулатовтың бұл өтініш хатынан оның қазақ тарихын жазуға кіріскен алғашқы қадамын байқаймыз. Міржақып «Қазақ тарихы» оқулығында қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы, қайдан шыққаны туралы, қазақ, қырғыздың тарихын жазуға кірскенде қазақ, қырғыз, алаш, үш жүз деген аттар қайдан шыққан, қазақ пен қырғыздың тегі кім, бұлар қашаннан бері өз алдына жұрт болған, біліміміз жеткенше, алдымен шешетін жұмбақтың сыры осы. Біз бұл туралы тапқан-таянғанымызды оқушылардың алдына салып, кітап басылмастан бұрын білгіштердің сынынан өткізіп алуды лайық көрдік»-деп жазады. Міржақыптың бұл жазған мақаласынан оның қазақ-қырғыз тарихын жазбас бұрын материалдар жинақтап, үлкен қариялардың шежіресін тыңдап, біраз ой қорытып, жан-жақты дайындалған ағаның келбетін көреміз. Ол дүниеге әкелген қазақ-қырғыз тарихы оқушылардың өзін-өзі танып білуге көмектесетін бірден-бір қажетті құрал. Өкінішке орай, бүгінгі күннің өзінде бұл тарих қолданыстан шығып кеткен. Жұрт санасын ояту, көзін ашу ниетімен Міржақыптың үлкен ағартушы болғанына көз жеткізетін тағы бір жай - ол әрдайым ғылым, ілім

жетістіктерін талмай насихаттап отырған. Ең алдымен М.Дулатовты ақын еткен ағартушылық идея. Оның бүкіл поэзиясының пафосы ел-жұртты ағартуға, оянуға шақыру. М.Дулатовтың ағартушылық, педагогикалық еңбектер жазуына тағы бір дәлел - оның негізгі мамандығының мұғалім болуында. Сондықтан да ол бар ғұмырын халықтың игілігіне жұмсады, сол салада аянбай тер төкті. Осы мәселеге байланысты көптеген мақалалар жазды. «Тұрмыс, салт-сана», «Оқу», «дін һәм ғылым», «Жаңа жазу ережелері» сықылды ғылыми мақалалар жариялаған.

Ел зердесін оятушы ұстаз-ағартушыға зерделей үңілсек, бірнеше қымбат қасиет, мазмұндық ерекшеліктер аңғарылады. Міржақып Абайдан кейінгі болып пейзажды енгізіп, табиғатты өлеңдеріне жеке кейіпкер етіп көрсетіп, адам мен табиғат мәселесін көтерген. Экологиялық тәрбие негіздерін салып, адам құлқы және табиғат, табиғатты сақтауға ғалымдардың жауапкершілігі туралы ойларын жариялаған. Міржақыптың еңбектерінде қазақ философиясының негізгі ой-түрткісі, олай дейтініміз: әрбір өлеңдерінде жас ұрпақты тәрбиелеуде құндылығы жоғары тәлімдік ой-пікірлер еңбек сүйгіштік, отанын қорғау, жамандықтан аулақ болу, өнер-білім мен ғылымға құштарлық, отбасы тәрбиесінің ықпалы, имандылық, адамгершілік, мейірімділік, қайырымдылық сияқты қасиеттер жан-жақты ашылып, адам өміріндегі басты мәселе екендігі паш етілген. Еңбектің де өзіндік ерекшеліктері осы жоғарыда айтылған тәлім-тәрбиелік идеялар жалғастырып, олардың өміршеңдігін дәлелдей түседі. Әлеуметтік-тарихи жағдайларды суреттей отырып, тарихи кезеңдерге бөліп, ұрпақ тәрбиелеуде отансүйгіштік, еңбекқорлық, имандылық болуы қажет екендігін айғақтайды. Міржақып жастардың алдында тұрған зор міндет-ғылым, қайткен күнде де сол ғылымға қол созу керек деп, көп өлеңдерінде сол ғылымды жыр етеді. Міржақып шығармасындағы отбасы қарым-қатынасына байланысты идеясының арқауы – «әйелінің сені сүйсе, сен де оны сүй» деген пікір. Осы пікір төңірегінде отағасы мен әйелінің арасындағы қарым-қатынас, ата-ананың балаға қарым-қатынасы шоғырланады. Отбасындағы бала тәрбиесі туралы «мал аяма балаңды оқыт», баланы адам етіп тәрбиелеу, еңбекке баулу идеялары негізгі орын алды. Міржақып шығармаларындағы педагогикалық ұлттық тәлім-тәрбиенің негізгі көздер мақсаты -өзінің бай тарихи тәрбиесіне сүйене отырып, келер ұрпақты еңбекке, өнер-білім машықтарын меңгеруге, жанұя, ауыл-аймақтың, отанның ар-намысын қорғауға және тағы басқа ізгі адамгершілік қасиеттерге баулу. Міржақып Дулатов елінің бүгінгі мен келешегіне қатты алаң болатыны сөзсіз еді. Олар келешек ұрпағының кісілік санатында жүруі үшін қазіргі өздеріне үстемдік құрып тұрған жұрттың өз тілінде білім алуы қажет деп білген. Үздіксіз әлеуметтік білім беру балабақшадан бастап, жоғары оқу орындарына дейін белгілі бір идеяға бағытталып, жалғасын тауып отырса оң нәтиже береді. Міржақыптың әлеуметтік ойының тереңдігі оның қазақ қоғамының шындықтарымен тамырластығында. Ол халықты бүгінгімен ғана өмір сүруге болмайды деп үйретеді, өткен қиыншылықтардан сабақ алу арқылы бүгінгі күн мәселелерін шешуге тиістіміз, өткен шақ пен бүгінгі шақ, келер шақтың мүмкін болатын

қиыншылықтарын жеңетін жолды көрсетеді. Міржақып өнер-білім, ғылым үйрену мәселесін ойшыл ақын халықтың мүддесімен, биік адамгершілік мақсат-мұраттарымен байланыстыра қарайды. Гуманист ақын адамгершілік, әділеттілік, махаббат, адал еңбек ете білу, талаптылық, жауапкершілік секілді қасиеттерді үлгі тұтады. Бұл қасиеттер мейірімділік, имандылық арқылы жалғасып, жетілетінін айтады.

Міржақыптың жоғарыда келтірген пікірлерімен тікелей жалғасып жатыр солардың қорытынды түсінігі деуге болады. Міржақып халыққа білім беру жолында оқыту, дамыту, жан-жақты тәрбиелеу үшін ғылым терминнің бір қалыпқа, бір жүйеге түсуінің маңызы зор.

Сол кезде қазақ зиялыларының бір тобы Ресейдегі не Қазақстанның өзіндегі орысша оқу орындарынан білім алып шықса, екінші бөлігі Қазан, Уфа қалаларындағы медреселерді бітірген. Міне, осы жайларды оқығандар арасында аңғарған М.Дулатов ғылыми термин мәселелерін дер кезінде көтеріп, көпшілік талқысына ұсынады, бұл бағыттағы өз ізденістері мен ғылыми шешімдерін баяндайды. Сонымен қоса, адам баласын табиғат құпиясын меңгерумен қатар өздерін де зерттеу мен тану, мінез-құлық, адамгершілік, ақтық пен шыншылдық, алауыздық пен арамдық, жақсы мен жамандық қайдан деген сұрақтар да мазалаған. Осыларға жауап берген ойшыл: «Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен орта, көрген үлгі, өнеге білетіндігінен және түзелу, бұзылу жас уақытта болатынын, көпшілікті адамшылдыққа тәрбиелеу үшін оқу керек, ойлау үшін оқу керек және оқу әр тараптан мағлұмат беріп хақиқатқа баланың көзін жеткізіп, көңілін жақсылықпен тәрбие қылу керек» деп түйеді өз ойын [88].

Міржақып білім беру ісінің дамуына кедергі жасап келе жатқан ескілік пен надандықты, қатаң жазалау тәртібіне негізделген түсініксіз тілдегі діни оқуды әшкере етті. Молдалардың діни қағидаларды жалаң, жаттанды әдіспен түсіндіріп, баланың сана-сезіміне, ақыл-ойына, өмір мен дүниені танып білуіне сенім тудыра алмайтын, олардың діни оқудың толық мағынасын өз мәнінде жеткізбей жүргендерін қатты сынға алып, шынайы білімді меңгерудің әдіс-тәсілін терең ғылыми тұрғыда көрсетіп берді. Өнер-білімсіз қоғамның пайдалы азаматы болудың мүмкін емес екенін терең түсінген Міржақып білімді қара бастың қамы үшін, ел билеп, әкім болу, пара алып баю үшін керекті құрал деп түсінетін кейбір оқыған азамат жастарға шығыс пен батыс мәдениетіне, данышпан ғұлама А.С.Пушкин, А.Н.Толстой, М.Ю.Лермонтов т.б. таланттарын бірдей ойлап, қадір тұтып солардан үйренуге, білім, ғылымға, мәдениетке үндегенде үлгі ретінде ұсынады. М.Дулатов қазақ жастарын оқу-білімге үндей отырып, жақсы тәрбие алуға шақырады.

М.Дулатов соңғы демі біткенше халқына адал қызмет етіп, оны қараңғы қапастан шығарудың жолын іздеді. Міржақыптың абақты қабырғасында ұрпаққа жазған хатынан біз халқына деген сүйіспеншілігі зор ақынның келбетін көреміз.

М.Дулатов тіл мәселесіне 1913 жылы «Айкап» журналында «Эсперанто тілі» деген шағын ғана мақала жариялайды. Автор қазақ жұртшылығына

дүние жүзі халықтарына ортақ болатын жасанды тіл - эсперантодан хабар береді. Тағы бір айта кететін жайт ғалым Р.Сыздықова М.Дулатовтың түрік-орыс сөздігіне талдау жасай отырып, ол сөздік Міржақыптың қызы Гүлнар Дулатованың қолында сақталғандығын айтады.

М.Дулатов мұрасын жан-жақты зерттеп, құнды мәліметтер жариялап, көптеген тың деректер жинаған, ғалым Марат Әбсеметовтың айтуы бойынша, бұл қолжазбаның жалғасы бұл күнде Лондонда сақтаулы. Бұл сөздік Соловецк лагерінде айдауда жүрген кезінде 1932 жылы дүниеге келген. Сөйтіп, Міржақып басына түскен ауыртпашылыққа карамай, ағартушылық бағытта тағы бір қолтаңбасын қалдырды.

Табиғаттан тәлімгерлік қасиеті мол жазушы қазақ арасында көбінесе көзге түспей, түссе де еленбей жүрген ғылым-білімге, өнерге, зерек, дарынды балаларды оқытып-тәрбиелеудің мәні жайында сөз ете отырып, дарындылықтың кейбір психологиялық астарларына не нәрсеге шеберлік барлығын сезіп, өз жолына түссе ғана, көзге көрінеді. Жақсы суретші адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі,-дейді. Міржақыптың тағы бір үлкен еңбегі «Қазақ тарихы» отарлау әмірі бұл халықты қаратабан етіп жерге қаратып, жұтап бітсе, сарайдағыларды алтынға малып зәулім биікке көтере түсті. Осылардың бәрін көріп, біліп, сезініп өскен байғұс басым өзімнің тақыл- тұқыл білімімді осынау қорланған, намысы тапталған, мүсәпір болған халқыма бағыштап қол ұшымды беруді перзенттік парызым деп санадым. Адассам - халқыммен бірге адастым, сәулесі жарық жолға ұмтылсам - ұлтыммен қосыла ұмтылып бағамын» деген Міржақып сөздерін халқын отарлық езгіден құтқарудың бірден-бір жолы оқу-ағарту екенін көреміз.

Қиындығы мол жолда аянбай тер төккен ұстаздың зор тұлғасына еріксіз бас иеміз. Бұл 1929 жылы М.Дулатұлының абақтыға жабылып, рухани күйзелісте жүргенде халқын сүйген ұлы жүректің, жан тебіренісі екендігіне куә боламыз. Оған заман талабы, қоғам қажеттілігі педагогика ғылымында мәні зор үлкен дуниелер тудыруға мүмкіндік берді.

Мұғалім: қаланың ауылдан айырмашылығы қандай? Осы сияқты сауалдар қоя отырып, Міржақып баяндап оқытудың әдісін көрсетеді. Бұдан байқайтынымыз, Міржақыптың үлкен әдіскер-ғалым болғандығы. Ғалымның бұл әдіскерлік ой-пікірі мұғалімдерге, әсіресе бастауыш сынып мұғалімдеріне қажетті көмекші құрал. Осы сұрақ-жауап арқылы Міржақып оқушылардың ойлау, іздену, тіл дамыту, танымдық қасиеттерін жетілдіреді. Осы орайда М.Дулатовтың оқу-ағарту саласындағы еңбегі жайлы ғалым М.Әбсеметов «Оян қазақ» еңбегіне жазған алғы сөзінде былай деп айтқан «Ақын, беллетрист Міржақып - ауылдағы орыс мектебінің мұғалімі. Оның поэзиясы өз халқын оқу-ағартуға шақырған асқақ үн мен жігерге толы. Ол езілген халқына өзінің заңды правосын қайтаруды, жас ұрпақты жарқын болашаққа жеткізуді армандайды».

М.Дулатовтың педагогика теориясында ең басты назар аударған мәселелерінің бірі мектептегі оқытудың мазмұны қандай дәрежеде болуы қажет. Өз жұмыстарында схолостикалық, жаттанды оқыту әдісін сынайды.

«Мешіт медресе хақында» атты өлеңінде былай деп жазады:

*Тәртіпті медресе жоқ бұл қазақта
салады сәбилерді тек азапқа,
Молдекем шарт жүгініп қаһар етіп,
Босатар күн батқанда әрең шаққа.*

Ғалым-педагог дін мәселесіне ерекше көңіл бөлген. «Ғасырлар бойы дамып келе жатқан христиан дінінің әрекетіне қазақтың қалпын сақтап қалатын ислам діні» - деп айтады. Міржақыптанушы ғалым М.Әбсеметов Міржақыптың жоғарыда айтқан ойына былайша анализ жасайды: «Ал жалпы дін мен ғылымның мәселесіне келгенде ол ғылым жағын жақтады, ғылымның жақсылығын айтты, діннің кемшілігіне халықтың назарын аударды». Шындығында да, Міржақып діннің кемшілігі мен пайдасын ажырата білген ғалым. Діннің адамды имандылыққа, ізгілікке, адамгершілікке, патриоттыққа тәрбиелейтінін жан-жақты дәлелдеген. Міржақып «Қазақ» газетінде көптеген мақалалар жазған ғалым. «Оқушыларға жәрдем жамияты» атты мақаласында оқу-білімнің қажеттілігін дәлелдейді. Ол былай деп жазады: «Заман талас-тартысқа айналды, қара күнін қайғырмай, қамсыз жатқан қазақ болмаса, ұшқан құс, жүгірген аңның бәрі де тіршіліктің жабдығында. Жағаласпай ешкім қатардан орын қағыспайды. Басқалармен тізелесуге, тартысуға, жарысуға оқу-білім керек. Надан жұрт оқымысты, білімді жұрт пен қатар, тіршілік ете алмайды, есігінде жүріп азып-тозып кетеді. Сондықтан осындай мезгілі өтпей тұрғанда қазақ баласына оқуға жабысудан басқа жол қалған жоқ». Ғалым ойын былайша жалғастырады: «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та дүниеден сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз - оқу. Надан жұрттың күні қараң, келешегі тұман». Автор оқу-білім арқылы ғана өркениет қатарына жетуге болатынын айғақтайды. Ол бар күш-жігерімен халықты оқу-білімге үндейді. Автор «Қазақ жайы» атты мақаласында қараңғы, надан, білімсіз елін сыңайды. Оны өзге елдермен салыстыра отырып, сол елдерден үлгі алуға шақырады. «Тіршілік - бәсеке, жарыс. Дүние - бәйге үйлестіруші. Озғанға қарай бәйге береді. Жарыстың алды боп келген бәйгенің алдын алады, ортасы боп келген ортасын алады, соңында қалған бәйгеден тіпті құр қалады. Дүниенің ісі осылай болған соң адамнан адам, жұрттан жұрт, ұлттан ұлт озсам дейді. Озғанның ісі қай орында да болса, үстін түсіп, қалғаны ісін баспақшы. Ғылым, өнерімен асқандар білімсіз, өнерсіздерді білімімен жығып, аяғына баспақшы».

Қазіргі уақытта жалпы бұқара халықтың ғана емес, жеке тұлғалардың да ғұмырнамасын зерттеуге сұраныс өсіп отыр. Орыс халқының демократ ғалым-жазушылары да М.Дулатовтың шығармашылығын зор бағалап, құрмет көрсеткен. 1914 жылы Лазерев атындағы шығыс тілдері институты даярлаған ғылыми жинаққа М.Дулатовтың өмірбаяны мен ағартушылық бағыттағы шығармалары туралы хабарламалық мәлімет жарияланған. Жинақты топтастырып жарыққа шығуына басшылық жазған академик

В.Гордлевский «Дала перзенті М.Дулатов туған халқының еркіндігін, азаттығын армандап халқына «Оян, қазақ» - деп ұран тастаған күрескер азамат ақын» - деп ой тұжырымдады. 1988 жылы М.Дулатов толық ақталған соң, оның өмірі, шығармашылығы, қызметі өз мәнінде зерттеле бастады. Баспасөзде тарихшылар, журналистер, әдебиетшілер оның қоғамдық әр қырын танытатын мақалалар жариялады. Тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының мүше корреспонденті К.Н.Нұрпейісов ХХ ғасырдың басындағы қазақ ұлт зиялыларының қызметі туралы іргелі еңбегінде М.Дулатұлының ұлт-азаттық қозғалыс кезіндегі ағартушылық әсіресе, Азамат соғысы тарихындағы саяси қызметіне тың деректер негізінде объективті талдау жасап, М.Дулатов «Халықты оятудың және оның ұлттық санасын жебеп, жігерлендірудің аса көрнекті шебері» - деп әділ бағасын береді. Көне дәуірдегі түркі халықтарының тарихын зерттеуде айрықша еңбек сіңірген ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.Аманжолов пен ғалым Қ.Рахметов қазақ халқының шығу тегін зерттеуге үлес қосқан зиялылардың қатарына М.Дулатовты енгізеді. М.Дулатовтың ағартушылық және қоғамдық-саяси қызметі шетелдерге кетуге мәжбүр болған түркістандық эмигранттардың, сондай-ақ А.Бенниксен, М.Лемерсье-Келькежей, Томахико Уямо сияқты шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде де ғылыми талдау тақырыбы болды. Г.Міржақыпқызының естелігенде оның шыққан тегі, өскен ортасы туралы қиын да қызықты, мәнді өмір белестері жөнінде көпшілікке құнды мәліметтер айтылады. Кейбір зерттеушілер, «Қарқаралы петициясын» әзірлеген зиялылардың қатарында М.Дулатұлының есімін көрсетпейді. Тарихшы К.Нұрпейісов: «Қарқаралы петициясын» дайындағандар Ә.Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов - деп көрсеткен. Енді петицияны дайындауға М.Дулатов атсалысқанын көрсету үшін, М.Әуезовтың «Ахметтің елу жылдық тойы» мақаласына жүгінейік: «1905 жылы Қарқаралы да Ақаң мен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік хүкіметке қазақ халқының атынан петиция жіберген». Демек «Ақаңдар» деген ұғымның ішінде өткір оймен жұрт көзіне іліккен М.Дулатовтың кіруі сөзсіз. Жапон ғалымы У.Томахико былай деп жазады: «Оян, қазақтағы» ой-толғаныстарды айтуды М.Дулатов, біріншіден өзін қазақпын деп, екіншіден мұсылманмын деп, үшіншіден өзін патриотпын деп санады. Қазақ қоғамын жаңарту идеологиясын орыстың - еуропалық өркениеттен содан соң мұсылмандықтан іздестірді».

М.Дулатов өзінің «Жер мәселесі» атты мақаласында саяси дағдарыстан шығудың жолы оқу-білім екенін дәріптейді: «Бір халықтың тұрмысын түп-тамырын бұзып өзгертуі көшпенділіктен - отаршылдыққа, отаршылдықтан - көшпенділікке шыққан секілді оңай іс емес. Қауіпті дертке тәуіп қанша керек болса, бұл мәселенің түйінін шешуге де сонша білім керек. Өлгенді тірілту мүмкін болмаған секілді, бұл туралы өзгеріс қате пікірмен болса, түзетуге болмайды». М.Дулатовтың бұл ойларынан оқу-білімнің қоғамда алатын орнын, оның адамдарға қажеттілігін аңғаруға болады. М.Дулатовтың көптеген мақалалары оқу-ағарту ісіне бағытталған. «Қала болу керек

деушілердің пікірі» атты мақаласында «Жер жүзіндегі халықтардың біразы ғана болмаса, қала болып отыр, мал бағып көшіп жүрмегендіктен, қырылып қалғаны естілмейді. Қайта бұл күнде көзіміз көріп, ақылымыз жетпей тұрған не түрлі тамаша нәрселерді /отарба, телеграмма/ шығарып тұрған солар. Олар бізден кедей емес, бізден өнерсіз емес, күшсіз емес, бұларды көре тұра, біз қазақтар да қала болып, малдың санын күшейтіп, бағасын көтеріп, егін салып, сауда қылып, оқу оқып, өнер тауып, өзіміз де алдағы жұрттың істегенін істеп солардың жолына түсейік, сол уақытта ғана қатардағы халықтардың бірі бола аламыз». М.Дулатов халықтың бостандығы жолындағы күреспен ағартушылықты екі айырық жол деп есептемеген, екеуін де толықтырар, халқының болашағын ойлайтын әрбір азамат көтерер ауыр міндет деп түсінген. Сондықтан да, оның ағартушылық ой-пікірлері отаршылдық бұғаудан халқын құтқару, елінің азаттық алар жолын іздестіруімен ұштасып жатады. Өзгенің езгісіне, қараңғылық тұманына оранған халқының жарыққа жол ашар шамшырағы білім-ілім екенін сезіне біліп, өзінің ағартушылық идеяларында сауат ашу, оқу мәселелерін қатар қояды. Оқу-ағартуға байланысты жарияланған Міржақыптың мақалалары ең алдымен ғылыми-әдістемелік сипатымен ерекше. Ғұмырын арнаған ағартушылық жолы үш тағанды бірліктен тұрады. Біріншісі - ұстаздық педагогтік қызметі, екіншісі - ұлттық мектептің өркендеуін көздеуші журналист, үшіншісі - мектепке қажетті оқулықтар жазушы ғалым. М.Дулатов тұңғыш рет «Қазақ тарихын» жазып, онда қазақтың шығу тегін, қазақтың қалай қырғыз атануын, оның қашаннан бері жұрт болғандығын, қазақтың үш жүзге бөлініп, «алаш» атануының себептерін ел ішінде тараған аңыздар негізінде дәлелдейді. Міржақыптың аталған еңбегі жастарды өз тарихынан, әдет-ғұрыпынан, салт-дәстүрінен мағлұмат ететін тамаша туынды. Сонымен қатар М.Дулатов ана тілін оқытуға көп көңіл бөлген. Ол қазақ тілінің оқыту барысына әлі де болса көңіл бөлінбей жатқандығына ерекше назар аударады. «Қазақ тілі мемлекеттік тіл болды, енді заң-зақун, бұйрық-жарлықтың кеңсе істерінің бәрін қазақшаға айналдырамыз деп талпынғанымызға талай жыл, қазақ тілін жүргізу үшін орталықта дербес комиссия да құрылды. Бірақ орталық; комиссияның өзі болсын, я жер - жердегі бөлімдері болсын, қазақ тілі қалай жүріп жатқанын жете тексеріп отырғанына шегіміз бар. Комиссия ел арасындағы істер түгіл, орталық мекемелердің өзінде не болып, не қойып жатқанын білмейтін көрінеді». М.Дулатовтың бұл пікірі қазіргі өмірімізде ең келелі мәселелердің біріне айналып отыр. Мемлекеттік тіл өз дәрежесінде әлі де болса қолданылмай келеді. Мекемелердің көпшілігі қазақ тіліне көшірілген жоқ. Жоғарыда келтірілген автордың ойы бүгінгі мәселемен де астасып жатқандығына куә боламыз. Мемлекеттік тілді жетілдіру мәселесі бұдан 70 жыл бұрын айтылса да бүгінде ол өз мәнін жойған жоқ.

Қорыта айтқанда, Міржақып заманымыздың ең қажетті тақырыптарына қалам тартты. Оның педагогика ғылымы саласында қалдырған еңбегі сан салалы. Әдіскер-ғалым өзінің әдістері арқылы оқыту теориясын жан-жақты дамытты. Оның оқулықтары қызықты, тілі жеңіл. Адамгершілік, имандылық,

эстетикалық, еңбек, дене, патриоттық т.б. тәрбиені оқушылардың бойына дәріптей білген ғалым-педагог. Сондықтан да, Міржақыптың мұралары мұғалімдерге, шәкірттерге орны толмас қазына.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға - **Әлихан Бөкейхан**. Оның есімі ұзақ жылдар бойы сирек аталып келсе, кейінгі ұрпаққа қалдырған орасан мол аманат - мұрасы бір кісінің ғұмырындай уақыт шаң басып жатты. Әлихан қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, шаруашылығын, төрт түлік малын, жер-суын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын жан-жақты зерттеген ғалымдардың бірі.

Санкт-Петербург Орман институтының орман экономисі мамандығын бітіреді де, 1894 жылы Омбы қаласына қайта оралады. Оралған бойда алдымен төменгі дәрежедегі орман мектебіне қабылданып, екі жылдай уақыт өз мамандығы бойынша дәріс оқиды. Щербина экспедициясына жеке зерттеу тобын басқарып жұмыс істеген.

Әлихан Щербина экспедициясының Семей облысына қарасты Павлодар, Қарқаралы, Семей уездері мен Ақмола облысының Омбы уезінде жүргізілген жұмыстарға тікелей қатынасып, алуан түрлі деректі материалдарды жинайды. Үй, қора, мал санын есепке алады. Экспедиция жұмыстары аяқталғаннан кейін жиналған бай материалдарды іріктеп, белгілі тәртіпке келтіріп, өңдеп, ғылыми қорытындысын жазады. Жиналған деректерге сүйене отырып ол, сондай-ақ Павлодар, Қарқаралы, Семей, Омбы уездеріндегі байырғы тарихи аудандарын анықтап, оны картаға түсіреді. Әлихан Бөкейхан жағрафия қоғамының басшылығымен кіндік қаны тамған қазақ даласының тарихын көп зерттейді. Әлиханның тарих саласындағы жазып қалдырған мұралары - «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи», «Киргизы» атты монографиялары. Әлихан қазақ мемлекетінің пайда болуы тарихын, даму заңдылықтарын терең зерттеген. Әлихан Бөкейхан халықтың рухани байлығының бірі - көркем әдебиетке де көп көңіл аударған ғалым.

Қазіргі замандағы ағылшын зерттеулерінің пікірінше ол XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті мен баспасөзін дамытуда жетекші рөл атқарған. Халқымыздың сарқылмас қазынасы - ауыз әдебиеті мұраларын жинау, оларды жіктеп, өңдеп бастыру, әдебиеттану, көркем аударма Әлиханның сонау бастан сүйсіне атқарған істерінің бірі. «Қазақтың ұлт болып өркениетті ел қатарлы өмір сүруі үшін ең алдымен, халықтың сана-сезімін оятатын жағдай тудыру керек, қазақтың ұлттық тілін, әдебиетін өрістету керек. Өз әдебиетін қалыптастыруда табысқа жеткен халық қана азат өмір сүре алады» - деп білген Әлихан ұлттық әдебиетімізді өркендетуде жан-тәнімен еңбек етеді. Халықтың мәдениетін көтеруде, ой-санасын оятуда, халықты надандық құрсауынан шығарудағы баға жетпес ойын ол студенттік күндерден-ақ түсінген. Сол мақсатта заманындағы қазақтың алдыңғы қатарлы зиялылары мен әдебиет өкілдерінің басын біріктіруге ұмтылады. Оларды халыққа қызмет етуге, білім беріп, көзін ашуға шақырады. Сөйтіп, ол өзінің жанына Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбек, Халел сынды ақын-жазушылар мен көрнекті зиялыларды жинайды. Әлихан Бөкейхан фольклоршы болды. Ол қазақ эпосы мен

фольклорын ғылыми тұрғыдан зерттеген тұңғыш ғалым. Әлихан Бөкейхан халықтың ауыз әдебиеті мұраларынан үлгі алмай ұлттық әдебиеттің өніп-өркендеуі мүмкін емес деп түсінген. Әлихан Бөкейханның тұңғыш зерттеуі - «Женщина по киргизской былине Кобыланды» атты көлемді мақаласы «Түркістан уалаяты» журналында жарияланды. Зерттеуінде ол қазақтың жалпы ауыз әдебиеті шығармаларына шолу жасап, оларға сипаттама береді. «Памятники народного творчества киргиз разнообразны по содержанию и форме и значительны по количеству. Они часто собраны, частью остаются еще незаписанными. Во главе их стоят этическое и лирические песни. Эта богатая народная поэзия киргизов сохраняется устно, передаваясь от предков к потомкам через певцов-баянов, называемых джирчиями /жыршы/, улянчями /өлеңші ақын/. Отличительную черту киргизской поэзии составляет лиризм» .

Күні бүгінге дейін Әлихан Бөкейханның әр түрлі мерзімді баспа беттерінде мақалалары арқылы қорытынды шығарады. Әлихан Бөкейхан практикалық әдістің лабораториялық әдіске жақын екендігін дәлелдейді. Оның ойынша, практикалық әдіс мұғалімнің басшылығымен сабақты бекіту кезеңінде қолданылады. Әлихан Бөкейхан оқушының қажетті білім алуы мұғалімнің шеберлігіне байланысты екендігін айтады. Ол былай деп жазады: «Баланы баулыған оқытушы ісіне шебер болса, өзі де, балаларды табиғатты әліп-бидей оқып, аты бәйгеден келіп, бүркіті түлкі алып қызыққа батады да, қуанады. Бала оқуға күйі түскен қаршығадай, түлеп ұшады». Әлиханның зерттеу еңбектеріне талдау жасай отырып, біз мынандай тұжырымға көңіл аудардық: Тақырыптың атауында экскурсия әдіс ретінде көрсетіліп, мазмұнында оқытудың формасы негізінде беріледі. Автор ең қажетті лаборатория ол қоршаған ортаны, табиғатты көзбен көру деп есептейді. Лабораториялық әдісті оқушылар табиғат құбылыстарын ұзақ бақылау арқылы іске асырады.

Ғалым-педагог оқыту мазмұнын ұлттық психологиямен байланыстыруға ерекше мән берген. Ол оқушыларға өздерінің өмірлерімен, күнделікті тыныс-тіршілігімен байланысты соған қажетті материалдар беріп отырған.

Әлихан Бөкейхан 1926 жылы орта мектеп оқушыларына арнаған астрономия оқулығын жазып шығарған. «Астрономия» - деген сөздің мәнін ол былайша түсіндіреді: «Астрономдар /астыр-грек тілінде жұлдыз, номос-заң, осы екеуінен, екі сөзден жұлдыз заңын зерттеуші деп астрономды шығарған». Сондықтан да ол мұғалімдерге жас жеткіншектердің бойларына диалектика - материалистік көзқарастарын қалыптастыру мәселесін алға қойған. Әлихан Бөкейхан зерттеулерінде оқыту мен тәрбиелеу бір-бірімен байланыста болатын үрдіс ретінде қарастырады. Тұлғаны қалыптастыруда тәрбиенің атқаратын рөлін Әлихан өз еңбектерінде жан-жақты дәлелдейді. Тәрбиесіз жинақталған білімнің қоғамға тигізер пайдасы болмайтындығын айтады. «Ән өлең ҺӘМ ОНЫҢ құралы» - атты мақаласында эстетикалық тәрбие өз көрінісін тапқан. Автор өнердің тұлғаны қалыптастырудағы рөлін ерекше атап өтеді. «Ән адамның бар ет тамыр, сүйек-сүйегін қозғайды, бәрін ерітеді, елжіретеді» - деп жазады автор. Автордың бұл ойы әннің құдіреттілігін бейнелейді. Ән дене тәрбиесіне әсер ететіндігін көрсетеді. «Жаңа туған бала жылау әні, солқылдау әнімен

дүниеге амандасады. Адам жан шығарар алдында арпалысып а-а-а деп ән салып дүниеден қоштасады» - деп жазады. Әлиханның бұл пікірлері өлеңнің маңызын көрсетеді.

Әлиханның бұл ойлары ұлы Абайдың адам өміріндегі әннің орнын суреттейтін поэзия жолдарымен үндесіп жатыр. «Дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денен» - деп ұлы Абай айтқан ойлар Әлиханның мақаласында да өз көрінісін тапқан. Дүниеге жаңа келген нәрестеге бесік жырын айтса, өмірмен қоштасып, көз жұмғанда адамға жоқтау айтылады. Қарап отырсақ, адамның өмірі ұлы Абай мен Әлихан айтқандай ән мен жырға толы екен. Өлеңде адамның көңіл күйі, эмоциясы, реніші, қуанышы, әр түрлі психологиялық қасиеттері көрінеді. Автор ойын былайша жеткізеді: «Ән-өлең, күй адамның анық тілі, шын тілі, көпке бірдей ұғымды тіл - бұл тіл, жүрек тілі, сезім тілі, күй тілі, неше түрлі үндерді осы тілмен сұлулап, майлап қояды, қуаныш-шаттық рахатын сыртқа шығарады, мауқын басады». Әлихан Бөкейханның артына қалдырған шығармашылық мұрасының үлкен саласы-орыс тілінде жазылған монографиялық, энциклопедиялық сипаттағы ғылыми еңбектері. Бұлардың өз кезінде ең елеулі баспаларда жариялануы авторға деген сол тұстағы ілтипат, құрметті көрсетсе керек. Ғалымның негізгі, басты еңбектері қазақ халқының тарихына, экономикасына, мәдениетіне, шаруашылық жүргізу тәсілдеріне, ру-тайпалар шежіресіне, тұрмыс салтына, қазақ жерлерінің отарлау тағдырына арналған. Бұл еңбектерде мың сан деректер, цифрлар, таблицалар, сілтемелер, жер-су, адам есімдері, әр түрлі үзінділер, қысқаша айтқанда өте көп материалдар бар. Көшпелі топтардың мінез ерекшеліктерін көрсетіп беретін «Сайлау» деп аталатын мақалалар шоғырына назар аударсақ, Әлихан Бөкейхан қаламының сатиралық, шыншылдық сипатын көреміз. Автор ұғымында қазақ сайлауы жұртқа келген жұт: «Сайлау мал бағусыз, егін салусыз, пішен шабусыз, малшыдан басқа үйде отырып шаруасын -қараған адам болмас. Болыс, би, елу басы, старшын болмақ, дұшпанынан кек алмақ, малын бұқара халыққа алым-шығынды аударып тастап бай болмақ-мансапқордың кескінін көз алдымызға келтіреді».

Еуропадағы, Ресейдегі сайлаудың ерекшеліктері, оларды заңдылық, әділет жолы, әр түрлі партиялардың күресімен қазақ ішіндегі параға, малға сатылған, арамдықпен өтетін шар тастаудың айырмасы ап-анық. Сайланған адам әділет, бірлік, адалдық жолында күрессе ғана шын мақсат орындалмақ. Автор ескі дәстүрлерді, тұрмыс салтты, өмірді жақсы білетін егде, өкшелі кісілердің орнына, азды көпті орысша тіл сындырған, патша өкіметіне беріліп кеткен жандардың би, болыс, старшын сайлануын сынады, бұдан елге келері тек зиян деп біледі. Сөйтіп, Әлихан қараңғы халықты сыңай отырып, оларды білім, өнер алуға шақырады. Халыққа білім беру, ағарту ісі оның ең басты идеяларының бірі. 1918 жылға дейінгі қазақ қоғамының саяси және рухани өмірінде аса үлкен рөл атқарған «Қазақ» газетін ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуінде Әлихан Бөкейханның атқарған еңбегі аса зор. 1913 жылдың ақпанынан шыға бастаған «Қазақ» газетіне дейін жалпы ұлттық газет шығару әрекеті ілгері баспаған. Оның газет шығару әрекеті мен мол тәжірибесі

1896-1907 жылдары «Степной край», «Иртыш», «Огонь», «Голос степи» деген сияқты газеттерде жұмыс істеуі арқылы жалғасын тапты. Мемлекеттік Дума депутаты ретінде сол кездегі Россия жоғары билік орындарда жақын адамдармен тікелей таныс болуы «Қазақты» ұйымдастыруда аз рөл атқарған жоқ.

Газеттің алғашқы сандарынан бастап ол «Қыр баласы» атты жамылғы есіммен мақалалар жазып, ең күрделі және өзекті мәселелерге қалам тартты. 1914 жылғы наурыз айында Ташкентте тұратын темір жол инженері М.Тынышбаев Иркутскідегі жолдасына былай деп жазады: «В Оренбургебасылымдардан жарық көрген үлкенді-кішілі 10-нан аса зерттеулері табылып отыр. Әлихан Бөкейханның кейінгі ұрпаққа қалдырған әдеби мұрасының ең көлемдісі - көркем аударма. Аудармашылардың ішінде орыстың классик жазушылары Л.Н.Толстой, А.Г.Чехов, В.Г.Короленко, Д.М.Мамин-Сибиряк сияқты жазушылармен қатар, Еуропаның өркениетті елдері қаламгерлерінің шығармаларын аударған. Әлихан Бөкейхан көркем аудармаларының басым көпшілігін 20-30 жылдар аралығында, 1922 жылдан 1927 жылға дейін КСРО Халықтарының Орталық баспасындағы Қазақ секциясының әдеби қызметкері болып қызмет етіп жүрген кезінде аударғаны байқалады. «Мусульманский национальный коммунизм в советском союзе» атты кітабында Париж университеті қоғамдық ғылымдар лабораториясының меңгерушісі А.Бенигсен Әлихан Бөкейхан туралы былай деп жазған: «Казах, выходец из царской семьи и потомок Чингизхана. Историк кочевников и великий специалист эпического фольклора».

Ағылшын ғалымының бұл берген бағасы Әлихан Бөкейханның жоғарыда айтып кеткен сан-салалы еңбегін нақтылай түседі. Сан-салалы еңбегінің біз ерекше назар аударатынымыз ағартушылық, педагогтік еңбектері. 1894 жылы Орман шаруашылық институтын бітіргеннен кейін Әлихан халықты сауатсыздықтан құтқару үшін оқу-ағарту қажет екендігін түсінген ол Омбы орманшаруашылық мектебінде мұғалім болып жұмыс істейді.

А.Ильясова Әлихан Бөкейханның педагогтық қызметіне былайша сипаттама береді: «Поднимая важную роль печати в подъеме и формировании политического сознания и культуры народа, Әлихан Бөкейхан сотрудничает с периодическими изданиями «Дала уалаяты», «Сары-арка», «Алаш», «Айқап» и прилагает огромные усилия к изданию газеты «Казах», которые увенчались успехом. Одновременно он сотрудничает с Российскими и татарскими изданиями». Бұл ойды біз Санкт-Петербургте жарық көрген жаңа энциклопедиялық сөздікте де кездестіреміз. Ф.А.Брогкауз, И.А.Ефрон былай деп жазады: «Сотрудничал во многих Сибирских газетах и журналах в 1906-1907 г. редактировал Омские газеты «Иртыш», «Голос степи». Әлихан Бөкейхан халық тағдыры мен халықтың тілі арасындағы байланысты дұрыс түсінген ғалым. Әлихан Бөкейхан өзінің көптеген еңбектерінде ана тіліне ерекше көңіл аударады. Педагог-ғалым қоғамдық мәселелерді шешуге талпыныс жасады. Дегенмен газетті ұйымдастыруда Әлихан Бөкейханның еңбегін өз дәрежесінде бағаламау әділетсіздікке жатар еді. Әлихан өзінің «Ашық хат» атты мақаласында білім беру, оқыту мәселесін былайша жазады:

«Ұлтына, жұртына қызмет қылу біліммен емес, мінезден издается киргизская газета поэтами-киргизами А.Байтұрсыновым и М.Дулатовым, конечно я имею касательство и подписываю. Газета очень распространяется»-деп хабарлайды. Әрине, «Қазақты» шығаруда қыр баласының рөлін асыра бағалауға, немесе оның ұстанған бағдары мен редакторлық бағытын шатастыруға болмайтындығы түсінікті. Дегенмен газетті ұйымдастыруда Әлихан Бөкейханның еңбегін өз дәрежесінде бағаламау әділетсіздікке жатар еді. Әлихан өзінің «Ашық хат» атты мақаласында білім беру, оқыту мәселесін былайша жазады: «Ұлтына, жұртына қызмет қылу біліммен емес, мінезден. Адам баласын өзіндей жақсы көр, сүй деген сөз айтылғалы екі мың жыл болған, онан бері білім отарба, телеграмм, телефон шығарды, жақсы мінезге тоқталған адам аз, білім біліммен, мінез мінезбен» - дейді.

Осы ойға анализ жасай отырып біз мынандай қорытындыға келеміз: Әлихан тәрбие теориясын адам ғұмырының басты кредосы екендігін дәлелдейді. Адам қанша білімді болса да оның тәрбиелі болуы мүмкін емес екендігін айтады. Адам білімді болмаса да тәрбиелі, әдепті болуы әбден ықтимал- деген қағиданы ұстанды. «Көп оқыса, мұны құдай біледі. Неше түрлі заманда қазақ мінезі бұзық орысша, мұсылманша хат білгендерден көрініп жүр. Бұлар өзге қазақтан білімді, біліммен жақсы мінез шықса бұл қалай?». Әлихан Бөкейхан - қазақтың басын біріктіріп ерікті ел болуын көксеп, сол мақсатқа жету жолына өз бойындағы бар қасиетін: ақыл-ойын, өнер-білімін, жігер-қайратын, бар саналы өмірін арнаған адам. Егер ол өзінің бас пайдасын ойлап, патша заманында, мансапқор болып, шен-шекпенге қызығып, ұлық болғысы келсе, өзі ақсүйек, хан әулеті әрі оқымысты Ә.Бөкейханға ол жол оңай еді. Бірақ, Ә.Бөкейхан қара басының қамын ойлаған жоқ, ол белін бекем байлап, ел үшін еңбек ету жолына түсті. Аяғын шалыс басып, адасса да, қилы заман, қиын асуда қиналып қателесе де. ақ көңілін дұрыс түсінген жұрт оны қадірлеп, құрметтеді. Әлихан Бөкейханның алғашқы сенімді серіктері -Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов болды. Атақты ақынымыз С.Торайғыров былай дейді:

*Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,
Демейді қандай қазақ оны оң көзі.
Семей тұрсын, жеті облыс бар қазақтан,
Талассыз жеке дара тұр зой өзі.
Ел үшін құрбандыққа жанын берген,
Бит, бүрге, қандалаға қанын берген
Ұрыдай сасық ауа, темір үйде,
Зарығып алаш үшін бейнет көрген,*

Бұл өлең жолдары Әлихан Бөкейханның қайраткер болғандығын көрсетеді. Әлихан Бөкейханның мол еңбегінің бір саласы қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне арналған. Атақты ғалым П.П.Семенов-Тяньшанский мен академик В.И.Ламонскийдің редакциясымен: «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» атты көп томды кітап шыққаны тарихтан белгілі. Сол көп томдық кітаптың 18-томы қазақ тарихына арналып, «Киргизский край» деп аталып, 1903 жылы Петербургте басылып

шыққан. Кітапты жазуға қатысқан адамдар: А.Н.Букейханов, С.Д.Чадов, Н.А.Бародин, Т.Т.Белоногов, В.П.Семенов, П.Н.Столпянский деп атап көрсеткен.

Абайды орыстың оқырман қауымына тұңғыш рет таныстырған адам - Әлихан Бөкейхан. Абай қайтыс болған соң ақынның өмірбаянын орыс тілінде жазып, Семейде шығып тұратын «Семипалатинский листок» атты газетте 1905 жылы жарияланған. Әлихан Бөкейхан 1922 жылы Кеңес үкіметімен ымыраға келе алмаған. Мәскеуге жер аударылды. Мәскеуде қол қусырып отырмай ол ғылыми зерттеу, көсемсөздік, әдеби, оның ішінде аудармашылық қызметін жалғастыра береді. Ол өзін ұмытып, тек автордың түйсік-түсінігіне бойлауы тиісті». Батыстың Жюль Верн, Стендаль, О.Бальзак, Гете т.б. ақын жазушылары немесе А.Пушкин, М.Лермонтов, Л.Толстой, А.Чехов, В.Иванов, М.Горький сынды классиктерінің есімдері қайсы бірімізге де болса жақсы таныс. Олардың таңдамалы деген шығармаларын оқып таңданбайтынымыз кемде-кем. Әйтсе де күнделікті өмірде оқып, танысып жүрген көркем әдебиеттің үздік туындыларын қазақшаға аударып, оқырманға ұсынып отырған көркем аудармашының инемен құдық қазғандай еңбегі әдетте ескеріле бермейді. Әлихан жұмысының ең көлемдісі - көркем аударма. Әлиханның тұңғыш аудармасы 1900 жылы «Дала уалаяты» газетінде жарық көрді.

Бұл Л.Н.Толстойдың «Сурет кафеканасы» атты әңгімесі болатын. В.Г. Короленконың «Мақардың түсі» атты көлемді әңгімесі - Әлиханның төңкерістен кейінгі кезеңде тәржімаланған туындыларының алғысы. Ол 1923 жылы жеке кітап болып жарық көрді. 1927 жылы Л.Н.Толстойдың үздік туындыларының бірі - «Қажымұратты» Әлихан 1923 жылдың 10 қыркүйегінде бітіріп баспаға тапсырған. Жоғарыда айтқанымыздай Әлиханның аудармаларында тәрбиенің түрлері жан-жақты берілген. Л.Н.Толстойдың «Жұмыртқадай бидай» атты аудармасында еңбек тәрбиесін бейнелейді.

Бұл Л.Н.Толстойдың «Сурет кафеканасы» атты әңгімесі болатын. В.Г. Короленконың «Мақардың түсі» атты көлемді әңгімесі - Әлиханның төңкерістен кейінгі кезеңде тәржімаланған туындыларының алғысы. Ол 1923 жылы жеке кітап болып жарық көрді.

Патша мен қарапайым шалдың ортасында сауал жүргізе отырып, автор еңбекпен тапқан нан дәмдірек деген нақыл сөзді дәлелдей үседі. Автор жастарды еңбек етуге шақырады. Ол өзінің аудармаларында еңбек тәрбиесін насихаттайды. Еңбек арқылы адам жақсылыққа жетеді деген қағиданы ұстайды. Баларға тілі жеңіл мысалдар берген. «Көк кептер мен құмырсқа», «Бүркіт пен тасбақа», «Күзен», «Арыстан мен тышқан», «Ат пен атшы», «Арыстан мен бақа» т.б. әңгімелерінде тәрбиеге жете тоқталады. «Құмырсқа мен инелік» атты әңгімесінде құмырсқа мен инелікті бір-біріне қарама-қарсы қоя отырып, құмырсқаның еңбекқорлығын айта келе, жаз бойы өлең айтып, серуен құрған инеліктің жалқаулығын сатиралық тілмен әжуалайды.

Еңбек тәрбиесі Әлихан әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Әлиханның басылым беттерінде ғана емес, сондай-ақ күнделікті өмірде қарапайым

халық арасында Толстойдың шығармашылығын насихаттап жүргендігін де білеміз. Барлық көркем аудармаларының ішінде Толстой туындыларының көп ұшырасатын себебі де осы болатын. Әлихан Бөкейханның барлық шығармаларымен таныса келгенде, оның автордың ой желісін, бастапқы мағынасын, негізгі идеясын сақтай отырып, еркін аударатындығы байқалады. Шығармаларда жиі ұшырасатын қазақ тілінде баламасы жоқ жер-су аттары, кісі есімдері немесе қазақ тілінде басқа да атаулары ол өз еркінше, өзінің түсінігінше, біліміне сүйене отырып қазақшалаған. Сөйтіп, Әлихан Бөкейхан - көркем әдебиетіміздің өркендеп өсу жолында, үлгі-өнеге болатын еңбегімен рухани мәдениетімізге үлкен үлес қосқан әдебиетші. Қазақтың ауыр тұрмысын байланыстырған қазақтың болжамдары «Аңқау елге арамза молда» мақаласында дәлелденеді. Әр түрлі тақырыптарға арналған ғылыми, проблемалық, саяси мақалалармен қоса, Әлихан Бөкейхан түрлі құрылтайларға, съездерге барып, сол жиналыстардың қайда, қашан, қалай өткендігі туралы, онда кімдердің не жөнінде сөйлегендерін, қандай тұжырымдар жасағанын кеңінен баяндайтын есеп, саралау стилінде жазылған еңбектер арқылы көрсетеді. Мәселен, «Дума циклі», «Мұсылман съезі», «Жалпы сібір съезі», «Екінші қазақ съезі» деген мақалаларда әлеуметтік-саяси жағдай жан-жақты айтылып, онда ең басты мәселелердің бірі оқу-білім екенін баса айтады. Әлихан Бөкейхан қаламынан шыққан ең көлемді әдеби, ғылыми, фольклорлық еңбек - «Қарақыпшақ Қобыланды» деп аталады. Әлихан Бөкейханның шығармашылық мұрасының ішінде жеке адамдарға арналған шағын ғұмырнамалық кескіндеме, портрет деп атауға болатын шағын материалдар бар. Олар орысша, қазақшаға екі тілде жазылған. Естелік әңгіме, очерк сипатында жазылған бір дүние «Кәкітай» деп аталады.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары ерекше құрметтеген орыс адамдарының бірі, әйгілі шығыс зерттеушісі, ғалымы, бір кезде Шоқанмен кадет корпусында қатар оқып, дос болған, кейін оның кітабын шығаруға күш салған, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастырған оқымысты Г.Н.Потанин еді. Ол туралы А.Байтұрсынов, М.Дулатов өлең шығарса, Әлихан Бөкейхан - «Григорий Николаевич Потанин» деген ортақ атпен екі мақала жазады.

Бүкіл саналы өмірін халқына, халқының азаттығына арнаған Әлихан Бөкейхан барлық қажыр-қайратын, білім, дарын-талантын патша өкіметі кезіндегі қыспақ-қанау, отаршылдық-зорлық кезінде қалам күшімен жазылған еңбектерінде қалың қазақтың өз ішіндегі алауыздық, жалқаулық, ел тағдыры ең басты нәрсе білім, оқу екендігін дәлелдейді. Осы бағытта аянбай тер төкті. Жоғарыда келтірілген еңбектер бізге мынандай тұжырым жасауға көмектесті. Педагогика ғылымының қалыптасуына ол орасан зор үлес қосты. Халық педагогикасы, білім беру институттарын дамыту, мамандардың білімдерін жетілдіру, ғылыми әдебиеттерді көбейту, білім беру жүйесінде пәндік оқытуды енгізу, мектепке қазақ тілінде білім беру, оқытудың әдіс-тәсілдерін, соның ішінде оқыту теориясын жетілдіру. Тәрбие теориясын оқыту теориясымен байланыста қарастыру мәселелерін қозғады. Осы

мәселелерді шешуде елеулі үлес қосты. Әлихан Бөкейхан туралы шындық, әлі зерттеліп, шегіне жеткен жоқ. Беті ашылмай жатқан мәселелер аз болмаса керек әсіресе, педагогика саласында ерең ердің жасаған еңбегі әлі де болса зерттелмей келеді. Біздің бұл зерттеуіміз Әлиханның педагогикалық еңбектерін зерделеуге арналған тұңғыш зерттеу.

Қорыта келегенде, Әлихан Бөкейханның педагогика ғылымының қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі ұшан-теңіз.

Сондықтан да педагогика ғылымында Әлиханның алатын орны ерекше. Бұдан 70 жыл бұрын айтқан Әлиханның оқытуды ана тілінде жүргізу керек деген пікірі күні бүгінге дейін өз мәнін жойған жоқ. Әлихан Бөкейхан қаламынан туған «Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи», «Киргизи», «Жағрафия», «Астрономия», «Материалы к истории султана Кенесары Касымова» атты еңбектері оқушы қауымға арналған тарихи, саяси, географиялық тұңғыш еңбек.

Тарих атты үлкен керуен бойындағы ұрпақтар жалғастығын қаншалықты топ басып айтқан десеңші. Ақиқатқа жүгінер болсақ, адам баласының басынан өткен әрбір тарихи кезең, әр ұрпақ өзінің алдындағы белес пен буынның өнегелі үлгісін өзінен кейінгіге асырып, ертеңге бағыттап отыратын қастерлі көпір. Бір ғана Әлиханның тұлғасына көз жіберейікші. Ұлы Әлиханның әдеби, педагогикалық мұрасы - халқымыздың өткені мен бүгінгі, көнесі мен жаңасын сабақтастырып жатқан алтын арқау, қазақ тарихының түнсіз терең қазынасы. Сол себепті де біз Әлихан әлеміне еріксіз ой тоқтатып, сол бір қасиеттерді тани түскендей боламыз. Әлихан таланты одан айналасындағы тәлім алушы шәкірттер, ақынның ізбасарлары тозбай, қайта дәуір жаңғырып отыратыны да содан болар.

XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалысының қайғылы қасіретке ұшыраған тұлғаларының бірі - **Ж.Ақбаев**. Ж.Ақбаев - бүкіл ғұмырын туған халқының тәуелсіз болашағына арнаған, барлық күш-жігерін осы мақсатқа жұмсаған, Алаш үшін жанын пида еткен қазақ елінің біртуар қайраткері. Ж.Ақбаевтың өмірі мен қызметі аз зерттелген. Ж.Ақбаевқа арналған алғашқы еңбекті оның қызы Аргуния Жақыпқызы - қазақ қыздары арасындағы тұңғыш заң ғылымының кандидаты 1964 жылы жазып, ол ҚазМУ-дың 30 жылдығына байланысты шығарылған рефераттар жинағында жариялады. Сол кездері Ж.Ақбаев туралы егжей-тегжейлі мақалалар жарияланды. Тұңғыш заң магистрі Ж.Ақбаев туралы жарияланымдар тоқтатылып қалды. Алашорда қайраткерлеріне арналған зерттеулердің бәріне тыйым салынып, зерттеу тоқтатылып қалды. Академик О.С.Зимановтың 1970 жылы шыққан монографиясында ғана оның қызметіне оң баға берілген. Ж.Ақбаев туралы тоқсаныншы жылдардың басында жаңғыртылды. Ж.Ақбаевтың өмірі мен қызметі энциклопедияларда, мақалаларда өз көрінісін тапты. Қарт жазушымыз Ғ.Ахмедов «Алаш, Алаш болғанда» атты естеліктер жинағын оқыған қазақ зиялыларына арналған бөлімінде Ж.Ақбайұлының өмірбаянына қысқаша тоқталып өтеді. Жақыптану 1997 жылы З.Тайшыбай мен Н.Дулатбековтың авторлығымен шыққан «Жақып Ақбаев» атты бір кітапшамен толықты. Зерттеу авторлары

Ж.Ақбаевтың өміріне қатысты белгілі деректерді талдаумен қатар 1905 жылы 17 қазанында қабылданған патша манифесіне қатысты петицияның бағыттарын атап өтеді. Жақыптану мәселесімен 1988 жылдан айналысып келе жатқан ғалымдардың бірі - Құл-Мұхаммед. Осы жылдар ішінде ғалым энциклопедияларда және ғылыми басылымдарда сондай-ақ республикалық баспасөз бетінде мақалалар жариялады. Осы материалдар негізінде орыс тілінде «Патриот», «Политик», «Прововед» /1995/ және қазақ тілінде «Алаш ардагері» атты монографиялар басып шығарды.

Жалпы жақыптану кешенді зерттеулерді жаңа саласы іспеттес. Біз сол зерттеу ішінде Ж.Ақбаевтың педагогика саласына талдау жасамақлыз. Ж.Ақбаев 1876 жылы 7 қараша күні Қарқаралы оязының Берқара ауданында туған. Ақбай әулеті Қарқаралы өңіріне белгілі ауқатты, әлді тұқымдардың бірі болған. Сондықтан өз қолымен толтырған өмірбаянында әкесін кедей, өзін жалшы ретінде көрсетуі бай біткеннің бәріне тас атылған заманның ыңғайына қарай жазылған нәрсе ғана деп қараған жоқ. Ақбайдың үміт еткен үшінші ұлы Жақып 1886 жылы Қарқаралы қаласындағы орыс-қазақ мектебінің қазақ интернатына беріліп, оны бітіргеннен кейін Омбы гимназиясына түседі, одан соң Томск гимназиясына ауысады. Жас Жақып Томск гимназиясын 1898 жылы бітірді. Ол кезде Томск Ресейдің ірі ағарту орталықтарының бірі ғана емес, сонымен қатар қазақ жастары білім алған қала болды. Томск Жақып Ақбаевтың білім алуын одан әрі жалғастыруына ынталандырды. 1898 жылы Ж.Ақбаевтың Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түсті. Патша үкіметі зиялыларды саясаттан қажетінше ығыстыруға тырысты. Бірақ оқу орындары мен қоғам арасына қытай қорғанын орнату мүмкін емес еді. Студенттердің алдыңғы қатарлы топтары білім алумен бірге оқу орнының қабырғасынан тыс жерлерге таратылып жатқан демократиялық идеяларды бойына сіңіре берді. Жақыптың ынта-ықыласының жан-жақты, білімге құштар болғанын мынадай факті айқын көрсетеді: III курсты бітіргеннен кейін, 1901 жылғы тамыз айында ол университеттегі оқуын жетекші академиялық оқу орындарының бірі, археологиялық институтты дәріс тыңдаумен ұштастыра бастады. Петербург университетінде Ж.Ақбаев жоғары білім, қамсыз өмір сүру мен қоғамда құрметтеуге кепілдік берген беделді мамандық алып қана қойған жоқ. Лекциялардан және алдыңғы қатарлы профессорлар мен тікелей кдрым-қатынас жасап тұрды. Университетті алтын медальмен аяқтап, қазақ халқының тұңғыш «Право магистрі» деген атаққа ие болған. Ж.Ақбаев 1903 жылы туған еліне оралды. Ж.Ақбаев «Алаш» партиясының жұмысына қызу кірісіп, Алашорда үкіметін құруға қатысады. Ол 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда өткен қазақ съезіне қатысады. Ж.Ақбаев «Алашордада» жоғары класты заңгер ретінде де мемлекеттік құқық жөніндегі маман-ғалым ретінде де лайықты орын алды. Біз Ж.Ақбаевтың қысқаша өмір белестеріне тоқталып өттік. Енді оның еңбектеріне тоқталып өтейік. «Қырғыздардың дағдылы, атап айтқанда неке құқықтары жөніндегі нобайлар» атты еңбегінде қырғыз халқының келін түсіру кезінде қолданатын әр түрлі салт-дәстүріне сипаттама береді. Ж.Ақбаев еңбегінің маңыздылығы, ол әрбір салт-дәстүрге

қойылған атауларға анықтама беруінде. Мысалы: «Неке шарты жасалғаннан кейін барлық құда-құдағиларға күйеу баланың ата-анасынан бастап, сол сияқты күйеу бала қалыңдықтың ауылына алғаш рет ресми барып - «қол ұстатар» болғаннан кейін күйеу балаға еріп жүрген немесе онымен бірге болған барлық құда-құдағиларға (күйеу жігіттер) «киіт» деп аталатын сый тартылады. «Киіт» деген сөз: «ки» (надевай собака) деген сөз. «Ки», «кимек» (надевать) деген сөзден шыққан .

Ж.Ақбаевтың этнопедагогикалық көзқарастары осы еңбекте «Бақан тастар», «Ит ырылдатар» сияқты қолданылатын салт-дәстүрлерде өз көрінісін тапқан. «Ит ырылдатар» сыйлығының психологиялық мәніне тоқталады. Қазір иттің рөлін әдетте кемпір орындайды, ол қалыңдықтың ата-анасы үйінің есігі алдына отырып алып, салт бойынша белгіленген қастерлі «Ит ырылдатар» сыйлығын алмайынша күйеуді киіз үйге кіргізбейді. Бұл сыйлықтың психологиялық мағынасы мынадай: «бір кездерде әрбір қожайында бірнеше қабаған ит болған, олар есікті бұзып, киіз үйге кіруге тырысатын, үн қатып, шақырылмай келген жігіттерден үйді қорыған. Үйге кіру үшін шынында да қалыңдықтың жақын туыстарының аузын алу керек болған. Әйтпесе шақырусыз келегендерді қырғыз малының қарауылымен бірге түні бойы малды ұрылар мен қасқырлардан күзетіп, жатпайтын иттер қабуы мүмкін» - дейді. Жұртқа көруге болады. Жас ұрпақты тәрбиелеуде оның маңызы зор екенін атап өткен жөн. Ж.Ақбаев 1927 жылы 28 қаңтарда Қазақ педагогика техникумында «Қазақ халқының шығу тегі» туралы тақырыпта баяндама жасайды. Қазақ зиялыларының еңбектеріне үңіле қарайтын болсақ, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, Ж.Аймауытов сияқты көптеген ғалымдар «Қазақтың шығу тегі» туралы өз еңбектерін арнаған. Сол зиялылар қатарындағы Ж.Ақбаевты ерекше атап өтуге болады. Қазақтар үш ордадан немесе жүзден тұрады, олар: ұлы жүз, орта жүз және кіші жүз, ұлы ордаға енетіндер:

1) үйсіндер - сары үйсін, дулат (албан және суан), шапырашты, ошақты, ысты және сіргелі; 2) жалайыр; 3) қаңлы; 4) шанышқылы.

2) Орта жүзге енетіндер: 1) арғын, 2) тарақты, 3) қаңлы, 4) найман, 5) қоңырат, 6) керей, 7) уақ.

Кіші ордаға Алшындар кіреді, олар үш топтан тұрады. Осындай тұрғыда қазақ халқының шежіресіне тоқталады. Бұл талдау оқушы қауымға, әсіресе жастарға өз тарихынан мол мағлұмат береді. Ол қазақ халқының тарихына жан-жақты талдау жасайды. Ж.Ақбаев еңбегінің тағы бір құндылығы ол «Алашорда» партиясының жобасын жасады.

Қорыта айтқанда, Ж.Ақбаев қазақ халқынан шыққан тұңғыш заңгер. Ол өзінің еңбектерінде қазақ халқының құқықтық жүйесін жасады. Ол тек заң мәселесімен айналысып қойған жоқ, сонымен қатар халықтың салт-дәстүрі, тарихы жайлы мол мағлұмат беретін еңбектерді дүниеге әкелді.

Өмір жолы бұралаң... Тарихтың көш-керуеніне, күрделі кезең кестелері мен жекелеген адамдардың тағдыр - талайына ден қойсақ - сынап уақыт пен құбылған заманның, парасат пен саясат күресінің, жолсыз жаза, негізсіз зәбір-жала, басқада зорлық зобалаң зардаптарына куә боламыз.

Қазақтың демократиялық интеллегенциясы, М.Шоқайұлы, Ә.Бөкейханұлы, М.Дулатұлы, А.Байтұрсынов т.б. мақсаттары, ниеттері, көзқарастары бір азаматтар, олар большевиктер өкімет басына келген күннен бастап, большевиктердің бағдарламасындағы тап күресі және қоғамдық меншікке көшу туралы пікірді үзілді кесілді қабылдаған жоқ. Қазақ зиялыларының пікірі бойынша, біріншіден, мұндай шаралар міндетті түрде қазақтардың өзінің мәдени-дәстүрлі шаруашылығын апатқа ұшыратуға алып келетін болса, екіншіден, қазақ жұртына ортақ ұлттық мүлде негізінде бірігу аса қажет еді.

Әрине, большевиктер ұсынған жолдан қазақтың зиялылары ұсынған жол анағұрлым тиімді және азабы кем еді. Өйткені, қазақ зиялылары ұсынған балама жол қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін, төңкеріспен әдіспен күрт өзгертуді емес, эволюциялық жолмен, басқа өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі жетілдіре түсуді көздейді.

Ең негізгісі, бұл жол қазақ еліне өзін-өзі билеуге, сөйтіп өзінің ішкі қоғамдық мәселелерін шешуге, өз атамекеніне өзі ие болуға мүмкіндік беретін жол еді. Туған елінің бостандығы үшін соңғы деміне дейін күрескен олар империялық зорлықтың құрбаны болды.

XX ғасырдың басында қалыптасқан қазақ зиялыларының көпшілігі тек қана бір кәсіби мамандықтың тізгінін ұстаумен шектелмей, олар оқу ағарту ісімен де қатар айналысты. Олардың барлығына ортақ қасиет, ортақ ерекшелік олардың қазақ қауымының қоғамдық-саяси сұраныстарына мүмкіндігінше жауап беруге ат салысты. Сондықтан да олардың мақсаты бір арнаға тоғысты Әрине, дәуірдің өзі заман талабына орай ел үшін еніреп туған ұлдарын дүниеге келтіріп отырғаны тарихтан белгілі. Аз ғана уақыт ішінде олар халқына қажетті мұраларды дүниеге әкелді. Өкінішке орай жоғарыда айтқанымыздай ұлттық идея үшін басын бәйгеге тігіп, алаштың мұның мұндап, жоғын-жоқтаған үркердей арыстар тобы түгелге дерлік жалған жолдармен «халық жауы» аталып, Сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйенің құрбандары болды. Олардың ғылыми еңбектері халықтан жасырған жағдайда ұсталды немесе жойылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 15 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы этникалық мәдени білім беру» тұжырымдамасында: «халықтың этникалық-мәдени сәйкестілігі өз тарихында, мәдениетінде болған оқиғаларды білу, қалыптасқан рухани құндылықтарға адалдық, ұлт қаһрмандарын қастерлеу нәтижесінде құралды»-дегені бекер емес.

Қоғамымызда, күнделікті өмір-тұрмыста кең өріс алған демократия тағылымдары мәдени-рухани салаларда да жеміс, нәтижесін бергені белгілі. Әсіресе, 1988 жыл -қазақ тарихы үшін рухани жемісті болғаны анық. Көптеген қоғам қайраткерлерінің қастерлі есімдері мен құнды шығармашылық мұралары халқына қайта оралып, екінші тынысы - рухани сапарларынан бастады. Сол зиялы қауымның қатарында тұңғыш математик, профессор - **Әлімхан Ермеков** болды.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ ғылымының өсіп-өркендеуі қазақ зиялыларының ағартушылық қызметі мен тікелей байланыста болды. Заманның саяси өзгерісінің әсерінен мемлекеттік істерге араласқан зиялы қауым оқу-ағарту жұмысына да белсене ат салысты. Өйткені ағартушылық ісі сол кездегі қазақтың саяси тынысы мен әлеуметтік тіршілігіндегі ең қажет, ең игілікті әрекет болатын. Қазақ зиялылары оқу-ағарту ісіне оқу құралдарын жазу, оқу орындарында дәріс беру арқылы араласады. Қазақ зиялыларының ірі тұлғасы -Әлімхан Ермеков та осындай саяси мәні зор істерден қалыс қалған жоқ. Өз заманында Ә.Ермековтың еңбегіне зор баға берген С.Торайғыров болатын Ол «Әли ағаға» атты өлеңін арнады.

Әлімхан Ермеқұлы жас жігіттен,

Келеді екінші боп бұл реттен.

Ардақты қарт Потанин елес еткен.

Ақ жүрек, алғыр ойлы, адал жан деп,

Тумай жатып жастарға даңқы кеткен.

Ә.Ермеков 1891 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай кеншарының «Бөріктас» деген жерінде дүниеге келген. 1899 жылы Қарқаралыдағы қалалық училищеге оқуға түседі. Мектеп қабырғасында жүргенінде зейінді, алғыр жас екені көрінеді. Осы мектепті үздік бітірген ол Семейдегі ерлер гимназиясына түседі. 1912 ж. Әлімхан Семей гимназиясын алтын медальмен бітіреді. Сол жылы Томск технология институтының тау-кен факультетіне конкурсыз қабылданады. Оқу,білім Әлімханды бір қиырдан бір қиырға жетектеп, білсем, көрсем, түсінсем, ұқсам деген құштарлығын арттырып тереңіне тартып, еліктіре түсті, қызықтыра берді. Әлімхан институтты аяқтаған соң туған ауылына барып, мектепте бала оқытады. Қарқаралыда бала оқытып, өсіп келе жатқан жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып өзінің сүйікті ісімен айналысып жүрген терең білімді Әлімхан Ермеков жоғары орындардың басшылары жауапты қызметтер ұсынады. Ә.Ермеков Ташкентте 1926 жылы тұңғыш ашылған оқу орны Қазақ педагогикалық институтына арнайы шақырып алынады, 1927-1928 жылдары сол оқу орнында математика пәнінен сабақ береді. 1928 жылы Әлімхан Қазақ мемлекеттік университетіне жұмысқа орналасып, осында бірыңғай ғылыми-педагогикалық жұмыспен айналысады. 1930 жылы Қазақ мемлекеттік зоотехникалық және мал дәрігерлік институтында Әлімхан профессор міндетін атқарады. Осы кезде «Ұлы математика курсы» атты еңбегін жазады. Ұлттық математика туралы, әлеуметтік санамызда, әлбетте, жоқ құбылыс десек те ғылым тарихы туралы жазылған кітаптардан: «Грек математикасы», «Орыс математикасы» деген сөз тіркесін жиі ұшыратамыз. Кең мағынасы бойынша алғанда математиканы табиғат танымдық тіл деп қарау бағдары есімі мен еңбегі әлемге белгілі Галилео Галилейден (1564-1642) басталды. Рене Декарт (1596-1650), Вильгельм Лейбниц (1646-1776) және Исаак Ньютон (1643-1727) үшеуінің әрқайсысы қазіргі «Аналитикалық геометрия» және «Математикалық анализ» деп аталып жүрген жаңа математикалық білім салаларының негізін қалағанын тарихтан жақсы білеміз. Егер тарихи мәні зор осы өнегелі дәстүрді үлгі етіп ұстанар болсақ,

онда қазақтың математикалық мәдениетінің алғаш өмірге келген сәтін профессор Ә.Ермековтың «Ұлы математика курсы» атты кітабы баспадан шыққан мезеттен (1935 ж) есептеу қажет. Аталмыш оқу құралы жарияланғанға дейінгі уақытта математика пәні бойынша ана тілімізде баспадан шыққан төл тума кітап болған емес.

Сондықтан да, Ә.Ермековты қазақ математикасының алғашқы қарлығашы деп атауымызға болады. Автор өзі атап көрсеткендей «Ұлы математика курсы» екі бөлімнен тұрады. Кітап жоғары дәрежелі техника мектептері мен техникумдарға арналған. Ә.Ермеков кітабының алғашқы бетінде былай деп жазады: «Техникалық, жаратылыстану ілімінің ұлы табыстарға ие болудағы үлкен құралы математика деуге болады». Бұл сөздерден қазақ профессорының «Математика-табиғаттану тілі» деген галилейлік қағиданы берік ұстанғанын байқаймыз. Ә.Ермековтың «Ұлы математика курсы» тарихи мұра ғана емес, ол қазақ математикасын күні бүгінге дейін пәрменді демеп келе жатқан бастау көзі боп табылады. Бұл кітаптың ана тіліміздегі математика терминдерін, оқу құралдарын жасауға ат салысқан адамдардың барлығы үшін үйренетін үлгі, табан тірер таяныш болғаны анық. Ә.Ермеков негізін салған техникалық білім беру саласындағы қазақ-орыс қос тілділік тәжірибесі 1937 жылдан кейін жабылып қалды. 1936 жылы өзінің ғылыми тәжірибесіне сүйене отырып, ғылыми негізде «Қазақ тілінің математика терминдері» атты түсіндірме сөздігін жазады. Кейінгі жылдарда жарық көрген қазақ тіліндегі математика оқулықтарында бұл еңбектің аты аталмаса да профессор Ә.Ермеков қалыптастырған терминдер кеңінен пайдаланылып келеді.

1938 жыл Әлімхан Алматыны тастап, 1938 жылы ақпан айында Мәскеуге келеді. Онда РСФСР Мемлекеттік Жоспарлау комитетінің оқу орындары басқармасынан Куйбышев қаласының Жоспарлау институтына жолдама алады. Осы жылдары аталған институтында математика кафедрасының меңгерушісі блып қызмет атқарады. Ә.Ермеков өмірінің соңына дейін талмай жастарға білім беру ісімен айналысады

Ә.Ермеков туралы зерттеулер аз екені белгілі. Оның өмірі мен қызметі мақалаларда өз көрінісін тапты. Оның математикалық еңбектеріне толық тоқталуды өзімізге мақсат етпедік, тек оқу-ағарту саласына қосқан елеулі еңбектерін атап айтуды жөн көрдік. Қорыта айтқанда Ә.Ермеков қазақтан шыққан тұңғыш математик.

2.2 Алаш қайраткерлері еңбектерінің жалпы білім беретін мектеп үрдісіндегі бүгінгі көрнісі

Республикамызда бүгінгі күні рухани салада жүріп жатқан сананың жаңаруы, адами құндылықтарды қайта бағамдау үрдістері нәтижесінде ғасырлар бойы жинақталып, ата – баба тарихынан бізге жеткен тәлім-тәрбиелік мол мұраларды болашақ ұрпақ тәрбиелеуге пайдалану қажеттілікке айналып отыр.

Білім беру саласының басты мақсаты- қоғам игілігіне өз күні мен қабілетті саналы және мақсаттылықпен дамытатын, өзінің ана тілі мен

мәдениетін терең жеке адам тұлғасын тәрбиелеу болып табылады. Осыған орай Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы қарсаңында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайын халыққа жолдаған жолдауының бірі «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс қарсаңында» 2006 жылдың 1-ші наурызындағы жолдауында әлемдік рейтинг кестесінің жоғары бөлігіне іліккен елдер тобының ішінен орын алған мүмкіндік беретін басты негіздерінің бірі – «Біз қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап, түлете береміз», деп көрсеткендей, отанымыздың жас азаматтарын, оның ұлттық құндылығына қарай жақындату қазіргі қоғамның нақты әлеуметтік қажеттілігіне айналып отыр.

Әрине, бұл міндеттердің шешімі, алдымен білім беру жүйесінің оқу-тәрбие үрдісіне әкеліп тіреді.

Педагогика ғылымы тарапынан бүгінгі білім берудің кейбір талаптарын шешу үшін халықтың өткендегі мәдени мұрасына педагогикалық ой-пікірлер саласында жинақталған барлық құнды еңбектер мен идеяларды зерттеп, зерделеп пайдаланудың маңызы ерекше. Өйткені қазіргі уақыттағы көкейкесті мәселелердің бірі-өткеніміздің мәдени-тарихи мұраларын қайта жаңғырту болып табылады. Кез-келген халықтың тәрбие беру ісінде өзіне тән ерекшелігі болатыны анық. Қазақ халқында сан ғасырлар бойы жас ұрпаққа білім, тәрбие беруде үлестерін қосқан ғұлама ғалымдар, ақын-жыраулар, шешен-билер болғаны белгілі.

XX ғасырдың бас кезінде тарихымызға түскен қара дақтар тарихи дүние танымызда орны бос «ақ таңдақтарға» айналғаны белгілі. Сол шырмаудың ортасында қазақтың біртуар зиялылары болды.

Осы тұста халқымыздың оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудағы ғаламдық талаптарды ескере отырып, ұлттың және азаматтық құндылықтар негізінде тәрбиені дамыту міндеттерін шешуде қазақ зиялыларының педагогикалық ой-пікірлеріне сүйену жоғары тиімділік берері сөзсіз. Мұндай міндеттер педагогика тарихындағы XX- ғасырдың басында өмір сүріп, арттарында өшпес мұра қалдырған қазақ зиялыларының тәжірибелерін зерделеп бүгінгі күн практикасында озық тұстарын пайдалану арқылы жүзеге асырылмақ. Бірақ ұлтымыздың жүріп өткен жолына үңілмей, тарихымен таныспай жаңа ғылыми ойларды қалыптастыру мүмкін емес. Сондықтан халқымыздың тарихын терең қарап, оны жаңа көзқарас тұрғысынан талдаудың қажеттілігі туындап отыр. Ел болып қалыптасу тарихымызда, елдігіміз бен егемендігімізді сақтау жолында өмірлерін сарп еткен ұлы тұлғалардың есімі, ғылыми еңбектері маңызды орын алады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ халқының ұлттық болмысын, сана сезімін сақтап қалуда одан әрі дамытуда да ұлт зиялылары реакциялық саясатқа мүмкіндігінше қарсы тұрып, қолдарынан келген істі алға бастыруға барынша кірісті.

Дегенмен айта кететін жағдай қазақ зиялыларының педагогикалық идеяларының қарастыруы жеткіліксіз. Қазіргі кезде әлі де болса жас жеткіншектерді тарихи ірі ойшылдардың мұралары негізінде, жеке дара

тұлғалардың өмірі мен ісі үлгісінде тәрбиелеу өз деңгейінде емес. Қазақ зиялыларының оқытумен тәрбиелеудегі идеялары меңгермейінше, Республикамыздағы педагогика тарихын толық түсіну мүмкін емес. Яғни, өткен тарихымыздағы педагогикалық идеялардың зерттелуі мен танылуының жеткіліксіздігі қазіргі білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруда тарихи сабақтастық принципінің бұзылуына жол береді. Бүгінгі таңда Қазақстанда білім беру мен тәрбиелеудің өзіндік моделін іздестіру өзекті мәселе болып отыр. Ол ғасырларға созылған тарихи құндылықтар арқылы іске аспақ. Сондықтан да біз ұлттық мәдениетіміздің ұлттық нышандарын дәйектілікпен іске асыру үшін, оқу-тәрбие үрдісіндегі кейбір үзілген үзіктерді жалғап, өткен ұрпақ пен бүгінгі ұрпақтың арасындағы үйлесімділік, сабақтастық, педагогикалық ойларды трансформациялау үшін мектеп оқулықтарына талдау жасауды жөн көрдік.

Қазіргі қоғамдық, моральдық және жалпы адамзаттық құндылықтардың қайтадан сұрыпталу кезеңі ұзақ жылдар бойы ұрпақтар санасына ұялап қалған «советтік мектепке тән белгілердің» жаңаша педагогикалық ойлауға кедергі бола алмайтынын көрсетуде. Сондықтан осындай рухани жаңару жеке басқа табынушы жылдарында нәубетке ұшыраған қазақ оқымысты - педагогтардың педагогикалық идеяларын қайтадан бағалау қажеттігін, олардың көкейкестілігін жоғалтпаған оқу-тәрбие жөніндегі ой-пікірлерін бүгінгі мектеп тәжірибесінде пайдалану қажеттігін туғызып отыр.

Жеке адамға табыну дәуірінде секемшіліктің, жалақорлықтың, жендеттіктің кең өріс алғаны белгілі. «Даналар, көсемдер» деп аталатын зор бедел иелерінің қолдауына, жебеп - желеуіне сүйенген қараниеттілік мындаған жазықсыз жандарды келмеске кетірді. Бүкіл елге тараған бұл алаптың қанды шеңгелінен қазақ халқы да шет қала алмады, қаралы да қайғылы қан жылауды ол да бастан кешірді. Талай боздақтарынан, ел көркі, ел мақтанышы болған асыл азаматтарынан айырылды, оларды еске алуға, атын атауға тыйым салынды. Бұл озбырлық болатын. Сондықтан оның әшкереленбей, ет қарғысына ұшырамай қалуы мүмкін емес еді. Іс жузінде солай болып та шықты

1985 жылдан басталған қайта құрудың ең негізгі, ең түйінді принциптері болып саналатын демократия мен жариялылық арқасында сталинизм дәуіріндегі озбырлықтың беті ашылып, жазықсыз жапа шеккендерді ақтап алу мүмкіндігі туды. Қайта жаңғырған ұлттық педагогикамыздың маңызды бөлігі ірі рухани тұлғалар мұрасындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер. Бүгінгі жас ұрпақ тәрбиесінде өлшеусіз пайдасы бар және ұлттық педагогикамыздың қалаусыз кірпіші іспеттес халқымыздың ерен тұлғалары Алаш қайраткерлерінің педагогикалық ой-пікірлерін мектеп үрдісінде пайдалану көкейкесті мәселе екені белгілі.

Педагогикадағы соңғы жылдардағы ізденіс, зерттеу нәтижелері оқушыларға жан-жақты білім, тәрбие беруді барлық пәндер бойынша кешенді түрде жүргізіп, әрбір пәннің нақты мазмұнына сүйене отырып іске асыруды қуаттайды.

Оқушыларды ізеттілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, мейірімділік,

үлкенді сыйлау, отансүйгіштік т.б. қасиеттерге баулып, олардың бойында азаматтықтың алғашқы нышандарын қалыптастыруда мектеп оқулықтарының орны ерекше.

Зерттеуде жоғарыда жүйеленген педагогикалық ой-пікірлері мен көзқарастарын бүгінгі таңда пайдалану деңгейін байқау мақсатында 1930-1990 жылдар аралығында жарық көрген мектеп пен жоғары оқу орындарының қазақ әдебиеті пәні бағдарламаларына талдау жасадық. Талдау мынаны көрсетті:

1. Кеңес өкіметінің сыңаржақты құжаттарының негізінде туындаған жалпы Республика көлеміндегі, соның ішінде халық ағарту жүйесіндегі қиыншылықтарға қарамастан қазақ әдебиеті мектеп жоспарына ресми түрде енгізіліп, соған байланысты бағдарламалар, оқулықтар, оқу құралдары жарық көрді.

2. Ұлттық идея үшін басын бәйгеге тігіп, алаштың мұңын мұндап, жоғын жоқтаған үркердей арыстар тобы түгелге дерлік жалған жаламен «халық жауы» аталып, сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйенің құрбандары болды.

Олардың ғылыми және әдеби мұрасы халықтан жасырын жағдайда ұсталды немесе жойылды. Сондықтан да саяси жағдайларға байланысты 1930 жылдары жарық көрген оқу бағдарламалары мен оқулықтарда олардың есімдері мен еңбектері енгізілген жоқ.

Бағдарламалар бірнеше қайтара басылым көрсе де, мазмұнында Алаш қайраткерлерінің еңбектері көрініс тапқан жоқ. Оған бастауыш мектептің 1982/83, 1986/87 оқу жылдарындағы бағдарламалары мен сегіз жылдық орта мектептің 1978/79, 1980/81, 1981/82 оқу жылдарындағы бағдарламалары дәлел бола алады.

- Араға ұзақ уақыт салып жеткен ояну, қираған рухани сарайымыздың ұстанымдарын қайта тұрғызуға қам жасады. Сөйтіп, 1990 жылдардан бастап ғана Алаш қайраткерлерінің еңбектерін оқулықтарға енгізуге мүмкіндік берілді.

- Кейінгі жылдар бағдарламаларында тақырыптарға бөлінген сағат санының ауқымы кеңейгенімен Алаш қайраткерлерінің шығармаларына аз көңіл бөлінген. 1993 жылғы бағдарламалардың 5, 6, 7 сыныптарында М.Дулатовтың, Ж.Аймауытовтың 5,6, 8 сыныптарында шығармалары енгізілмеген. Ал, Ә.Бөкейхан, Ә.Ермеков, Ж.Ақбаев, Х.Досмұхамедов есімдері күні бүгінге дейін оқу үрдісінде өз орнын таппаған.

- Басылым көрген бағдарламалардың қайсысын да болмасын Алаш қайраткерлерінің шығармалары таза көркем әдебиет тұрғысында қаралып қабылданды. Мәселен, олардың өмірлері мен ақындық жолдары, әңгіме, мақалалары, лирикалары мазмұндалады. Ал, олардың шығармаларының педагогикалық тұстары жан-жақты талдауға алынбайды.

- Рухани саланың күретамыры, баспалдағы болып саналатын жалпы білім беретін мектептегі «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті» оқулықтарында осы

уақытқа дейін тұмшаланып келген, ғылыми айналымға түсуге хақы болса да, авторлар назарынан тыс қалып келе жатқан, ақтандақтар өз дәрежесінде орын алмағаны бізге көп ой қозғайды.

- Осыдан жетпіс жыл бұрын «аттан» салып, иманды жолы бұлдырланған қазақ өміріне қарлығаштың қанатымен су тасығандай әрекет етіп, рухани тоқыраудан шығудың бірден-бір жолы өнер-білім екенін дәлелдеп, сол жолда аянбай тер төккен Алаш зиялыларының өскелең ұрпаққа берер тәжірибесі мол екені ақиқат. Тарихы терең даланың топырағында туып, ұлтының қажетіне жараған халықтың руханияты болған Алаш зиялылары еңбектерінің мектеп оқулықтарында аз енгізілгендігін, оқулықтарға талдау барысында көз жеткіздік. Оны 1-2 кестелерден көруге болады.

«Ана тілі», «Қазақ әдебиеті» оқулықтарындағы әрбір тақырыптың мазмұнын, тәрбиелік күш-қуатын оқушыларды тәрбиелеудің тиімді шарты ретінде қабылдауына қол жеткізу керек. Сабақтың қазақ зиялыларының мұраларына деген қызуғушылығын қалыптастыру мақсаты мұғалімнің жеке мүддесінен емес тақырыптың табиғатынан туындауы тиіс. Осыған орай біз сабақтарда «Ана тілі» оқулықтарындағы мәтіндердің ішінен қазақ зиялыларының материалдарын саралап, оларды сабақта пайдалану жолдарын көрсетуге талпыныс жасадық.

Сонымен қатар «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті» оқулықтарына Алаш зиялыларының еңбектері деп енгізілген.

Кесте мазмұны «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті» оқулықтарына Алаш қайраткерлері еңбектерінің аз енгізілгенін айғақтайды. Оқушылардың тәрбие негізін қалауда бұл оқулықтардың мүмкіндіктері жоғары екені даусыз. Алайда оның мазмұнында орын алған Алаш қайраткерлерінің шығармашылығы көп ой қозғайды.

Мәселен, жалпы білім беретін мектептің екінші сыныпқа арналған «Ана тілі» оқулығындағы 8-мәтін, 3-сыныпқа арналған оқулықта 1-мәтін, 4-сыныпқа арналған оқулықта 4-мәтін Алаш зиялыларының еңбектеріне арналған.

Ал, «Қазақ әдебиеті» оқулығында 5-сыныпқа арналған оқулықта 2-мәтін, 6-сыныпқа арналған оқулықта 3-мәтін, 7-сыныпқа арналған оқулықта 4-мәтін, 5-сыныпқа арналған оқулықта 5-мәтін, 9-сыныпқа арналған оқулықта 5-мәтін, 11-сыныпқа арналған оқулықта 1-мәтін қазақ зиялыларының материалдарның оқулықтары болып табылады.

Оқушылардың асыл қасиеттерін қалыптастыруда «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті» пәндерінде Алаш зиялыларының шығармашылығымен жұмыс істеудің қандай формалары, әдіс-тәсілдері арқылы жүзеге асыруға болатындығы жайлы мазмұндалады. Оны зерттеу барысында жүргізілген мына кішігірім әдістемелік көріністен байқауға болады. Айталық, 2 сыныпқа арналған «Ана тілі» оқулығы М.Әуезовтың «Бала Абай» атты әңгімесінде 13 жасар Абайдың ең бірінші рет әкесінің жауыздығын көруі, содан бала Абайдың ауырып қалуы жоғары адамгершілік қасиетін танытады, әңгіменің тәрбиелік мәні - Абайдың бойындағы асыл қасиет, яғни адамгершілік сезімнің бой көтеруі. Бұл барлық балалардың бойында кездесе бермейтін

қасиет, баланың осы қасиетін үлгі ету арқылы оқушылардың бойында тіршілік атаулыға жан ашырлық, мейрімділік сезімдерін қалыптастыру мүмкіндігі мол.

Балалардың алған әсері бойынша әңгімедегі кейіпкерлерді даралау ондағы іс-әрекеттерге баға бергізу арқылы мұғалім әлсіздерге мейрімділік көрсету, оларды қорғау - ең биік адамгершілік қасиет деген қорытынды жасайды.

3-сынып оқулығында М.Дулатовтың «Наурыз шығармасы» берілген осы аталған шығарманы оқыту кезінде елінің тарихына, салт-дәстүріне сүйіспеншілік екенін мұғалім оқушыларға міндетті түрде айтқаны жөн.

Ал «Қазақ әдебиеті» оқулығындағы МЖұмабаевтың «Жазғұтұрым», Ж. Аймауытовтың «Туған жер», М. Әуезовтың «Жайлауда» тәрізді табиғатқа, туған еліне деген сүйіспеншілік қасиеттерге баулуға септігін тигізетін шығармалар қамтылған. Мұғалім оқушыларға өлең жолдары арқылы табиғаттың әсемділігін, туған жердің кендігін ұғындырып түсіндіреді.

Алаш зиялыларының еңбектері «Қазақ әдебиеті» оқулығында біршама орын алған. Қазақ мектептеріне арналған «Қазақ әдебиеті» (1999ж) бағдарламасын талдауға алдық.

Пәннің мақсаты - оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру, оқырманда тұрақты ынта-ықыласты, биік талғамды қалыптастыру, әдеби мұраны және онда бейнеленген құбылысты эстетикалық қабылдауына қажетті білім және біліктілікпен қаруландыру, логикалық ойын, ауызекі және жазбаша тіл мәдениетін қалыптастыру. Бір сөзбен айтқанда жеке тұлғаны дамыту болып табылады.

Аталған мақсатқа жету үшін пән алдына мынадай міндеттер жүктеледі. Оқушының бағдаламаға сай көркем әдебиет туындыларын толық оқуы және игеруі оқушының әр жақтылығы, жүйелілігі, мақсаттылығы, әдебиетті өнер табиғатына сай оқи білуі, оның идеялық -эстетикалық мән-мағынасына терең бойлап, тебірене қабылдауы, туған әдебиеттің ұлттық сипатын, ондағы халықтық әдет-ғұрып, салт-санасының көрінісін, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, туындының идеялық-адамгершілік түпкі мазмұн-мәнін түсінуі, көркем әдебиет оқуға деген қызығушылығын, ынтызарлығын ояту, жоғарғы эстетикалық талғам мен қажеттілікті қалыптастыру, жеке тұлғаның эмоциялық мәдениетін дамыту, кейіпкерлер қарым-қатынасындағы, табиғаттағы жарасымдылық пен сұлулықты, имандылық пен ізгілікті терең пайымдап, тебірене ортақтасуға, әсемдік заңымен өмір сүруге баулу, оқушының оқу еңбегіндегі ой дербестігін, оқу әрекетін, образды ойлау, қайта елестете алу қасиеттерін дамытуға ықпал ету, шығарманың тілдік, стилдік ерекшеліктерін, жеке сөз қолданыстардың шығармадағы көркемдік-эстетикалық жүгін түсіне білулерін қамтамасыз ету.

Бағдарламаның мазмұны осы мақсат-міндеттерді орындауға бағытталды.

Әдеби білімнің құрылымы тұтас өзгерді. Әдебиет пән ретінде 5-сыныптан

басталады. 5-9 сыныптар аралығында берілетін базалық білім екі сатымен өтуі тиіс. 5-7 сыныптар жанырлық - хронологиялық принципте, ал 8-9 сыныптар тарихи - хронологиялық принципте. Базалық білім мазмұнының сыныптар бойынша жіктелуі барлығы: 102 сағат, аптасына 3 сағаттан.

Оқу материалдары: ауыз әдебиеті, қазақ ақын-жазушыларының шығармалары, әлем әдебиеті үлгілері бойынша топтастырылып беріледі.

Кіріспе. Көркем әдебиеттің өнердің бір саласы және оқу пәні ретіндегі сипаты.

Тұрмыс-салт жырлары олардың түрлері, ерекшелігі.

Мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдердің ерекшеліктерін аңғарту.

Жұмбақтар, олардың мәні. Жұмбақтардың ой шапшандығына тәрбиелейтін өзіндік ерекшеліктері.

Ертегілер: «Ер Төстік», «Керкұла атты Кендебай», «Қырық өтірік», «Аяз би».

Аңыз-әңгімелер шешендік сөздер. Аңыз-әңгімелер мен шешендік сөздер туралы ұғым. Аңыз-әңгімелер мен шешендік сөздердің ауыз әдебиеттің басқа түрлерінен айырмашылығы.

Әдеби ертегілер. Олардың халық ертегілерінен ерекшелігі.

Мағжан Жұмабаев. «Жүсіп хан». Ертегінің мазмұны мен мәні. Ақын қолданған көркемдік әдістерерді таныту.

Әбділда Тәжібаев. «Толағай» (ерлік туралы аңыз).

Мысал өлеңдер (4 сағат).

Ахмет Байтұрсынұлы. «Аққу, шортан һәм шаян», «Егіннің бастары», «Өгіз бен бақа».

Сәбит Дөнентаев. «Ауырған арыстан».

XXғасыр басындағы әдебиет үлгілерінен (6 сағат)

Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Шілде», «Асыл сөз» (өлеңдер)

Сәбит Дөнентаев. «Көркемтай» (әңгіме).

Мағжан Жұмабаев. «Жазғытұрым», «Балалық шақ», «Қысқы жолда» (өлеңдер).

«Жазғытұрым», «Қысқы жолда» өлеңдерінде ақынның табиғатты жан бітіре суреттеуі. Өлеңдегі суреткерлік қуат, жеке көрініс суреттері. «Балалық шақ» өлеңіндегі жылы лиризм. Мағжан өлеңдерінің құрылысындағы, . суреттеу құралдарындағы ерекшеліктер.

VI сынып (68 сағат)

Кіріспе. Көркем әдебиеттің адам өміріндегі

маңызы. «Қобыланды батыр» жыры.

«Алпамыс батыр» жыры

XXғасыр әдебиеті үлгілерінен (35 сағат)

Ахмет Байтұрсынов. «Қара бұлт» өлеңі.

Ақынның ағартушылық идеясы. Осы идеясын жүзеге асыру үшін мысал жанрына жүгінуі. Өлең мазмұны арқылы берілген ғибрат.

Мысал өлеңнің құрылымдық ерекшелігі және оның ақын ойына қызметі.

Мағжан Жұмабаев. «Мен жастарға сенемін», «Мен кім?».

«Мен жастарға сенемін». Ақынның азаматтық лирикасының тақырыбы, ондағы ақындық леп, халықтағдыры, ел болашағы жастарға аманат.

«Мен кім?». Ақынның өлеңдегі оптимистік асқақ үні, метафоралық шендестірулер оның, өлең идеясын ашудағы мәні.

Мұхтар Әуезов. «Біржан сал Абай аулында» («Абай жолы» романынан үзінді).

Ерекше сый-қонақ күткен ауыл. Көкшетаудан келген Біржанның зор күдіреті, сырлы сезім сиқыры. Абайдың ән қадірін, ән қасиетін ардақтап, болымсыз сана, салтан жоғары қойып, әнші Біржанды қадірлі қонақ етіп, өмір сүйер жастарды жинап, үлгі-өнеге көрсетуі, желекті жас келін Әйгерімнің ән салуына еркіндік беруі, өзі сол ортада болып басшылық. Жас буын жүрегіне шынайылық нұрын шын өнер арқылы жеткізудегі, тәрбиелеудегі Абай мақсатының орындалуы.

II сынып 68 сағат

Кіріспе. Көркем әдебиеттің қоғамдық мәні, эстетикалық, тәрбиелік күдіреті. Көркем әдебиеттегі суреттеу тәсілдерінің алуан түрлілігі. Характер мен қоршаған ортаның өзара байланысы.

Халық ауыз әдебиеті үлгілерінен (24 сағат)

Лиро-эпос. «Қозы-Көрпеш — Баян сұлу» жыры. «Айман- Шолпан» жыры. «Біржан мен Сара» айтысы.

XX ғасыр әдебиеті үлгілерінен (40 сағат)

Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Бір адамға», «Шәкірт ойы».

Мағжан Жұмабаев. «Сүйемін».

«Сүйемін» өлеңінің негізгі арқауы туған жер, атамекенге деген патриоттық сезім. Өлеңдегі ақынның адамгершілік биік тұлғасының көрінуі. Өлең композициясының ерекшелігі. Өлең құрылысы, қайталаулардың өлең мәнін ашудағы рөлі.

Жамбыл Жабаев. «Ақындарға арнау», «Жамбыл мен Құлмамбет» айтысы.

Жүсіпбек Аймауытов. «Қанапия мен Шарбану» пьесасы (ықшамдап беріледі). Пьесаға 1916 жыл оқиғасы, дүрбелең жылдар шежіресі арқау болған. Ел басына күн туған кездегі қараңғы қалың бұқараның жан күйзелісінің көрінісі. Бас көтеретін азаматтарды елге қамқор болуға, әйелдер тендігін қорғауға шақырған жазушы үні. Қанапия мен Шарбану арасындағы махаббат, бұл жолдағы кедергілер. Пьесадағы драмалық тартыстың Қанапия мен Шарбану махаббатына және оған қарсы Сазанбай тобы арасындағы қайшылыққа құрылуы. Адам психологиясын беру шеберлігі. Кейіпкерлердің

дараланған тұлғасы, сөйлеу тіліндегі ерекшелік. Пьесаны рөлге бөліп дауыс мақамымен оқу. Бөлім, көрініс оқиғасына назар аудару. Қатысушы, ремарка, автор сөзі, драмалық шағармаларға қатысты атауларды меңгеру.

VIII сынып (68 сағат)

Кіріспе. Жазба әдебиеті тарихы жайында әңгіме.

Ежелгі дәуір әдебиеті (10 сағат)

Орхон ескерткіштері. Күлтегін (үлкен жазу)

Қорқыт ата кітабы. Дерсенханұлы Бұқашхан туралы жыр.

Әбу Насыр әл-Фараби. «Қашықтасың, туған жер, қалың елім» (өлең).

Жүсіп Баласағұни. «Құтты білік» поэмасы.

XXғасыр әдебиеті (10 сағат)

Жамбыл Жабаев. «Жаныс ақынға», «Патша әмірі тарылды», «Сұраншы батыр».

Мағжан Жұмабаев. «Түркістан». Тарихи жыр екенін аңғарту. «Түркістан» деп ақын ескі түрік елін айтып отырғандығы. Жерінің кең екендігін, білімділердің көп болғандығын, ұлы хандарының болғандығын мақтан етеді. Қазақ елінің тәуелсіз болуын армандайды.

Мұхтар Әуезов. «Қараш-Қараш оқиғасы» (хикаят).

Хикаят - тарихи шындыққа негізделген көркем туынды.

IX сынып (68 сағат) XXғасыр әдебиеті үлгілерінен (30 сағат)

Ахмет Байтұрсынұлы. «Адамдық диқаншысы», «Тарту», «Жиған-терген». Ахмет Байтұрсынұлы - қазақ мәдениеті тарихындағы ірі тұлға, аса көрнекті ғалым. Абай мен Ахмет шағармаларындағы үндестік.

Міржақып Дулатұлы. «Жаңа тілек», «Өнерпаз кара жерге салар қайық».

Мағжан Жұмабаев. «Батыр баян» (поэма).

Мағжаннның өмірі мен шығармашылығы. Шығармаларындағы халықтық рух, азаматтық әуен.

Жүсіпбек Аймауытов. «Қартқожа» (романнан үзінді) Өмір жолы, шығармашылық мұрасы, қоғамдық-әлеуметтік қызметі.

Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» (романы). Мұхтар Әуезовтің өмірбаяны. Әлемдік мәдениетке қосқан үлесі.

Сонымен «Қазақ әдебиеті» бағдарламасына берілген талдау Алаш зиялылары шығармаларының аз көлемде берілгендігін көрсетеді. Олардың тәлім-тәрбие педагогикаға байланысты шығармаларына

үзінділер келтірілмеген. Осы бағдарламаның негізінде кестелер жасалды.

1.кесте Алаш қайраткерлері шығармаларының «Ана тілі» оқулықтарындағы көрінісі

Оқулық	Сынып-тар	А.Байтұрсынов	М.Жұмабаев	М.Дулатов	Ж.Аймауытов	М.Әуезов
Ана тілі	1					
Ана тілі	2.	«Ағаш» (аударма) мысал		«Ешкімге жауыздық қылма», «Байлық», «Наурыз» (өлеңі)	«Қартқожа»	«Көксерек», «Әбілмансұр», «Бала Абай»
Анатілі	3	«Тарту»	«Өзім-күнмін, өзім-от », «Ауылға келген мұғалім», «Аққала»	«Күз», «Қоян», «Қырдан келген жас қазақ», «Қош келдің, Наурыз»	« Торғай»	«Боран», «Әке арманы», «Кешке дөң басында»
Ана тілі	4	«Акку, шортан, нэм шаян» (мысал)	«Өткен күн», «Жылқышы»		«Әнші»	«Бүлдірген тере барғанда»

**2-кесте Алаш қайраткерлері шығармаларының «Қазақ әдебиеті»
оқулықтарындағы көрінісі**

Оқулық Аты	Сынып-тар	А.Байтұрсын-нов	М.Жұмабаев	М.Дулатов	Ж.Аймауытов	М.Әуезов
Қазақ әдебиеті	5		«Жазғытұрым»			«Әжемнің
Қазақ әдебиеті	6	«Қара бұлт»	«Мен кім», «Мен жастарға сенемін»			«Жайлауда»
Қазақ әдебиеті	7	«Ақын ініме»	«Сүйемін», «Жазғытұрым»		«Туған жер»,	«Көксерек»
Қазақ әдебиеті	8	«Қазақтың бас ақыны»	«Тез барам», «Түркістан»	«Шешенің балаларын сүйюі», «Елім-ай», «Тұңғыш		«Қараш-караш оқиғасы»
Қазақ әдебиеті	9	«Қырық мысал», «Маса», «Әдебиет гаңытқыш»		«Оян, қазақ!», «Бақытсыз Жамал» (роман)	«Қарткож»	
Қазақ әдебиеті	10					
Қазақ әдебиеті	11		Мағжанның өмір жолы			

Тұжырым

XX ғасырдың басында өмір сүріп арттарына өшпес мұра қалдырған қазақ зиялыларының педагогикалық көзқарастарына жан – жақты жүргізілген талдау біздерге төмендегідей тұжырымдарды жасауға мүмкіндік береді.

XX ғ 1-ші жартысындағы қазақ халқының басындағы әлеуметтік өзгерістер қазақ зиялыларының ағартушылық майданындағы күрестерін шыңдап, тұлғаны тәрбиелеуде шығармаларындағы педагогикалық идеялардың туындауына негіз болды. Қазақ зиялыларының келешек ұрпақты тәрбиелеуге, өз қандастарының болашағы үшін туған құнды педагогикалық идеялары өткен замандағы ойшыл, ғұлама философтардың әсерінен екені даусыз. Оның ішінде Ж. Баласағұнның тәрбиелік мәні зор шығармаларындағы идеяларын жақсы біліп, үлгі тұтты.

Қазақ зиялылары ұлы ойшыл ғалымдардан үлгі ала отырып, өздерінің педагогикалық идеяларын, тәрбие түрлерін, жалпы адам жанын дұрыс тәрбиелеуге бағыттады. Әрине, соның ішінде әрбір ұлттың өзінің менталитетіне сәйкес тәрбиелеу, оның озығын ғана саралау басшылыққа алынады. Ұлы ойшылдардың пікірлеріне қосыла отырып, келешек ұрпақты өткені мен алдағысын саралай білетін ұлттық ар – намысын сақтай, қадірлей алатындай етіп тәрбиелеу алға қойылған басты міндет болып табылады.

Ғасырлар бойы бір – бірімен сабақтасып жатқан қазақ тәлім – тәрбиесінің ілкі көзі, түп – төркіндері сонау Орхан – Енесей, Қорқыт ата,

Әл- Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашқари, Қожа Ахмет Яссауи т.б бастау алатын, қазақ зиялыларының өзіндік тәлімдік ойларының іргетасы, алғышарты болып саналады. Қазақ зиялыларының әдеби-поэзиялық еңбектеріне шолу жасағанда тағы бір байқағанымыз, олардың барлық шығармалары ұлттық нақышта жазылып, патриоттық рухқа толы, отансүйгіштік, түрікшілдік идеялар өзекті орын алған. Міржақып Дулатов пен Мағжан Жұмабаевтың идеяларының арасындағы сабақтастық, үйлесімділік айқын байқалады. Ағартушы – ғалымдар өздерінің әрбір шығармалары арқылы оқушыларды патриотизмге, отансүйгіштік қасиеттерге тәрбиелеуге бағыттады. Сол мұралары арқылы оқушыларды ізгілікке, адамгершілікке, адами ұлы қасиеттерге тәрбиелеудің жолдарын көрсетті. Қазақ зиялыларының қазақ педагогикасына енгізген ерекше жаңалығы олардың ұлттық психологиялық ғылыми қағидаларды зерделей келе, оны қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық психологиясына жақындатудың жолдарын қарастырады.

Қазақ зиялыларының әлеуметтік ойының тереңдігі олардың қазақ қоғамының шындықтарымен тамырластынғында. Олар халықты бүгінімен ғана өмір сүруге болмайды деп үйретеді, өткен қиыншылықтардан сабақ алу арқылы бүгінгі күн мәселелерін шешуге тиістіміз, өткен шақ пен бүгінгі шақ келер шақтың мүмкін болатын қиыншылықтарын жеңетін жолды көрсетеді.

Бұл тарауда Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Жақып Ақбаев, Мұхтар Әуезов, Халел Досмұхамедов мұраларындағы педагогикалық және тәлім – тәрбиелік ой – пікірлерін жүйелі түрде көрсеттік. Осыған орай, тиісті оқулықтар мен оқу - әдістемелік құралдарды зерттегенімізде оларда қазақ зиялыларының еңбектері жүйелі, тұтастай зерттелмегендігін байқадық. Біз өз зерттеуімізде адамгершілік, эстетикалық, еңбек, имандылық тәрбиелеріне қатысты ойларды жүйелеп, жұмыс практикасына ендіру керек деп ұйғардық.

Біз өз зерттеуімізде қоғам қайраткерлерінің шығармаларындағы тәлім – тәрбиелік идеялардың және педагогикалық ой – пікірлерін жан – жақты толық қарастырдық деп айта алмаймыз. Сондықтан ұрпақ тәрбиелеуде бір жарым ғасырға созылған өзіндік бай дәстүрі бар, қоғам қайраткерлерінің өмір мектебін арнайы зерттесе, бүгінгі қазақ педагогика тарихына сүбелі үлес қосалық ғылыми жұмыс болар еді.

Біздің зерттеу жұмысын жүргізу барысында талдаған материал қазақ зиялыларының көзқарастарындағы педагогикалық идеялары ағарту ісін дамытуға жағымды ықпал еткенін сенімді түрде дәлелдейді. Қазақ зиялыларының педагогикасын жалпы адамзаттық тұрғыдан зерттеуге көшу қазақ зиялылары ұсынған идеяларды танып білуге, қазақ халқының шынайы тарихындағы, тағдыры мен дамуындағы ағартушының орны мен рөлін, маңызын пайымдауға мүмкіндік береді. Зерттеу біздерге оларды философ, тарихшы, ағартушы, әдебиетші, ақын ғана емес, педагогтар болғандығын дәлелдеді.

Қорытынды

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасы әлемдегі өркениетті елдермен терезесі тең мемлекет ретінде халықаралық ықпалдастыққа бет бұрып, саяси экономикалық мәселелерді ұлттық мүддеге орайластыра отырып, тиімді даму жолдарымен жүріп келеді. Мұны еліміздің ішкі және сыртқы саясаттағы өзіндік байыпты бағыттары арқылы жүзеге асырып отыр. Өйткені халқымыздың ғасырлар бойы біртіндеп қорланып қалыптасқан рухани қазынасы тоталитарлық жүйе кезеңінде орасан зор дағдарысқа ұшырап, тоқырап қалғаны біршама аян. Ол өз кезеңінде өскелең жас ұрпақтың өз туған халқының рухани құндылықтарынан ажырап әкелуіне соқтырды. Міне, сондықтан да жас өспірімдердің халқымыздың рухани тамырынан толық қол үзіп қалмауы – біздің бүгінгі елдігімізбен егемендігіміздің негізгі өлшемдерінің бірі деп есептеуге болады.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Жаңа дүниедегі жаңа Қазақстан» атты халыққа арналған ағымдық жылдары жолдауында еліміздегі ішкі және сыртқы басты саяси бағыттарын айқындайды. Аталған жолдауында еліміз дүниежүзілік стандарттар деңгейіне сапалы білім беруге жету керектігін көрсеткені мәлім. Бұл орайда, білім беру саласына ерекше назар аудару қажеттілігі анық.

Тәуелсіз елімізде оқушы – жастарды бүгінгі күн талабына сай ұлттық тәлім – тәрбие беруде халқымыздың бай мәдени мұраларын, педагогикалық ой – пікірлерін, жинақталған ұлттық құндылықтарды зерттеп, жүйелеп, оқу орындарының оқу – тәрбие үрдісінде пайдаланудың маңызы зор. Осы бағытта қазіргі бәсекеге қабілетті жас өспірімдерді тәрбиелеу, ұлт тұрмыс – тіршілігін өркендетуші сапалы да салауатты, ұлтжанды, мәдени – ғылыми

ой - өрістері кең ұрпақ өсіру – қоғам алдында тұрған басты міндет. Әрбір қоғам өзінің даму барысындағы зиялы қайраткерлердің педагогикалық ақыл – ойын, тәрбиелік тәжірибесін зерделеп, заман талаптарына сай жетілдіріп пайдаланып отырған жөн.

XX ғ басында қазақ халқының тарихында аса құндылығымен, маңыздылығымен және қасіретімен де мәңгі есте қалатыны даусыз. Өйткені, Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында қазақ даласы жаңа тұрпатты мемлекет құруға қадам жасады. Ал оның жемісті дамуына барынша ат салысып, ана тілінде тұңғыш оқулықтар жазып, қазақ ғылымының қалыптасып дамуына, отандық мәдениетіміздің ілгерілеуіне барынша ат салысқан бір топ қазақ зиялылары сталиндік тоталитарлық режимнің қысымына ілінді.

ҚР-ның президенті Н. Ә. Назарбаев, Біз - өз тарихымызды өзгелер тұрмақ өзімізге де толық таныта алмай келе жатқан ұрпақпыз. Зерттемесек, жазбасақ, жарияламасақ кім не таниды» деп атап өтті.

Жалпы жан – жақты дамыған жеке адамды қалыптастыру әрқашанда болашақ қоғам құрлысының аса маңызды буыны ретінде қарастырып келеді. Адамзат дамуының санғасырлық тарихында адам баласы жинақтаған бүкіл тәжірибе тәрбие үрдісінің мазмұнына еніп отырады.

Өткеннің тәжірибесін бойға дарыту, озық өнегелі рухани мұраны жалғастыру арқылы ұрпақтар сабақтастығының тарихи үрдісі жүріп отырды. Мұндай үрдіссіз қоғамның өркенниетті елдер деңгейіне жетуі мүмкін емес.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев ұлттық кеңестің мәжілісінде жасаған баяндамасында (2003 ж) «Мәдени мұраларымызды жүйелеп, оларды қалпына келтіру, сақтау, одан әрі дамыту ісіне кең көлемде білек түре кірісетін кез келді. Ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, бар мен жоғымызды түгендеп, жүйелеп, келер ұрпаққа аманат ету – мәдени мұра бағдарламасының басты мақсаты болуға тиіс» - деп, болашақ жас ұрпақты тәрбиелеуде қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған аса бай мәдени мұрасы мүмкіндігінің жоғары екендігіне айрықша назар аударған.

Қазіргі кезде рухани салада дами түскен адами құндылықтарды қайта ескеру нәтижесінде ғасырлар бойы жинақталып, өткеннің тарихынан бізге жеткен тәлімдік мол мұралары болашақ ұрпақ тәрбиесіне септігін тигізетін мезгіл туып отыр.

XX ғ басындағы бодандықтың бұғауындағы бейқам халықты өркениеттінің өріне сүйреген көсемдердің көзге шалынар басты қасиеті – олардың қай – қайсысы болмасын жан – жақты «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлғалар болған. Саяси күрескер, жалынды патриот, әрі ғалым, әрі киелі өнер иесі және өз мамандықтарының білгірі болуы халқымыздың мандайына біткен осы үркердей шоқ жұлдыздардың несібесі. Өткен ғасыр басында қалыптасқан қазақтың ұлттық кәсіби саяси элитасы «Халық жауы» деген атпен жойылды.

Осы орайда Н. Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде былай деп жазды: «Қазақ халқының кейбір данышпан перзенттері мен көсемдері тарихтың қарғыс атқан тұрағында тұншықты, ұлттың амандығы үшін олар тарихтың тәлкегіне көнуге мәжбүр болды». Осы бағытта ұлттық педагогикамызда маңызды орын алуға лайықты еліміздің сонау XX ғ басында саясаттың шырмауына оралып, жазықсыз жапа шеккен, қазақтың біртуар азаматтарының ағарту ісіне қосқан үлестері егемен еліміздің халқын, әсіресе жас ұрпақты тәрбиелеу негізіне алынуы тиіс. Қорыта айтқанда, зерттеу жұмысының нәтижесі бізге төмендегідей тұжырымдар мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді:

- Ғасырлар бойы бір – бірімен сабақтасып жатқан қазақ тәлім – тәрбиесінің ілкі көзі, түп – төркіндері сонау Орхон – Енесей, Қорқыт ата, Әл – Фараби, Ж. Баласағұни, М. Қашқари, Қожа Ахмет Иассауи т.б. бастау алатын қазақ зиялыларының өзіндік тәлімдік ойларының іргетасы, алғышарты болып саналады.

- Қазақ зиялыларының ағартушылық ой – пікірлері мектеп ашу, оқу құралдарын жазу, халықты мәдениет пен өнер – білімге үндеумен байланысты сипатын, Ресей мемлекетіндегі XIX – XX ғғ болған саяси - әлеуметтік және мәдени – ағартушылық саладағы өзгерістерден бөліп қарауға болмайды. Аталған кезеңдегі капиталистік қатынастар халықты қанаумен бірге оған жаңа ой – пікірлерді, бостандық, азаттық идеяларын ала келді. Одан нәр алып, өз білімдерін халық игілігіне жұмсауға бағыттаған алғашқы

ағартушылар – Шоқан Уалиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин болды. Олар өздерінен кейінгі ұлт зиялыларының үлен тобының тарих сахынасына шығуына әсерін тигізді. Олар қазақ халқын сауаттандыру үшін оқулық жазып, әдістемелік – құралдар, газет, журналдар шығарды, оқу – білімге насихаттады. Олар Абайды пір тұтса, Шоқан мен Ыбырайды ұстаз ретінде бағалады. Өздері тұтас қазақ зиялыларымен саяси - әлеуметтік күрес майданына белсене араласты. Орыс ақындары мен ғалымдарынан өнеге алды. Олардың бәрі қазақ зиялыларының педагогикалық көзқарастарының қалыптасуына зор әсерін тигізді. Сөйтіп, қазақ зиялылары әдебиет әлемінде ақын болса, өмірдегі негізгі мамандықтары – мұғалім, ал ғылым саласында педагог – ғалым болып қалыптасты. Олар пәндерді оқытуда қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін ескеру, оны сабақта пайдалану, дамыта оқыту, бала қиялын өсіру, өздік ойлау үрдісін жетілдіру идеяларының өміріне көз жеткіздік.

Қазақ зиялыларының әдеби – поэзиялық еңбектерінде шолу жасағанда тағы бір байқағанымыз, олардың барлық шығармалары ұлттық нақышта жазылып, патриоттік рухқа толы, отансүйгіштік, түрікшілдік идеялар өзекті орын алған. Ағартушы – ғалымдар өздерінің әрбір шығармалары арқылы оқушыларды патриотизімге, отансүйгіштік қасиеттерге тәрбиелеуге бағыттады. Сол мұралары арқылы оқушыларды ізгілікке, адамгершілікке, адами ұлы қасиеттерге тәрбиелеудің жолдарын көрсетті. Қазақ зиялыларының қазақ педагогикасына енгізген ерекше жаңалығы олардың ұлттық психология ғылымына қосқан үлесі. Олар педагогикалық ғылыми қағидаларды зерделей келе, оны қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық психологиясына – жақындатудың жолдарын қарастырды.

Ғылыми – зерттеу жұмысымыздың аясында жүргізілген педагогикалық, әдеби, ғылыми - әдістемелік оқулықтарға жасалған талдаулар нәтижелері төмендегідей **қортынды жасауға мүмкіндік береді:**

1. Қазақ зиялыларының тәлімдік идеялары қазіргі заман талабына сай, еліміздің оқу – тәрбие жүйесіне бейімділік, оның бүгінгі күн талаптарымен үндестігі айқындалды.

2. Қазақ зиялылары еңбектерінің ғылыми – педагогикалық, тәрбиелік жақтары зерделеніп, ұлттық педагогика тұрғысынан анықталып, оқушыларды отансүйгіштікке, патриотизімге, ізгілікке тәрбиелеуде оң ықпал ететіндігі дәлелденді.

3. Қазақ зиялыларының әдеби – педагогикалық туындылары сараланып, тәрбиелік маңызы бар қанатты сөздері жинақталды.

4. Қазақ зиялыларының тәлімдік мұраларын ғылыми теориялық және әдістемелік тұрғыдан зерделей келе, қазақ педагогика ғылымына қосқан үлесін былайша бағалауға тура келді.

- Қазақ зиялылары ұлттық педагогика мен психологияның ғылыми негізін қалаушылардың бірі болды.
- Олар қазақ мектебіндегі оқу – тәрбие ісін ұлттық сипатта ұйымдастыруды тұңғыш ғылыми – педагогикалық тұрғыдан дәлелдеді.

- Қазақ зиялылары тұңғыш қазақ тәлім – тәрбиесін өркенниетті елдердің педагогикасымен ұлтастырудың ғылыми жүйесін жасады.

Зерттеу жұмысы бойынша төмендегідей ұсыныстар жасаймыз:

1. Қазақ зиялыларының әдеби және тәлімділік мұраларын орта мектептің оқу тәрбие ісіне жүйелі түрде енгізу.

2. Қазақ зиялыларының тәлімдік мұраларын педагогикалық оқу орындарда тереңірек оқып үйрену үшін педагогика тарихынан арнайы сағат болу.

3. Мұғалімдер біліктілігін арттыру институттарына «қазақ зиялыларының педагогикалық ой – пікірлері» атты арнайы курс бағдарламаларын енгізу.

4. Қазақ зиялыларының өмірлері мен өнегелерін, оның әдеби педагогикалық мол мұраларын жүйелі түрде оқу – тәрбие ісіне енгізіп, жас жеткіншектерді тәрбиелеуде қолдансақ, олардың жан сезіміне, отанға, ел – жұртқа деген сүйіспеншілік, нық сенім, ұлтжандылық, ұлы адами құндылықтарды қалыптастырамыз.

Сонымен, мұрағат құжаттары мен әдеби – педагогикалық, ғылыми әдістемелік материалдарды талдау нәтижесінде зерттеу жұмысымыздың мақсаты орындалды деп есептейміз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. Менің арманым да, мұратым да Қазақстан халқын бақытқа жеткізу.//Жұлдыз.-2000. - №7.
- 2.«Алашорда пайда болуының, қызметі мен күйреуінің тарихы» //Социалистік Қазақстан. -1989. 11 шілде. -2 б.
3. Бурабаев М.С. Общественная мысль Казахстана в 1917-1940г.г.- Алматы: Ғылым, -1991. -220 б.
4. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Алаш қозғалысы// Ақиқат. -1991. № 11. 2-3 б.
5. Нұрпейісов К. Алаш ҺЭМ Алашорда. -Алматы: Ататек, -1995. -21б
- 7.Нурмаганбетова Р.К. Проблема Алаш и Алашорды в Казахской историографии 20-90-х годах: автореф. дисс. канд. ист. наук. - Алматы, - 1999. -89с.
- 8.Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. - Москва: Просвещения,-1994. -216 с.
- 9.Козыбаев М. Проблемы истории, археологии и этнографии Западного Казахстана // Вестник АН КазССР. - 1999. №3. -64 с.
- 10.Абылгожин Б. История Казахстана: белые пятна. — Алматы: Санат, - 1991.-51 с.
- 11.Бочагов А. У истоков воспоминание. - Алматы: Казахстан, 1972.-102-103 с.
- 12.Брайнин С, Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш Орды. Москва:Просвещение -1935. -140 с.
- 13.Асфандияров С. История Казахстана древнейших времен. Алматы: Мектеп, -1993.-187 с.
- 14.Терентьев М. История завоевания Средней Азии. Москва. Т 2-3, -1906 - 268 с.
- 15.Зиманов З.С., Идрисов К.З. Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина. Алматы: Ғылым, -1989. - 55-56 с.
- 16.Алимжанов А. Дороги людей - дороги человека. Воспоминание Мустафу Шокая. Алматы: Санат, -1991, -31 с.
- 17.Дулатов М. Шығармалары. Алматы: Білім, -1999. -45 б.
- 18.Байтұрсынов А. Ақжол. Алматы: Ғылым, -1991. -19
- 19.Дулатов М. Ахмет байтұрсынович Байтұрсунов // Альманах Алем.Алматы, Жазушы. -1992.-84-85 с.
- 20.Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы: Ғылым, 1992. -433 б.
- 21.Пірманов Ә., Қапаева А. Қазақ интелгенциясы. Алматы: Санат -1997. - 99 б.
- 22.Дулатов М. Ұрпаққа хат // дала дидары. -1991. 8 мамыр. -3 б.
- 23.Әшімханов Д. Бес арыс. Алматы: Мектеп, -1992. -196 б.
- 24.Суханбердина Ү. Қазақ, Алаш, Сарыарқа: мазмұндалған

- библиографиялық көрсеткіш. Алматы: Ататек. -1993. -7 б.
- 25.Бейсембиев К. Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана. Алматы: Қазақстан. -1976. -267 с.
 - 26.Ушинский К. Педагогическое сочинение. Москва: Просвещение -1988.-252-259 с.
 - 27.Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архивынан. 21-қор, 2-тізім, 618-іс.
 - 28.//Қазақ 1917. 24 маусым. -5 б.
 - 29.//Қазақ 1917. 31 шілде. -5-6 б.
 - 30.Қойгелдиев М. Алаш Орда / пастоновка цели создание национальной государственности: место в истории и историческое значение// Казахстанская правда. -1992. 18января. -3с.
 - 31.Мартыненко Н. Алаш орда сборник документов. Алматы: Санат. -1992. -88 с.
 - 32.Бөкейхан Ә. Шығармалары. Алматы: Ғылым. -1994. -49 б.
 - 33.Ильясова А. Проблемы развития педагогической теории Казахстана. Автореф. дисс. док. пед. наук. Алматы. -1997. -40 с.
 - 34..Политические партии России осенью 1917 г//Диалог. -1990. №8. -33
 - 35.Құл-Мұхаммед. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. Алматы: Ататек. -1998. -285 б.
 - 36.Нұрпейісов К. Алаш және Алашорда тарихының зерттелуі хақында// Қазақстан тарихы. -1994. №1. -69 б.
 - 37.Мырзахметов М. Патшалық Россияның ұлт аймақтарындағы саясаты// Қазақ әдебиеті. -1990. 5 шілде. -5-6 б.
 - 38.Әбжанов Х. Мәдени құрылыс ақтаңдақтары // Қазақстан тарихы. -1993. №3.-5-6 б.
 - 39.Сабитов Н. Мектебы и медресе у казахов. Алматы: Білім. -1993. -31 б.
 - 40 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Алматы: Санат. -1995.-63 б.
 - 41.Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы: Мектеп. -1973. -132
 - 42.Баласағұн Ж. Құтты білік. Алматы: Мектеп. -1986. -87 б.
 - 43.ХУІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары. Алматы:Мектеп. -1962.-143 б.
 - 44.Әуезов М. Әр жылдары ойлары. Алматы: Мектеп. -1959 -245 б.
 - 45.Қалиев С. ХУ-ХІХ ғасырлар ақын-жырауларының поэзиясындағы ой-пікірлер. Алматы: Санат. -1990. -90 б.
 - 46.Айтматов Ш. Ш.Уәлиханов // Білім және еңбек. -1985. № 11.-146.
 - 47.Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы: Қазақстан. -1985. -110 б
 - 48.Алтынсарин Ы. Таңдамалы. Алматы: Ғылым. -1994. -285 б.
 - 49.Құнанбаев А. Шығармалары. Алматы: Мектеп. -1966. -92 б.
 - 50.Құнанбаев А. Қара сөз, поэмалар. Алматы: Атамұра.- 1993. -78 б.
 - 51.Торайғыров С. Шығармалары. Алматы: -1993. -42 б.
 - 52.Құдайбердиев Ш. Шығармалар. Алматы: Атамұра. -1988. -539 б.
 - 53.Песталочии избранное педагогическое сочинениеМосква:

- просвещения. -1968. -130 с.
55. Ушинский К. О народности в общественном воспитании. Собр. сочинение т2. Москва: Просвещение.- 1988. -135 с.
56. Добролюбов Н. Избранное педагогическое сочинение. Москва: Просвещение. -1968. -130 с.
57. Нұрғали Р. Алып бәйтерек // Қазақ әдебиеті. -1989. 21 сәуір
58. Сыздықова Р. Ұлттық білім-танымның көш бастары. // Егемен Қазақстан. -1992. 20 маусым.
59. Қыдыршаев А. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы: Пед. ғыл. канд. дисс. авторефераты. -Алматы, -1995. -24 б.
60. Кекілбаев Ә. Ұстаз ұлағаты // Егемен Қазақстан. -1998. 15 қазан
61. Әнесов Ғ. Ақынның әліппелері // Ана тілі. -1997. 5 шілде. -7
62. Айтбаев Ә. Қазақ терминологиясының атасы. // Қазақстан әйелдері. 1989. № 1. -8 б.
63. Аймауытов Ж. Психология жан жүйесі өнер таңдау. Алматы: Ататек.- 1995. -200 б.
64. Аймауытов Ж. Психология. Алматы: Атамұра. -1994. -246 б.
65. Аймауытов Ж. Тәрбие // Қазақстан мектебі. -1989. № 5. -9-10 б.
66. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. Орынбор. -1924. -58б.
67. Қирабаев С. Ж. Аймауытов. Алматы: Білім. -1990. -55 б.
68. Ақышев А. Жүсіпбек және Қартқожасы // Жұлдыз. -1990. № 8. -185-186 б.
69. Әбдікова Қ. Ж. Аймауытов романындағы тұлға концепциясы. Фил. ғыл. канд. дисс. авторефераты. Алматы, -1992. -23 б.
70. Досжанова В. Ж. Аймауытов лексика-синтаксистік қайталамалар фил. ғыл. канд. диссертациясы. Алматы, -1992.
71. Сағынбекұлы Р. Жүсіпбек Аймауытов. Алматы: Мектеп. -1997. -60б
72. Жарыкбаев К. Ж. Аймауытов- классик казахской советской психологии// Психология. -1990. № 4. -137-139 с.
73. Елеукенов Ш. Мағжан Жұмабаев. Алматы: Ғылым. -1990. -38 б.
74. Жұмабаев Ш. Педагогика. Алматы: Санат, 1993. -112 б.
75. Руссо Ж. Эмиль или о воспитание. Москва: Просвещение. -1969.-260
76. Жантекеева З. У истоков этнопедагогике // Казахстанская правда. - 1992. 12 ноябрь. -2-3 с.
77. Лесгафт. Семейное воспитание ребенка и его значение. Избранное сочинение. ті. -Москва: Просвещение. -1961. -601 с.
78. Жұмабаев М. Ана тілі бастауыш мектепте. Ташкент. -1923. -23 б.
79. Жұмабаев М. Сауатты бол. Қызылорда. -1926. -63 б.
80. Жұмабаев М. Шығармалары. Алматы: Санат.- 1989. -300 б.
81. Абдуллин Х. Жыр жұлдызы. // Ленин туы. -1989. 10 қараша. -3-5 б.
82. Ақтаев С. Жүрек жаршысы. // Халық кеңесі. -1993. 24 тамыз. -3-4 б.
83. Қанарбаева Б. Жырымен жұртын оятқан. -Алматы: Жазушы. 1998.-227 б.
84. Қожанов С. М. Жұмабаев. // Қазақ әдебиеті. -1988. 23 желтоқсан. -1 б.

- 85.Перімбекова П. Мағжан мұрасы туралы. // Лениншіл жас. - 1991.10 қаңтар, -36.
- 86.Табылдиев Ә. Мағжан-педагог. //Жас алаш. -1997. 12 тамыз. -4-6 б.
- 87.Қалиев С. Мағжан және халық педагогикасы // Қазақстан мұғалімі.-1992. Зшілде. -2-3 б.
- 88.Бітібаева Қ. М.Жұмабаев өмірі мен творчествасы туралы. // Қазақ тілі мен әдебиеті. -1993. № 8. -15-16 б.
- 89.Біткенбаева Ш. Мағжан жазған оқулық. // Алматы ақшамы. - 1990.12 қараша. -4 б.
- 90.Тәтімұмов М. Мағжан және алаш. // Қазақ әдебиеті. -1993. 13 тамыз56.
- 91.Райги Г. Возвращение Магжана. // Ленинское знание. - 1991. 4 февраль. -3-4 с.
- 92.Досмұхамедов Х. Таңдамалы. -Алматы: Ататек. -1998. -383 б.
- 93.Досмұхамедов Х. Аламан. -Алматы: Санат. -1991. -48 б.
- 94.Досмұхамедов Х. Жануарлар. -Қызылорда. -1928. -229 б.
- 95.Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архивынан. 593 қор, тізім, 20-іс («Талап» қауымдастығын құру, төрағасы Х.Досмұхамедов)
- 96.Досмұхамедов Х. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингормонизм заңы. - Ташкент.1924.-51 б.
- 97.Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архивынан. 81 қор, тізім, 1210 -іс. (Ташкентте Каз. пед вуз ашу туралы комиссия құрылуы құрамында Х. Досмұхамедов бар).
- 98.Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архивынан. 81 - қор, 1-тізім, 1041-іс. (Қазақ университетің ашу жөніндегі комиссия құру, оған Х.Досмұхамедовтың төраға болып тағайындалуы туралы).
- 99.Нұрпейісов К., Күлкенов М., Хабижанов Б., Мектепов Ә. Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы. - Алматы:Атамұра. -1996.-162 б.
- 100.Тұрсынова А. Х.Досмұхамедов: Антология педагогической мысли Казахстана. - Алматы: Санат. -1995. -512 с.
- 101.Нұрпейісов К. Қайраткер Халел Досмұхамедов. // Жалын. -1994. №7,8.- 243-253 б.
- 102.Орынбекұлы Б. Доктор Досмұхамедов. // Денсаулық. -1991. № 5. -17с
- 103.Мамаев А. Врач и ученый. //Здравохранение Кахастана. -1958. № 10.-47-50 с.
- 104.Каримов Н. Х.Досмұхамедов. // Заря. -1990. № 3. 10-11 с.
- 105.Тлекбалдиева А. Становление и развития системы начального образование в Казахстане (1917-1941 г.): Дисс. канд. пед. наук. - Алматы, 1986.-156 с.
- 106.Сембаев А. Развития советской школы в Казахстане. -Алматы: Мектеп,1962.-367 с.
- 107.Әуезов М. Қазақ шаруа-жастар мектебіне арналған программа және тусінік хаттар. -Қызылорда. -1930

Мазмұны

Алғы сөз	3
.....	
1 XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының педагогикалық идеялары қалыптасуының тарихи, әлеуметтік, саяси, педагогикалық алғышарттары.	
1.1 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси -әлеуметтік, қоғамдық-тарихи жағдайлардың қазақ зиялыларының дүниетанымының қалыптасуына әсері.....	5
1.2 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы оқу-ағарту, мәдениет істері және олардың қазақ зиялыларының көзқарастарының қалыптасуындағы орны.....	20
Тұжырым	35
2 Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұралары	
2.1 Алаш қайраткерлерінің тәлімгерлік ой – пікірлерінің педагогикалық негіздері.....	37
2.2 Алаш қайраткерлері еңбектерінің жалпы білім беретін мектеп процесіндегі бүгінгі көрінісі	102
Тұжырым	112
Қорытынды	114
.....	
Пайдаланған әдебиеттер	118